АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
КОСТАНАЙСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
AKHMET BAITURSYNULY KOSTANAY REGIONAL UNIVERSITY

«ТІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДҮНИЕНІ ТАНУ: ЕЛ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ»
атты Студенттердің X Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары
24 сәуір 2025 ж.

«ПОЗНАНИЕ МИРА ЧЕРЕЗ ЯЗЫК: СТРАНА, ИСТОРИЯ, КУЛЬТУРА»
Материалы X Международной студенческой научно- практической конференции
24 апреля 2025 г.

“UNDERSTANDING THE WORLD THROUGH LANGUAGE: COUNTRY, HISTORY, CULTURE”
Materials of X International student scientific & practical conference
24 April 2025

ҚОСТАНАЙ 2025

УДК 80/81
ББК 81.2
Т93

Редакционная коллегия:

Журсиналина Г. К., канд. филологических наук, доцент кафедры филологии и практической лингвистики КРУ имени А. Байтұрсынұлы;
Лапшина Н. В., ст. преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, магистр филологических наук;
Нурсеитова А. А., ст. преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, магистр гуманитарных наук;
Садакбаева А. А., ст. преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, магистр педагогических наук

Тілдер арқылы дүниені тану: ел, тарих, мәдениет =
Познание мира через язык: страна, история, культура = Understanding the world through language: country, history, culture: мат-лы межд. студ. науч.- практ. конф. – Костанай: КРУ имени А. Байтұрсынұлы, 2025. - 239 с.

ISBN 978-601-356-507-1

В сборник включены материалы докладов участников X Международной студенческой научно-практической конференции «Познание мира через язык: страна, история, культура». В сборнике представлены результаты исследований по проблемам взаимодействия языка, литературы и культуры, социально-политическим проблемам стран изучаемых языков, а также проблемам роли иностранного языка в системе профессионального образования. Материалы сборника будут интересны всем, кто интересуется вопросами страноведения и культуры.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-356-507-1

© Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынұлы, 2025

СЕКЦИЯ 1. ТІЛ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ
ЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА СКВОЗЬ ПРИЗМУ ЯЗЫКА

Абубакирова Ж., Құсайн Н.
Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ,
Шығыс филологиясы кафедрасы 3 курс студенттері
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Кенжебаева А.А.
Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ
Алматы, Қазақстан

РАНОБЭ – ТАНЫМ ЖАНРЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аннотация: бұл мақалада жапон әдебиетіндегі ерекше жанрдың бір түрі - ранобэ жанрының танымдық құрал ретінде қарастырылып, оның жапондық аниме және мангадан айырмашылығын айқындай отырып, жас буынның қызығушылына деген әсерін зерттеуді қамтиды.
Тірек сөздер: ранобэ, жапон әдебиеті, мифология, жанр, роман

Кіріспе

Ранобэ (жап. ライトノベル [райто ноберу] ауд. жеңіл роман, қысқаша ラノベ [ранобэ] немесе ライノベ [раинобэ]) — әр түрлі жанрдан тұратын, қиялғажайып сюжетімен, диалогтардың көптігімен, аниме мен манга стиліндегі иллюстрацияларымен ерекшеленетін танымал жапон әдебиетінің бір түрі. Негізінен жеткіншектер мен жасөспірімдер тобына бағытталған. Бұл көркем әдебиет жанрлары жас буындардың білімге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған білім беру мақсатын көздейді. Сондықтан ранобэ тек ойын-сауық құралы ғана емес, сонымен қатар білім беру құралы ретінде де қолдануға болады. Мысалы, кейбір ранобэ шығармаларында тарихи оқиғалар, ғылыми түсініктер немесе әлеуметтік мәселелер қарапайым әрі қызықты түрде ұсынылады. Оған қоса, ранобэ жанры қазіргі жапон қоғамындағы жастардың дүниетанымына, моральдық бағдарларына және мәдени сәйкестігінің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ранобэ жанрының танымдық әлеуеті тек көркем мазмұнмен шектелмей, жапон халқының ұлттық болмысын түсіндіруге бағытталған. Бұл мақалада осындай шығармалардың мазмұнына талдау жасалып, олардың оқу үдерісіндегі мүмкіндіктері қарастырылады [1].

1. **Ранобэ әдебиетінің аниме және мангадан айырмашылығы**

Ең алдымен ранобэ манга мен қарапайым роман элементтерін ұштастырады. Мәтіннің арнайы құрылысымен ерекшеленіп, көп жағдайда сипаттамалық үзінділер жоқ болады. Абзацтар аз жолдардан құралып, ал негізгі

көлем диалогтардан тұрады. Бұл шығарманың мазмұнын ашу мақсатында жасалады. Сол себепті ранобэ шығармаларының тараулары классикалық романдарға қарағанда тезірек оқылады. Ранобэ үрейлі, драмалық және басқа да тағы сондай сияқты түрлерге байланысты болады. Тақырып ауқымдығы соншалық тіпті ғылым саласын да жоққа шығармайды. Тақырыптар қоғамдағы басым тенденцияларға байланысты өзгеріп отырады. Романдар кітап форматында және онлайн нұсқада шығарылады. Айта кету керек, Жапонияда ранобэнің кітап нұсқалары миниатюрлік форматқа ие болады. Бұл бір сюжетпен толық қамтылған серия болуы мүмкін. Ал онлайн форматта шығарма оқырмандарға тараулар түрінде ұсынылады [2].

2. «Наруто» шығарылымындағы ранобэ арқылы жапон мәдениетінің көрінісі

Ранобэ жанрына мысал ретінде «Наруто» шығармасы негізінде жазылған ресми романдарын қарастырайық. «Наруто» бастапқыда манга ретінде жарық көргенімен, кейіннен оның негізінде бірнеше ресми ранобэ жарық көрді («Itachi Shinden», «Kakashi Retsuden», «Sasuke Shinden» және т.б.). Бұл шығармалар тек жанкүйерлерге арналған қосымша сюжеттер беріп қана қоймай, сонымен қатар жапон мәдениетінің құрылымы, адам бойындағы қасиеттер сынды психологиялық танымдық мазмұнға толы болды. Атап айтқанда イタチ真伝光明篇 [Итачи Шинден: Коумёо-хэн] (ауд. Итачидің шынайы жарық оқиғасы) ранобэсінде:

1) Жапон мифологиясы: шығармада жапон мифологиясының элементтері кеңінен қолданылады. Мысалы, Изанами, Изанаги, Аматэрасу, Цукиёми секілді жапон мифтеріндегі құдайлардың есімдерімен аталған техника атаулары арқылы оқырман Жапонияның мифологиялық дүниетанымымен таныса алады. Тек дүниетаным ғана емес Жапонияның мифологиялық тұрғыдан пайда болу тарихы мен құдайлар арасындағы қарым-қатынасты байқайды. Бұл шығарманың шын мәнінде де мифология тарихына сүйене отырып жазылғанын білдіреді.

2) Этикалық түсініктер: шығармада достық, адалдық, кешірім, күрес, бейбітшілік, тағдыр сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар терең көрініс табады. Әсіресе басты кейіпкер Итачи Учиханың бейнесі жапондық 武士道 [бусидо] (ауд. жауынгер жолы) яғни самурай ар-намысының кодексі ұстанымдарына сай қалыптасқан. Ол өз ауылына адал болып, туған бауырын қорғау үшін өзін жау етіп көрсетіп, жеке мүддесінен бас тартады. Итачи образы арқылы ранобэде бусидоның негізгі қағидалары көрініс табады. Олар:

義 [ги] - әділеттілік. Итачи өз әрекетін әділеттілік деп білді. Ол үлкен қантөгісті тоқтату үшін кішкентай құрбандыққа баруға мәжбүр болды. Бұл моральдық тұрғыдан күрделі шешім болса да, әділдік ұғымымен түсіндіріледі.

誠 [макото] - шыншылдық. Өз шындығын ешкімге айтпаса да, Итачи өмір бойы шынайы мақсатынан таймады – бауырына бейбіт өмір сыйлау. Оның әрекеттері сырттай түсініксіз көрінгенімен, ішкі сенімі шынайы әрі адал еді.

名誉 [меийо] - ар-намыс. Ол өз абыройынан бас тартып, сатқын атанды. Бірақ бұл нағыз самурайдың абыройын қорғай білудің бір көрінісі – өз ар-

намысын жеке бастың емес, халықтың игілігі үшін құрбан ету.

忠義 [чууги] - адалдық. Итачи өз кланы мен ауыл арасындағы жанжалдың арасынан Конохаға деген адалдығын таңдады. Ол ел тыныштығы үшін отбасының көзін жойып, өзіне «сатқын» атағын алуға дайын болды. Бұл – оның көздеген мақсатына адал болуының көрінісін білдіреді [3].

Осылайша, ранобэ оқырманға тек тартымды сюжет емес, жапон мәдениетінің моральдық философиясын да ұсынады. Итачи кейіпкері арқылы оқырман қиын моральдық шешімдер мен өмірлік құндылықтарды терең түсініп, әр шешімнің өз қорытындысы бар екенін тереңінен түсінуге мүмкіндік алады.

3) Әлеуметтік құрылым. Ранобэ шығармаларында жиі кездесетін элементтердің бірі — қоғам ішіндегі иерархиялық құрылым. Бұл құрылым көбінесе Жапонияның феодалдық кезеңіндегі басқару жүйесіне ұқсас болды. Мысалы, «Наруто» атты ранобэде бейнеленген Коноха ауылының ішкі құрылымын Жапония тарихындағы сёгунат жүйесімен салыстыруға болады.

Конохадағы ең жоғарғы билік иесі — Хокагэ. Ол бүкіл ауылдың қауіпсіздігі мен тәртібіне жауап береді, соғыстарда шешуші рөл атқарады. Бұл рөл Жапонияның феодалдық дәуіріндегі сёгунның қызметіне ұқсас: сёгун да елдің нақты басшысы болып, император атынан басқарған. Хокагэ де сол секілді әскери-саяси билікті қолына алған тұлға ретінде бейнеленеді.

Коноха ішіндегі әрбір клан — өзіндік тарихы мен мәртебесі бар құрылым. Мысалы, Учиха кланының негізгі міндеті — құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік. Бұл жүйе феодалдық Жапониядағы даймёларға бағынышты самурайлық кландарды еске түсіреді. Даймёлар да өз жерін қорғап, билік иесіне қызмет ететін болған. Сонымен қатар, ниндзя шендері — гэнин, тюнин, джонин — белгілі бір әскери иерархияны білдіреді. Бұл құрылым самурайлар арасындағы дәрежелік айырмашылықтармен үндеседі. Әрбір дәреженің өз міндеті мен жауапкершілігі бар, бұл да қоғам ішіндегі тәртіп пен тәрбиеге негізделген басқару жүйесін көрсетеді.

Ранобэде тек күшке емес, даналық пен тәжірибеге де мән беріледі: ақсақалдар кеңесі, арнайы кеңесшілер, тәжірибелі ниндзялардың беделі – бәрі де дәстүр мен биліктің сабақтастығын көрсетеді. Бұл элементтер шынайы өмірдегі Жапонияның аристократиялық кеңес құрылымдарын еске салады. Сондай-ақ, қоғам ішіндегі ынтымақтастық пен бірлік ұғымы да кеңінен көрсетіледі. Көптеген клан өкілдері ортақ мақсатта бірігіп, қоғам мүддесі үшін күреседі. Бұл — қазіргі қоғамдағы әлеуметтік келісім мен ұжымдық жауапкершіліктің әдеби көрінісі ретінде маңызды [4][5][6].

4)Тілдік құндылықтар: ранобэнің әр бөлімінің атауы басты кейіпкерді сипаттайтын өзіндік метафора сөзден тұрады. Мысалы бірінші бөлім 暗夜に在りし雛、未だ巣立たず [анья ни ариши хима, имада судатазу] (ауд. қараңғы түнде ұясынан қашқан балапан) бұл тіркес басты кейіпкердің өмірлік қиыншылықтарымен бетпе-бет келуін және жеке көзқарасы өзгеріп, дами бастауын бейнелейді. Мұндай метафоралар оқырманға кейіпкердің ішкі күйзелісін сезінуге, оның даму жолындағы қиындықтар мен болашаққа деген үмітіне үңілуге мүмкіндік береді [7]. Ал екінші бөлім атауы

英明な若鳥、夕闇の後の静けさを知らず [еймейна вакадори, юуямино ночино шизукесао ширазу] (ауд. ақылды жас құс қараңғылықтан кейінгі тыныштықты білмес) бұл тіркес кейіпкердің ақыл мен жауапкершілік иесі атанғанын меңзей отырып, оның әлі де болашақтағы тыныштық пен бейбіт өмір жайлы түсінігі толық қалыптаспағанын көрсетеді. "Ақылды жас құс" бейнесі Итачидің жастайынан даналық пен стратегиялық ойлауға бейімділігін білдірсе, "қараңғылықтан кейінгі тыныштықты білмес" сөзі оның болашақтағы бейбіт өмір үшін осы сәттен бастап ауыр шешімдерді қабылдап жатқанын аңғартады. Себебі Итачи небәрі 8 жасында өзінің жасына сай емес даналық пен байыптылық танытып, өмірідегі ең маңызды шешімдер қабылдай бастайды. Мысалы, ол алғаш рет Ивагакуренің тыңшысын өлтіру секілді ауыр әрекетке барады және кейін От елінің даймёсын қорғауға тағайындалады – бұл жәй ғана мәртебе емес, Итачидің әскери қабілеті мен ақылына деген жоғары сенімнің белгісі. Бірақ дәл осы миссия кезінде жақын досы Тенманың өлімі мен өзінің Шаринган қабілетінің оянуы оның тағдырына түбегейлі әсер етеді. Ол енді жай ғана жас ниндзя (жауынгер) емес, жауапкершілігі мол, бейбітшілік үшін жанын қиятын тұлғаға айнала бастайды. Сондықтан да "қараңғылықтан кейінгі тыныштықты білмес" деген тіркес Итачидің ішкі күйзелісін, болашақтағы бейбіт өмір жайлы анық түсінігі әлі қалыптаспағанын астарлы түрде бейнелейді. Бұл – кейіпкер ішкі қайшылық пен жан азабын бастан өткеріп жатқанының көркем тілмен жеткізілген поэтикалық формасы [8].

Атаудың мұндай құрылымдары жапон тілінің әдебилігіне сай оқырманды астарлы мағына іздеуді, белгілі бір оқиғаға басқа көзқараспен қарауға бейімдейді. Сонымен қатар, тіркесте табиғат бейнесі арқылы психологиялық жағдайдың метафорасы беріледі, бұл жапондық эстетикалық түсініктердің бірі – 幽玄 [югэн] (ауд. астарлы), яғни ашық айтылмаған терең мағына мен сұлулықты ішкі түйсік арқылы сезіну идеясымен үндеседі. Осындай көркемдік тәсілдер ранобэ мәтінін тілдік және философиялық тұрғыдан байытып, оқырманға жапон мәдениетін жан-жақты танып, түсінігін дамытуға мүмкіндік береді [9].

Қорытынды

Мақала барысында «Наруто» ранобэ сериясы мысалында жапон әдебиетінің бұл жанры тек көркем мәтін емес, сонымен қатар мәдени, тарихи, әлеуметтік және тілдік танымды жеткізуші құрал екені айқындалды. Итачи Учиханың бейнесі арқылы оқырман бусидо философиясы, жапон мифологиясы мен феодалдық құрылым жөнінде мағлұмат алады, ал бөлім атауларындағы метафоралар мен астарлы мағына жапон тілінің көркемдік ерекшелігін танытады. Бұл ранобэде баяндалатын оқиғалар мен кейіпкер психологиясы жас оқырманға тек қызығушылық тудырып қана қоймай, терең ойлауға, салыстыруға, мәдени айырмашылықтарды тануға мүмкіндік береді. Осы арқылы ранобэ жанры жас буын үшін жан-жақты білім мен құндылықты біріктіретін әдеби-танымдық құрал бола алатыны дәлелденді. Бұл бағыттағы зерттеулер жапон әдебиетінің қазіргі заманғы әлеуетін анықтауға, ал ранобэ жанрын заманауи оқу үдерісіне енгізу мүмкіндіктерін саралауға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.URL:[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B1%D1%8D] (12.04.2025)
2. URL:[https://1777.ru/stavropol/one_lenta.php?id_one=10130&id=29] (12.04.2025)
3.URL:[https://en.wikipedia.org/wiki/Bushido#Eight_virtues_of_bushido_(as_defined_by_Nitobe_Inaz%C5%8D)] (12.04.2025)
4. Kishimoto, M. Naruto Shinden. Shueisha, 2015–2020. p. 33–40 (Кишимото, М. Наруто Шинден. Шуейша, 2015-2020. 33-40 б.) (12.04.2025)
5. Рашидов, А. Саясаттану негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 97–100 б. (12.04.2025)
6.Totman, C. A History of Japan. – Blackwell Publishing, 2005. p. 215–225 (Тотман, С. А. Жапония Тарихы. - Блэквелл Баспасы, 2005. б. 215-225) (12.04.2025)
7. Kishimoto, M., & Yano, T. (2015). Itachi Shinden: Book of Bright Light. Tokyo: Shueisha. p. 103.
8. (Кишимото, М., және Яно, Т. (2015). Итачи Шинден: Жарқын Жарық Кітабы. Токио: Шуейша. 103 б.) (12.04.2025)
9. URL:[https://naruto.wiki/Itachi_Shinden:_K%C5%8Dmy%C5%8D-hen] (12.04.2025)
10. URL:[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AE%D0%B3%D1%8D%D0%BD] (12.04.2025)

Қадырұзақова Т.
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 3 курс
Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекші ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор Кенжебаева А.А
Алматы, Қазақстан

ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ОБРАЗДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аннотация. Бұл мақалада түрік әдебиетіндегі мифологиялық образдардың қалыптасуы мен дамуы, олардың ислам дәуірі мен Батыс мәдениетінің ықпалымен қайта интерпретациялануы қарастырылады. Автор ежелгі түркі мифологиясындағы негізгі кейіпкерлер — Үлген, Ерлік және Ұмай ананың символдық мәнін сипаттай отырып, бұл бейнелердің түркі дүниетанымындағы орнына назар аударады. Сонымен қатар, Ислам мәдениетінің, Иран мен Батыс әдебиетінің түрік әдебиетіне әсері сараланып, Танзимат, Servet-i Fünun және Ұлттық әдебиет дәуірлеріндегі грек-латын мифологиясының көркемдік тәсіл ретінде қолданылуы талданады. Қазіргі заманғы әдебиеттегі мифологиялық

элементтердің трансформациясы Орхан Памук пен Ләтиф Текін сынды қаламгерлердің шығармашылығы арқылы ашылады. Мақалада мифология көркем бейнелеудің ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдени жадыны жаңғыртудың құралы ретінде ұсынылады.
Түйін сөздер: түрік әдебиеті, мифология, Үлген, Ерлік, Ұмай ана, грек мифологиясы, Танзимат, Памук, интерпретация.

Кіріспе

Түрік әдебиеті – сан ғасырлық тарихи, рухани және мәдени даму барысында қалыптасқан, әртүрлі мәдениетаралық ықпалдастықтарға ұшыраған бай мұра. Бұл әдебиетте ерте дәуірден бастап мифологиялық таным мен образдар көркемдік ойлаудың негізіне айналып, халықтың дүниетанымын, өмірге көзқарасын, болмысқа деген философиялық қатынасын бейнелейді. Ислам дінінің енуі, кейіннен Батыс өркениетімен, оның ішінде грек-рим мәдениетімен танысу, бұл мифологиялық қабаттарды жаңа мазмұнмен байытты. Мифология – адамзаттың алғашқы дүниетанымдық жүйесі ретінде көркемдік, діни және философиялық ойлаудың негізінде қалыптасқан әмбебап құбылыс. Түркі халықтарының архаикалық санасында миф тек қиял емес, өмірлік шындықты, табиғат пен адам арасындағы байланыс заңдылықтарын түсіндірудің басты құралы ретінде қабылданған. Осы дүниетанымдық қабаттар түрік әдебиетінде ғасырлар бойы сақталып, заман талабына сай әртүрлі интерпретацияларға ұшырады.

Бұл мақалада түрік әдебиетіндегі мифологиялық образдардың тарихи дамуы мен олардың қазіргі заманғы әдебиеттегі көркемдік трансформациясы қарастырылады. Ежелгі түркі мифологиясының негізгі кейіпкерлері – Үлген, Ерлік, Ұмай сынды бейнелердің дүниетанымдық рөлі, кейінгі исламдық және сопылық түсініктермен тоғысуы, сонымен қатар грек-рим мифологиясымен байланысы көрсетіледі. Танзимат, Servet-i Fünûn, Ұлттық әдебиет кезеңдеріндегі және қазіргі түрік әдебиетіндегі мифологиялық элементтердің эстетикалық, символикалық, философиялық мәніне тоқтала отырып, бұл бейнелердің авторлық интерпретация арқылы қалай жаңғырғаны талданады.

1. Ежелгі түркі мифологиясының негіздері

Түркі халықтарының архаикалық дүниетанымында мифология дінмен, наным-сеніммен және күнделікті өмір салтымен тығыз байланысты болған. Бұл мифтерде адам мен табиғат, рухтар әлемі мен тіршілік иелері арасындағы шекара анық ажыратылмаған. Түркілердің әлем туралы түсінігі үш дүние (жоғарғы әлем – көк, орта әлем – жер, төменгі әлем – жерасты) құрылымына негізделген. Осы кеңістіктік модельде басты мифологиялық бейнелер ретінде Үлген – игілік пен нұрдың, Ерлік – тозақ пен қараңғылықтың, ал Ұмай – құнарлылық пен аналық энергияның символына айналған.

1.1 Үлген мен Ерлік бейнелері

Үлген – Тәңірдің ұлы немесе аспан иесі ретінде адамзатқа бақыт, денсаулық, молшылық беруші ретінде танылады. Оның мекені – Көк аспанда, ақ түсті нышандармен бейнеленеді. Ал Ерлік – жерасты әлемінің әміршісі, ауру мен өлімнің иесі. Бұл екі бейне қарама-қарсы принциптерді – жарық пен

түнекті, өмір мен өлімді білдіреді. Бұл дихотомия түркілік мифологияның философиялық тереңдігін көрсетеді.

1.2 Ұмай ана

Ұмай – түркілердің аналық культімен тығыз байланысты мифологиялық тұлға. Ол бала мен ананың қамқоршысы, ұрпақ жалғастырудың символы. «Күлтегін» жазбаларында Ұмай ана рухы арқылы түрік қағандарының билігі легитимацияланады, бұл оның саяси-мистикалық рөлін көрсетеді [1].

2. Түрік әдебиетінде мифтердің исламдық интерпретациясы

Мұсылман араб әскерлерінің жорығынан кейін ислам дінін қабылдаған ирандықтардың Ислам мәдениетіне қосқан үлесі зор болды. Аббасилер дәуірінде билік пен мемлекеттік құрылым тұрғысынан сасанилердің (ежелгі Иранның) басқару жүйесіне сүйеніп, сол дәстүрді жалғастырды. Ислам жаулауының қатігездігіне қарамастан, Иран халқының ежелгі рухы тез арада оянып, IV ғасырдан бастап парсы тілі мен әдебиеті исламдық сипатқа ие бола отырып, қарқынды дамып, биік деңгейге көтерілді. Ежелгі әрі бай өркениеттің мұрагері болған ирандықтар арабтардың қысымына қарамастан, әдебиетінде өз мәдени ерекшеліктері мен эстетикалық талғамдарын көрсете білді. Олар аруз өлшемінің ішінен өздеріне үйлесімдісін таңдап, бейімдеді.

Түріктер тарих бойы Иранмен көрші болғандықтан, Ислам дінін көптеген қырларынан арабтардан емес, көбінесе ирандықтар арқылы қабылдады. Сондықтан Ислам дінін қабылдағаннан кейін де парсы мәдениеті мен әдебиетінің әсері Түркі әлемінде жалғасын тапты. VIII ғасырдан бастап түріктер жаппай ислам дінін қабылдап, тек сенім жүйесін ғана емес, сонымен қатар ислам өркениетінің мәдени және әлеуметтік құрылымдарын да толықтай қабылдады.

Османлы медреселері мен мәдени орталықтарында араб және парсы тілдерін меңгерген зиялы қауым осы екі тілде жазылған шығармаларды оқып, соның нәтижесінде араб және парсы әдебиетін тереңінен танып-біле бастады. Бұл үрдісті түркі текті ғалымдар әл-Фараби мен Ибн Сина өз ғылыми еңбектерін арабша жазу арқылы, ал XI–XIII ғасырларда классикалық парсы поэзиясын жоғары бағалаған түрік ақындары парсыша өлең жазу арқылы бастап берді. Уақыт өте келе, араб тілі ғылым тіліне айналып, ал парсы тілі – әдебиет тіліне айналды. Сөйтіп, кейінірек «Диван әдебиеті» деп аталған түрік классикалық әдебиеті қалыптасты. Оның дамуына түркі билеушілерінің қамқорлығы үлкен ықпал етті.

Диван әдебиетінің негізінде Құран, хадистер және сопылық ілімі жатты. Сонымен бірге ақындар шығармаларында ислам тарихындағы оқиғалар мен тұлғаларды, иран мифологиясындағы кейіпкерлер мен олардың тағдырын, түркі халқының ұлттық ерекшеліктерін, салт-дәстүрін, мақал-мәтелдерін және халықтық сөз қолданыстарын пайдаланған. Мифология – адамзаттың әлемді түсіндіруге ұмтылған алғашқы қадамдарының көрінісі ретінде – османлы әдебиетіне Иран әсері арқылы қайта енді. Бұл тұрғыда Фирдоусидің «Шаһнамесі» ғасырлар бойы османлы ақындарына шабыт көзі болды.

Фирдоуси өз эпосын түркі билеушісі – Ғазнәуи Махмұтқа арнаған. Эпос ішінде кездесетін Ефрасиаб туралы аңыздар түріктердің ежелгі эпикалық

мұрасымен байланысты болуы мүмкін. «Құтадғу білік» пен «Диуани лұғат ат-түркте» Ефрасиабтың түрік қаһарманы – Алп Ер Тұнға екені айтылған [2].

Танзимат дәуірінен бастап түрік зиялылары Батыс жазушылары мен ақындарының шығармаларын оқи бастады. Бұл олардың мифтік сюжеттермен танысуына жол ашты. Грек пен Рим мифологиясындағы кейіпкерлер ислам философиясында сопылық символизм арқылы жаңа сипат алған. Мысалы, грек мифіндегі соғыс құдайы Арес, римдік Марс османлыларда Мерих (Марс жұлдызы) ретінде бейнеленіп, жұлдыздар жүйесінде қолданылған. Осылайша, антикалық мифологиялық элементтер исламдық таныммен синтезделіп, жаңа көркемдік формаларға айналды.

Танзимат дәуірінде Шығыс пен Батыс мәдениеттері арасында тепе-теңдік іздеген османлы қоғамы ескі дәстүрлерден бірден бас тарта алмай, сонымен қатар Батыс өркениетіне де бірден бейімделе алмады. Араб және парсы әдебиеттерінің ғасырлар бойғы ықпалына қарамастан, осы кезеңде Батыс мәдениеті мен әдебиетінің элементтері біртіндеп ене бастады. Аударма еңбектер мен Батыс авторларының шығармаларын түпнұсқадан оқу арқылы мифтерге деген қызығушылық артты. Осылайша, Танзимат дәуірі ақын-жазушылары Батыс мифологиясымен танысып, оны өз шығармашылығында қолдана бастады [3].

3. Грек мифологиясының түрік әдебиетіне әсері

Түрік әдебиетінің тарихи дамуын қарастырғанда, оның Батыс әдебиетімен байланысы, әсіресе грек және латын мифологиясы арқылы көркемдік әлемін байытқаны анық байқалады. Бұл ықпал әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап — Танзимат дәуірінен бастап айқын көріне бастады. Танзимат дәуіріндегі батысқа бетбұрыс, көркемдік таным мен эстетикалық көзқарастардағы жаңғыру түрік әдебиетінің грек-рим классиктерімен танысуына жол ашты. Бұл үдеріс тек аударма қызметі арқылы шектелмей, бірқатар жазушылар мен ақындардың шығармашылық тәжірибесінде көркемдік элемент ретінде қолданылды.

Ахмет Митхат Эфенди — Танзимат дәуірінің ең көрнекті өкілдерінің бірі ретінде грек және латын мифологиясына ерекше назар аударған жазушы. Оның Ахмед Метин мен Ширзад (1892) және Таассұф (1897) романдары мифологиялық элементтерді көркемдік мақсатта қолданудың айқын үлгісі болып табылады. Ахмет Метиннің мифологияға қатысты пайымдары арқылы автор ежелгі грек пен рим өркениеттерінің мифтерге деген көзқарасын, олардың шынайы өмірмен байланысын ашып көрсетеді. Ол мифтерді “кәрі қатынның ертегісі” ретінде емес, тарихи сана мен дүниетанымның көрінісі ретінде ұсынады.

Таассұф романында Венера мен Минерва мүсіндері арқылы екі түрлі әйелдік болмысты бейнелей отырып, антикалық мифтердің көркем құрал ретіндегі рөлін аша түседі. Венера — құмарлық пен азғындықтың символы ретінде көрінсе, Минерва — даналық пен тазалықтың үлгісі ретінде ұсынылады. Бұл рәміздер арқылы автор заманауи әйелдің ішкі күйзелістері мен моральдық таңдауларын бейнелейді. Мифологиялық детальдар осылайша көркем мәтіннің негізгі идеясына қызмет етіп, түрік прозасының жаңа

эстетикалық деңгейге көтерілуіне ықпал етеді.

Абдүлхақ Хамит Тарханның поэзиясы мен драмалық шығармаларында мифологиялық атаулар мен бейнелер экзотикалық сипатта қолданылғанымен, Ахмет Митхат Эфендидей терең интерпретацияға бармаған. Ол мифтерді көркемдік-символикалық құрал ретінде ғана емес, мәдени-эстетикалық байыту элементі ретінде қабылдаған.

1890-жылдардан бастап Servet-i Fünûn әдебиеті аясында мифология көркем мәтіндерде жаңа эстетикалық ұстанымдармен қатар қолданылды. Бұл дәуірдің ақын-жазушылары Ежелгі Грекия мен Рим әдебиетін еліктеу нысаны ретінде қарастырып, олардың формасы мен рухынан үйренуге тырысты. Хүсейн Жахит, Халид Зия, Тевфик Фикрет секілді қаламгерлер классикалық әдебиеттің үлгілеріне сүйеніп, оларды ұлттық әдеби контексте жаңғыртуға ұмтылды.

Тевфик Фикреттің «Промете» атты өлеңі — Servet-i Fünûn кезеңінде грек мифологиясының әдебиетке көркем мәтін деңгейінде терең сіңірілгенінің дәлелі. Прометей бейнесі арқылы автор адам еркіндігі, ақыл-парасат пен әділет үшін күрес идеясын алға тартады. Өлең Еуропамен салыстырғанда Осман қоғамының артта қалғанына наразылық білдіріп, Прометей сияқты жаңалыққа талпыныс пен тәуелсіздікке ұмтылуды үлгі етеді. Бұл — мифологияның тек бейнелеу құралы ғана емес, заманауи идеяларды жеткізу амалына айналғанын білдіреді.

Сонымен қатар, Халид Зия мен Мехмет Рауфтың грек әдебиетінің тарихы мен эстетикалық қағидаларын талдауға арналған еңбектері де осы дәуірдегі грек-латын мифологиясына деген жүйелі қызығушылықты айғақтайды. Халид Зияның Дарүлфунунда оқытқан дәрістері мен жазған оқулықтары Ахмет Митхаттың «Грек әдебиетін білмей, батыс әдебиетін түсіну мүмкін емес» деген тұжырымымен үндеседі.

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында грек мифологиясына деген қызығушылық қайта жаңғырып, бұл бағыт Ұлттық әдебиет (Milli Edebiyat) өкілдерінің ізденістерімен ұштаса түсті. Өмер Сейфеттиннің француз ақыны ЛеКонт де Лильдің аудармасы арқылы Илиаданы түрік тіліне бейімдеп, оны 1918 жылы жариялауы — осының жарқын мысалы. Ол грек классиктерін меңгермей тұрып, ұлттық әдебиетті дамыту мүмкін емес деген пікір айтты.

Али Жанип Йөнтемнің Гомер, эпопея және эпикалық поэзия жайлы мақалаларында да антикалық әдебиетке деген терең қызығушылық көрінеді. Ол эпопеяны әдебиеттің биік үлгісі деп бағалап, түрік әдебиетінде осы жанрдың қалыптаспағанын ашық сынайды. Бұл кезеңде грек мифологиясы ұлттық әдебиетке үлгі ретінде қарастырылып, оның мазмұндық және формалық артықшылықтарын меңгеру қажеттігі алға шықты.

Зия Гөкалп та ұлттық поэзия мазмұны жағынан түркі мифологиясына сүйенуді жақтаса да, көркем форма тұрғысынан антикалық үлгілерді негізге алуды ұсынды. Ол түрік әдебиетінде эпикалық поэзия жазатын қабілетті ақындардың жетіспейтінін, ал грек-латын әдебиетінің үлгілері бұл тұрғыда маңызды бастау бола алатынын айтты.

Грек мифологиясының түрік әдебиетіне әсері біртіндеп кеңейіп, әр

дәуірдің көркемдік-эстетикалық сұранысына сай қайта интерпретацияланды. Танзимат кезеңінде басталған бұл үрдіс Servet-i Fünûn әдебиетінде терең эстетикалық ұстанымға айналып, Ұлттық әдебиет дәуірінде мәдени-ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруға бағытталды. Түрік әдебиетінің көркемдік дамуы барысында грек мифологиясы — батыстық әдеби мұраны игерудің құралы ғана емес, ұлттық көркем ойлаудың жаңа кеңістігін ашуға мүмкіндік берген рухани ресурс ретінде бағаланды [4].

4. Қазіргі түрік әдебиетіндегі мифологиялық жаңғыру

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында түрік әдебиетінде мифологиялық элементтерге деген қызығушылық жаңаша бағыт алды. Бұл кезеңдегі әдеби туындыларда мифология тек дәстүрлі көркемдік әдіс ретінде емес, сонымен қатар жеке тұлғаның ішкі әлемін, рухани ізденістерін, қоғам мен өркениет арасындағы қақтығыстарды бейнелеудің маңызды философиялық, онтологиялық құрылымына айналды.

Орхан Памук — қазіргі түрік әдебиетіндегі мифологиялық жаңғыру үрдісінің ең көрнекті өкілі. Оның шығармаларында Шығыс пен Батыс өркениеттерінің тоғысы, мифологиялық таным мен тарихи сана үндесіп отырады. Автор мифологиялық кодтарды қолдану арқылы адамзаттың жалпы мәдени жадына үн қатады, ал көркем мәтін — сол жадыны қайта жаңғырту алаңына айналады.

«Менің атым Қырмызы» романы және мифологиялық бейнелер

Орхан Памуктың Benim Adım Kırmızı романында Қара, Қырмызы және Ениште-эфенди сынды кейіпкерлер мифологиялық архетиптерге сәйкес келеді. Қара — көп жылдан кейін оралып, өз тағдырын қайта құруға ұмтылған кейіпкер ретінде Одиссейді (Ulysses) еске салады. Оның шексіз ізденісі, махаббат пен өнер арасындағы ішкі тартысы грек мифологиясындағы Одиссейдің үйге қайту жолындағы сынақтарына ұқсайды.

Ал Қырмызы бейнесі — көркемдіктің, әйелдік сұлулық пен құпияның символы ретінде Афродита немесе грек трагедияларындағы Пенелопа бейнелерімен үндеседі. Ол өнер мен махаббаттың арасында өз таңдауы үшін күреседі. Сонымен қатар, ол түрік мифологиясындағы Ұмай ана бейнесінің жаңғырығы тәрізді — нәзіктік, ана болмысын, сонымен қатар рухани жетекші рөлін бейнелейді.

Ениште-эфенди — өнерді Құдай жолындағы миссия ретінде түсінетін философиялық кейіпкер. Ол исламдық мистикалық ұстаныммен қатар, грек мифологиясындағы Даедал (өнертапқыш әрі сәулетші) образымен салыстыруға келеді. Оның өнерге адалдығы мен сол жолдағы трагедиясы — өнер мен сенім арасындағы қақтығысты бейнелейді.

«Қар» романы және сопылық мифология

Kar романындағы Қа — адасқан, бірақ ақиқат іздейтін кейіпкер. Оның ішкі жан әлеміндегі тербеліс, рухани күмән мен жауап іздеу жолы түрік сопылық дәстүріндегі дервиш бейнесіне сай келеді. Бұл тұрғыда оны түркі мифологиясындағы Қызыр ата секілді рухани бағыт сілтейтін, саяхатшы тұлғамен салыстыруға болады. Қа өзі де ізденіс үстінде, бірақ жол нұсқаушы емес — осы тұрғыда ол грек мифологиясындағы Орфеймен салыстырылуы

мүмкін: ішкі күйзеліс пен рухани жолдағы трагедия [5].

Қазіргі түрік әдебиетіндегі тағы бір маңызды тұлға — Ләтиф Текін (Latife Tekin). Оның Sevgili Arsız Ölüm («Қымбатты ұятсыз өлім», 1983) романы түрік әдебиетінде магиялық реализм мен мифтік ойлаудың үйлескен көркем үлгісі саналады. Бұл шығармасында ауыл өмірі мен урбанизация тақырыптары, әйел болмысы мен қоғамдағы шеткері топтардың дауысы мифологиялық образдар мен фольклорлық кейіпкерлер арқылы берілген. Текіннің тілі мен стилі антикалық емес, түрік халық прозасының, мифтері мен аңыздарының терең қатпарларынан бастау алады. Осы ретте оның шығармашылығы Юнус Эмре, Қарлығаш әулие, Перизат, Жалмауыз кемпір сынды архетиптік бейнелермен астасып жатады [6].

Сондай-ақ, қазіргі поэзияда да мифологиялық жаңғыру үдерісі жалғасуда. Түрік ақыны Хайдар Эргүл (Haydar Ergülen) шығармаларында антикалық және шығыстық мифтер жиі кездесіп, олар адамзаттың рухани тәжірибесінің жалғастығы ретінде қабылданады. Оның «Eskiden Terzi» жинағында мифтік бейнелер символикалық кеңістік ретінде көрініс табады, бұл қазіргі адамның жалғыздық, жады және өмір мәні жайлы сұрақтарына жауап іздеу тәсілі ретінде ұсынылады.

Ләтиф Текіннің «Сүйікті ұятсыз өлім» романы және мифтік реализм

Ләтиф Текіннің Sevgili Arsız Ölüm романында басты кейіпкер Дирмит — рухани әлем мен шынайы өмір арасында шекара сызығында жүрген бейне. Оның әлемді сезінуі, табиғатпен және аруақтармен байланысы — түрік фольклорындағы аруақпен тілдесетін бақсы бейнесімен үндеседі. Бұл тұрғыда Дирмит — көне шамандық дүниетанымның қазіргі заман әдебиетіндегі көрінісі.

Грек мифологиясы тұрғысынан Дирмитті Кассандрамен салыстыруға болады — ақиқатты көре алатын, бірақ қоғам тарапынан түсінілмейтін бейне. Дирмиттің көріпкелдік қабілеті мен ішкі дауыстармен сөйлесуі — оның қоғаммен қарама-қайшы тұруына әкеледі, бұл оны мифтік «трагедиялық пайғамбар» деңгейіне көтереді.

Қазіргі түрік әдебиетіндегі кейіпкерлер — күрделі рухани ізденістің, мәдени синтездің және мифтік сана жаңғыруының нәтижесі. Олар ежелгі түркі және грек мифологиясындағы архетиптік бейнелермен үндесе отырып, қазіргі оқырманның рухани қажеттіліктеріне жауап беретін метафоралық-символикалық құрылым ретінде қызмет етеді. Осылайша, Орхан Памук, Ләтиф Текін сынды авторлар мифті тек сюжет құралы ретінде емес, заманауи болмысты ұғынудың, мәдени көпқабаттылықты жеткізудің тәсілі ретінде пайдаланады [7].

Қорытынды

Түрік әдебиеті – өзінің тарихи даму жолында әртүрлі мифологиялық қабаттарды бойына сіңіріп, оларды жаңаша интерпретациялау арқылы көркемдік деңгейін арттырған кең өрісті әдеби кеңістік. Ежелгі түркі мифологиясы – осы әдебиеттің іргетасы болса, ислам мен батыс мәдениетінің ықпалы бұл негізге жаңаша мазмұн беріп отыр. Грек мифологиясының образдары да қазіргі түрік әдебиетінде күрделі метафоралар мен символдық жүйелер ретінде қолданылып, шығармалардың философиялық терендігін

күшейтуде. Сондықтан мифология – тек мәдени мұра ғана емес, көркемдік және танымдық әлемнің ажырамас бөлігі.

Танзимат дәуірінен бастап түрік қаламгерлері антикалық мифологияны шығармашылық рефлексия құралы ретінде қолданып, оның эстетикалық және философиялық әлеуетін түрік әдеби контексіне бейімдеді. Ал қазіргі авторлар — Орхан Памук, Ләтиф Текін, Хайдар Эргүл және т.б. — мифологиялық символиканы қолдану арқылы заманауи адамның рухани ізденістерін, мәдени жадын және қоғаммен байланысын көркемдік тұрғыда терең талдайды.

Сонымен, мифология — тек архаикалық сана көрінісі ғана емес, қазіргі түрік әдебиетінде жеке тұлғаның ішкі әлемі мен тарихи сана-сезімді бейнелеудің әмбебап тіліне айналған күрделі көркемдік құрал. Бұл оны әдеби зерттеулерде өзектілігі жоғары тақырыптардың бірі ретінде қарастыруға толық негіз береді

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Yaratici Endüstrilerde Mitoloji Ve Türk Mitolojisinden Çağdaş Uygulama Örnekleri», Oğuzhan Sivri,12-19б
2. Modern Türk Edebiyatinda Mitoloji (1860-1900), Sultan Sari Gerçek, 274-279
3. Çağdaş Mitoloji Ve Sembolizm Perspektifinde Altay Türklerinin Yaradiliş Destani'nin Hareketli Grafik Uygulamasi Elif Merve Urganci 20-23
4. Türk Edebiyatinin Mitolojik Kaynaklari Yazarlar Prof.Dr. Özkul Çobanoğlu, Prof.Dr. Nimet Yildirim 217-224
5. Göknar, E. (2006). Orhan Pamuk, Secularism And Blasphemy: The Politics Of The Turkish Novel. Routledge).
6. Tekin, L. (1983). Sevgili Arsız Ölüm. Metis Yayınları).
7. Aydın, Suat. "Modern Türk Romanında Mitolojik Unsurlar". // Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi, Cilt: 4, Sayı: 1, 2015.

Тарғынбеков Е.А., ҚР ІІМ
Ш. Қабылбаев ат. академияның
2 курс курсанты
Ғылыми жетекші: Акдаулетова Ж.А.,
Филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы,
филология магистрі
Қостанай өңірлік университеті

ҚАЗАҚ ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТІЛ АРҚЫЛЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ этникалық мәдениетінің тілдегі көрінісі жан-жақты қарастырылады. Этникалық мәдениет – ұлт болмысының, рухани дүниесінің, тарихи тәжірибесінің көрінісі. Тіл – осы мәдениетті жеткізуші басты құрал. Қазақ тілінде ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, салт-дәстүрге қатысты лексика арқылы ұлттың дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі мен рухани құндылықтары көрініс табады. Мақалада осы тілдік бірліктердің этномәдени мәні, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы нақты мысалдар мен ғылыми еңбектер негізінде талданады.
Кілт сөздер: этникалық мәдениет, тіл, ұлттық код, фразеология, дүниетаным, қазақ тілі, мәдени мұра.

Этникалық мәдениет – әр халықтың тарихи-мәдени, рухани, әлеуметтік тәжірибесінің жиынтығы. Ол ұлттың өзіндік болмысын, дүниені қабылдау формасын, салт-дәстүрін, мінез-құлқын танытады. Этникалық мәдениет пен тіл – бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Салғарина Р. этникалық мәдениетті тіл арқылы тану – ұлттың рухани-мәдени болмысын зерделеудің маңызды тетігі екенін атап өтеді [1]. Бұл мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы – тіл. Тіл арқылы ұлт өзін танытады, ұрпақтарына тәжірибесін береді. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген еді [2].

Қазақ тілі – тек қатынас құралы емес, ұлттың жады, руханияты мен дүниетанымының айнасы. Осы мақалада тіл арқылы берілетін этникалық мәдени мазмұнға тоқталамыз.

1. Этникалық мәдениеттің мәні мен құрылымы

Этникалық мәдениет ұғымы белгілі бір халықтың өмір сүру салтына, наным-сеніміне, дүниетанымына, өнеріне, тіліне тікелей байланысты. Бұл түсінік тек материалдық мәдениетпен шектелмейді, ол халықтың мінез-құлқынан, қатынас формаларынан, ойлау жүйесінен де көрініс табады [3]. Қазақ халқы үшін табиғатқа құрмет, үлкенге ілтипат, туыстық байланыс, қонақжайлылық секілді ұғымдар ұлттық мәдениеттің негізін құрайды. Бұл ұғымдар күнделікті тілдік қолданыста орныққан:

- «Қонақ келсе, құт келеді»
- «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білесің»

Мұндай тіркестер – ұлттық мәдениеттің көрінісі, оларды тілдік-мәдени кодтар ретінде қарастыруға болады [5].

2. Мақал-мәтелдердегі этномәдени ақпарат

Мақал-мәтелдер – қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымының көркем тілі. Олар қысқа да нұсқа, бейнелі тілмен терең мағыналы ойды жеткізеді. Атап айтқанда:

- «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – тәрбиеге мән беру
- «Жер дауы, жесір дауы» – көшпенді қоғамның басты құндылықтарын білдіреді
- «Бірлік болмай тірлік болмас» – ұжымдық сананы танытады

Зерттеуші Сейсенова Р. мақал-мәтелдердің 80%-ға жуығы мәдениетті тануға арналған тілдік бірліктер екенін айтады [5].

3. Тілдік мәдени кодтар және когнитивтік деңгей

Тілде ұлттық мәдениет тек сөздер арқылы емес, символдар, ұғымдар мен ассоциациялар арқылы да көрініс табады. Қазақ тіліндегі ақ, қара, қызыл түстер тек түс атаулары ғана емес, мәдени кодтар:

- Ақ жол – адалдықтың символы
- Қара жамылу – аза тұтудың белгісі
- Қызыл іңір – кештің белгілі бір кезеңін білдіретін ұлттық уақыт түсінігі

Кайдар Ә. осы сөздердің халықтың менталитетімен, дүниетанымымен тығыз байланысты екенін жазады [6]. Сыздық Р. тілдік таңбалардың астарындағы мәдени коннотацияларды тереңнен саралап, олардың ұлттық сананы қалыптастырудағы қызметін нақты мысалдармен көрсетеді [7].

4. Салт-дәстүр мен тіл: этнолингвистикалық сабақтастық

Қазақтың салт-дәстүрлері – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Бұл дәстүрлер тікелей тілде сақталған. Мысалы:

- Тұсаукесер – баланың алғашқы қадамына арналған рәсім
- Беташар – келінді елге таныстыру
- Ас беру – қайтыс болған адамды еске алу
- Құда түсу, сырға салу – отбасылық салттардың көрінісі

Бұл лексикалар жай сөз емес, тұтас мәдени ритуалдарды білдіреді. Бұл туралы Оразова Ф.: «Салт-дәстүрлік лексика – ұлт болмысының тірі коды» – дейді [8]. Сөзбен жасалған салттық формалар, яғни бата беру, жыр айту, жоқтау секілді жанрлар да ұлттық мәдениеттің тілдік формаларына жатады [9].

Қорыта айтқанда, қазақ этникалық мәдениеті мен тіл – өзара бөлінбес тұтастық. Қазақ халқының дүниетанымы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, қоғамдық қатынасы мен мінез-құлқы – барлығы тілде бейнеленіп, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыр. Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, ритуалдық сөздер мен символдық мағынасы бар сөздер – халықтың рухани болмысы мен мәдени құндылықтарының тасымалдаушылары.

Зерттеу нәтижесінде айқындалғандай, тілдік бірліктердің көпшілігі этникалық мәдениеттің коды болып табылады. Олардың мазмұнын, семантикасын және прагматикалық маңызын түсіну арқылы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, менталитеті мен әлеуметтік құрылымына тереңірек үңілуге болады.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау, рухани жаңғыру мен мәдени мұраны болашаққа жеткізу – маңызды міндеттердің бірі.

Бұл ретте тілді сақтау – мәдениетті сақтаудың негізгі кепілі. Тілді жаңғырту, тіл арқылы мәдениетті оқыту, цифрлық технологиялар арқылы ұлттық мазмұнды кеңінен тарату – бүгінгі білім беру мен ғылымның стратегиялық бағыттарының бірі болуы қажет. Сондықтан этникалық мәдениетті зерттеу тек тілтану саласында ғана емес, мәдениеттану, тарих, педагогика және антропология салаларында да кешенді қарастырылуы тиіс. Болашақ ұрпаққа тілді, оның ішінде ұлттық құндылықтарды қамтитын тілдік бірліктерді үйрету – мәдени сабақтастықтың негізін қалайды. Бұл ұлттық сананы қалыптастыру мен рухани тұтастықты сақтау жолындағы маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Салғарина, Р. Этникалық мәдениет және тіл. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
2. Байтұрсынұлы, А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Копылова, Н.А. Этническая культура: понятие, функции и структура // Вестник ОмГУ, 2008.
4. Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2006.
5. Сейсенова, Р. Қазақ мақал-мәтелдерінің этномәдени негіздері. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2018.
6. Қайдар, Ә. Тіл – халық жанын танудың кілті. – Алматы: Санат, 1998.
7. Сыздық, Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Атамұра, 2004.
8. Оразова, Ф. Тіл және этнос. – Алматы: Білім, 2002.
9. Жанпейісова, М. Қазақ халқының дәстүрлік мәдениеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007

Қанапия Қ. Б., студент 3 курса,
кафедра Восточной филологии
Научный руководитель: Кенжебаева А.А,
к.ф.н. и асс.проф., КазУМОиМЯ им. Абылай хана

МИФИЧЕСКИЕ ЖИВОТНЫЕ В КОРЕЙСКОЙ ТРАДИЦИИ И ИХ ОТРАЖЕНИЕ В НАРОДНЫХ ПОГОВОРКАХ

Аннотация. Целью данной работы является исследование мифологических существ корейского фольклора, таких как 구미호 (кумихо), 불가사리 (пульгасари) и 이무기 (имуги), 응녀(уннё) и их отражения в корейских народных поговорках и пословицах. Эти существа, хотя и занимают важное место в мифологии, выполняют не только символическую роль, но и являются важными фигурами для передачи традиционных ценностей и уроков жизни. Особое внимание уделяется их отражению в корейских народных поговорках и

пословицах, где эти мифические существа не только украшения фольклора, но и играют дидактическую роль. Через анализ поговорок можно узнать как они передают традиционные ценности, такие как терпение, сила воли, стойкость и стремление к развитию

Ключевые слова: мифические животные, 이무기, 구미호, 불가사리, 응녀.

Введение

Корейская мифология богата множеством мифических существ, каждое из которых играет важную роль в культуре и фольклоре страны. Одними из самых известных являются 구미호 (кумихо), 불가사리 (пульгасари) и 이무기(имуги), 응녀(уннё). Мифы о них не только вдохновляли на создание историй, но и нашли отражение в народных поговорках и пословицах, которые выполняют дидактическую функцию. Через эти высказывания передаются важные нравственные уроки, такие как стойкость, упорство и вера в себя.

Цель статьи— исследовать, как образы этих мифологических существ представлены в корейских поговорках и какую роль они играют в передаче традиционных ценностей.

구미호 девятихвостая лиса

구미호-(кумихо) — девятихвостая лиса, мифическое существо восточноазиатского фольклора, представляющее собой волшебную лисицу с девятью хвостами и золотистым мехом. Она считается как сверхъестественным чудовищем, так и божественным зверем (신/수, "шину")[1]. В труде «현중기» (玄中記), текстах периода династии Западная Цзинь, говорится:

«Когда лисе исполняется 50 лет, она может превращаться в женщину, а в 100 лет — в красавицу или даже мужчину. В возрасте 1000 лет она становится чонхо (천호 / 天狐) — небесной лисой, способной общаться с небесами»

Становление кумихо человеком: мифология и трансформация

Фото взято с сайта: https://ru.pinterest.com/

Согласно мифам, у Кумихо (구미호) есть шанс стать человеком, если она выполнит хотя бы одно из трёх особых условий. Первый путь — воздержание: если Кумихо воздержится от убийств и поедания людей 1000 дней, она станет человеком. Второй путь — тайна: если тот, кто узнал её, сохранит секрет 10 лет, Кумихо также обретёт человеческую форму. Третий, мрачный путь — поглотить печень тысячи мужчин за тысячу лет, иначе её тело рассыплется на

пузырьки.

Отражение в народных поговорках:

" 북쪽에서 여우가 울면 그 동네에 초상이 난다."

"Если лиса воет на севере, в деревне случается траур."

Север ассоциируется с тьмой, кладбищами и символом 陰, а лиса, роющая могилы и поедающая трупы, особенно на севере, считается вестником смерти[2].

"구미호는 마을의 평화를 깨뜨리는 존재다[3]"

"Кумихо — существо, разрушающее покой деревни"

Эта поговорка означает, что кумихо — опасное и зловещее существо, появление которого связано с бедами для людей. В мифах кумихо часто появляется в образе красивой женщины, чтобы обмануть людей, особенно мужчин. Поэтому говорят, что если кумихо появилась в деревне, ждите беду — она нарушает порядок и приносит несчастьях.

불가사리

Фото взято с сайта: https://proza.ru/2019/03/06/1134

Пульгасари (불가사리) — мифическое существо из корейских легенд, которое является неуязвимым и бессмертным. Его имя происходит от слов "불가살" (неуязвимый), с добавлением суффикса "-и", что делает его "불가사리". Главная особенность 불가사리— он ест железо. Чем больше он его ест, тем больше становится и тем сильнее разрушает всё вокруг. Но у него есть слабое место — это огонь. Только с помощью огня то есть "불可살" его можно победить, поэтому его ещё называют «существом, которое убивает огонь»[4].

Отражение в народных поговорках:

"불사신이라 해도 끝까지 살아남는 것은 불사의 싸움에서만 가능하다.[3]"

"Даже если ты бессмертен, выжить можно только в битве бессмертных."

Это выражение подчеркивает, что даже самые могущественные существа, как **불가사리**, могут столкнуться с угрозой и только огонь может их уничтожить.

이무기

Фото взято с сайта:
https://namu.wiki/w/%EC%9D%B4%EB%AC%B4%EA%B8%B0

이무기(Имуги) — мифическое существо в корейской мифологии, связанное с драконом и водой. По поверью, если имуги проживёт тысячу лет и получит драгоценную жемчужину Ёиджу, он сможет превратиться в настоящего дракона. Имуги — это не просто мифическое существо, а символ надежды, преображения и борьбы с судьбой[5].

Отражение в народных поговорках:

"이무기도 천 년을 살면 용이 된다.[3]"

"Даже имуги, прожив тысячу лет, становится драконом."

Эта поговорка показывает, что даже если человек сейчас кажется слабым или его никто не замечает, со временем он может достичь больших результатов — главное иметь терпение и не сдаваться. Важно верить в себя, работать над собой и не терять надежду, потому что постоянство со временем приводит к успеху.

"이무기는 기다릴 줄 알아야 한다.[3]"

"Имуги должен научиться ждать."

Эта поговорка учит терпению. Имуги должен долго ждать, чтобы стать драконом, и эта терпеливость является ключом к преображению и успеху.

"천 년을 기다리면, 용이 되어 하늘을 나는 법을 알게 된다.[3]"

"Если подождать тысячу лет, можно стать драконом и узнать, как летать по небу."

Эта поговорка говорит о том, что время важно для достижения целей, ведь с ним приходят мудрость и силы.

웅녀

Фото взято с сайта: https://ru.pinterest.com/pin/5629568274326270/

웅녀-(熊女) — богиня из мифа о Тангуне. В этом мифе рассказывается о медведице Уннё, которая, пройдя испытания, превратилась в женщину. Она стала женой небесного бога Хвануна, и от их союза родился Тангун — основатель первого корейского государства Тангун Чосон[6].

Отражение в народных поговорках:

"웅녀처럼 참아야 호랑이를 이긴다[3]"

"Только как Уннё — терпением победишь тигра."

Терпение и выдержка — мощнее силы. В мифе Уннё смогла стать человеком, потому что терпеливо жила в пещере, питаясь только чесноком и

полынью, в то время как тигр не выдержал и сдался. Поэтому пословица учит: если хочешь добиться чего-то большого, нужно уметь терпеть и ждать, как это сделала Уннё.

Заключение

Изучение корейских мифологических существ , таких как 구미호 (кумихо), 불가사리 (пульгасари) и 이무기 (имуги), 웅녀(уннё) и их отражение в народных поговорках и пословицах позволяет глубже понять ценности и мировоззрение корейского народа. Эти мифические существа учат нас важным жизненным урокам о силе, терпении и изменениях, и через такие поговорки эта мудрость передаётся из поколения в поколение.

Мифические образы не должны восприниматься только как часть древних сказаний — их изучение позволяет глубже понять культуру, мышление и менталитет народа. Сегодня мифы продолжают жить в кино, литературе, живописи и других видах искусства, поэтому при изучении корейского языка важно опираться на мифологический контекст, ведь через него мы можем постичь суть корейской культуры.

Литература:

1. Martin Wallen, *Fox*, London: Reaktion Books, 2005, 69-70 с.

2.나무위키,“구미호”, https://namu.wiki/w/%EA%B5%AC%EB%AF%B8%ED%98%B8. 29.03.2025.

3. 나무위키, https://namu.wiki/w/%EB%82%98%EB%AC%B4%EC%9C%84%ED%82%A4:%EB%8C%80%EB%AC%B8

4. 나무위키, “불가사리(전설의 동물)”. 11.04.2025.

5. 나무위키, “이무기”. 29.03.2025

6. 한국민족문화대백과사전. *"웅녀."* 2007

Мұхтарова Т.Б., студентка 2 курса ПИ
Талипова З.К., студентка 1 курса ФЭиП
Научный руководитель:
Мұратқызы М., магистр филологии, старший преподаватель
Костанайский региональный университет им. А. Байтұрсынұлы

ЖАНРОВАЯ СТРУКТУРА И ЕЁ ИССЛЕДОВАНИЕ В ДЕТСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ

Аннотация. В статье рассматривается роль и значение детской литературы в формировании речевой культуры дошкольников. Особое внимание уделяется влиянию художественного слова на развитие словаря, образного мышления и эмоциональной сферы детей. Проанализированы произведения известных русских писателей, адаптированные для детского восприятия, а также методические подходы к использованию литературных текстов в образовательной деятельности с дошкольниками.
Ключевые слова: детская литература, дошкольник, речь, словарь, воспитание.

Детская литература – одна из прогрессивных отраслей нашей литературы. У неё есть собственный путь развития и роста. Сначала она развивалась вместе с общей литературой, но уже в XIX веке стала самостоятельной сферой с характерными особенностями. Детская литература превратилась в учебник жизни, который воспитывает и обучает.

4.Сөздіктегі сәйкестіктердің қызметінде айырмашылықтар бар; стильдік
5. Шығарма авторының стилі мен тілі де функционалды жасауғы ықпал етеді.

Аударма қойылатын басты талап – автордың стилистикалық өзіндігін сақтау, яғни адамдардың келбет-бітімі, жүріс-тұрысы бір-біріне қандай ұқсамаса, олардың сөз саптау машығы да бір-біріне сондай ұқсамайды, сол ерекшелікті айыра білу керек[4,27]. Мысалы ағылшын жазушысы Эрнест Хемингуэй шығармасының қазақша аударма сы тұтастай алғанда тілі жеңіл, сөз саптау шеберлігі тілтанудың заңдылықтарына сәйкес. Эрнест Хемингуэйдің “Шал мен теңіз" эволюциясы хикаятының аударылуы өте қызықты болып орын алған. Көркем тақырып шығарманы аударудың басты өлшемі оқырманға әсері. Эрнест Хеменгуэй «Шал мен теңіз» көркем шығармасының мазмұны тереңде жатыр. Көркем шығарманы оқи отырып, шығарманың тақырыбынан белгілі, осы тақырып арқылы автордың алға қойған мақсатынан бастап, көркемдік шешімге дейін баратын кейіпкердің мінезін, дүниетанымын, іс-әрекетін қамти келе автордың тілі мен стиліне, бағыты мен әдісіне, эстетикалық идеалына жетудің жолдарын көреміз. Сонымен, автор көркем шығармадағы шындықты, яки адам образын жасауға қажет өмірлік материалды жинақтауды типтендіру тәсілімен жүзеге асырған. Эрнест Хеменгуэйдің «Шал мен теңіз» көркем шығармасын қазақ тіліне аударуда Нығмет Ғабдуллинның ойынша, мұның өзі типтілік проблемасы әдебиеттің жалпы мәні мен маңызына жағалай теліне беретін жағдай, жалаң уағыз емес, жаппай жапсырыла беретін жамау емес, терең шығармашылық сипаттағы орасан күрделі мәселе екенін аңғартады және аударма жасауда автордың шығармасының мазмұнын толық береді. Ұлы жазушы адам мінезін даралауға асқан жауапкершілікпен қараған, ол өз кейіпкерлерінің ішкі бітімін бүкіл шығармашылық әрекетінің өн бойында бір сәт көзден таса қалдырмаған, әр адамның ақылын, ойын, сезімін, білімін, мәдениетін ашқан үстіне аша берген.

Мәдениеттердің үнқатысуы аударма сыз жүзеге аспайтыны, әр аударма түпнұсқаның жаңа байыптамасы болатындықтан ғана емес, мәселе әр аударма түпмәтінге жаңа өлшем алып келетіндігінде болып тұр. М.Бахтин былай деген: “Өзге мәдениет басқа мәдениеттің көзімен қараған кезде ғана өзін толығырақ, тереңірек таныта алады... Бір мағына екінші, басқа мағынамен бетпе-бет келгенде өзінің терең сырын ашады: олардың арасында сол мәдениеттердің

томаға-тұйықтығы мен біржақтылығын еңсеретін үнқатысу басталғандай болады". Толыққанды ұлттық әдебиеттің толыққанды аударма әдебиетінсіз кемеліне келмейді[10.196].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер - Алматы : «Алматы», 1999ж.
2. Мұхтар Құл-Мұхаммед. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 10 том-Алматы: «Алматы», 2011 ж.
3. «Қазақ прозасындағы аударма тілдің лингвистикалық ерекшеліктері» Ғылыми жұмыс. Қостанай: «Қостанай», 2025ж
4. Алдашева А. Аударматану ғылымының басты ұғым-түсініктері туралы // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). Құраст.: Құлманов С.– Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. –300 бет.
5. Сабурова Г. Аударма да руханибайлық // Қазақтілі мен әдебиеті,2000. №5
6.Комиссаров В.Н. Слово о переводе. –М.: Международные отношения, 1973. – 216 с.
7. Эрнест Хемингуэй. Старик и море – Москва: «Детская литература», 1981ж.
8. Эрнест Хемингуэй. Шал мен теңіз– Астана: «Аударма», 2002ж.

Алпысбаев М.К., Артықбай.Н.Б.,
студенты 1 курса История и обществознание
Научный руководитель: Амантайқызы Ә. м.ф.н.,
старший преподаватель кафедры
филологии и практической лингвистики;
Костанайский региональный
университет им. А. Байтұрсынұлы

СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЩЕСТВА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Аннотация. В статье рассматриваются социально-политические проблемы, с которыми сталкиваются современные общества, и их исторические корни. Особое внимание уделено ситуациям в Казахстане и России. На основе анализа научных трудов делается вывод о необходимости модернизации общественного сознания и активного участия граждан в политической жизни. Подчеркиваются вызовы национальной безопасности и социальной стратификации. Материал может быть полезен для студентов, преподавателей и всех, кто интересуется развитием общества.

Ключевые слова: социальные проблемы, политическая модернизация, общественное сознание, национальная безопасность, стратификация общества.

Введение

Социально-политические проблемы всегда были неотъемлемой частью Современное общество сталкивается с множеством сложных вопросов, связанных с социальной несправедливостью, неравенством, политической нестабильностью и кризисом доверия к государственным институтам. Эти проблемы не возникли внезапно — они имеют глубокие исторические корни, связанные с трансформацией власти, развитием экономики, изменениями в культуре и общественном сознании. Понимание этих процессов позволяет глубже взглянуть на современные вызовы и искать пути их решения на основе как исторического опыта, так и анализа текущей ситуации. Во многих странах, включая Казахстан и Россию, социально-политические изменения происходят в условиях усиливающейся глобализации, роста информационных потоков и необходимости быстрой адаптации к новым реалиям. Эти изменения сопровождаются как позитивными процессами, такими как развитие гражданского общества и политического участия, так и негативными проявлениями — ростом социальной поляризации, недоверием к власти, усилением протестных настроений. Для эффективного развития государства важно учитывать эти противоречия и вырабатывать сбалансированные решения.

Одной из ключевых проблем остается стратификация общества — разделение на группы по уровню дохода, доступу к образованию, медицинским услугам и другим социальным благам. Как отмечает Н.Е. Тихонова, в российском обществе на протяжении последних десятилетий сохраняется высокий уровень социальной неравномерности, что влияет на политическую активность граждан и уровень социальной сплочённости [1, с. 34]. Как показывает практика, особую восприимчивость среди населения получили мероприятия по возвращению на историческую родину останков выдающихся сынов казахского народа, духовных ценностей материального и нематериального характера, а также памятников, не имеющих аналогов в стране.Еще одной значимой темой является национальная безопасность, которая напрямую зависит от устойчивости внутренней социальной и политической ситуации. По мнению А. Абилдаева, социально-политические угрозы могут усиливаться под влиянием внешних факторов, в том числе глобальных энергетических изменений, что требует особого внимания со стороны государства. [1, с. 22]

Основная часть

Социально-политические проблемы общества проявляются в разных сферах жизни и затрагивают большинство людей. Одной из главных является проблема социальной несправедливости и неравного доступа к возможностям. В современном мире разрыв между бедными и богатыми продолжает расти, и это приводит к социальной напряжённости. По мнению Н.Е. Тихоновой, социальная стратификация в России оказывает влияние на политическую

пассивность значительной части населения, которое чувствует себя отстранённым от решений, принимаемых на государственном уровне [1, с. 41].

Люди, оказавшиеся в нижних слоях общества, чаще всего не верят, что могут изменить ситуацию, и это снижает уровень их участия в политических процессах. В Казахстане также существуют похожие проблемы. Государство пытается модернизировать общественное сознание, чтобы граждане стали более активными и ответственными. В рамках программы «Рухани жаңғыру» подчёркивается важность духовного развития и сохранения национальной идентичности, что должно помочь в решении внутренних социальных проблем. Однако для достижения этих целей недостаточно только слов и программ — требуется реальное улучшение условий жизни, справедливое распределение ресурсов и повышение доверия граждан к власти.

Кроме того, важным вопросом остаётся политическая активность молодёжи. Многие молодые люди не участвуют в выборах и других формах политической жизни, так как считают, что их мнение ничего не решает. Это создаёт риск формирования безразличного поколения, что в будущем может ослабить демократические институты. Политические лидеры и члены партий должны стараться сблизиться с молодой частью населения [3, с. 21]. Особую тревогу вызывают социально-политические угрозы, связанные с внешними факторами. Например, изменения на мировом энергетическом рынке могут влиять на экономику страны, а через неё — на внутреннюю стабильность. Как отмечает А. Абилдаев, переход к новым реалиям имеет сильные социально-политические последствия [4]. Таким образом, социально-политические проблемы нельзя рассматривать изолированно. Они взаимосвязаны и требуют комплексного подхода, основанного на анализе, диалоге и участии общества в решении ключевых задач.

Заключение

Социально-политические проблемы общества — это многогранный комплекс вопросов, который требует внимательного и системного подхода. На основе анализа исторических и современных процессов можно сделать вывод, что многие проблемы, такие как социальная несправедливость, политическая пассивность и неравенство, продолжают оставаться актуальными. Важно, что эти проблемы не имеют единой причины, а скорее являются результатом множества факторов, включая экономические, политические и культурные изменения. В странах, как Казахстан и Россия, наблюдается тенденция к усилению социальной стратификации. Низкий уровень жизни, недостаточный доступ к образованию и здравоохранению приводят к ощущению отчуждения и разочарования у граждан. Н.Е. Тихонова подчёркивает, что в условиях этого неравенства увеличивается политическая апатия, и люди перестают верить в возможность изменения ситуации через участие в политической жизни [1, с. 41]. Это, в свою очередь, угрожает стабильности общества и снижает эффективность демократических институтов.

Кроме того, как показывает практика, важным аспектом является необходимость повышения политической активности среди молодёжи. Проблемы, связанные с существованием факторов общественной жизни, прямо

или косвенно влияющих на состояние сообщества, а также требующие коллективных усилий для их решения, принято называть социальными [5]. Молодёжь, не видя реальных изменений, может стать аполитичной, что является серьёзным вызовом для государства. Образование и повышение политической грамотности среди молодых людей помогут сформировать активное гражданское общество, готовое к конструктивному диалогу с властью. Программа «Рухани жаңғыру» в Казахстане пытается внести вклад в это направление, однако её успех напрямую зависит от реальных шагов по улучшению жизни граждан. Также нельзя игнорировать внешние факторы, которые могут повлиять на социальную и политическую ситуацию в стране. Перемены на международной арене, экономические кризисы или энергетические изменения могут усилить внутренние угрозы. В таких условиях необходимо укреплять внутреннюю стабильность, развивать систему национальной безопасности и предпринимать шаги для минимизации рисков. В заключение можно сказать, что для успешного преодоления социально-политических проблем необходимо объединение усилий гражданского общества и государственной власти. Тотальное внимание должно быть уделено справедливому распределению ресурсов, развитию институтов демократии и усилению политической ответственности. Только комплексный подход к решению этих задач сможет создать условия для устойчивого и гармоничного развития общества в будущем.

Литература:

1. Тихонова, Н. Е. Стратификация российского общества: теории и реальность — м.: Наука, 2014 г.
Https://www.hse.ru/data/2014/10/01/1100433160/тихонова.%20социальная....pdf
2. Нуртазина Р.А. Политические науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология вестник евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева Астана, 2019 г.
https://dspace.enu.kz/bitstream/handle/enu/4359/social-and-political-priorities-of-modernization-public-consciousness-in-kazakhstan_.pdf?sequence=1&isallowed=y
3. Алдамурадова А.А. социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы Астана, 2020 г.
https://dspace.enu.kz/jspui/bitstream/enu/14720/1/merged-20240527-112617.pdf
4.Абилдаев А. Основные социально-политические угрозы национальной безопасности Республики Казахстана в контексте трансформации энегетической отрасли в мире Астана 2016 г.
https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/445/428
5.Мукан С. Социально-политические проблемы общества. Https://bulletin-irr.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/165/132

Искакова Д. М., студентка 3 курса ФСГН
Научный руководитель: Берденова С. Ж.,
к.п.н., ассоциированный профессор
кафедры филологии и практической лингвистики;
Костанайский региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы

К ВОПРОСУ О СОЦИАЛЬНОЙ РОЛИ ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье рассматривается роль женщины в современном обществе. Согласно отчету ООН, вопрос о положении роли женщины занимает второе место по важности. С какими проблемами сталкиваются женщины, какие есть методы борьбы с ними? Насколько актуальна проблема домашнего насилия и гендерного неравенства.
Ключевые слова: гендерная политика, дискриминация, насилие.

Кто такая женщина? Какая у нее функция? В Толковом словаре русского языка С. И. Ожегова дается следующее определение: 1. «лицо женского пола, вступившее в брачные отношения», 2. «лицо, противоположное мужчине по полу, та, которая рожает детей и кормит их грудью» [1]. Можем ли мы рассматривать шире понятие “женщина”?

Молодых замужних женщин в возрастной группе с 25 до 30 лет в казахских семьях называют "келиншек". Женщины в возрасте от 30 до 45-50 лет входили в группу "сары карын", а после 50-55 лет переходили последнюю возрастную группу "байбише". Каждая возрастная группа соответствует своему социальному статусу, предполагающей определенную степень ответственности женщины в семье мужа.

Если социальный статус девушки в родительском доме был достаточно высоким, то после замужества статус женщины в семье мужа заметно снижался. Это также выражается в ограничении личной свободы женщины, наложении на нее ряда поведенческих запретов, по крайней мере, до рождения первого ребенка или до момента беременности. Все интересы женщины после замужества должны были быть подчинены интересам ее новой семьи. Молодая невестка должна была полностью подчиняться свекрови, слушать ее указания и выполнять все домашние и хозяйственные дела по ее указанию. Кроме того, келин (невестка) должна была соблюдать ряд обязательных правил вежливости в своем повседневном поведении: рано вставать, готовить чай, здороваться со старшими родственниками, всегда вести себя скромно, не говорить первой и отвечать только на вопросы. Все эти традиции сохранились до наших дней в несколько измененной форме.

Впрочем, не нужно думать, что молодые невестки становились в семье мужа подневольными служанками, часто свекровь принимала жену своего сына тепло, относилась к ней как к дочери, обучала ведению хозяйства, внушала необходимые нормы женского этикета.

Переходным моментом считалось не просто вступление девушки в брак,

а рождение ею первого здорового ребенка. Это событие изменяло не только статус самой женщины, но и статус ее мужа, семьи в целом. Рождение женщиной первого ребенка имело для нее большое значение.

Несмотря на традиции, мировоззрение и религиозные устои положение женщин в обществе меняется. Каково же положение женщин в обществе сегодня? Какую позицию женщины занимают в жизни?

Согласно отчету ООН, вопрос о положении и роли женщины в обществе по важности занимает второе место после глобальных эколого-экономических проблем современности. Женщины стремятся к равноправию, она стала более независимой, у нее появилось стремление реализовывать себя не только в семье, но и вне ее пределов. Теперь женщина занимает равные с мужчинами позиции [2].

Женщина XXI в. стремится стать самодостаточной во всех отношениях: она самостоятельно планирует свою жизнь, обучается в высших учебных заведениях и занимается трудовой деятельностью, женщина как личность все чаще стремится состояться вне дома и семьи, реализовать свои способности и возможности.

В связи с тем, что социальная роль женщины в современном обществе за последние десятилетия претерпевает радикальные изменения, естественно, меняется также статус представительниц слабого пола. Так, психологи склонны рассматривать следующие основные категории женщин: лидеры, карьеристки, домохозяйки, обладательницы свободных профессий.

Женщины-лидеры по чертам характера во многом напоминают мужчин: они целеустремленные, уверены в собственных силах и всего добиваются самостоятельно, не надеясь на чью-либо помощь.

Самореализация – это главная цель карьеристок, которые на первое место всегда ставят работу и достижение успехов в карьере. Только после таких результатов они могут себе позволить размышлять о создании семьи и планировании детей.

Но девушки часто сталкиваются с проблемой гендерного неравенства в оплате труда и возможностях карьерного роста. По данным Бюро национальной статистики за 2023 год женщины в Казахстане зарабатывают на 21,7 % меньше мужчин. При этом по статистике 43,5 % субъектов малого и среднего бизнеса возглавляют женщины, обеспечивают 31% всех рабочих мест. “Многие бизнесы выживают только благодаря женщинам”, – отмечает бывший глава НПП “Атамекен” Раимбек Баталов.

Статус женщины в обществе, которая выбрала роль домохозяйки, рассматривается сегодня не с лучшей стороны. Проблема домашнего насилия остается актуальной темой общества. Каждый день тысячи женщин терпят побои, угрозы и унижения, становятся жертвами абьюзивных отношений, что приводит к плачевным последствиям. По данным ООН, ежегодно в Казахстане от домашнего насилия погибает около 400 женщин. В среднем в стране ежемесячно регистрируется 120 изнасилованных, 5232 избитых, 72 убитых, 14 убитых и 48 самоубийств женщин. В колониях 70% женщин, отбывающих срок за убийство, были осуждены за убийство своих мужей [3].

Наше общество выбирает “казаться, а не быть”. А может нам стыдно признать, что в семье есть домашнее насилие? Именно из-за этого у нас катастрофические показатели.

К сожалению, в 2017 году домашнее насилие исчезло из Уголовного кодекса Казахстана. Побои и причинение легкого вреда здоровью перевели из разряда уголовных преступлений в административные правонарушения, с этого же года мы наблюдаем негативную тенденцию или стабильный рост случаев бытового насилия в отношении женщин. К примеру, в 2022 году было зарегистрировано 120 тысяч случаев бытового насилия, а в 2023 году уже более 125 тысяч.

Поправки, внесенные в 2017 году по сообщению МВД РК и Генпрокуратуры, гласят: «в целях усиления профилактической работы с правонарушителями и упрощения процедуры привлечения их к ответственности». Кроме того, если агрессор привлекается по уголовной статье, то исключается шанс примирения сторон [4].

В Казахстане с 16 июня 2024 года начинает действовать Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения прав женщин и безопасности детей»,подписанный главой государства 15 апреля 2024 года. Закон ужесточает наказание за насилие над женщинами и детьми, в том числе в семьях, и направлен на защиту их от абьюзеров. На всех этапах обсуждения и принятия документ вызвал большой резонанс в обществе, было немало противников. Но в итоге был подписан президентом в тот момент, когда проходил суд над экс-министром экономики Куандыком Бишимбаевым, убившем свою гражданскую жену Салтанат Нукенову, и получил ее имя – закон «Салтанат» [5].

Чаще всего женщины не обращаются в полицию, так как не хотят сажать отцов своих детей в тюрьму или же потому, что агрессор не всегда был таким, боясь общественного мнения, не находят поддержки от родителей и родственников. Многие женщины руководствуются пословицей «Не выноси ссор из избы». Сегодня агрессоры не боятся закона, т. к. уверены в том, что не понесут серьезного наказания, а безнаказанность порождает преступление.

Некоторые мужчины прикрывают свои действия “религией” и “традициями”. Но исламская религия отводит женщине очень высокое положение и предоставляет ей все возможности, чтобы прожить чистую, благочестивую, содержательную жизнь, наполненную глубокими чувствами [6].

Таким образом, в нашем обществе женщины все еще подвергаются дискриминации и насилию, ограничиваются ведением домашнего хозяйства, ролью супруги и матери. Поэтому необходимо создавать условия, которые помогут женщинам гармонично сочетать и успешно реализовать себя в полной мере, т. к. каждая женщина имеет право быть счастливой, имеет возможность для реализации своих способностей, творческого и профессионального потенциала во многих сферах жизни.

Литература:

1. Ожегов, С. И. Толковый словарь русского языка / С. И. Ожегов, Н.Ю.; под ред. проф. Л. И. Скворцова. - 28-е изд., перераб. - Москва: Мир и Образование, 2019. - 1376 с.
2. https://pandia.org/text/78/225/5878.php
3. https://www.un.org/ru/global-issues/gender-equality
4. https://bizmedia.kz/2022/08/27/domashnee-nasilie-v-kazahstane-statistika/
5. https://www.zakon.kz/amp/pravo/6438213-v-kazakhstane-nachinaet-deystvovat-zakon-o-semeynobytovom-nasilii-chto-nuzhno-znat.html
6. Осман Эрсан. «Женщина в Исламе». Перевод с турецкого. – ООО «Издательская группа «САД», 2009. – 3-е издание. 176 стр.

Казбекова М.К 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: А.Күзембайұлы т.ғ.докторы .,
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы;
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МЕКТЕП АШУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ағартушы ұлы тұлғасы, ол өз заманының білім саласына үлкен өзгерістер әкелген тұлға. Оның ағартушылық қызметі мен мектеп ашудағы еңбегі қазақ халқының мәдени, рухани және әлеуметтік дамуына зор ықпал етті. Әсіресе, Ыбырай Алтынсариннің Қостанай қаласында мектеп ашуы қазақ білімінің өркендеуі мен халықтың алдыңғы қатарлы мәдениетке қадам басуына негіз салды. Осы мақалада біз Ыбырай Алтынсариннің Қостанай қаласындағы мектеп ашуының маңызын қарастырамыз.
Кілт сөздер: ағартушы, педагог, білім, мектеп, ұлттық сана-сезім.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ұлы ағартушысы, педагог, этнограф және қоғам қайраткері. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, өз халқының білім жүйесінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Ы. Алтынсарин ашқан мектептер мен оның білім саласындағы қызметі қазақ қоғамы үшін ерекше маңызға ие болды. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының білімін көтеру мақсатында көп еңбек етті. Ол өзінің ағартушылық қызметін қазақ балаларына мектеп ашу арқылы бастады. Алтынсариннің білімге деген

ерекше көзқарасы оны мектеп ашуға, қазақ балаларына білім беру жүйесін жетілдіруге бағыттады. Бұл мектептер тек оқу мен білім беру орны ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтау, тәрбиелеу құралына айналды.

Алтынсариннің мектептерінің ерекшелігі сол, оларда оқу үдерісі қазақ тілінде жүргізілді. Бұл қазақ балаларының ана тілінде білім алуларына мүмкіндік беріп, оларды өз мәдениеті мен дәстүрін тереңірек меңгеруге септігін тигізді. Алтынсариннің оқулықтары мен кітаптары қазақ тілінде жазылып, оқу бағдарламасына енгізілді. Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсарин мектептерінде жаңа әдістемелік тәсілдерді қолданды. Оның мектебінде оқытудың мазмұны мен әдістері еуропалық тәжірибеге негізделді. Бұл қазақ балаларының ой-өрісін дамытуға және олардың дүниетанымын кеңейтуге көмектесті.

Ыбырай Алтынсарин өз мектептерінде тек гуманитарлық пәндер ғана емес, сонымен қатар техникалық мамандықтарға да көңіл бөлді [1,3 б.]. Ол балаларына ағаш ұсталығы, қолөнер сияқты практикалық дағдыларды үйрету арқылы олардың еңбекқорлық қабілеттерін дамытты. Бұл, өз кезегінде, қазақ қоғамының экономикалық дамуына әсер етті.

Сонымен, Ыбырай Алтынсариннің ашқан мектептері қазақ халқының мәдени және әлеуметтік дамуында ерекше орын алады. Бұл мектептер білім мен тәрбие берумен қатар, халықтың әлеуметтік өзгерістерге бейімделуіне жол ашты. Алтынсариннің мектептері арқылы қазақ балалары жаңа заманның талаптарына сай білім мен тәрбие алып, өз елін дамытуға үлес қосатын азаматтар болып қалыптасты.

Ыбырай Алтынсарин 1868 жылы Қостанайда алғашқы қазақ мектептерінің бірін ашқан. Бұл мектеп қазақ балаларына білім беру ісін жаңа деңгейге көтеру, сондай-ақ оларды ұлттың дамуында белсенді рөл атқаруға дайындау мақсатында ашылған болатын. Осы мектептің ашылуы қазақ жеріндегі ағартушылық қозғалысқа үлкен серпін берді [2,13 б.].

Қостанай қаласындағы мектептің ашылуы - қазақ балаларының білім алу жолында үлкен қадам болды. Ыбырай Алтынсарин сол кездің өзінде-ақ білімнің тек жеке адамның ғана емес, тұтас халықтың дамуына әсер ететінін түсінген болатын. Қостанай қаласындағы мектеп қазақ балаларына ана тілінде білім алуға мүмкіндік берді. Мұнда оқу процесі тек пәндермен шектелмей, сонымен қатар балалардың мәдениет, дәстүр және адамгершілік құндылықтарды меңгеруіне де баса назар аударылды.

Ыбырай Алтынсариннің Қостанайдағы мектебі қазақ мектебінің алғашқы үлгісі болып саналады. Оның мектептерінде оқыту әдісінің негізі қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне сүйеніп, жергілікті жағдайды ескере отырып құрылған. Бұл мектеп тек білім берумен шектелмей, ұлттық тәрбиенің негіздерін қалауға бағытталды. Ыбырай Алтынсарин қыз балаларды оқыту мәселесіне де ерекше назар аударды. Ол қыздарға да білім берудің маңыздылығын түсініп, сол уақытта қыздар үшін арнайы мектептер ашты. Бұл қадам қазақ қоғамында әйелдердің әлеуметтік мәртебесін көтеруге әсер етті. Оның ойынша, әйелдер тек отбасының емес, қоғамның да бір бөлшегі, сондықтан да олар білім алып, қоғамның дамуына үлес қосуы қажет еді.

Қостанайдағы мектепте қыз балаларды оқыту үшін арнайы жағдай жасалды, бұл өз кезегінде қазақ қоғамындағы әйелдер үшін жаңа мүмкіндіктердің ашылуына ықпал етті.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын еуропалық біліммен қатар, өз халқының дәстүрлерімен тәрбиелеу керектігін айтты. Ол ұрпақтарды ұлттық санасы мен мәдениетін сақтауға шақырды.

Қазақстанның көрнекті қайраткері Ибырай Алтынсариннің мұрасын зерттеуге және зерттеуге деген қызығушылығымыз кездейсоқ емес. Алтынсариннің айрықша тарихи еңбегі - оның бастамасымен, оның тікелей қатысуымен Қазақстанда халықтық зайырлы мектептер желісі құрылды. Ол сондай-ақ олар үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің дидактикалық принциптерін ғылыми тұрғыдан дамытып, оқу-әдістемелік құралдар жазды [3,4б.]. Алтынсарин тәрбиелік міндеттерді өмірдің қажеттіліктерімен, бұқараның қажеттіліктерімен байланыстырады. Оның пайымдауынша, мектеп оқушының жеке басының ақыл-ой дамуы мен адамгершілік жетілуіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін нақты білім беруі керек.

Ыбырай Алтынсариннің Қостанайда ашқан мектебі қазақ қоғамында білімге деген жаңа көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. Оның мектептері тек білім алатын орындар ғана емес, сондай-ақ жаңа дүниетаным мен жаңашылдықтың таралу алаңы болды. Бұл мектепте оқыған балалар тек қана дәстүрлі біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбекке баулуды, адамгершілікке тәрбиелеуді, қоғамдық өмірге бейімделуді де үйренді. Осылайша, Ыбырай Алтынсарин Қостанайда қазақ халқының білім алуын ғана емес, жалпы қоғамдық өмірде белсенділік танытуды мақсат етті.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Қостанай қаласындағы мектеп қазақтың білім мен тәрбиесінің көне әрі жарқын тарихымен тығыз байланысты. Бұл мектеп қазақтың көптеген белгілі тұлғаларын тәрбиелеп шығарды. Мектептің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен оның білім жүйесіндегі жаңашылдық идеялары бүгінгі күнде де өзінің мәнін жоғалтпай келеді. Оның мектептерінде білім алған түлектер қазақ қоғамының әртүрлі салаларында жоғары жетістіктерге жетіп, өз елінің мәдениеті мен ғылымына зор үлес қосты [4, 6 б.].

Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептер өз уақытында үлкен тәрбиелік және білім беру маңыздылығына ие болды. Сонымен қатар, мектеп тарихи өсу дәрежесінде талай қиыншылықтарды да басынан өткізген.

1884 жылы тұңғыш ашылған мектептің табалдырығын алғаш рет 35 қазақ баласы аттады. Келе-келе мектебімізге жан-жақтан қазақтың балалары жинала бастайды. Мектебіміздің тұңғыш шәкірттері: Әліби Жангельдин, Бекет Өтетілеуов, Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Елубай Өмірзақов, Серәлі Қожамқұлов, Ілияс Омаров, Темірбай Дарханбаев, Бейімбет Майлин, Қапан Бадыров, Қанапин Әмір сынды тұлғалар қазақ ағартушылығын жаңа деңгейге көтеріп, қоғамның мәдениет, білім, саясат және әдебиет салаларында жаңашылдықтың негізін қалаған қайраткерлер болды [5,73 б.]. Алтынсариннің мектебі – қазақ халқының рухани және мәдени дамуының бастауы, ал оның түлектері қазақтың мақтанышы болып қала береді. Мектеп шәкіртімен даңқты

ғой, бұлардан кейін де қаншама түлектер бұл мектептен қанат қақты.

Қостанай қаласындағы мектептің ашылуы тек білім беру ісі ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының өз тәуелсіздігі үшін күрескен идеологиясының алғашқы қадамдары болды. Алтынсариннің мектебі қазақ жастарына ұлттық сана-сезім, өз құқығын білу және тәуелсіз ойлау қабілеттерін дамытуға жол ашты. Бұл білімнің қазақ халқының әлеуметтік-саяси өміріндегі өзгерістерге дайын болуын қамтамасыз етті.

Қай жерде болсын ұстаздардың еңбегі олардың шәкірттерінің білім дәрежесімен өлшенеді. Бұл тұрғыдан алғанда, білім ордасы ұстаздарының еңсесі қашан да биік. Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың бүгінгі күнгі тыныс – тіршілігі, жұмыс жүйесі, жеткен жетістіктері ие. Ең бастысы, қазіргі кезеңде мектептің материалдық базасы нығайды. Өткен жылдары мектеп күрделі жөндеуден өткізілді. Қазір іші ханның сарайындай, балаларға барлық жағдай жасалған. Білім берудің заманауи құралдарының ешқайсысына зәру емес. Енді бұл жай мектеп емес, қабілетті, ірік¬телген балаларға арналған білім ошағына айналды.

Бағдарламаға сәйкес, мектепке 5-ші сыныптан бастап оқушылар қабылданады. Мектептегі білім сапасы түрлі пәндер бойынша өтетін облыстық, республикалық олимпиадалар мен бірыңғай ұлттық тестілеу көрсеткіштерінен көрінеді.

Мектепте бүгінде оқушылардың біразы интернатта жатады. Интернаттың маңызы өте үлкен. Ол балаға ата-ананың үйіндей жақын, жылы болуы керек. Тәрбиешілерге қояр талабы да жоғары. Мектеп ұжымындағы ұстаздар мен тәрбиешілер қауымы балалардың жақсы оқып, тәлімді тәрбие алып шығуы үшін тынбай жұмыс істеуде. Мектептің таңдаулы, дарынды балалары - халқымыздың байлығы, тәуелсіз елдің ертеңі екенін жақсы түсінеміз.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсариннің ашқан мектептері қазақ білім жүйесінің қалыптасуына зор ықпал етті. Оның ағартушылық қызметі мен мектептерінің маңызы бүгінгі таңда да жоғары бағаланып келеді. Алтынсариннің оқу орындары ұлттық білімнің дамуына, мәдениеттің сақталуына және халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуға бағытталған алғашқы қадамдар болды. Осылайша, Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының білім саласындағы жаңа дәуірдің негізін қалады.

Әсіресе, Ыбырай Алтынсариннің Қостанай қаласында ашқан мектебі қазақ білімінің негізін қалаушы маңызды қадам болды. Биыл осы аталған Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына 140 жыл толып отыр.

Бұл мектеп тек оқыту мен тәрбиелеу қызметін ғана атқарған жоқ, сонымен қатар қазақ халқының мәдени, ұлттық санасының жаңаруына ықпал етті. Қостанайдағы мектептің ашылуы – қазақ қоғамында ағартушылық қозғалыстың алға жылжуына себеп болған оқиға болып табылады. Ыбырай Алтынсариннің еңбегі бүгінгі күнде де жоғары бағаланып, оның мектептері қазақ білімінің болашақтағы дамуына негіз болған рухани ордаға айналды. Ұзақ өзгерістерді басынан өтікізіп, ұлттық кадрларын дайындаудың дереккөзі болған мектеп, қазір ұлы ұстаздың дәстүрін қалтқысыз жалғастырып келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есмағанбетов Қ. Ұлт ұстазының мұрасын зерделеу - бүгінгі ұрпақтың борышы // Қостанай таңы, 22 қазан, 2011.
2. Алтынсарин мұраларының зерттелу жайы. //Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.
3. Ә.Дербісәлин. Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы // Алматы, «Қазақстан», 1965.
4. Қайырбеков А. Ыбырай мұрасына ықылас немесе С.Мұқановтың Ы.Алтынсарин туралы ой-пайымдары // Қостанай таңы, 23 қараша, 2015.
5. Ә.Сыдықов Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі // -Алматы: Мектеп, 1969.

Филология және гуманитарлық
ғылымдар факультеті
2 курс студенті Ли В.
Ғылыми жетекшісі: Койгельдиева З.Ж
Журналистика және филология кафедрасының
аға оқытушысы;
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ПРОБЛЕМАЛАРЫ: ТАРИХТАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА

Аннотация. Бұл мақалада қоғамның даму жолындағы барлық болған мәселелерді ашып, талдау жүргізілген. Қоғамдағы теңсіздік, әділетсіздіктің өзектілігі кеңінен талданған.. Саяси тұрақсыздықтың көрінісі мен қоғамдағы байланысына шолу жасалған.
Адамзаттың жаһандану процесінде қалыптасу жолына тоқталған. Әлеуметтік проблемалардың халық арасында бейімделіп, қоғамның саяси тұрғыдан өзгерістерінің нәтижесі көрсетілген. Шынайы мәселелер әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған емес.
Кілт сөздер: жаһандану, саяси жүйе, идеология, репрессия, құқық,сана, төңкеріс.

Қоғамның дамуы адамзат тарихымен тікелей байланысты. Үздіксіз өзгерістер мен даму жолдарының арқасында көптеген жетістіктермен жаңғыруларға алып келді. Бұл даму жолында әрине әлеумттік және саяси қайшылықтар мен теңсіздіктер болды. Бұл өз кезегінде әртүрлі дәуірдегі елдердегі басты мәселе болып есептелінген. Тарихтан бері адамдар билік, әділеттілік, теңдік , құқық пен бостандық мәселелерін шешуге ұмтылып келеді.Күні бүгінге дейін бұл мәселелер өзінің өзектілігн жоғалтпаған.

Егер тарихқа шолу жасасақ ежелгі қоғамдарда билік бір адамның немесе шағын топтың қолында болды. Мысалға келтіретін болсақ Мысыр, Рим, Қытай секілді қуатты өркениеттерде әлеуметтік құрылымдар жіктелді. Құл иеленушілік, касталық жүйе, аристократиялық басқару – бәрі де теңсіздік пен әділетсіздікке негізделді. Ерте ортағасырдағы қазақстанға тоқталсақ түркі тайпаларының бірігуін және олардың құлдырауын айтып кетеміз.Ең алдымен тарихта өзінің орнын ойып тұрып алған Түрік қағанатын еске түсірейік. Түрік қағанатының құрылуы мен даму жолында ішкі саяси тартыстар мен күрестер орын алды. Билікке талас, тайпалар арасындағы келіспеушіліктер ақырында мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндірді. Сонымен қатар ішкі талас-тартыстың өзі қағанаттың құлауына алып келді. Мәселен Түргеш қағанатының сары және қара түргештердің ішін-ара бәсекелестіктің әсерінен қағанаттың әлсіреп, түпкілікте құлауына әкеліп соқты.

«Сұлу қаған қаза болғаннан кейін билік үшін "сары" және "қара" түргештердің арасында ұзаққа созылған күрес жүрді. Түргеш мемлекеті өз ішіндегі күрестің нәтижесінде едәуір әлсіреді, мұны Тан (Қытай) империясы ұтымды пайдаланды. 751 жылы Тараздың қасындағы Атлах қаласы жанында Зияд-ибн-Салых бастаған араб әскерлері мен Гао-Сяньчжи басқарған Қытай әскерлерінің арасында 5 күнге созылған қырғын соғыс жүрді. Қытайлықтарға қарсы оның тылындағы қарлұқтар көтерілді. Мұндай ұзақ уақытқа созылған саяси күрес қағанаттың экономикалық және мәдени жағынан өсіп өркендеуіне кері әсерін тигізді [1]. Орта ғасырдағы қазақстанның аумағы әртүрлі сыртқы қауіптерге ұшырады. *Араб басқыншылығының салдары мен маңызы. Оңтүстік Қазақстан, Жетісу өңірлеріндегі халықтар малынан, жерінен айырылды. Арабтардың басқыншылығы Қазақстанның саяси-экономикалық, мәдени өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Ең алдымен Қазақстан аумағында ислам діні, араб мәдениеті, жазуы тарады. Тараз, Отырар, Бұхара т. б. қалаларда араб мәдениетінің, ислам дінінің ірі орталықтары пайда болды* [1].

Ерте ортағасырдағы Қазақстан жеріндегі қоғамдық-саяси мәселелер – биліктің орталықсыздығы, тайпалар арасындағы қайшылықтар мен сыртқы қауіп-қатерлердің зардаптары нәтижесінде қалыптасқан күрделі құбылыс болып табылады. Басты мәселе – әртүрлі ұлт пен тайпалардың біртұтастығын, өзара ынтымақтастығын қамтамасыз ете отырып, бейбітшілік пен тұрақтылыққа жету жолдарын іздеу болды. Ол өз жалғасын Қазақ хандық дәуірінде тапты.

Қазақ хандығы 1465 жылы Алтын Орданың және 1468 жылы Өзбек ыдырау кезінде қалыптасты.Қазақтарды Жетісуда жинап, Қазақ хандығын құрушылар Керей мен Жәнібек хан болған. Бүкіл тарих бойынша Қазақ хандығы өзінің аумағын үлкейтіп, қуатты хандықтардың біріне айналды. Тек XVII ғасырда Жоңғарлармен соғысқанда әлсізденеді. [2]. **Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік жағдайы.** Қоғамның қатал феодалдық жүйесі арқылы бірнеше салық түрі болады. Басқарушылардың ең әулеттісі ол хан болды. Хандар,билер, сұлтандар, төрелер ақсүйектерге жатқызылатын, ал қарапайым халық қара сүйекке жатқызылады. Хандыққа сол кезеңде тек Шыңғыс тұқымынан шыққандар ғана отыратын. Халықтың феодалдық шартты жер

иеленушілік салықтарына мойынсұнуға тура келді. Салықтың түрлерінең ақта, милк, вакуф секілділері болды. Сонымен қатар Хараж-жер өңдеуші егіншілерден алынатын салық. Баж – саудагерлерден алынатын жол салығы. Жасақ – көшпелі малшылардан алынатын салық.Зекет – мұсылмандардан сауда мен жылжымайтын мүлік үшін алынатын заттай алым [3]. Салықтар сол уақытта қарапайым халық үшін ауыр салмақ болып саналды.

Ендігі Кеңес одағы құрамындағы Қазақстан туралы саяси мен әлеуметтік мәселелер.Қазақстанның жаңа жүйеге аяқ басуы. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан, сонау тайпалардан бері келе жатқан хандық жүйеден кейін, Ресейдің қоластында болып, жаңғыру жүйесінің қалыптасуына әкеледі.Қазақстанның 20-шы ғасырдағы тарихы ол Кеңестік идеология мен шектеулер. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан. Қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі.Бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылғы 19 шілдеде (1 тамызда) басталды. Бұл кезде қоғамның әлеуметтік жағдайы қиын болады. Ол бірден бір себебі Қазақстанның экономикалық жағынан құлдырауынан ауыл шаруашылығымен ер азаматтардың жаппай майданға алып кетеді. Яғни бүкіл тыл жұмыстарды әйелдер істеді. Астық тұқымды жинап, әскерге жіберу басты мақсат етін. Қиын қыстау кезеңде тіпті малға бір түйір шөптін өзің табу қиын болды. Соның әсерінен мал саны кеміді.Соғыс жылдарында қазақтың мал шаруашылығы, бірінші кезекте, мал жайылымдық алаптарды тартып алу салдарынан зардап шекті. 1913-1917 жылға дейін қазақ халқынан жалпы көлемі 764,4 мың десятина жайылымдық алқаптың жылқы ірі қара жайылатын 190 жайылымы тартылып алынды және жалға алуға даярланды. Мал санының қысқаруы, ең алдымен, қазақ халқының армия қажеттері үшін мәжбүрлеу тәртібімен ет беруге міндетті болғандығынан орын алды. Сан миллиондық армияның осе түскен қажеттерін қанағаттандыру мүмкін емес еді. «*Өйткені қазақ шаруашылығында мал саны жылдан-жылға азая берді. Сондай-ақ соғыс жылдарындағы мал санының қысқаруына ауық-ауық өткізіліп тұратын реквизиция да әсер етті»* [6.111].Сондай-ақ сол кездегі халықтың наразылығы тіпті еңбекшілердің көтеріліске шығуына түрткі болады. Мәселен, 1916 жылы 21 наурызда Торғай облысында әйел қауымының дүкендерді қиратуы Қазақстанның басқа да аймақтарында да көтерілістердің жасауына ықпал етеді. Әрине осындай жағдайлардан кейін ұлт-азаттық көтерілістін жандауына әкеліп соғады. Патша тарапынан халық наразылығын басу үшін арнайы отрядтар құрылады. Нәтижесінде соттың үкімімен көптеген қазақ халқы сонымен қатар қырғыз көтерілісшілерін қудалайды, тіпті өлім жазасына кеседі. Әрине бұл тек бастамасы еді. Барлық кезендегі болған саясі-әлеуметтік проблемаларды негізінде айтып жеткізу мүмкін емес. Бірақ ең бастамасына біз көңіл бөлдік. Келесі кезеңдер ол 1917 жылы болған Қазаң төңкерісі.Қазаң төңкерісі кезінде халықтың жағдайы төмен болды. Бұл ала сапыран уақытта әлеуеметтік- экономикалық жағынан баяу даму кезеңдері болды. *«Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ облыстық және уездік орталықтарда да жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін нығайту ісі, ауылдық және селолық Кеңестерді құру ісімен бірге жүргізілді. Алайда ауылдың экономикалық және мәдени жағынан артта қалуынан туындаған*

қиыншылықтар, әлі де күшті рулық байланыстар қазақ ауылдары мен болыстарында Кеңес өкіметінің органдарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарын қиындатты. 1918 жылдың күзінен бастап басқарудағы ала-құлалық жойылып, билік Кеңес атқару комитеттері қолына алына бастады. Сонда да болса, ауыл-селоларда әлі Кеңестер күш ала алмай жатты. Кеңес өкіметінің нұсқау, жарлықтарын іске асыруға қарсылық күшті болды. Халық азық-түлік тапшылығынан зардап шекті. Кеңес өкіметіне қарсы күштер бас көтерді. Кеңеске қарсы күштердің қарсылығын басу үшін, жергілікті жерлерде өкімет билігін нығайту қажет болды.»[6]. Қазаң төңкерісі кезеңінде Кеңес үкіметін мойындамай, оның заңсыз жолмен құрылғанына байланысты қарсылық танынтты. Бұл "Алаш" зиялыларының құрылуына түрткі болды. Қазақстанның 1920-1940 жылдардағы қоғамдық-саяси жағдайы.Бұл уақыт аралығында Қазақстан тарихында күрделі қиын да әрі қоғамдық құрылыс жаңаша қалыптасты.**1920 жылы 26 тамызда** *РКФСР құрамындағы* **"Автономиялы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы" декрет***қабылданды.*

Қоғамдағы саяси- әлеуметтік жағдай ауыл шаруашылығы өте төменгі деңгейдегі дағдарысқа ұшырады. Халықтың астық қоры тәркіленіп отырды. Биліктің тапсыриасымен 119 млн пұт (РКФСР көлемінде 423 млн . пұт) салғырт төлеуі жүктелген. Тапсырманың ішіндегі 26 млн. пұт Семейге ал 6 млн. пұт болса Қостанайдан астық алынды. Осындай жалпы ірі дағдарыстан кейін ел ішінде аштық орнайды. Адам санының аштықтан онымен қоса індеттен қайтыс болуы адам шошытарлық. Тіпті дерлік бұл дағдарыстан кейін қазақ қоғамынын демографиялық тұрғысынан қарағанда әжептеуір кеміді. 1929 жылдан бастап кең көлемде жүргізілген ұжымдастыру саясаты қазақ қоғамының өмірін түбегейлі өзгертті десек болады.Осы саясатпен қатар мәжбүрлі отырықшыландыру науқаны жүріп, қазақтар мал шаруашылығынан айырылды.Бұл саясаттың салдары аса ауыр болды. 1931-1933 жылдар аралығында болған жаппай ашаршылық миллиондаған адамның өмірін жалмады. Кей деректер сүйенетін болсақ ,1,5-2 миллионнан астам қазақ қаза тапты немесе шетелге босып кетті. Сонымен қатар саяси репрессиялар орын алды. Ұлт зиялылардың қуғын сүргінге, ату жазасына тағайындалуы,одан қалса жазықсыз түрмеге қамаллды. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов секілді тұлғалар "халық жауы"атымен қуғындалды. Бұл тұлуалар Алаш қайреткерлері,көрнекті,Кеңес одағына қарсы шыққан тұлғалар еді.Саяси репрессиялар бұнымен тоқтаған жоқ. Ол жалпы қазақ тіліне нұқсан келтірді. Көптеген ғылыми еңбектер, тарихи кітаптар, шежірелер, қазақ халқының түп тамырын жойып жіберетіндей ахуалға жетті. Кеңестік идеологияда орыс мектебі көбейіп,қазақ тілінде шығатын басылымдарды қысқартып немесе мүлдем шығармады.Әлбетте сол кездегі жағымды жақтарда болды. Ол халықтың көзін ашу, яғни сауаттын арттыру көзделді. Соның бір бастамасын әдебиеттен басталды.*«Кеңес үкіметі өлкеде сауатсыздықты жою, яғни өлке тұрғындардың сауатын ашу мәселесін көтерді. Әсіресе, ол үкіметтің 1929 жылы «Сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс туралы»қаулысынан кейін кең өрістеді. Алайда, сауатсыздықты жою*

шаралары қаржы тапшылығы, мұғалімдердің, оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеуі сияқты үлкен қиыншылықтарға тап болды.»,-[4]. *YI партия конференциясында мектептердің көбі тек қағаз жүзінде екені, ауылдағы мектептердің үйі жоқ, үйі болса орындықтары жоқ, орындықтары болса оқулықтары жоқ екені атап көрсетілді. Соған қарамастан мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту жұмыстары жүргізілді. 1935 жылы мектеп жасындағы балалардың 91% оқуға тартылды. 1935/36 оқу жылында алғаш рет 11 қазақ баласы орта мектепті бітірді. Кеңес үкіметі Қазақстанда ғылымды қалыптастыру мәселесімен де айналысты»*[5.44б].

Жалпы сонау қазақ қоғамының бастау алған жері-тайпалардан негізделеді. Қазіргі заманға дейінгі қоғамда болған соғыстар, көтерілістер бәрінің негізгі мақсаты бір. Қоғамды жақсы жаққа бұру, әлеуметтік жағдайды түзету белгіленген. Қазіргі қоғаммен салыстыратын болсақ қазіргі қоғам өте көптеген артықшылықтарға ие. Иә, ғылым- технологиялық прогрес, саяси құрылым, әлеуметтің өмір сүру жағдайының жақсаруымен қатар қоғам үшін ыңғайлылықтар, заңдар пайда болды. Саяси басқару жүйесінің өзі өзгеруге алып келді. Жаһандану процесінің жаңа бағыттарға көшуімен, құқықтық, яғни Конституция ата Заңдар жинағының пайда болуының өзі үлкен мәртебеге жетуіміздің бір бөлшегі. Сонымен қатар қоғамның ағынымен даму үдерісінде жаһандану процесінде тіпті жасанды интеллектің пайда болуы, бұрын болмаған мүлдем инновациялық тұрғыдан жаңа есіктердін ашылуы болды. Адамның қолынан жасалған барлық дүниелер қазіргі кезде көзді ашып жұмғанша, өте жылдам қарқында дамып келе жатыр. Алайда әр қоғамда өзінің әлеуметтік-саяси проблемалары болады. Қазіргі кезде даму үдерісінде біз өзіміз үшін керемет мүмкіндіктер ашқанымен, оның ар жағында күтпеген немесе өзекті мәселелеор көтерілді. Олардың бірі теңсіздік, жемқорлық, сөз бостандығының шектелуі, жастардың жұмыссыздығы және саяси жүйеге сенімсіздік. Бұл - әлі де өзекті.

Жаңа Қазақстанның жаңа саяси жүйесі қалыптасты дегеніменде, әлі сол КСРО-дағы бой көтерген тоталитарлық жүйемен, тілімізбен мәдениетіміздін бірте-бірте бәсендеуі өзекті мәселелерді құрайды.Қаншама жылдар бойы Ресей елінің отаршылығында болған қазақ халқының көптеген құндылықтары артта қалды. Десек те жаңғыру кезеңі басталғанн бері қазақтың ұлттық мәдениеті мен тілі жоғарыға көтеріліп, өзінің тиісті орнына келуді мақсат етілді. Халық пен биліктін арасындағы тығыз байланыстың болмауы біз білетін бірнеше саяси- әлуметтік проблемалы факторға әкелді. Саяси мәселелерде дегенде айтылатын нәрсе ол мемлекеттін халықтың мүддесін басты назарға алмауынан, ел ішінде қылмыскерлер мен әділетсіздіктін өршіуінің бірден-бір себебі екені анық. Сондықтан-да халықтың сөзін жеткізуші, мемлекетпен халық арасындағы алтын көпірдей болған журналистердін қол ұшының тигізілуі бұл жағдайды шешуші факторы болады. Бірақ, жоғарыда айтып кеткендей әділетсіздік орнап жатқан қоғамда сөз бостандығынына да шектеу қойылғаны цензура мен айтуға тыйым салынатын мәселерді қозғамауы журналист үшін қазіргі кезде шарт!

Еліміздің қазіргі басты проблемалары ол:жемқорлық, құқықтың қорғалмауы әсіресе әйел құқығы, әділ сайлау, экология, радикализм,

жұмыссыздық, қымбатшылықпен экономиканың күрделі жағдайда болуы. Айта берсең сөзім таусылмайды, сондықтанда ең негізі мәселелер жайлы айтып кеттік. Қоғамның әлеуметтік-саяси проблемалары уақыт пен кеңістікке тәуелсіз. Әр дәуір бұл мәселелерге өз көзімен қарап, өз жолын іздеді. Бүгінгі таңда бұл мәселелердің шешімі тек заңдық немесе экономикалық емес, моральдық-адамгершілік негізде құрылуы тиіс. Халықтың мүддесін жоғары қойып, елдің, жердің көркемдеуіне үлкен ықпалын қоғам тигізеді. Азаматтық қоғам, әлеуметтік жауапкершілік пен ашық диалог — тұрақты және әділетті болашақтың кілті. Әр кездегі қоғамның даму кезеңдері әртүрлі нысанмен , жаһандық үдерістін сол кездені тапшылыққа байланысты пайда бооуы арқылы біз осындай жетістікке жеттік. Сонау тарихимыздың басталған дәуірінен XXI ғасырға дейін созылған уақыт аралығындағы үдерістің әлі күнге дейін мәселелері өзекті. Әрине осыған байланысты саяси-әлеуметтік проблемаларда осы тұстан құрылып, жіктеліп өз көрінісін кең ауқымда көрсетілгені дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. E-history интернет басылымы.//-2013 - 2025. Qazaqstan Tarihy порталы. https://e-history.kz/kz/amp/history-of-kazakhstan/show/8762

2.Wikipedia//Қазақхандығы https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B_%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D2%93%D1%8B

3. Itest интернет порталы.// XVII ғасырдағы қазақ мемлекетінің нышандары https://itest.kz/kz/attestation/qazaqstan-tarihy-4148/vii-tarau-qazaq-halqynyng-zhane-qazaq-memlekettigining-qalyptasu-tarihy/lecture/hvii-hasyrdahy-qazaq-memleketining-nyshandary

4.Itest интернет порталы//-Қазақ АКСР-нің құрылуы https://itest.kz/kz/attestation/qazaqstan-tarihy-4148/xi-tarau-kenges-biligining-ornauy-kengestik-totalitarlyq-zhuje-zhahdajyndahy-qazaqstan/lecture/qazaq-aksr-ning-quryluy

5. Кумганбаев Ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық Университеті /2023/2//Ұлттық мемлекет құру жолындағы азаттық қозғалыстар https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow/2726867/92/123/8593/%20%20%20%20%20

6. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. //Қ.С. Қаражан, Ж.Ә. Әбсеметова, Ф.А.Қозыбакова, Т.Қ.Мекебаев, С.С.Саржанова, С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев; Редакциясын басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы: Қазақ университеті, 2008. 216 6. https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow/2951655/92/446/11887/%20%20%20%20%2

Мұхантай А., ҚӨУ Журналистика факультетінің
1 курс студенті,
Омарова Н.Н, Филология және
практикалық лингвистика кафедрасының
аға оқытушысы, филология магистрі;
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

ТАҢДАУЫ КӨП, ЖОЛЫ ТАР ЖАСТАР

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі жастардың өмірлік жол таңдауындағы басты қайшылықтар қарастырылады. Жаһандану мен технология дамыған заманда жастарға мол мүмкіндік берілгенімен, олардың нақты шешім қабылдауда қиналатыны байқалады. Қоғамдық қысым, ақпарат көптігі және тұрақсыздық жастардың сенімсіздікке бой алдыруына себеп болуда. Мақалада осы әлеуметтік құбылыстың себептері мен салдары талданып, оны шешуге бағытталған ұсыныстар беріледі. Жастардың болашағы үшін маңызды мәселелерге ғылыми және әлеуметтік тұрғыдан баға беріледі
Кілт сөздер: жастар, таңдау еркіндігі ,қоғамдық қысым ,кәсіптік бағдар,сенімсіздік

Кіріспе

Қазіргі заман жастары бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер мен таңдау еркіндігіне ие. Ақпарат ағынының шексіздігі, технологияның қарыштап дамуы, жаһандану үрдісінің үдеуі – мұның бәрі жастарға жаңа көкжиектер ашты. Олар бүгінгі күні қалаған саласында білім ала алады, әлемнің кез келген нүктесімен байланыс орната алады, тіпті онлайн кәсіп ашып, өзін-өзі дамыта алады. Дегенмен, осы көп таңдаудың өзі жастарды тығырыққа тіреп, шешімсіздікке, күйзеліске, болашағына деген сенімсіздікке әкеліп отыр. Қоғамда қалыптасқан стандарттар мен үміттер жастарға қосымша қысым түсіреді. “Мамандық таңда”, “тезірек жұмыс істе”, “өз орныңды тап”, “қоғамға пайдалы бол” деген талаптар әр жасқа жүктеледі. Бұл талаптар көп жағдайда олардың ішкі дауысымен, шынайы қалауымен үйлеспей жатады. Осылайша, сырт көзге мүмкіндігі мол, еркін көрінетін жастар өмірлік жол таңдауда үлкен тығырыққа тіреліп отыр. Бұл құбылысты белгілі социолог Зигмунт Бауман “сұйық қоғам” деп атап, қазіргі адамдардың – соның ішінде жастардың – өмірі тұрақсыздық пен үздіксіз шешім қабылдау қажеттілігіне толы екенін сипаттайды [1]. Қазақстандық қоғамда да бұл құбылыс айқын байқалады. Жастар арасында білім алғанымен, өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндердің үлесі артып келеді. Ал кәсіби бағытталуы әлсіз жастар психологиялық дағдарысқа жиі ұшырайды. Сонымен қатар, жұмыссыздық, әлеуметтік теңсіздік, баспанасыздық секілді құрылымдық мәселелер де олардың өмірлік жолын тарылтып отыр.

Зерттеу нысаны мен әдістемесі

Жастар ісі жөніндегі федералдық агенттіктің халықаралық қызмет бөлімінің басшысы Дмитрий Иванов өз сөзінде Ресей Федерациясы үшін ТМД кеңістігіндегі өзара ықпалдастықта жастар арасындағы өзара іс-қимылды дамыту басым бағыт болып табылатынын атап өтті. «Біз өз тарапымыздан әр

түрлі бастамаларды конструктивті түрде қолдауға дайынбыз. Бізде гранттық қолдауды жүзеге асыратын мүмкіндіктер бар. Форумға қатысушылардың алған тәжірибелері болашақта өз жемісін береді деп үміттенеміз», – дейді ол. Ресей делегациясының басшысы ұсынылған жобаларды жүзеге асыру үшін Жол картасын әзірлеуді ұсынды. Ал Әзербайжан жастар ұйымдарының Ұлттық кеңесінің төрайымы М.Меджидова жастар кәсіпкерлігі мен еріктілік қызметті дамытудың тың тетіктері, жастар ұйымдары мен жобаларының өзектілігі жайлы ой өрбітті. Оның сөзінше, соңғы жылдары әлем жастарының бизнеске деген құлшынысы артқан. Сондықтан әр мемлекет жастар ұсынған ұтымды жобаларға демеу көрсету қажет[2].

Бұл зерттеудің нысаны – қазіргі қазақ жастарының әлеуметтік және психологиялық тұрғыда өмірлік жол таңдау үдерісіндегі мәселелері мен қиындықтары. Нақтырақ айтқанда, жоғары сынып оқушылары, колледж және университет студенттері, сондай-ақ 18–29 жас аралығындағы жұмыссыз немесе мамандығына сай емес жұмыс істеп жүрген жастар тобы қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде олардың қоғамдағы рөлі, кәсіби бағдар алудағы қиындықтары, ақпарат пен мүмкіндіктерге қолжетімділігі, сондай-ақ психоэмоционалдық күйі алынған. Сонымен қатар, қазіргі жастардың ата-анамен, білім беру жүйесімен, еңбек нарығымен қарым- қатынасы да нысан ретінде есепке алынады.

Зерттеу пәні – жастардың таңдау еркіндігі мен олардың нақты өмірлік жолындағы шектеулер арасындағы қайшылық. Қазіргі жастар түрлі таңдау мүмкіндігіне ие болғанымен, олардың көпшілігі нақты бағыт таңдай алмай, сенімсіздік, күйзеліс, тіпті апатияға ұшырайды. Осы жағдайды тереңірек түсіну үшін бұл зерттеуде бірнеше әдістемелік бағыттар қолданылды.

Зерттеу әдістемесі:

Зерттеу аралас әдістерге (квантитативті және сапалық) негізделіп жүргізілді. Бұл тәсіл жастардың проблемаларын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Қолданылған негізгі әдістер төмендегідей:

1. Әлеуметтік сауалнама (анкета әдісі):

500-ге жуық жасқа (жоғары сынып оқушылары, колледж және ЖОО студенттері, жас жұмыссыздар) арнайы әзірленген сауалнама таратылды. Сауалнамада келесі сұрақтар қамтылды:

1. Болашақ мамандықты қалай таңдады,
2. Қандай кедергілерге тап болды,
3. Еңбек нарығына бейімделу қиындықтары,
4. Психологиялық қысым мен шешім қабылдау қабілеті [3].

2. Сұхбат әдісі (интервью):

20-дан астам жаспен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында жеке тәжірибелері, отбасы және мектеп тарапынан болған ықпал, ақпарат көздері мен әлеуметтік желілердің әсері сияқты мәселелер қамтылды [4].

3. Контент-талдау:

Әлеуметтік желілердегі жастардың пікірлері, трендтік видеолар, форумдар мен жаңалық сайттарындағы жазбалар контенттік тұрғыдан талданды. Бұл жастардың ішкі күйлерін, ой-санасындағы негізгі үрдістерді түсінуге

көмектесті [5].

4. Салыстырмалы талдау:

Қазақстан жастарының жағдайы басқа елдердің жастарының (мысалы, Оңтүстік Корея, Түркия, Польша) әлеуметтік-экономикалық және мәдени контекстіндегі жағдайларымен салыстырылды. Бұл тәсіл арқылы біздің қоғамдағы ерекше тенденциялар мен ұқсастықтар айқындалды [6].

5. Статистикалық деректерді талдау:

ҚР Ұлттық статистика бюросы, “Қазақстан жастары – 2023” ұлттық баяндамасы және басқа да ресми құжаттар негізінде сандық деректер талданып, нақты тенденциялар көрсетілді [3] ,[7], [8].

Зерттеу шектеулері:

Зерттеу барысында кейбір жастар ашық жауап беруден бас тартты немесе сауалнамаға қатысуға құлықсыз болды. Бұл деректердің толық бейнесін жасауға сәл кедергі келтірді. Сондай-ақ, өңірлік теңсіздік (жастардың қала мен ауыл арасындағы айырмашылығы) ескеріліп, ірі қалалар мен шағын елді мекендердегі жастардан бөлек үлгілер алынды [4].

Осы зерттеу әдістемесі мен нысаны арқылы қазіргі жастардың неге “таңдауы көп болса да, жолы тар” екенін тереңірек түсінуге мүмкіндік туадырады. Жастардың шынайы өмірімен бетпе-бет келіп отырған әлеуметтік қайшылықтар – қоғам үшін өзекті әрі жедел шешім қажет ететін мәселе.

Қорытынды

Қазіргі жастардың алдында көптеген таңдау мүмкіндігі болғанымен, олардың өмірлік жолы мен кәсіби бағдарын айқындауда айтарлықтай қиындықтар туындап отырғаны анықталды. Ақпараттың көптігі мен қоғамның жылдам өзгеруі жастардың шешім қабылдау процесін күрделендіріп, оларды сенімсіздікке, күйзеліске және әлеуметтік оқшауландыруға итермелеуде. Бұл жағдай тек жеке тұлғаның емес, тұтас қоғамның әлеуетіне әсер ететін фактор ретінде қарастырылуы қажет.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар көбіне мамандықты кездейсоқ таңдайды немесе ата-анасының, қоғамның қысымымен шешім қабылдайды. Сонымен қатар, ақпараттың ашықтығы мен технологияның дамуы жастарға мүмкіндіктер беріп қана қоймай, оларға қосымша жауапкершілік пен қысым жүктейді. Ауыл мен қала жастарының жағдайы арасындағы алшақтық, кәсіби бағыт-бағдар берудің әлсіздігі және еңбек нарығындағы тұрақсыздық – жастардың жолын тарылтатын негізгі себептердің қатарында.

Жастар мәселесін шешу үшін кешенді әрі тұрақты мемлекеттік және қоғамдық қолдау қажет. Атап айтқанда, кәсіби бағдар беру жүйесін күшейту, жастардың психологиялық саулығын қолдау, нақты еңбек нарығына сай бейімделу бағдарламаларын дамыту аса маңызды. Осылайша, жастардың таңдау еркіндігі мен болашаққа деген сенімін арттырып, олардың әлеуетін толық жүзеге асыруға жол ашуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бауман, Зигмунт. Сұйық заман. Алматы: Құрылтай, 2018

2. Жастарды қолдау – жарқын жолды таңдау,2005-2025«Қазақ газеттері» ЖШС. egemen.kz
3. Бауман З. Сұйық заман. – Алматы: Құрылтай, 2018. – 296 б.
4. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Қазақстан жастары – 2023: Ұлттық баяндама. – Астана, 2023. – 180 б.
5. Нұртазина А. Жастар әлеуметтануы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 210 б.
6. Ерғалиева Д. Жастар және әлеуметтік мобильдік: Қазақстандық шынайылық // Әлеуметтану журналы. – 2022. – №3. – Б. 45–52.
7. Toffler A. Future Shock. – New York: Bantam Books, 1970. – 505 p.
8. ҚР Ұлттық статистика бюросы. Жастардың жұмыссыздық деңгейі бойынша деректер. – https://stat.gov.kz (қолжетімді: 2025 ж. сәуір).
9. World Bank. Youth Unemployment Overview. – https://worldbank.org (қолжетімді: 2025 ж. сәуір).

Сейткан А.М“Журналистика”мамандығының
2-курс студенті
Омарова Н.Н. филология және
практикалық лингвистика кафедрасының оқытушысы
филология ғылымдарының магистрі
А.Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ

ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛҒАН ЖАСТАР: ҚАЗАҚСТАНҒА ОРАЛУ НЕ КЕДЕРГІ?

Аңдатпа.Бұл мақалада Қазақстан жастарының шетелге кету себептері мен елге оралғысы келмеу мәселесі қарастырылады. Жастардың өз елімен байланысының үзілуіне әсер ететін факторлар – әлеуметтік әділетсіздік, шығармашылық еркіндіктің болмауы, идеяларға қолдаудың жетіспеуі.
Сонымен қатар, жастар шетелде неге ашылып, табысты бола алатыны, ал елімізде неге кедергілерге тап келетіні түсіндіріледі. Мақалада жастардың елде қалуы үшін қандай жағдай жасалу керек екені баяндалады.
Кілт сөздер: жастар идеялары,әлеуметтік қолдау,мүмкіндік,жастар

Кіріспе

Соңғы онжылдықта Қазақстан жастарының шетелге оқуға кетуі жиілеп кетті. Бастапқыда білім алу үшін кеткен жастардың көбісі шетелде қалып қойып жатыр. Себебі неде? Олар неге елге оралғысы келмейді?
Білім қуып кеткен жастардың көпшілігі шетелдік ортада өзін еркін, бағалы сезінеді. Ал елімізде, керісінше, идеялар еленбей, жас ерекшелігіне байланысты кедергілерге тап болады. Бұл – ел болашағына әсер ететін маңызды

мәселе.

Себептерге терең үңіле отырып, бұл мақалада жастардың шетелге кетуінің түпкі себептері мен шешу жолдары қарастырылады. Және де «Армандар шетелде емес, отанда жүзеге асуы керек» деген ұстаным негізге алынады.

Негізгі бөлім

Шетелге кету себептері

Жастардың шетелге кетуінің басты себептерінің бірі – сапалы білім мен кәсіби орта іздеуі. Қазақстандық жоғары оқу орындары халықаралық деңгеймен салыстырғанда көбінесе теорияға ғана негізделіп, практика мен стартап мәдениетінде артта қалып қойған. Бұл елімізде жастардың өз идеясын іске асыруға мүмкіндігінің аздығын көрсетеді. Мысалы, белгілі бір салаларда кәсіпкерлер мен ғалымдарға қажетті қолдау мен мүмкіндік көрсетілмейді. Бұл жастардың шетелде өз мүмкіндіктерін толық пайдалануына себепші болады. [1,25 б]

Қазақстанда көптеген жастар өз бастамаларын жүзеге асыра алмайды, себебі олар түрлі бюрократиялық кедергілерге тап болады. Шетелде болса, бастамашыл жастарға барынша еркіндік беріледі. Мысалы, шетелдерде стартаптар мен инновациялық жобаларға мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көрсетіледі, жастардың жобаларын ірі халықаралық компаниялар да мойындайды. Бізде бұл жүйе әлі дамымаған, сондықтан жастар өз ойлары мен жобаларын іске асыра алмайды.[5,12 б]

Жастардың шетелге кетуін тағы бір себепті – әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік деп қарастыруға болады. Таныстық пен жемқорлыққа байланысты жағдайлар көбінесе жастардың өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға кедергі келтіреді. Жастар көбінесе еңбегінің әділ бағаланбайтынына, жоғары лауазымдарға қол жеткізу үшін қажетті білім мен еңбекке емес, таныстыққа негізделгенін көреді. Мұндай ортада олар өз күштерін сарыптап, бірақ бағасын ала алмайтынын түсінеді, сол себепті шетелде өзін жақсы жағдайда сезінгісі келеді.[3,19-бет]

1. Шетелде жастар неге табысты болады?

Шетелде жастардың табысты болуына ең басты себеп – еркіндік және қолдаудың болуында. Олардың идеяларын іске асыруға деген көзқарас Қазақстанмен салыстырғанда әлдеқайда ашық әрі қолайлы. Шетелдерде білім алу жүйесі тек теориямен шектелмейді, практика мен креативтілікті арттыруға баса назар аударылады. Мұнда жастардың бастамаларына мемлекет тарапынан қаржылық қолдау, инкубациялық бағдарламалар және жекеменшік инвесторлар тарапынан қызығушылық жоғары. Бұл жағдай жастардың өз идеяларын жүзеге асыруына үлкен мүмкіндік береді.

Шетелде жастардың жобалары бағаланып, қолдау көрсетілген кезде, олар өз идеяларын дамытуға, тәжірибе жинауға және әлемдік нарыққа шыққан кезде өздерін табысты сезінеді. Шығармашылық еркіндікті қамтамасыз ету – олардың өз жобаларын және идеяларын жүзеге асырудағы басты құндылық болып табылады. Бұл тұрғыда біздің елімізде жастарға осындай мүмкіндік жоқ. Бізде көбінесе белгілі бір жағдайлар мен орта бар, бірақ шетелде

жастардың жаңа бастамалары мен креативті ойлары маңызды деп есептеледі.[2,23 бет]

Басқа бір маңызды фактор – шетелде жастардың қателесуіне мүмкіндік беріледі. Мұндай еркіндік олардың шығармашылық әлеуетін толығымен ашуға ықпал етеді. Қазақстанда «қателесуге болмайды» деген қорқыныш басым. Бірақ шетелде «қателесіп көр» деген көзқарас бар, бұл жастарға тәжірибе жинауға, жаңа ойларды сынап көруге және тәуекелдерге баруға
мүмкіндік береді. Әрине, бұл олардың табысқа жетуіне маңызды әсер етеді.

2. **Қазақстанда жастардың идеясын қалай іске асыруға болады?**

Қазақстанда жастардың өз идеяларын іске асыруына нақты жағдай жасау керек. Олардың бастамаларын қолдаудың жүйесі қажет. Әрбір жас кәсіпкер мен ғалымға идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шын мәнінде тиімді қолдау қажет. Әлеуметтік, экономикалық және шығармашылық кедергілерді жеңу үшін мемлекет тарапынан нақты қаржылық қолдау мен жұмыс орындары, инкубациялық бағдарламалар мен инновациялық
орталықтар құрылуы тиіс. Бұл жастарға өз елінде қалуға, өз армандарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінде жастарға қолдау көрсетуді күшейту керек. Шетелдерде жастарға өзіндік көзқарас пен шексіз мүмкіндіктер беріледі. Бізде жастардың оқу барысында тек бірегей білім емес, сонымен қатар нақты тәжірибе жинау, кәсіби дағдыларды меңгеру, және маңызды жобаларды іске асыру үшін қажетті еркіндік берілуі керек. Университеттер мен ғылыми орталықтар
жастардың жобалары мен стартаптарына бағыт беріп, оларды әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті етуі тиіс.

“**Шетелде таланты танылған қазақ жастары: Инновациялық жобалар мен серпіліс**”

1. Айдын Рахимбаев — «Voiceo» стартапының негізін қалаушы

Айдын Рахимбаев — Қазақстандық кәсіпкер, ол жасанды интеллект негізінде бизнесте дауыстық байланыстарды жақсартуға арналған Voiceo стартапын
құрды. Оның жобасы халықаралық көрмелер мен акселераторларда назар аударды, әсіресе Y Combinator-да АҚШ-та. Айдын Америкада жұмыс істеуді жалғастырып, оның жобасы үлкен корпорациялармен ынтымақтастықта дамып келеді.[4,3 бет]

2. Гульсана Мырза — бизнестің цифрлық платформасының құрушысы

Гульсана Мырза Қазақстаннан шыққан, ол Лондонда бизнес процестерін автоматтандыру және жобаларды басқару үшін платформаны құрып, оны дамытуда. Оның жобасы еуропалық венчурлық қорлардан инвестиция тартып, ол Ұлыбританияда жұмыс істеуді таңдады. Гульсана бизнес үшін инновациялық шешімдермен жұмыс істеп жатыр.

3. Ержан Бейсембаев — Финляндиядағы білім беру стартапының негізін қалаушы

Ержан Бейсембаев Финляндияда білім беру платформасын құрып, онлайн курстарды студенттер мен кәсіби мамандар үшін ұсынады. Ол Финляндияда ИТ саласындағы білімін алып, содан кейін жобасын іске қосқан. Оның стартапында әртүрлі елдерден студенттер оқиды, және ол өзінің бизнесін Еуропаға

кеңейтуде. Ержан Финляндияда тұрып, жұмыс істеуді жалғастыруда.

4. Бота Сарсекова — Германиядағы медициналық стартаптың негізін қалаушы

Бота Сарсекова Германияда жасанды интеллект көмегімен ауруларды қашықтан диагностикалауға арналған медициналық стартапты құрды. Оның жобасы еуропалық денсаулық сақтау қорлары мен компанияларының назарын аударды. Бота Германияда жұмыс істеуді жалғастырып, оның стартапы бүкіл Еуропада клиенттерге қызмет көрсетеді.

5. Салтанат Умирбаева — Калифорнияда экологиялық жобалар платформасын құрушы

Салтанат Умирбаева АҚШ-тың Калифорния штатында экологиялық технологиялар мен климат өзгерістеріне бейімделген қалаларды жақсартуға арналған платформаны құрды. Ол АҚШ-та жұмыс істеп, экологиялық форумдар мен бастамаларда өз жобасын таныстырып жатыр.

Бұл жобалар Қазақстан жастарының шетелде инновациялық бастамаларын жүзеге асырып, әлемдік деңгейде танылатынын дәлелдейді.

Қорытынды

Қазақстан жастарының шетелге кетуі – уақытша құбылыс емес, бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық жүйесінде үлкен өзгерістер қажеттігін көрсетеді.

Жастар шетелде өз идеяларын жүзеге асырып, жаңа жетістіктерге қол жеткізіп жатқанда, біз оларды өз елінде ұстап қалу үшін нақты қолдау көрсетуіміз керек. Жастарға елде тұрып та өз шығармашылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік берілсе, олардың көпшілігі өз елінде қалуды таңдар еді.

Қазақстанда жастардың идеяларын іске асыру үшін жағдай жасау, оларды қолдау және еңбегін бағалау маңызды. Біздің елімізде жастарға шетелде мүмкін болатын еркіндік пен шығармашылық ортаны қалыптастыру қажет.

Егер біз осы бағытта қадамдар жасасақ, жастар өз елінде қалып, отанда өз армандарын жүзеге асырады. Осылайша, жастарымыз өз елінің дамуына үлес қосып, болашақтың күшіне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтмұхамбетов, Е. "Жастар саясаты және ел болашағы." *Әлеуметтік зерттеулер журналы*, №3, 2020.
2. Сәрсенов, Қ. "Шетелде білім алған жастардың елге оралуы неге қиын?" *Білім әлемі*, №2, 2021.
3. Жаппарова, А. "Жастардың шетелге кету себептері." *Жаңа Қазақстан*, №7, 2022.
4. OECD Education Report: *Students Mobility and Brain Drain*, 2020.
5. Мырзаханова, Л. "Қазақстандағы жастар және олардың әлеуметтік таңдауы." *Қоғам және даму*, №5, 2019

Софьянова Н. А., 1 курс студенті ФСГН
Ғылыми жетекші: Шолпанбаева Г.А.,
педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы
А. Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ поэзиясындағы ұстаз образы сөз етіледі. Жалпы қазақ танымындағы ұстаз ұғымына тоқталып, қоғамда оның алар орны айтылып өтеді. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан ұстаздай ұлы тұлғаны жырға қосқан ақындар шығармаларын талдай отырып, оның мән-мағынасын жан-жақты ашу көзделген. Бұл тақырыпты зерттеудің қажеттілігіне тоқталып, оның өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қолданысқа енгізілу зәрулігі айтылады. Жастар тәрбиесінде ұстаздың орнын анықтап, оның поэзиядағы көркем бейнеленуі жан-жақты қарастырылған.
Кілт сөздер: поэзия, ұстаз, ұрпақ, ғылыми жұмыс, тәрбие.

Ақындардың образды сомдаудағы тақырыптық идеялық ізденістеріне мән беріледі. Әдебиет пен тәрбиені ұштастыру арқылы, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудің жолдары зерделенген. Аталған мақалада қазақ әдебиеттануында арнайы зерттеудің объектісіне айнала қоймаған рухани-этикалық және эстетикалық болмысы бар құбылыс тұңғыш рет тексеріліп талданды.

Қазақ әдебиетінде сан алуан образдар сомдалып, қазақ поэзиясындағы әйел образдары, хан, батыр, қараша халық т.б. бейнелер көптеген ғылыми жұмыстардың зерттеу нысаны болғаны мәлім. Алайда, ұстаз бейнесі көптеген шығармаларға арқау болып келсе де, әлі де болса, зерттеле қойған жоқ. Қазақ прозасындағы ұстаз бейнесінің сомдалуы біршама зерттеушілердің нысанасына айналғанымен, поэзиядағы берілуі әлі бірде бір рет зерттеле қойған жоқ. Адамзат санасын біліммен нұрландырып, болашақ ақынды, мәдениет, қоғам қайраткерлерін, ел тұтқасын ұстайтын ерді – түрлі мамандық иелерін тәрбиелейтін ұстаздар қауымының орны қай заманда да ерен. Ұстаздың алдын көрмеген ғалым да, қайраткер де, қаһарман батыр да жоқ. Бүгінде алынып отырған тақырыбымыз – Қазақ поэзиясындағы ұстаз бейнесі және оның тәрбиелік эстетикалық мәні. Аталмыш тақырып турасында зерттеудің зәрулігі егемен еліміздің дербес дамуының рухани-мәдени талаптарынан да туындайды деуге болады. Сонда аталмыш тақырыптың терең маңыздылығы ұлттық болмысымызды қайта түлету, ұлттық тұтастықты нығайту, жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал ету мақсатын көздеуінде. Қазақ поэзиясы туралы бұл мақаладағы мақсатымыз ұлттық санадағы ұстаз бейнесінің бейнеленуін жан-жақты талдай отырып, оның ел болашағы жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін айқындау болмақ. Негізгі бөлім Көреген қазақ бауыр еті баласын «Сүйегі – менікі, еті – сенікі» деп, ел арасында ғылымбілімімен, өнерімен аты шыққан жақсыжайсаңдарға тапсырған. Қазақта білім үйретуші ұстаздың орны жоғары

бағаланған. Білім үйрету ең сауапты әрі қадірлі іс болып есептелген. «Садақаның ең жақсысы – ілім үйреніп, оны басқаларға үйрету» деп білген қазақ көзі ашық, білімді адамның тұғыры қашанда биік тұратындығын, ілім үйретушіні әрдайым сыйлап, құрметтеу керектігін дәріптеген. Мұғалім сөзінің түп төркіні араб тілінен енгені белгілі. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте бұл сөз «оқытушы, ұстаз, шебер» деген мағынаны береді. Ұстаз – шеберханасынан талай ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін, ел жанашырларын болаттай шыңдап шығаратын шебер. Ұстаз еңбегінің жемісін өзі көрмесе де, ел көреді. Қазақ поэзиясындағы ұстаз образының жинақталып, типтендірілу сипаттарын, идеялыққөркемдік құндылықтарын, ұстаз образына ғана тән характерлік, психологиялық ерекшеліктерді айқындау арқылы оны іс жүзінде мектептерде, басқа да оқу орындарында оқушыларға тәрбиелік эстетикалық тұрғыда қолдау көрсетуге болады.

Қазақ поэзиясындағы ұстаз образының сомдалу сипаттарын, ерекшеліктерін ашу, қазақтың танымындағы ұстаз «идеалын» анықтау, рөлін зерттеу арқылы ғана біз мақсатымызға айқын жетуімізге болады. Поэзияда ұстаз бейнесінің көркем жинақталу сипаттары прозадағы образдың берілуінен әлдеқайда өзгеше болып келеді. Себебі, ұстаз бейнесін жасаудағы авторлардың, ақындардың қолданған көркемдік әдіс-тәсілдері, ұстаздың характерін берудегі, портретін жасаудағы ерекшеліктері өзгешелеу болатыны хақ.

Ұстаз бейнесін сомдаудағы идеялық ізденістері жазушыларға қарағанда да өзгеше болатыны анық жағдай. Ақындардың ұстаз образын сомдауда қандай идеялық ізденістерге барғаны ол қаламгердің өзіндік поэзиядағы қолтаңбасы деп тануға болады. Чернышевский әдебиетті «өмір оқулығы», Горький «адам тану ғылымы» деді. Демек, әдебиеттің негізгі материалы адам екені – ол да белгілі. Бір көркем әдебиеттік шығарманың адам атымен аталатыны да – содан. Осының барлығы келіп, әдебиетте негізгі нәрсе – адам образы дегенді анықтай түседі. Шығарманың арқалайтын негізгі жүгі, қоғам және ұстаз мәселесі, адами мінез қайшылықтары, образды бейнелеудегі автор позициясы, бұл пікірлердің бүгінгі күнмен сабақтастығы деген секілді мәселелерге де шығарма толық жауап беруі қажет.

Мектептегі бала өзіне берілген шығарманы оқи отырып, танымының кеңеюі, болашақ саналы, патриот азамат ретінде қалыптасуына өз пайдасын тигізуі ақынға артылар жүк. Яғни, бұл дегеніміз поэзиядағы ұстаз образының жастарға ұлттық тәрбие берудегі рөліне басымдық танытылуы керек. Ұстаз ұғымын сөз еткенде, оның поэзияға қатысын зерттеуге бекінгенде қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, жазушы, ақын, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсаринді атап өтпеу мүмкін емес. Ен жайлаудың дала қоңырауына айналған алғашқы ұстаз Ыбырай жайлы жазылған шығармаларда қомақты. Қара сөз қаламына телінген Ыбырай образы поэзияда да сөз етілді. Жас жеткіншіктерге бұл тақырыпты түсіндіру барысында міндетті түрде Ыбырайдан бастау шарттылық секілді. Себебі, ұстаз ұғымы мен Ыбырай қазақ қоғамында, әдебиетінде егіз ұғымдай қалыптасып кеткен деуге әбден болады. Сондықтанда, мақаламызда талдауды Ыбырайға арналған туындылардан бастауды жөн көрдік. Алтынсарин өз халқын жоғары бағалаған. Ол нағыз ұстаз

жолымен жүрген педагог. Ауылдарды аралап, халыққа мектептің пайдасы туралы әңгіме жүргізеді. Бұл сөздерімізге Мұзафар Әлімбаевтың мына өлең жолдары дәлел: «Қараңғы қазақ көгіне» Ғылыммен жаққан жарық күн, Өлмеске келген өмірге Ұстазы – Ыбырай халықтың! [Әлімбаев, 2009:257]

Ұстаз – тәрбиелеп отырған шәкірттері үшін үлкен тұлға. Шәкірт сол ұстазға қарап бой түзейді. Бала тәрбиесінде мектептің орны қандай қомақты болса, сол мектепте тәрбиені жүзеге асырушылардың бірі де бірегейі осы ұстаздары. Тағы бір өлең жолдарында М. Әлімбаев осы ұстаз тұлғасын суреттейді: Сүйікті, парасатты мұғалімім! Өзіңдей адам жанын ұғады кім?! Бас ииіп шәкіртіңдей құрмет тұтып, Алдынан алғыс өлең шығар бүгін. [Әлімбаев, 2009:375] Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірлік энергияның қайнар көзі. Ұстаздық – сезім. Келешек үшін тырмысып, жан аямай күрескен, өз бойындағы пендешілігін жая білген жан. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Сондықтан да ұлы ақын Абайдың: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас Үйретуден балаға [Құнанбаев, 2006: 174], – деп айтуында терең мағына жатыр. Егер әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол – мұғалімнің еңбегі. Сол нұрды жеткіншектің жүрегіне сіңіру үшін қаншама тер төкті десеңізші! Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ шығар, сірә?! Оқушыларға рухани тұрғыда тәрбие беруде, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде Ыбырайдың шығармалары мен оған арналған шығармалар таптырмас қазына деуге болады. Оқушылар танымына, санасына мінсіз Ыбырай ұстаздың бейнесін сіңіру арқылы еліне адал қызмет ету, ұлы мамандық жолының қадір қасиетін түсіндіру таптырмас әдіс. Ақындар көбінде кімдерді өзіне ұстаз тұтады? Кейбір ақын үшін оған тәлім тәрбие берген адам, әлдебіреу үшін күнделікті келіп дәрісін өткен адам. Ал, кей адамға өмірдің өзі ұстаз. Мұғалім деген атты алу кез келгеннің қолынан келу мүмкін, бірақ, ұстаз болу аса қиын жол. Тура солай ұстаздың да мыңдаған шәкірттері болуы мүмкін, алайда, нағыз өз шәкірті сирек. Шәкірт санасында мәңгі ұстаз тұлғасымен сақталу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Көптеген әдебиетшілердің ұлы ұстазына арналған тұлғалардың бірі кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов. Мұхаңның дәрісін тыңдаған, көзін көрген Қалижан Бекқожин өлең жолдары арқылы ұстазының толықтай образын жасай алған деуге болады. Ақындар тұтас тұлғасын бейнелеуде көркемдік теңеулерді шебер қолдана отырып, шыңдыққа жақын суреттеуге тырысқан. Өз ұстазының тұлғасын жасауда нағыз суреткерлік қабілетін аша түскен. Әлемнің жарығынан алыстау маң, Абайды тебірентті Шыңғыстаудан. Қырына сөз нөсері себеледі, Жаңбырдай көктемдегі тұңғыш жауған. [Бекқожин, 2014:130] 234 Хабаршы. Филология сериясы. №4 (172). 2018

Қазақ поэзиясындағы ұстаз бейнесі және оның тәрбиелік-эстетикалық мәні Ақын ұстазының бейнесін сөз еткенде Абайға міндетті түрде тоқталып өтуі заңдылық. Себебі, бар ақынның да жазушы қаламгердің де, әдебиетке аяқ басқан әр тұлғаның ең алғашқы бет тұтары ұлы Абай емес пе? Мұхтар бейнесін

жасауда Абай арқылы сабақтастықта қарау көп ақындарда кездеседі. Ол жүрген жерде жайнап арайлы күн, Ізінен шартарапқа таралды үн. Әйгілеп қазақ даңқы дүниені Мұхаңмен аралап жүр Абай бүгін. [Бекқожин, 2014:185] Мұхтарды ұстаз ретінде жырға қосқан ақындар оны Абаймен бірлікте қарастыратыны шартты. Мұндай жағдайды Әбділдә Тәжібаевтың «Ағалар» деп аталатын туындысынан да көз жеткізуге болады. Ақын Мұхтар бейнесін жасауда Абай арқылы жол табады. Қарашы, әне, Омарханұлы Мұхтарға, Емендер ғана осылай өсіп шықпай ма? Айта қойшы өзің, білмейтін оны жұрт бар ма? Тимесін көзің, тек, жаным, оған сұқтанба. [Тәжібаев, 2005:285] немесе Қарап тұр Абай. Көзінен жасы тамады, Бұл неткен халық? Мұның кім емін табады? Жиналған шақта иесіз қалған орынды, Естіртпей ғана егіліп іштей санадық. [Тәжібаев, 2005:285] «Әдебиеттегі кез келген көркем бейне харектерден тұрады, характер – әр адамның рухани, психологиялық ерекшелігі» – дейді. [2013, 578]. Характер яки мінез – образдың бір қыры,өзгеден ерекшелейтін сыры. Бір образ сандаған характерден құралады. Ол ерекшелік адамның жүрісі, тұрысынан, әрекетінен, ой өрісінен, мәдениетінен көрінеді.

Осы тұрғыдан келгенде ақын Мұхтардың образын ерекше характерімен, жүрісі, дауысы, мінезімен, кең пейілімен көрсетпек болған. Менің де бар ұстаздарым үлгілі Бәрі өнеге ісі, сөзі, киімі, Жүріс тұрыс ... бүкіл тыныс тірлігі. Баяғыдай олар іні, біз аға! [Тәжібаев, 2005:373] Ақын ұстазының бүгінгі халыққа ашына да, қимай қарағанын, елі деп соққан жүректерінің лүпілін оқырманға жеткізуге тырысады. Өлеңінің соңында: Тартатын емес тізгінді Мұхаң, түсіндім, Келемін көріп ұшқанын қыран құсымның. Қазақтың желі қанат боп оны көтерді, Құс болып аға, Қонбай ақ жерге өт енді! [Тәжібаев, 2005:286] – деп, ұстазына жүрекпен тіл қатып, іштей сырласуымен аяқталады. Адам образын жасау үшін жазушы сол образды жасай алатын сапалы материал қарастыруы қажет. Ол материал – әрекет, оқиға, тартыс. Адам образын ол тетіксіз жасауға болмайтынын, нашар мінездеумен характер жасап шығару дәстүрі дұрыс еместігін ескеру қажеттірек. [Айтжанова, 2002: 394] Сол себептіде, кез келген образды өлең өрнегіне салу, Абайша айтқанда қиыннан қиыстыру шын ақынның жетістігі. Ал, ең қиыны қарапайым ғана күнделікті өмірде кездесетін образды өзгеден ерек, көркем етіп көрсетіп нағыз шын шебердің таланты болмақ. Ал, енді жоғарыдағы мәліметтерді тәрбие тұрғысында қалай қолданамыз деген сұрақ туындайды. Орта білім беретін мекемелерде, ЖОО-да қосымша курс ретінде өтілетін болса, жастардың рухани жетілуінде үлгі тұтар тұлғаларының бірі ұлы ұстаздарымыз болмасына кім кепіл? Сол арқылы да жастардың бойындағы патриоттық сезімді оятуымыз да мүмкін. «Танып білу әрекеті эмоцияға да байланысты. Оқу үрдісінде поэзия эмоция арқылы тәрбиелі сезімге, адамның мінез-құлқына, ой-дүниесіне, ерекше әл беріп, оның мазмұн мағынасын байытып отырады» [Айтжанова, 2002: 108] – деген сөздер оған дәлел.

Қорытынды

Ұстаз – мәңгілік мамандық. Тарихи жағдайларға байланысты болатын қоғам ахуалындағы кез келген өзгерістер білім жүйесіне де әсерін тигізбей қоймасы анық. Ұстаз да заманына қарай өзгеріп, бейімделіп отырады. Ал бұл

жағдай мұғалім мен өзге адамдар арасындағы, ең бастысы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастарға өз әсерін тигізері сөзсіз. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан жиып терген мол тәжірибесі бар. Қазіргі таңда жастар тәрбиесі барлығымызды алаңдатып отырған мәселе. Сондықтанда барынша жаңадан өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ бойына жаңашылдықпен қатар ұлттық құндылықтарды да сіңіре білу біздің басты міндет болуға тиіс. Себебі, жастар – ертеңгі орта буын, келешек.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Әлімбаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт».баспасы, 2009. 1-том. – 400 б.
2. Құнанбаев А. Өлең – сөздің патшасы. – Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2006. – 591 б.
3. Бекқожин Қ. Шығармалар жинағы. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2014. III том. – 297 б.
4. Тәжібаев Ә. Аралдар: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 264 б.
5. «Алтын қор кітапханасы». Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. 15-том. – 412 б.
6. Айтжанова Қ. Қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамасы: оқу құралы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 326

Талап Н.Н., ӘҒҒФ 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Берденова С.Ж.,
А.Байтұрсынұлы атындағы өңірлік
университеті, филология және
практикалық лингвистика
кафедрасының қауымдастырылған профессоры

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Аңдатпа. Бүкіл болмысымен халқының бостандығын армандаған, адамгершілік, ар, кісілік, ақтық пен пәктікті толғаған, қазақ батырларының елдікті сақтау жолындағы ерлігін дәріптеген ұлы ақынның төкпе жырау, шебер айтыскер, сөзге зергерлік қырлары ашылды. Мұрат Мөңкеұлының өмірбаяны, әдеби мұрасы, өлең толғауларының шығуы, жиналу, жариялану тарихы жөнінде ғылыми түсініктемелер берілді.
Кілт сөздер: ұлттық рухани, ақтаңдақтар, мұрат, семсер мінез,үш қиян, шежіре, саяси.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуі тарихымыздағы «ақтаңдақтардан» арылуымызға және ұлттық рухани құндылықтардың қайта жаңғыруына жол ашты. Ұлттық рухани құндылықтар төл тарихымыздың ажырамас бөлігі болып табылады. Міне, сол себепті бүгінгі күн талабы осы мәселеге бұрынғы психологиядан арылған жаңа көзқараспен қарауды, жаңаша бағалауды қажет етеді және бұл, әрине, тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Демек, біз, тәуелсіз қазақ мемлекеттілігі жағдайында ұлттық санамызды жаңғыртып, тарихи танымымыздың көкжиегін кеңейту үшін «тар жол тайғақ кешуден» өткен халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын жаңаша көзқараспен жазуға және қазақ тарихындағы «ақтаңдақтардың» орнын толтыруға міндеттіміз.

Осыған орай, Отан тарихында әлі де үстірт қарастырылған немесе мүлдем зерттелмей, тарихи тұрғыдан шынайы өз бағасын ала алмаған мәселелер аз емес.

Соның бірі – Мұрат Мөңкеұлының өмірі мен қоғамдық саяси көзқарасына тарихи талдау жасау және оның шығармашылығының биігінен сусындау яғни, ғибрат алу болып табылады.

Екіншіден, патшалы Ресей, одан кейінгі Кеңестік кезеңде «қасақана бұрмаланған» қазақтың ел қамын жеген, әр өлеңінен елінің азаттығы мен тәуелсіздігі анық көріне білген ақындары мен саяси элитасының қоғамдық-саяси көзқарасының тереңде жатқан тарихи, саяси, ұлттық және мәдени дәстүрлерге сүйене зерделеу арқылы шынайы, тарихи бағасын беру қажет.

Сонда ғана бұрынғы психологиядан арылып, тәуелсіздігіміз тұғырлы болады.

Жүз жылға созылған зар заман дәуірінің ақындары халықты басына төнген қайғы-қасіретті сары уайымға салыну, торығу сарынымен жырлады.Әсіресе, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген кезең – патшаның отаршылдық саясаты дәуірлеп, қазақ жерінің нағыз талауға түскен шағы еді. Бұл кезде патша өкіметі жаңаша реформалар жасап, қазақ жеріне орыс шаруалары көптеп қоныс аударып жатты. Ел билеудің жүйесіне өзгеріс енгізіліп, халықтық салт-дәстүрлердің жолы кесілді. 1868 жылы шыққан «Жаңа низам» заңының жүзеге асырыла бастауы дала қазақтарын зорлық пен зомбылыққа ұшыратты.

Қазақ халқының талантты ұлдарының бірі, көрнекті ақын, төкпе жырау Мұрат өзі ғұмыр кешкен кезеңдегі ел ішіндегі ахуалды, халықтың басына түскен ауыртпалықты жырға қосты, жұртының жағдайын ойлап қабырғасы қайысты. Ахмет Байтұрсыновтың «Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуында» деп тұжырымдағаны сияқты Мұратта қара басын күйттеген ақын емес, халықтың үні мен елдің мұңын жеткізуші болды. Ақын жырларының екпінділігіне, қайсарлығына қарағанда, ақынның өзі де тап өзі шығарған жырлары таза шындық өмірден, қазақ халқының тарихи тіршілігінің шырқыраған жырлары сияқты алдаспан, семсер мінезді адам болса керек.

Ақын жырлары таза шындық өмірден, қазақ халқының тарихи тіршілігінің шырқыраған шындығынан туған. «Шындықтың маңдайы қасқа

келеді» дегендей, халық өмірінің, ел көрген зардаптарының Мұрат жырларындағы шыншылдығы сонда. Қазақ жырларындағы батырларды дәріптеушілік олардың портретін, келбетін берумен ұласып жатады. Мұратта өзі аса жоғары бағалаған халық сүйген батырларды бейнелейді. Олар: Қоянақұлы Қожақ, Бекімұлы Жанай, Нәрікұлы Шонай, Қараулы Сидақ, Көкшеұлы Қосай, Естерекұлы Тарғын, Димас батыр, Мұсаұлы Мамай, т.б. Осылардың әрбіреуіне берілген суреттеулер біріне-бірі ұқсамайды және әрбіреуіндегі тұнып тұрған ажарлаулар мен құбылтуларға тәнті боласыз [1].

Қазақ жерін иемденуді әуелден армандап келген, ғасыр басынан жаулап, ішіне ене қорғандар салған Ресей XIX ғасырдың орта кезінен өзінің елді басқаруға, кең дала аумағын бөлшектеуге байланысты заңын енгізді. Шұрайлы жерлеріне, әсіресе өзен-көлдерінің маңына орыс қарашекпендерін көшіріп келіп қоныстандырды. Қазақ шаруаларын құмайтқа қуып тастап, ата-қоныстарын тартып алды, қарсылық көрсеткендерін қырып-жойды, атты-асты, «жер сібір» аударды. Қазақ халқы осы кезде қорлықтың кекесін көрді. Халықты ата қоныстан қууға, шұрайлы жерлерін тартып алуға жергілікті әкім-қаралар, хандар, би-сұлтандар орыс патшасының алдында құрдай жорғалап, көмекке келді. Қазақтарды өз жерінен қуу бүкіл қазақ аумағы бойынша жүргізілді. Орыс әскерлері мен орыс көпестері емін-еркін құнарлы мекендерді мәңгілік иемденді.

Мұндай қорлық халық қобалжуларын туғызды. Әртүрлі аймақтарда көтерілістер туды. Патшаның қарулы күштері оларды тұншықтырумен болды. Отаршылдыққа қарсы көтерілістің ең үлкені – Исатай Махамбет бастаған көтеріліс еді. Ол қазақ тарихында тәуелсіздік үшін күрестің ең ірісі ретінде аталады. Қобалжу бүкілхалықтық деңгей алды, зорлыққа күші жетпей сорлаған халықты зар мен мұңы халық арасынан шыққан зиялы қауым – ақындар жырында сөзсіз көрініс тапты, халық зары олардың жүрегінен зарлы жырлар туғызды. Оған әдебиет зерттеушілері Шортанбай, Дулат, Мұраттарды қосады. Бұл әдебиет тарихында «Зар заман» ақындары боп аталды. Сонымен біз әңгіме етіп отырған Мұрат «Зар заман» ақындарының бел ортасында болып, өзінің де, халқының да қайғы-мұңын, жүрек зәрін төкті. Зорлықшыға деген небір қарғыс жырлары қатты ашыныстан, қайғыдан, қабырға қайыстырған мұннан шығатыны белгілі. Мұрат жырларында әбден шегіне шыққан қорлықты аяусыз көрген халықтың зары жан-жүрегінді тебірентеді. Ата-бабаларымыздың сол ғасырда көрген қорлығына шыдай алмай жаның жылайды. Сонымен, «Үш қиян», «Сарыарқа» атты лирикалық дастандар – «Зар заман» туындылары. Олар отаршылдыққа, озбырлыққа қарсы туған жырлар.

Мұрат ақын орыстың озбырлығын өте ерте кезден бастайды. Батыс өлкесін ақын «Үш қиян» деп атаған:

Еділдің бойы – қанды қиян,
Жайықтың бойы шаңды қиян,
Маңғыстаудың бойы – майлы қиян,
Адыра қалғыр, үш қиян!
Үш қиянның ара бойынан
Жеті жұрт кешіп жол салған [2].

Ақын Ресей патшалығының отаршылдығы үздіксіз жүргізілгені және

жерімізге шеттен бастап кіріп, ішімізді жайлай бергені өте өрнекті тілмен бейнелеп көрсетеді.

Ақын – өз қоғамының перзенті. Сондықтан да ол өз заманының күйін толғайды, өмір сүрген кезеңіне өз көзқарасы тұрғысынан қарайды. Мұрат ақынның шығармашылық өмірбаяны ақынның ғұмыр кешкен дәуірімен тығыз байланысты. С.Қирабаев «Өткен заман жазушысының өмір сүрген дәуірін, оның сырларын терең білу, біздің өмір шындығын жақсылап түсіну, сол екеуін салыстыра қарауға уйрену сол екі дәуірде туған тақырыптас шығармаларынан да ішкі байланысын аңғаруға үйретеді», – дейді. Мұрат шығармаларында айтылған ой-пікірлердің бүгінгі күнмен, мезгіл тынысымен берік үндестігіне қарап, ақынның қоғамдағы құбылыстардың даму барысын болжай білгенін байқауға болады. Бір кезде тарихта ақтаңдақ деп бағаланған зар заман кезеңі жаңа көзқарас тұрғысынан қайта зерделеуді қажет етеді.

Ақын заманның бұзылуының, қасірет-қайғының үйірілуінің себептерін іздеп өзінше қорытынды жасады. Зар заман ақындарының әрқайсысының қоғамдағы өзгерістерді пайымдауы әр басқа. Сондай-ақ Мұраттың да қалыптасқан өзіндік көзқарасы, жеке пікірі бар. М.Әуезовтың сөзімен айтсақ: «Бұл да азған заманның белгісін айтып келіп, заман неден бұзылғанына шешу айтады. Шешуі Шортанбайша табиғат бұзылғандықтан, дін жоғынан емес. Табиғат бұрынғы қалпында, заманды бұзған қазақтың өз қауымы». Ақын қоғамдағы осы келеңсіз құбылыстардың бәрі адамның қолымен жасалып жатқан кесапат екендігіне тоқталады. Мұраттың шығармашылық өмірі қоғамдағы қайшылықтармен тығыз байланысты. Отарлау саясатының етек алуы, халықтың басына түскен қайғы-қасірет ақынның шығармашылығына әсер етті, айналасында болып жатқан өзгерістерден ой түйген ақын өмір құбылыстарын өзінше топшалады.

Мұрат – әдебиет тарихшыларының қазір айтып мойындағанындай қазақтың ежелгі дәуір ақын-жыраулары Асан қайғы, Шалкиіздің, Доспамбет, Қазтуғанның дәстүрлерін жалғастыруы әрі дамытушы болып есептеледі. Олардың сөз саптауындағы көркемдік пен айшықтылық, шешендік пен төкпе тереңдік Мұратта тіпті асып түсіп жатады. Мұрат ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрді ілгері бастыра отырып, өзіндік тың суреттеулерімен әдебиетті байытты. Мұраттың ақындық ғұмыры қайшылыққа толы күрделі кезеңде өз үнін танытқандығымен, қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орны бар ақын ретінде қалғандығымен бағаланады.

Қазақ халқының айтыскері, жырауы атанып, көзі тірісінде алты Алашқа танымал болған, төпке ақынның әр шығармасы асқан елжандылық пен патриотизмі анық танытады. Оның тебірене жырлаған ел бірлігі, ел тағдыры, ел бақыты әр туындысында ғасырдан-ғасырға жалғаса берері сөзсіз.

М. Мөңкеұлының өзі айтатынындай, қызыл тілдің жорғасы, сөзге шешен, жүйрік ойлы, төкпе ақынның шығармашылығы және ұлы ақын есімі мәңгі халық жадында сақталу – бүгінгі ұрпақ борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Қоркытов «Мұрат», Алматы: Арыс, 2001, 19-бет.
2. Б. Омарұлы «Мұрат Мөңкеұлы», монография, Алматы, Крамдс-Пресс, 1993, 33-бет
3. Ысқақ Тәкімұлы Мұрат ақынның төрт шығармасын өзі құрастырып, алғы сөзін жазған "Үш ғасыр жырлайды" деген жинаққа енгізген [74, б. 266-286].
4. Х. Досмұхамедұлы «Мұрат ақын туралы қысқаша мағлұмат»
5. Х.Досмұхамедұлы «Аламан» Алматы 1991ж.
6. Д.Мәсімхан. «Мұрат Мөңкеұлы» зерттеу еңбегі
7. Қадыр Жүсіп «Мұрат Мөңкеұлы» зерттеу еңбегі

Төкешов М. Қ., филология және
практикалық лингвистика
кафедрасының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: ҚӨУфилология
және практикалық лингвистика
кафедрасының профессор асс. м.а, филология
ғылымының кандидаты Журсиналина. Г. К

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілінің қазіргі жастар арасындағы мәртебесі мен қолданылу аясы сөз болды. Мемлекеттік тілдің ел болашағындағы рөліне тоқтала отырып, оның құнсыздануына себеп болып отырған түрлі әлеуметтік, мәдени факторларды сараланды. Әсіресе, жастар арасындағы тіл шұбарлануы, сленг пен жаргонның кең етек жаюы, әлеуметтік желідегі қазақша контенттің аздығы мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, тілге деген қызығушылықты арттыру мақсатында жасанды интеллект құралдарын қолданудың, қазақ тілінде сапалы контент жасаудың, сауатты жарнама мен тіл мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы айтылды. Мақалада өзекті проблемаларды шешудің нақты жолдары ұсынылып, азаматтық қоғам мен билік өкілдерінің бірлесе жұмыс істеу қажеттігі көрсетілді. Қазақ тілін дамыту – ұлттың келешегі үшін маңызды міндет екендігі баса айтылды.
Кілт сөздер: жастар, ұлт, мемлекет, насихат, қазақ тілі, перспективалар, мәселелер, жасанды интеллект, әлеуметтік желі, ғаламтор, жарнама.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі және ұлттық бірегейліктің басты көрсеткіштерінің бірі. Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту және оның жастар арасындағы мәртебесін арттыру – өзекті

мәселелердің бірі. Жастар – кез келген қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан қазақ тілінің болашағы қазіргі жас буынның оны қаншалықты игеруіне және күнделікті өмірде қолдануына тікелей байланысты. Расында, соңғы уақыттарда қазақ тілінің жанашырлары азайып, жастарымыздың көбісі орысшаланып, тіліміз шұбарланып бара жатқандай. Заман өзгеруі, адамдардың бір – біріне еліктеуі, осы бір мәселеге әсерін тигізді деп ойлаймын. « Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын ең қуатты нәрсе – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенетін болсақ, Ата заң аясында бақ – берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. [1,158].

Ендігі кезекте жастардың арасындағы қазақ тілінің қолданылуының аясын қалай көбейтеміз? – деген сұрақ пайда болады. Мендік ой – жастар қолданатын – Instagram, Tiktok, Youtube желілерінде қазақша контент сапасын күшейтіп, қолға алу керек. Сол сәтте қазақ тілін «модада» болады деген сенім бар. Осы орайда қаламызда арнайы тек қазақ тілінде контент жасайтын орта бар. 2022 жылы Қостанай қаласында ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырмасы бойынша «Tiktok house» ашылған болатын. Сол бір ұйымның қатысушылары былай деп еді: «Бейнероликтерді түсірудің басты мақсаты қазақ мәдениетін, мемлекеттік тілді насихаттау. Әрине біздің жасап жатқан жұмысымыз жастардың көзімен бір сөзбен айтқанда заманға сай насихат деп те айта аламыз.» [2,29]. Сондықтан, мен өз кезегімде қазіргі жастар арасында қазақ тілін кеңінен ұялату үшін заманталабына сай тіршілік жасау керек. Сәйкесінше, сол тіршілікті жасайтын тіл жанашырлары көбірек болса деген іштей бір тілек бар. Тілдің жұтаңдығы, сленг, жаргонмен сөйлеу белең алды. Менің ойымша, осы себепті де қазақ тілінің қарқыны туралы нақты кесіп айту қиын. Желілер мен мессенджерлердегі қазақ тілінің даму қарқыны мен сөйлеушілер саны да әртүрлі. Ондағы контенттер де, тиісінше, әрқилы. Мәселен, Facebook желісінде басқалармен салыстырғанда тілдің жағдайы әлдеқайда жақсырақ. Себебі аталған желіні аға, орта буын өкілдері көп пайдаланады.

Қоса кететін жайт қазіргі заманның оқшауына айналған ресурс жасанды интеллект жайлы айтайын. Жасанды интеллект көмегімен қазақ тілін оқыту – заман талабына сай оқытудың ерекше тәсілі. Қазақ тілін оқытудың түрлі жаңаша нұсқасы ұсынылып жүр. Иә, расында да, жасанды интеллект - сынды түрлі заманауи платформаларды білім беру жүйесіне әкелу қажет-ақ. Себебі, қазіргі жастардың ойлау жүйесі әлдеқайда дамыған. Оларға кітаптағы мәліметтерді оқып беру, жалпы кітап қызықсыз.Негізі жасанды интеллект көмегімен қазақ тілін оқытудың бірнеше жолы бар. Тіпті кейбір компаниялар мен стартаптар грамматика, сөздік және айтылымды қоса алғанда, қазақ тілінде интерактивті сабақтар ұсынатын арнайы қосымшалар мен бағдарламалар әзірлеу үстінде.

Жасанды интеллект грамматикаға, сөздік қорына жіне қазақ тілінің басқа аспектілеріне арналған жаттығулар жасауға түрлі әдістемелерді ұсынады. Сондай-ақ, ол пайдаланушылардың жауаптарын тексеріп, қателерін түзетуі үшін де кері байланыс орнатады.[3,152]. Жалпы айтқанда, қазақ тілін үйретуде,

оны кеніңен таратуда жасанды интеллекттің бұл ерекшеліктері өте маңызды рөл атқарады.

Келесі кезекте, жастар арасында қазақ тілі мәселесінің алдын алудың жолы ол – сауатсыздықтың алдын алу. «Сауатсыздың сөзіне сүрініп құлайсың» деген керемет сөз бар. Соңғы уақытта көптеген сауатсыз жастарды көруге болады. Оның кінәсін кімнен көреміз? Менің ойымша соңғы кездері әлеуметтік желі, ғаламтордың арбауында жастардың көбі жүр. Көбісінің білімге деген құштарлығы аз. Әрине, сауатсыздықтың алдын – алу үшін бірінші кезекте еске келетіні ол көп мөлшерде кітап оқу. Бірақ тағы бір жарнамалардағы сауатсыздық деген мәселені көтерген – Земфира Ержан – мәдениеттанушы, аудармашы. Земфира Ержан қазақ тіліндегі жарнама мәселелерімен 2013 – ші жылдан бастап айналысып жүргенін айтады. Осы саланың бар қыр – сырын зерттеп, жан – жақтан, бірнеше гуманитарлық ғылым атап айтқанда, филология, мәдениеттану, әлеуметтану тараптарынан қарастырған. Білікті аудармашы былай деп айтқан: «Зерттеулерімнің нәтижесімен қысқаша ғана таныстырып өтейін. Лингвистика жағынан қарастырсақ, сауатсыз жарнама – қазақ тілінің бақылаусыз креолизациялануының обьяективті көрсеткіші. Креолизация көрнекі, интернет, аудио және теледидар жарнамалары арқылы қазақ тілі грамматикасын, стилін, сөздік қорын, орфоэпиясын бұзып, қазіргі қазақ тілінің дамуына зиян келтіреді. Әлеуметтік жағынан қарастырсақ, сауатсыз жарнама мәселесіне қоғамның немқұрайлы қарайтыны белгілі болды және қоғамның жарнама мәселесін қалпына келтіре алмайтыны анықталды. Тағы бір күрделі мәселе – биліктің азаматтық қоғам бастамаларына құлақ аспайтыны, тіл саясатын жүзеге асырып отырған мекемелердің ұстанымдары ғылыми зерттеулерге негізделмейтіні. Өкініштісі бұлар жинақтала келе жарнама мәселесін мәдени дағдарысқа әкеліп тірейді.

Енді аса көкейтесті «бұл мәселені шешудің жолы бар ма?»- деген сауал туындауы заңды. Ондай жол бар және оның бірнеше бағыт бойынша жүзеге асу мүмкіндігі бар.

Біріншісі, қазіргі тілдік жағдайды мейлінше обьективті бағалау қажет. Қазақ тілінің дағдарысқа ұшырағанын мойындаған абзал. Екіншісі, сауатсыз жарнамаға қарсы шараларды жүзеге асыру қажет. Жарнама сауаттылығын бақылаудың тиімді жүйесін құру. Нақтырақ айтқанда, әкімдіктер жанындағы кәсіби аудармашылар кеңестері, тіл полициясы, аудармашылар мен жарнама мәтіндерін жасайтын мамандарды сертификаттау да маңызды. Үшінші бағыт – қоғамды демократияландыра түсу. Азаматтық қоғамның тіл саясатын қалыптастыруына мүмкіндік беру, мемклекеттік тілді оқытудың жалпыұлттық инновациялық жобаларын іске асыру.

Зерттеулер бар, шешімдер ұсынылып отыр. Демек, тиісті, жауапты органдар тарапынан сергектік, жоғарыдан бастап, жер – жерлерде тіл саясатын жауап беретін азаматтардың мейлінше біліктілігі аса қажет.[4,25]. Расымен, соңғы кездері жарнамалардағы қателерді көптеп байқап жатамыз. Осы бір мәселенің алдын – алу қажет. Жарнама мәселесінде мемлекет тарапынан жұмыс жүргізілуі керек және азаматтық қоғамның бастамаларына қолдау қажет деп ойлаймын.

Ресми сайттардың ішінде мемлекеттік басқару органдары сайттарындағы сөз мәдениеті көңіл көншітерлік емес. Мысалы: «2022 жылдан бастап тәрбие-білім беру процесіне барлық жас топтарында қазақ тілін үйрену бойынша талаптар енгізілді. Қазақ тілін меңгеру мақсатында педагог күні бойы үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумын қолданады, балалар қызметінің әртүрлі түрлерінде тәрбиеленушілердің ауызша үйлесімді сөйлеуін дамытады, белсенді сөздікті байытады, қазақ тілін, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруге ықпал етеді, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстырады». Бұл мәтінде сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы, сөз жаттығы дұрыс сақталмаған. Мәтінде үйлесімді сөйлеу, айқындалған сөздік, белсенді сөздік сияқты тіркестер берілген. Қазақ тілінде үйлесімді сөйлеу деген тіркес жоқ, ауызша сөйлеу немесе жатық сөйлеу деген бар. Ал белсенді сөздік тіркесіне келетін болсақ, белсенді сөзі қажырлы, ынталы, жігерлі, тынымсыз деген мағынаны береді. Сондықтан сөздік сөзімен бұл сөз тіркеспейді. Мәтіндегі айқындалған сөздік сөз тіркесі лексикалық нормаға сәйкес келмейді, норма бойынша анықталған сөздік болу керек.[5].

Болашақты болжау қиын. Дегенмен қолда бар деректерді талдай отырып, болашақтың сұлбасын шамалауға болады. Алдағы он жылда қала халқы еселеп өседі. Бұл үдерістің бір ұшы ауыл халқының қалаға қоныс аударуы арқылы жүретін болады. Қазақстандағы қалалардың тілдік бейнесі ауысатын болады. Қалаларда қазақ тіліне деген сұраныс артып, тілдің қоғамдағы рөлі көбеюі әбден мүмкін. Әлеуметтік желілерде қазақша контент аз емес. Солардың ішінде мен үшін «Qazaq Grammar», «Döpe Söz», «Kazak Bubble», «Sayahat Time», «Жалғыз жолаушы», «Kartahana», «Ержан Мырзабаев», «Narikbi-дің» орны ерекше. Қазақ тілінің шұбарлануы бар, әрі үнемі жүріп жатқан құбылыс. Тіл шұбарлануының басы қазақ тіліне деген адамдардың қатынасында жатыр.

Жалпы, «Болашақ – жастардың қолында» деп үнемі аузымыздан тастамай айтып жүреміз. Біздің ұлт ретінде, мемлекетретінде нық болуымыз расымен жастарымыздың қолында. «Сол сөзді жастарымыз естімей жүр ме?» - деп, кейде ойланамын. Тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі. Кейде, қазақша толық меңгерген орыс ұлтының азаматтарына қарап, іште бір жағынан қуанышты сезім, бір жағынан: «Өзіміздің кей жастарымыз неге әлі күнге дейн шала сөйлейді?!» - деген ой мазалайды. Тәмамдайын, тіл туралы айтылатын сыр да, жазылатын жыр да ешқашан таусылмайды, сол сырлар мен жырларды санамызға сіңіріп, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген сөздерді тек қағазға емес, көкірегімізге жаза білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мусагулова. М. К. Қазақ тілі – ұлтымыздың болашағы. //Үкілім – ай. – 2024. //б ,168
2. Серік Аяжан . Қазақ тілін заманауи дамыту: «TikTok House» бейне-контент жасауға бағытталған бірегей алаң. «Наш Костанай». – 2022. – Б5.
3. Епекова. Л. Д. Қазақ тілі сабағында жасанды интеллектті қолдану ерекшелігі. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2024. – Б37-40.

4. Ержан Земфира. Қазақ тіліндегі жарнама қашан түзеледі?. Ана тілі. – 2024. – Б4.
5. Бағдат Сұлтанқызы«Ana tili»https://anatili.kazgazeta.kz/news/63111

СЕКЦИЯ 3. МӘТІН: ПРАГМАТИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ, АУДАРМА, КОГНИТИВТІ АСПЕКТІЛЕР
ТЕКСТ: ПРАГМАТИЧЕСКИЙ, КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ, ПЕРЕВОДЧЕСКИЙ И КОГНИТИВНЫЙ АСПЕКТЫ

Айтпаева Д.С., заң факультетінің 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,
Практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі Алтыбаева А. Б.

СӘУЛЕ ДОСЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада көрнекті жазушы Сәуле Досжанның шығармаларындағы әйелдер образының ерекшеліктері қарастырылады. Жазушы өз туындыларында түрлі тағдыр иелерін сомдай отырып, қазақ әйелінің жан әлемін, ішкі қайшылығы мен қоғамдағы орнын шынайы бейнелейді. Мақалада әйел кейіпкерлердің типологиясы, олардың мінезі мен болмысы, отбасындағы, қоғамдағы рөлі талданып, әдеби талдаулар жасалады. Автордың «Үлкен үйдегі үрей», «Қасірет пен тағдыр», «Үзілмеген үміт» романдарындағы әйел бейнелері арқылы ұлттық болмыс, рухани құндылықтар көрініс табады.
Кілт сөздер: әйел образы, типология, қазақ әдебиеті, гендерлік мәселе, психологиялық сипаттама.

Кіріспе

Талантты қаламгердің негізгі көтерген тақырыбының бірі әйелдің болмысы. Әйел кейіпкерлер арқылы өмірдің шындығын, тағдырдың тақсыретін баяндайды. Академик З.Қабдолов: «Мінез - адамның ішкі бітімі болғанда, тип – сом тұлғасы екені мәлім. Осылардың нақтылану сырының біз айтқаннан басқа да көп – қырлары, яки нақтылау тәсілдері бар. Образдың жасалу тәсілдерін портрет, тура мінездеу, жанама мінездеу, адамның сезімін, күйіну не сүйіну халын суреттеу, адам образын жасауға қызмет ететін – пейзаж деп

бөледі»[4,86]. Сәуле Досжан романдарында әйелдердің бейнесін адамның сезімін, күйіну не сүйіну халын суреттеу арқылы, іс – әрекеттері арқылы кейіпкердің мінезін аңғартады.

«Үлкен үйдегі үрей» шағын романында Хадиша, Нұрия сияқты әйелдер образы бар. Мүсілім деген шаруаның қызы, дүниеқұмар, бар ойлағаны өз қамы, байлық, дүние- мүлік Хадишаның образы шығармада берілген: ... *күйменің терезе етіп қалдырған тесігінен аймақты тамашалап келеді. Жанында отырған жеңешесі әлдебір әңгімелерді айтқан болады, оны тыңдап жатқан Хадиша жоқ. Есілдерті бай татардың баласына салып берген үш қабатты үйіне жету... Сол дүниеге иелік ету*...[1,15]. Хадишаның дүниеқұмар екенін үзіндіден аңғаруға болады. *Сонда да Акметовтардың босағасынан аттағалы Хадишаға атасында жоқ паңдық пайда болды. Айналасындағы дүниеге тамсанып қарап тоймады. Анасының жасауға деп бергендерін бөлек бөлмеге жидырып қойған, онда ешкімді кіргізбейді. Ашқанбек ұстаға жасатқан ақ сандығының кілтін шашбауына тағып алды... Елден келіп ат байлап жатқандарды көрсе көздеріне түсіп қалу үшін қақпа жаққа әрнені сылтау етіп барғыштай береді. Қоңыр ауылдан шыққан қойшының қызын кім танысын, тек «Мырзаның тоқалы осы екен ғой», - деп іштей ойлайды да кейбіреуі бас изеп, кейбіреуі тіпті қарамай да өте шығады. Осыдан мырзама ұл тауып берейін, көрсетемін татар қатынға жағынғанды. Өздерінше мені кісі демейді ғой», - деп іштен тыртиып жүрді* [1,19 - 20]. Дүниеқұмар болған Хадишаның өмірінің соңындағы халі шығармада былай суреттеледі: *ол үшін жер бетінде Арслан мен ұлынан басқа пенде жоқ. Қалғандарының бәріне өздерінің құлы деп қарады. Ешкіммен сөйлеспейтін, дүниеде не болып жатқанынан хабарсыз еді.Жаны жайланып, көңілі аспандап жүрді...*[1,27].Күйеуінің өлімін көзімен көрген Хадиша күнде елес көретінді шығарды.Сонша ен дәулетке жеткенше армандап, айттырған жерінен айнып келген Үлкен үйінің қақпасынан асыға шыққан Хадиша аяқ – аяғына жұқпай жүгіріп елеске еріп Сарыарқаға сіңіп жоғалды...[1,72].

Ал Хадиша образына қарама –қарсы Нұрия образы. Нұрия бейнесі шығармада былайша суреттеледі: *Үлкен үйдің алдындағы шағын үйде Арсланның қызметшілері, құл – құтандары тұрады екен. Саудагердің бәйбішесі Нұрия соларды жұмсап, тапсырмалар беріп ала таңнан, ел орынға отырғанша тыным таппайды. Бала көтермеген соң толыса бастаған татар әйел Қарқаралының қазақ қатындарына ұқсап кеткен. Киген киімі де ауылдың бәйбішелерінікіндей. Басында кимешек, кең – мол пішілген бәтес көйлектің сыртынан пұлыш жеңсіз киеді. Жүзі сондай жылы. Осындай мейірімді әйелдің бала сүймеуі білетіндердің жүрегін ауыртатын. Қызметшілеріне де жайлы. Өздерінен ауысқан ас- ауқат, мата-сата, айна-тарақ дегенді таратып жүреді. Ешкімге тілі тиіп, ешкімді шағыстырмайды. Байын да ешбір қызметшісіне айдап салмайтын. Әкелері атастырып қосқанымен ерін қатты жақсы көретін. Төркінінен алыста бір сол үшін жүргендей. Қазақтың ортасында хандай болып жүрген күйеуінің тілеуін тілеп, бес уақ намазын үзбей, Жаратқаннан бір перзент тілеп жүр еді. Бар кінәсі – бала көтермегені* [1,17].

Күйеуінің тоқал алатынын естігенде: «тағдыр салды – мен көндім» дегендей, сыр бермей күндес деп емес, келін деп қабылдап, қонақ күтумен айналысты. Күндесі емес жалғыз ұлын үйлендіретіндей білек сыбанып кірісті [1,18]. Бұл үзіндіні оқи отырып, Нұрияның қандай кең пейілді, аққөңіл, мейірімді әйел екенін біліп, тамсанамыз.

Жазушының «Қасірет пен тағдыр» романындғы әйелдер бейнесіне тоқталамыз. Басты кейіпкердің Аяулымның екінші перзенті Шынар «гидроцефалия» диагнозбен ауырады. Роман Аяулымның перзентін дүниеге қиналып әкелуімен басталады. Аяулым қандай ана, жар бола білді? Баласының жазылмайтын дертке шалдыққанын білседе қаймықпай тағдыр сынына қарсы тұра білді. Күйеуінен айырылсада ұлымен бірге күнкөрістің қамын жасап Қытай жеріне сауда жасап, нәпәқасын тапты. Үлкен әулеттің сыйлы, ибалы келіні бола білді. Ұлы Сұңқардың болашағы үшін бұрынғы ғашығы Мелске қосылды. Шығармада көрсетілген Аяудың ішкі толғаныстары арқылы кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңіліп көрейік:

Бір –ақ сәтте ішкі дүниемнің астаң – кестеңін шығарып, ес жиғызбай абдыратып тастаған ультрадыбыстық зерттеудің қорытындысын дәрігеріме апаруға сол күйі дәтім де , дәрменім де жетпеп еді. Күйеуіме көрсетуге батпай, толғағым басталып перзентханаға жеткенше, әлгіні сөмкемнің түбіне жасырып қойғанмын... Мені үрейдің қара құрдымына бірден тартып әкетіп, мең – зең халге түсірген сол бір тілдей ақ парақты кезекші дәрігердің қолына ұстаттым...[2,3].

Үкілайдің бейнесі. Үкілай жеңешесі өнер шығара бастады. *«Даусы әрең шығып, бір нәрсе сұрасаң «мен білмеймін ғой,апамнан сұра» дейтін Үкілай жеңешем енді маған өнер көрсете бастады. Әкем біраздан ауру, апамның баяғы екпіні жоқ. Бәрі Үкілайдың қабағын бағып отыр. Ал жеңешемнің қабағынан, қашан көрсең, қар жауып, үйден кірген – шыққан ізіңді сүртіп, одан қалды дастарханның үстін сиыр жалағандай тазалап жүргені.Менің қайтып келгенім, баламның жағдайы бар, жұмыссыз отырып ішкен – жегенге ортақтығым бар, бәрі жеңешеме жақпай жүрді. Сұңқар магнитафон тыңдаса «балалар ұйықтайтын уақыт болды өшір» деп, теледидар қараса «онда сен көретін не бар дейсің, саясаттан басқа» деп, төменгі қабатқа түссе «тарсылдатпай жүрсеңші асханада» деп сөйлеп қалады»*[2,344]. Бұл үзіндіден Үкілай жеңешесінің тұрмыстан қайтып келген Аяулым мен ұлы Сұңқарға деген қарым – қатынасын көреміз.

«Үзілмеген үміт» романында Аяулым бейнесі басқа қырынан ашыла түскен. Сонымен қатар Балшекер, Жұпар, Батырдың анасы Жұпар, Эльмира, Айбарша, «кәрі қыз» кейіпкерлер бейнесі бар.

Күздің қара суығы жеңілдеу киінген менің өкпемді тесіп барады. Аяғым – аяғыма тиер емес. Көше бойлаған, жапырақтары түсіп сыйдиған теректер менімен бірге жарысып, соңымнан жөңкіліп келе жатқандай. Түнге қарай тағы жаңбыр құятынының белгісі ме, қорғасын бұлттар төбеден төніп келеді. «Мына жүрісім не? Байы жоқ қатын сияқты, баламды жалғыз іздеп, аңырап келемін. Өгей болса да үлкен қаланың білдей ауданының соты деген аты бар емес пе еді? Бір кезде: «балаңмен аламын. Сұңқарды туған ұлымдай

көремін», - деп маған әрең қолы жетіп еді, егіз ұлды тауып берген соң, «Сұңқарым майкөтен болды, соңынан екі інісі ерді», - деп қуанып жүрген күйеуім соңғы жылдары неге нілдей бұзылды? [3,27]. Бұл үзіндіде ұлының келешегі үшін екінші рет Мелске күйеуге шыққан Аяулымның жасөспірім жастағы ұлымен күйеуі арасындағы қиын – түйіндерді көріп, бастан өткерген қиын сәттері суреттеледі.

Аяулымның қайынапасы, Батырдың анасы Жұпардың қандай әйел екендігін диалог , Аяулымның сөзі арқылы білеміз.

«- Өзіңнің балаңды шығарып алып алаңсыз отырсың ба?»- деп, тепсініп сөйлей кірді есіктен. Амандасқаныма пысқырмады да.

«- Сұңқар үйде ме?»- деді сілкіне. Тұрған бойы міндет. Екі көзі алақтап, жан – жағындағы жиһаз бен дүниені шолуда.

-«Осыдан Батырымды соттасын, қалғандары да бірге кетеді. Диплом алатын жылы еді, ешкімнен де аянбаймын! Кеше ана балалардың ата – аналары кафенің қожайынының алдынан өтіп, шығынын өтеуге ақша жинайық деп келістік. Сендер қосыласыңдар ма, жоқ па?» – деп көзін ежірейте қарады. Көздері тура ауылдағы қабаған иттің көзіндей қып – қызыл екен...[3, 68]. Бұл кісі баяғыдан осындай өр кеуде болатын. Мереке кезінде қара шаңырақта басы қосылып қалған туыстарының қанын ішіп, жанын қуырдақ ететін. Сол кезде маңынан жүргім келмейтін еді. Қырсыққанда, балалар арқылы байланысып қалғанымызды қарашы. Енді бұл бәледен оңайлықпен құтылу жоқ...[3,69].

Аяулымның құрбысы Жұпар жеке психологы болып, ақыл – кеңес береді. Жұпарды Аяулымның көзқарасымен сипаттпайтын болсақ: Жұпар сөзімді бөлмей байыппен тыңдап отыр. Кәсіби ерекшелігінің бір қыры емес пе. Түрінен не ойлап, не сезініп отырғаны білінбейді. Бөлмеде бар – жоғы белгісіз. Осы күйінің өзі менің жан дүниемнің тұңғиығында жатқан жасырын қауіп, сырларымның алаңсыз бас көтеруіне әсер еткендей. Екінші тынысымды ашқандай. Өн – бойыма бір жеңілдік сыйлайтындай [3,216].

Бірде Қорқыт ата оғыз қағанының өзіне тікелей қарата айтып, ел-жұртына мынадай өсиет қалдырыпты: Әйелдің өзі түрлі болады. Оның бірі ниеті қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы – сол.

Отбасының құты болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар – Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер. Хан ием, мұндай әйелдер мыңдап өссе де көп емес, бәлкім аз. Сіздің ошағыңызға сондай әйел кез болсын.

Одан соңғысы – ынсапсыз, қанағатсыз әйел. Ондай әйел таңертең төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін таңдап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампитады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: «Қараң қалғыр, осы күйге мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген башпағым болмады, бетімнен перде түспеді. Ерім өліп басқа біреуге тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», - дейді. Хан ием, ондай әйел мың болса да, өсіп-өнбесін, сіздің

ошағыңызға кез бола көрмесін.

Одан соңғысын салақ әйел дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң бетіқолын жуады, шатырдың ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні апылғұпыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шүу!» - деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе, үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, қорада байлаулы қалған сиыры мөңірейді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды: «Ау, қыздар-ау, Зылихам, Зүбайрам, Рубайдам, бикештерім. Уа, азамат туған жігіт-желеңдерім, Айна-Мәлік, Құтлы-Мәлік, қайда едіңдер? Ойбай-ау, үйім құлап қалыпты, түнде қайда жатамыз? Мені ерігіп жүр дедіңдер ме? Зәру жұмыс болған соң кетіп едім ғой. Үйіме неге көз қырын салмадыңдар? «Көрші ақысы – тәңірі ақысы» деген қайда?» - деп безек қағады. Хан ием, ондай әйел мың болса да өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез болмасын.

Ең соңғысы – адам тілін алмайтын кесір әйел. Үйге түзден бір ұятты қонақ келіп, ері оған: «Орныңнан тұрып, нан әкел, жейік, қонағың да жесін», - десе, әйелі еріне: «Үйде піскен нан жоқ», - дейді. «Барыңды бер», - десе, әйелі: «Не сандалып отырсың, үйіңнің әлдеқашан қу молаға айналғанын білмеймісің? Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері де белгісіз. Дастарханымды жемесе, өзге берерім жоқ», - деп бармағын көрсетеді, еріне сыртын беріп, дастарханды кісі алдына лақтырып тастайды. Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне де жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз. Хан ием, сізді Құдай осындай әйелдерден сақтасын, ондай әйел сіздің ошағыңызға кез болмасын [4] - деген екен. Сәуле Досжанның шығармаларында әйелдер образын осы 4 түрге бөліп, ажыратамыз:

Келін деген бір дұшпан тағы шығып,
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды.
Қартайғанда қатының қазба дейді,
Келін менен балаға жазба дейді.
...Келін деген даяр түр тажалымыз! [5], -

деп Көтеш жырау жырлағандай Балшекер апа «қазақтың қызын ал» деп тілеген келіні мен немере келінің кесірінен «Қарттар үйін» паналады.

Қорытынды

Сәуле Досжан шығармаларындағы әйел кейіпкерлерді типологиялық тұрғыдан Қорқыт ата өсиетімен салыстыруға болады. Мұнда әйел бейнесі төртке бөлінеді:

1. Үйдің құты болған әйел – Нұрия, Аяулым
2. Ынсапсыз әйел – Хадиша
3. Салқақ әйел – Үкілай
4. Кесір әйел – Жұпар (Батырдың анасы)

Жазушы әр бейне арқылы қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік типті көрсетеді. Бұл әйелдердің өмір жолы, таңдауы, тағдыры – бір-біріне ұқсамайтын, бірақ ортақ ұлттық болмыс пен рухани құндылықтармен ұштасып жатқан бейнелер. Автор әйел табиғатына тән төзімділік, мейірімділік, күрескерлік секілді қасиеттерді шынайы әрі терең аша білген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Досжан С. Үлкен үйдегі үрей. –Алматы: Жазушы, 2013. – 304 бет. – «Жаңа заман әдебиеті. Проза» сериясы.
2. Досжан Сәуле Мағазбекқызы Қасірет пен тағдыр: роман/ С.М.Досжан. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 420 б.
3. Досжан Сәуле Үзілмеген үміт. «Қасірет пен Тағдыр» романының екінші кітабы/ С.Досжан. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 346 б.
4. https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/47266/
5. https://bilim-all.kz/olen/2289-Qartaiganda-qatynyn-dushpan-boldy

Bektemir M. T., 1st-year student in the specialty
"Automation and Control"
Scientific advisor: Zhabaev A. B.,
Master of Pedagogical Sciences,
English teacher at the Department of Foreign Languages;
Kazakh Agrotechnical Research University
named after S. Seifullin,
Astana, Republic of Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF ENGLISH LANGUAGE PROFICIENCY FOR THE PROFESSIONAL DEVELOPMENT AND CAREER ADVANCEMENT OF AUTOMATION AND CONTROL SPECIALISTS IN KAZAKHSTAN

*Abstract***.** In the era of rapid technological progress and Kazakhstan's growing integration into the global knowledge economy, proficiency in the English language is gaining exceptional significance for current and future professionals in the field of automation and control. English not only grants access to international technical documentation and advanced software but also opens doors to professional mobility, participation in global projects, and greater competitiveness in the labor market. This article explores the role of the English language in the professional training of engineering specialists in the Republic of Kazakhstan. Based on an analysis of educational programs, labor market trends, and national initiatives in the modernization of higher education, the study identifies key tendencies and challenges related to the integration of technical English in the training of automation engineers.
Keywords: English language, engineering education, automation and control, Kazakhstan, professional training, labor market, technical English, international standards

Introduction

In today's increasingly technological world, command of the English language has become an essential component of professional competence for engineering specialists. This is especially true in the field of automation and control, where the majority of software, technical documentation, standards, and scientific publications are developed and distributed in English. As Kazakhstan steadily moves toward digital transformation and deeper integration into global technological systems, there is a growing demand for highly qualified professionals capable of applying advanced solutions and contributing to international engineering projects. National initiatives such as the "Digital Kazakhstan" program [1], the modernization of educational curricula, and the promotion of trilingual education in universities [2] underscore the urgency of integrating English into the professional training of future engineers. Nevertheless, despite these ongoing efforts, the actual level of technical English among students and graduates remains insufficient. This shortfall significantly limits their career prospects and their ability to thrive in international work environments.

The objective of this study is to examine the role of English language proficiency in the effective professional training and career progression of specialists in automation and control within Kazakhstan. The study aims to:

- Analyze the current level of English proficiency among engineering students;
- Identify key barriers to acquiring technical English skills;
- Explore the relationship between language proficiency and employability;
- Propose strategies for the integration of English into engineering education.

Literature Review

This type of analysis is particularly relevant today, as it offers not only a clearer understanding of the current challenges but also a foundation for developing practical recommendations for universities, employers, and educational policymakers seeking to improve the quality of engineering education in Kazakhstan.

The role of English in engineering education is widely discussed in both international and local academic literature. Global research highlights English proficiency as a key factor in increasing professional mobility and access to technological innovation. English is widely acknowledged as the language of science and technology, as the vast majority of technical documentation, international standards, and high-impact scientific publications are available primarily in English. In Kazakhstan, the importance of English language training for technical specialists has also gained recognition. The national Strategic Plan for the Development of Higher Education and Science up to 2025 emphasizes the need to incorporate English into university curricula for engineering disciplines [2]. In recent years, many Kazakhstani institutions have introduced English for Specific Purposes (ESP) programs tailored for technical and engineering fields. Scholars such as I.A. Presnukhina and R.T. Mukhametsafin point out that engineering students often struggle with understanding technical texts in English, particularly in the absence of targeted instruction in professional terminology [3]. Motivation also remains low when English is taught in isolation from students' future careers.

At the same time, labor market analysis reveals a growing trend: candidates proficient

in English enjoy a substantial advantage in securing employment, especially with international companies operating in Kazakhstan. Technical English has increasingly become a valuable and in-demand skill [4].

Methodology

This study employs a theoretical and analytical approach, relying solely on open-source information available through official government publications, educational institutions, and labor market platforms in Kazakhstan. The following areas formed the basis of the analysis:

• Content analysis of engineering degree programs across Kazakhstani universities to evaluate how English is incorporated into the education of automation and control specialists;

• Labor market analysis based on data from major employment platforms such as hh.kz and enbek.kz [4];

• Review of official strategies and regulatory documents, including the "Digital Kazakhstan" initiative and the Strategic Plan for the Development of Higher Education and Science [1][2];

• Examination of academic and methodological publications in open-access databases to identify current approaches to teaching technical English in engineering education.

Results

An increasing number of Kazakhstani universities have taken steps to integrate English into their technical programs. Trilingual education is becoming more widespread, and English is often a mandatory component of engineering curricula. Many institutions now offer ESP courses, which aim to build practical skills such as reading technical manuals, working with English-language software, and understanding international standards [3].

Despite these developments, the practical level of English proficiency among engineering students remains low. Often, instruction is superficial or overly theoretical, lacking direct application to real-world tasks in automation and control. The lack of qualified instructors who can teach English in a technical context, along with the absence of hands-on, career-oriented methods, results in a gap between the stated goals of the educational system and the actual readiness of graduates. Meanwhile, the labor market continues to raise its expectations. Job listings on hh.kz and enbek.kz show that employers in industries such as industrial automation, telecommunications, energy, and IT increasingly require candidates to have at least intermediate-level English skills [4]. These positions often involve working with international partners, reading complex technical documentation, and using software developed by global manufacturers such as Siemens, Schneider Electric, and Beckhoff.

This contrast between educational output and market expectations signals a clear need to improve English language instruction within engineering education. Proficiency in English is no longer a secondary skill — it has become essential for accessing knowledge, participating in cross-border projects, and advancing professionally in an interconnected world.

Discussion

The findings of this study underscore the mismatch between what the labor

market demands and the current level of English language proficiency among graduates of technical universities in Kazakhstan. While English is formally part of most educational programs, it is often not taught with a practical or career-oriented focus. This issue is especially critical in the field of automation and control, where engineers must routinely interact with English-language software, standards, and documentation. Employers in key sectors — including industrial production, energy, and IT — now view English proficiency not as an advantage, but as a baseline requirement for employment. The underdeveloped integration of technical English into curricula, combined with limited opportunities for language practice, means that many graduates are not prepared for real-world communication in English. As a result, they face barriers to joining international teams or progressing professionally outside of Kazakhstan. To address this, universities must reconsider their approach to teaching English. The focus should shift toward specialized instruction that is both methodologically sound and practically applicable in students' future careers.

Conclusion

English has become a cornerstone of modern engineering practice in Kazakhstan. It serves not only as a medium of international communication but also as a vital tool for accessing the technologies, standards, and knowledge that drive innovation in automation and control. This study has shown that although some institutional progress has been made — through initiatives like ESP courses and trilingual education — significant gaps remain between what universities provide and what employers expect. To bridge this gap, technical English must be embedded more deeply and purposefully into engineering education. Curricula should align with industry demands and give students a clear understanding of how language skills will impact their professional growth. Developing strong language competencies among future engineers is essential for strengthening Kazakhstan's national workforce and enabling its full participation in the global technological economy.

References:

1. Digital Kazakhstan // Official Government Portal. – 2018. – No. 1. – pp. 1–5.
2. Strategic Plan for the Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan until 2025 // Ministry of Education and Science of Kazakhstan. – 2020. – No. 2. – pp. 10–35.
3. Presnukhina I.A., Mukhametsafin R.T. The Role of English in the Training of Engineering Specialists // Modern Problems of Science and Education. – 2022. – No. 3. – pp. 45–49.
4. Analysis of Job Vacancies for Engineers and Automation Specialists on hh.kz and enbek.kz // Labour and Employment. – 2023. – No. 5. – pp. 14–19.

Бірманова Қымбат Исланбекқызы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
Бейімбет Майлин атындағы
№7 мектеп-гимназиясы»КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қостанай облысы, Рудный қаласы

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Аннотация. Бұл мақалада мәтінмен жұмыс жасау тапсырмалары оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және коммуникациялық дағдыларын дамытуға көмектесетіндігі айтылған. жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым дағдыларының Ақпараттық сауаттылықты арттырып, мәтіндермен жұмыс істеу барысында қажетті дағдыларды қалыптастырады..Тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың өз ойларын жүйелі түрде білдіру, дәлелдер келтіру және мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдерін меңгертудің маңыздылығы баяндалады.
Кілт сөздер: мәтін, болашақ, сауаттылық құзіреттілік, инсерт әдісі

Қазіргі таңда Еліміздің Тәуелсіздік таңы атқалы бері еліміздегі уақытпен жарыса өзгеріп, қарқынды дамып келе жатқан білім үдерісі мен ақпараттық-технологиялар әлемінде өскелең ұрпаққа саналы да сапалы білім беріп, рухани-ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре тәрбиелеу-әрбір педагогтың басты міндеттерінің бірі болып отыр. Сондықтан да, біздің басты байлығымыз – білім. [1, 19]**.** Болашақ – ғылым мен білімге тәуелді болатын кеңістік. Қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай болса, елдің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, елімізді көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін талмай еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынастар жасай алатын, оқығанын өмір практикасында қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау – бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты.

Функционалдық сауаттылық – адамның айналадаға ортаға барынша тез бейімделіп, сол ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша көселе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Ендеше, функционалдық сауаттылық адамның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. [2, 78].

Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Жалпы, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады[3, 102]. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- шешім қабылдай алу;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- белсенділік;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, мәселелерді шеше білу құзіреттілігін бағалауға бағытталған. Қазіргі таңда білім сапасының бәсекелестігін арттыру, қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешім қабылдауда жоғары интеллектуалдық әрекеттер қажет. Оқушылар тапсырмаларды ой елегінен өткізу арқылы түсіну, білу, жеке шешім қабылдай алу, қоғамның қарқынды дамуына әсер ете алатын белсенді тұлға қалыптасады. [4, 69]

Оқушының білімін қалыптастыруға бағытталған құзыреттілік түрлері:
Ақпараттық құзыреттілік: ақпараттық коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
Коммуникативтік құзыреттілік: Нақты өмірлік жағдайларда ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға мүмкіндік береді.
Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі: жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік туғызады.
Білім берудегі құзыреттер: Тұтас мағыналық, әлеуметтік еңбек, оқу-танымдық, тұлғалық жетілдіру, қарым-қатынас, мәдениет.

Баланың білім әліппесін ашуға, мектепке оқушы болып баруымен оқу әрекеті пайда болады. Оқу сауаттылығының жоғары деңгейі оқушының келесі білім беру сатысында одан әрі оқуға дайындығын көрсетеді. Мұндай оқушыларға сөйлеу және күнделікті тәжірибе мен білімнен тыс емес көркем және ақпараттық мәтіндердің хабарламаларын түсіну және бағалау үшін көмек қажет емес. Жоғары деңгейдегі оқырмандар жазбаша түрде хабарланған жаңа ақпарат, ойлар, тәжірибелер көмегімен өз тәжірибелері мен білімдерін кеңейтуге және өзгертуге мүмкіндік беретін оқу компоненттерін игеруге дайын болады. Мәтіндерді түсінудің орташа деңгейі оқу негіздерін әлі толық игермеген оқырмандарға тән. Мәтіндік хабарламаларды оқып, оның негізінде өз мәндерін құру үшін олардың барлығы көмекке мұқтаж. Бұл өз тәжірибесіне қайшы келмейтін мәтіндік хабарламаларды түсінуге көмектесу және өмірлік тәжірибесі мен әлемге деген көзқарастары өз тәжірибесінен алшақтайтын әңгімелесушілермен жазбаша қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамытуға көмектесу.Оқушы белсенділігінің басты көрсеткіші ретінде *ойлау* қабілеті

болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру — бүгінгі күндегі заман талабы. Осының ішінде оқу сауаттылығы- балалардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» әдістерін (стратегиялар) пайдаланамын. Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Мәтіннен жаңа ақпарат алады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.Оқушылардың мәтін бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында **«V»** – “білемін”, **—** — «мен үшін түсініксіз», **«+»** — «мен үшін жаңа ақпарат», **«?»** – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әртүрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді

Қазақ тілі сабақтары жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы-мәтінмен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс істеу түрлері көп, оны сабақтарда жүргізу, жұмыс атқару ол мұғалімнің шеберлігінде.Мәтіндік кезең. Мәтіннен кейінгі жұмыс түрлері. Мәтінді оқуға үйрету. Өз тәжірибемізде білім алушыға 4 дағдыны қалыптастырып, сыни ойлай алатын тұлғаны өмірге даярлау міндеті тұр.

Тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сыни тұрғысынан дәлелдеп, қорытынды шешім шығару, өз көзқарасын білдіре білу деңгейіне бағытталған. Жұмыстың сәтті шығуы , ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты сондықтан да тілдік төрт дағды бір-бірімен тығыз байланысты. Оқылым түрлері арқылы жазылым дағдыларын қалыптастыру:

Танымдық оқылым–кез келген қызықты, танымдық мәні бар материалдарын оқып, түсіну. Танымдық оқуда белгілі бір ақпаратты зерттеуден гөрі өмірден хабардар болу үшін жүргізіледі. Танымдық оқылым арқылы автор

өзінің қабілеті мен қажетіне қарай мәтіннен маңыздысын жазып алады. Маңыздысын жазу арқылы мәтін мазмұнын 70 пайызы сақталады.

Зерделік оқылым – оқушы берілген материалды оқып, мазмұнын толық игеріп, сол мәтінге талдау жасай алуы.Оқушы бұл оқылым түрі арқылы материалды игеріп, сол материал бойынша жазбаша талдап, өзіндік сыни көзқарасын білдіреді.

Ізденімдік оқылым – берілген материалдардан оқушы өзіне қажетті ақпаратты іздеп, тауып, пайдалана алуы. Ізденімдік оқылымда оқушы материалды шолып оқып, тек қажетті ақпараттарды түртіп алады. Оқушы жаза отырып, есте сақтау қабілетін нығайтады және көру қабілетін ұштайды.

Көрсетімдік оқылым – берілген материалдарды жүйелеп қарап шығып, оның не туралы екенін қысқаша анықтап беру, тақырыбын айқындау, ең басты мәнін, ерекшелігін танып көрсету. [5, 52]

Оқушы мәтіннің тақырыбы мен идеясын ашып, көтерілген мәселені жаза алады. Оқылымнан кейін жазылымға үйретуде мұғалімге оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін, мінез-құлқы мен қабілетін үнемі ескеріп отыруға тура келеді. Мұның өзі әр оқушымен жеке жұмыс істеуге және әр оқушымен қарым-қатынаста болуына мүмкіндік жасайды.

Тілдік дағдыларда әдіс- тәсілдерді қолдана отырып, жүйелі жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың сөздік қорларын байытуға, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлай алуға метатанымдық дағдыларын қалыптастыруға өзіндік пікір көзқарасын жазуға ойларын жүйелі жеткізуге мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім стандарты мазмұнына сәйкес қазақ тілі пәнін оқытудың негізгі функциялары төрт дағды бойынша, яғни (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) оқытылу негізделген. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты ережелері бағдарламасына сай коммуникативтік оқу-әрекеттері мен білім, білік дағдыларды іске асыру мақсатында оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалынып ұсынылған. Сонымен қатар, әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отыратындығын ескере, ұсынылып отырған бағдарлама «спиральді оқыту» әдісі негізінде мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін шыңдау мақсатында құрылған.

Мектеп табалдырығында дамып, талпынып келе жатқан баланы ерте жастан, яғни бастауыштан бастап оқуға машықтандырып, кітапханаға барып тұруына, функционалдық сауаттылығын арттырып, қлыптастыруына ықпал жасамаса қоғамда «сауатсыздық» нышаны орын алатыны сөзсіз. Ғалымдардың айтуы бойынша 8-сыныптан бастап оқушылардың 60% -ы өз бетімен оқу мен жазуға деген құлшынысты жоғалтады. Түлектердің үштен бірі де мүлде оқығысы келмейтіні дәлелденген. Сонымен қатар, ресми деректерге сүйенсек, мектеп оқушыларының 40% -ы көркем мәтінді түсінуде қиналады. Олар мектепте білім алғанымен, қызметке келгенде жазудың негіздерін білмейтіндіктерін көрсетті, тіпті әртүрлі жағдайларда кездескен формаларды толтыра алмай кейбір ақпараттардың мәтіннің мазмұн мағынасын түсінбейді. Жалпы, барлық зерттеушілердің пікірі бойынша сауаттылықтың төмендеуі

адамдардың тиісті білім алмауынан, жан-жақты оқытпауынан, оқуға үйретпеуінен болады.

Оқу сауаттылығы -оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі секілді қабілеттерін ашады. Оқушылардың бойында білім-білік дағдылары мәтінді оқу, ақпаратты қабылдау, мәтін ішінен іс-әрекетті белгілеу, ақпараттан түйінді ойды жинақтау мәтіннің мазмұнын бағалау арқылы сауаттылық деңгейі артады.

Басты міндеттері:

- оқылым стратегияларын, оқу функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту;
- шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;
- тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін
- құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалайалатын тұлға даярлау.

Қай салада да ғылыми дәлдік, мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде кездесетін интерпретациялау өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мәтіннің ерекшеліктері мен мазмұнын сол тілдің құрылымын, стилін, лексикасы мен грамматикасын тілдің мінсіз дұрыстығымен үйлестіре отырып, ескеру арқылы дұрыс, дәл және толық жеткізе білу талап етіледі. Оқу сауаттылығы қалыптасқан оқушыда сыни ойлауы жақсы дамиды.Конфуций айтқандай, «Білімге үш жол алып барады: ойлау, оқу жолы – бұл ең парасатты жол; еліктеу, ұқсау жолы – бұл ең оңай жол; басың тасқа тиіп, тағдырдан сабақ алу, тәжірибе жинау жолы – бұл ең ащы жол». Мектепте алған білім үлкен өмірде ізденіс пен шеберлікті ұштастыруға негіз болады.Сыни ойлай алатын, зияткерлі күш қуатын орынды жұмсай алатын оқушының даралық келбеті қашанда бөлек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Адамбаева Ж., Жұмағұлова Ш. Тіл дамыту текстері. — Алматы, 1996.
2. Жапбаров А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. -Алматы, -2007, -120-122 бб.
3. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық. — PEARSON, 2013. – 138
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, III деңгей: 2012. –58 б.
5. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана: 2012. 1-2

Дюсебаев Е.К., студент 2 курса специальности 6В02304 - Русская филология, ФГСН.
Научный руководитель: Сиривля М.А., к.филол.н., доцент, старший преподаватель кафедры филологиии и практической лингвистики ФГСН, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтурсынулы

ТИПОЛОГИЯ МЕТАФОРЫ В МЕДИАДИСКУРСЕ

Аннотация. Статья посвящена изучению роли метафор в медиа-дискурсе и их влиянию на восприятие информации. Рассматриваются когнитивные и эмоциональные аспекты метафорического воздействия, а также их использование в средствах массовой информации для формирования общественного мнения. Особое внимание уделяется типологии метафор и их функции в структурировании информации. На основе примеров из казахстанских СМИ анализируется влияние метафор на интерпретацию событий и восприятие аудитории. Также затрагиваются вопросы манипулятивного потенциала метафор и перспективы дальнейших исследований в данной области.
Ключевые слова: метафора, масс-медиа, манипуляция, воздействие, медиа-дискурс

Метафора – это один из ключевых инструментов языка, позволяющий передавать сложные идеи через образы и ассоциации. Она активно используется не только в художественной литературе, но и в политической риторике, рекламе и особенно в текстах средств массовой информации (СМИ). Влияние метафор на восприятие читателя выходит за рамки простого украшения речи: они формируют когнитивные схемы, направляют внимание, создают эмоциональный отклик и могут служить инструментом внушения (суггестии).

В данной статье рассматриваются теоретические аспекты метафорического воздействия, их когнитивные и психологические функции, а также их активное использование в медиа-дискурсе. Особое внимание уделяется анализу казахстанских СМИ, где метафоры используются как средство формирования национальной идентичности и влияния на восприятие общественно значимых событий.

Одним из наиболее значимых исследований в области метафор является работа Джорджа Лакоффа и Марка Джонсона «Метафоры, которыми мы живем» [1]. Авторы доказывают, что метафоры не только украшают язык, но и формируют мышление, помогая людям осмысливать абстрактные понятия через конкретные образы. Например, концепция «жизнь – это путь» или «экономика – это живой организм» показывает, как с помощью метафор создаются когнитивные модели восприятия реальности. В частности, метафора

«волна популярности» в предложении «Волна популярности захватила как молодежь, так и взрослых - под казахский хит танцуют все: мужчины, женщины и дети» [2]

Аристотель в "Поэтике" подчёркивал, что метафора является «не просто стилистическим приёмом, а инструментом познания» [3]. Например, метафоры в контексте помогают узнать позицию министерства в отношении празднования последнего школьного дня для учащихся 11х классов: «В 2024 году в Министерстве просвещения назвали "пагубной традицией" празднование последнего звонка в ресторанах и с кортежами. Тогда же выпускникам предложили определить новый формат проведения этой даты - например, в форме квеста, хакатона или вечера с родителями и учителями "по душам"» [4]. Метафоры «по душам», «пагубная традиция» подчеркивают, что пышное торжество по поводу окончания школы не вполне уместно.

Современные исследования, такие как работы Макса Блэка [5], развивают идею интерактивной природы метафор, где смысл возникает в результате взаимодействия элементов. Например, метафора интригует и стимулирует интерес читателя в контексте: «Дональд Трамп готовит новый удар по американской экономике и мировой торговле — он собрался ввести налог на заход торговых судов в порты США ради "возрождения американского судостроения", давно и с треском проигравшего конкуренцию китайским верфям» [6]. Метафора «готовит новый удар» направлена на привлечение внимания через двусмысленность: готовить новый удар, как правило, соотносится с военными действиями. Это определяет интерактивный характер метафорической единицы, основной смысл которой раскрывается в дальнейшем контексте.

Согласно трудам Н.Д. Арутюновой, метафора выполняет концептуально-семантическую функцию, связывая разные смысловые категории [7]. В частности, метафора «трансгендерный переход» раскрывает смысл понятия смена пола и позволяет более точно понять контекст: «В законах, принятых до Акта о равенстве, использовалось определение биологического пола, а трансгендерный переход был добавлен в качестве отдельной защищаемой характеристики» [8].

Помимо когнитивного влияния, метафоры способны формировать эмоциональные реакции. Согласно теории И. Ричардса («Философия риторики») метафоры воздействуют на аудиторию на эмоциональном уровне, формируя установки и убеждения. В политическом дискурсе это можно увидеть на примере таких выражений, как «борьба с коррупцией» или «экономический фронт», которые создают у читателя ощущение кризиса или необходимости мобилизации. Например, эмоциональный отклик вызвает заголовок: «Депортация под президентством Трампа — удар по коварству адвокатов и активистских судей» [10]. Метафора «удар по коварству» стмулирует чувства читателей и вызывает эмоциональную реакцию, что способствует формированию интереса к публикации.

В текстах СМИ метафоры применяются для привлечения внимания и формирования общественного мнения. Они могут выполнять когнитивные,

эмоциональные и манипулятивные функции. Например, освещение экономического кризиса через метафоры «шторм», «обвал», «цунами» создаёт у аудитории чувство нестабильности и тревоги. В то же время выражение "страна набирает обороты" в отношении экономического роста вызывает положительные ассоциации.

В казахстанских СМИ широко используются метафоры, связанные с национальной идентичностью. Например, «Казахстан – это золотая степь» подчёркивает величие страны, а «Юрта единства» символизирует сплочённость народа.

Таким образом, метафоры в СМИ играют важную роль в формировании общественного восприятия, управлении вниманием аудитории и передаче сложных идей в понятной форме. Они не только облегчают понимание информации, но и влияют на эмоциональное состояние читателя. Однако использование метафор также несёт в себе риск манипуляции, поскольку они могут направлять интерпретацию событий в нужное русло. Осознание механизмов воздействия метафор позволяет критически анализировать медиа-тексты и понимать скрытые механизмы языкового влияния.

Перспективы дальнейших исследований данной темы включают анализ межкультурных различий в использовании метафор, изучение их влияния в социальных медиа и разработку методик выявления манипулятивных приемов в журналистских материалах. Более глубокое понимание механизма работы метафор позволит не только лучше интерпретировать медийные тексты, но и применять полученные знания в сфере коммуникаций, рекламы и образования.

Литература:

1. Лакофф Дж., Джонсон М. "Метафоры, которыми мы живем. - URL: https://uploads.philology.by/logo/ref/lakoff&johnson.pdf
2. Казахский “тойский хит“ захватил социальные сети в Азии. - URL: https://tengrinews.kz/curious/kazahskiy-toyskiy-hit-zahvatil-sotsialnyie-seti-v-azii-568004/
3. Аристотель. Поэтика. - URL: https://imwerden.de/pdf/aristotel_poetika_academia_1927__ocr.pdf.
Елдегі азаматтық және рухани, этникалық және ұлттық бірегейлікті нығайту, халықтың әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық белсенділігін арттыру – қазақстандық дамудың басты бағдарларын құрайды. Ұлттық таным мен өзін-өзі танудың нәтижесі – ұлттық өзін-өзі анықтау және бірегейлік болып табылады. Бірегейлік, сәйкестілік – даму барысында пайда болады және тұтас құрылымға тиістілігін сезімін белгілейді. Адамның саналы түсінуі – бұл құрылымның бөлігін құрайды және онда белгілі бір ережеге ие болады. Бірегейлік – адамға өзінің әлеуметтік сатыны табуға және негізгі қажеттіліктерін іске асыруға көмектеседі, ол ең жаман қайғыдан – жалғыздық пен күдіктен құтылуға мүмкіндік береді. Ұлттық бірегейлік – индивидке туылғаннан, өзі тап келген мәдени қоршауынан, «Ана» тілінде сөйлей алуынан «беріледі», өз кезегінде мінез-құлықтың жалпы қабылданған стандартын және өзін-өзі танытуын «көрсетеді».[1,б.5]. Миллиондаған адамдар үшін ұлттық бірегейлік – бұл «Мен кіммін және мен кіммін?» деген сұраққа өзі жауап беруіне және өзін жете ұғынуына мүмкіндік беретін, рефлексияға жатпай түсінілетін болмыс, шындық. Балада ұлттық (этникалық) топқа тиістілігін жете түсінудің дамуының алғашқы тұжырымдамасын Ж.Пиаже ұсынды. Ол бір үдерістің екі жағын – балада «Отан» ұғымын және «басқа ел» және «шетел» үлгісін қалыптастыруды талдады. Ұлттық бірегейліктің дамуын «Отан» ұғымымен байланысты когнитивті үлгіде құру ретінде қарастырады, ал ұлттық сезім Ж.Пиаженің пікірінше ұлттық құбылыстар туралы білімге жауап болып табылады. Ж.Пиаже [2,б.25] ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы үш кезеңді бөліп көрсетеді: - 6-7 жастағы бала өз этникалық тиістілігі бойынша (фрагментарлық және жүйесіз білімді) алғашқы білімді игереді. Осы кезеңде бала үшін ел мен ұлттық топ емес, отбасы мен тікелей әлеуметтік қоршауы өте маңызды болып табылады; - 8-9 жастағы бала өзін этникалық тобына анық ұқсастырады, бірегейліктің негізін - ата-ананың ұлтын, мекен-жайын, ана тілін алға қояды, әрі этникалық сезімі оянады; - кіші жасөспірімдік жаста (10-11 жас) ұлттық бірегейлік толық көлемде қалыптасады, әртүрлі халықтың ерекшеліктері ретінде тарихтың бірегейлігін, дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің өзгешелігін көрсетеді. Осы уақытта дейін бүкіл әлемде көптеген зерттеулер жүргізілген, онда этникалық бірегейліктің даму кезеңдерінің жастық шегі нақтыланады және анықталады. Ғалымдар этникалық білімнің тек кіші мектептік жаста маңызды өсуі, жай қайталау емес, ересектерден алған ақпараттарды жүйелеуден байқалатынын анықтады.

Бірақ көптеген психологтар Ж.Пиаженің өзінің рефлексиясы адам үшін алғашқы дәрежеде маңызды, бала «жүзеге асырылған» этникалық бірегейлікке кіші жасөспірімдік кезеңде қол жеткізеді деген пікірімен келіседі (Обухова Л.Ф., Снежкова И.А., Стефаненко Т.Г., Юденко О.Н. және т.б.). Өзінің ұлтын және этникалық бірегейлігін жағымды қабылдау тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Жағымсыз қабылдауда маргиналды бірегейліктің, өзгерген бірегейлік немесе этникалық бірегейліктің жоқтығы

(өзінің тиістілігін төменгі деңгейде түсіну) қалыптасуы мүмкін. Ұлттық сана-сезімнің және этникалық бірегейліктің жоғарғы, аяқталған кезеңде қалыптасуы ерте жастық және ересектенудің алғашқы кезеңі болып табылады. Ж.Пиаженің теориясымен келісе отырып, біз қазақ ағартушыларының жастарды ұлттық бірегейлікті сақтауға тәрбиелеуде ұлттық психология жайлы көзқарастарын талдап, қарастыруды жөн көрдік. Айталық, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде педагогика, психология саласында ұлттық бірегейлік туралы өздерінің соны да сындарлы пікірлерімен көрінген қазақ ғұламаларының ішінде М.Ж.Көпеев ерекше орын алады.

Дін оқуынан мейлінше сусындап, кейіннен белгілі фольклоршы-публицист атанған шежіреші ақын М.Ж.Көпеев Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде-ақ әр түрлі тақырыпта бірнеше кітап жазып шығарған. Бұларда тәлім-тәрбие, педагогика, психология мәселелері, атап айтқанда, сезім мүшелері, ми мен жүрек, қиял, ойлау, бала мен үлкендердің қарым-қатынасы, әйелдерге білім беру және т.б. қатысты ой-пікірлер көптеп кездеседі. М.Ж.Көпеев айналадағы дүниені танып-білу үшін көз бен құлақтың зор маңыз алатынына тоқталады. Көз мимен жалғасып жатады. Ол миға сыртқы дүниедегі әр түрлі нәрселерден ақпарат әкелуші дәнекер рөлін атқарады. Танымның бірінші түрі – адамның бір көрген нәрсесін қайта жаңғырту қабілеті. Танымның екінші түрі – бұл сырттан келген нәрсенің бәрін жазып отыратын хатшы іспеттес аппарат. Танымның үшінші түрі – аппараттың дұрыс-бұрыстығын тексеріп, бақылаушы мидың әрекеті. Танымның төртінші түрі – кісінің көрген-білгеніне қоса көрмегенін де тануға жәрдем беретін ішкі танымның, яғни қиялдың мазмұнымен үйлесіп келеді. Қиял неғұрлым ұшқыр да, аумақты болса – таным соғұрлым тереңдей түспек. Қиялда елестетудің де мәні зор [3,б.100]. Адам танымы бес бастаудан нәр алатын асау өзен іспеттес. Оның бірі – көру, екіншісі – есту, үшіншісі – түйсіну, төртіншісі – иіс сезу, бесіншісі – дәм... Сезім органдарына тек тап-таза бейнелер ғана келіп түспейді, сонымен бірге бұған ескі-құсқысы аралас, тіпті лас нәрселер де келеді. Ойлау – оларды сұрыптай отыра жарамдыларын ғана қабылдап, жарамсызын шығарып тастайды. Тіл – ой маржаны, ойсыз – тіл жоқ.

Нәтижелер

Арман – сөздің қаймағы, нәртұзы. Қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі. Қиялсыз адам – дәрменсіз. Қиял мен арман үміт пен тілек ақылды дамытып, дүниетанымды кеңейтіп, ойды тебірентіп толқытады. Осындай қиял ғана мінез-құлықты түзетіп, кісіні адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді... Егер біреу бақытсыздыққа душар болса, екіншісі оған көңіл айтып, қайғысын бөліседі. Ал қуаныш пен шаттыққа кенелген кісі дәл қайғыға ортақтасқандай болмайды. Өзгенің қайғы-қасіретіне шын мәнісінде ортақтаса білу үшін тәрбие барысында біртіндеп қалыптасқан адамгершілік қажет... Ғұлама ақын ерік-жігер туралы айта келіп, еркі күшті адам алға қойған мақсаты жолында ештеңеден қайтпай, талабынан бас тартпай, үміт үзбей, ұсақ-түйекпен айналыспай, жоқшылыққа мойымай әрекет етеді. Ғұмар Қарашев – қазақтың рухани мұрасының дамуына елеулі үлес қосқан, психология ғылымдары саласында сындарлы ой-пікір айтқан ғұлама тәлімгер ақын, кезінде ишан, ахун, қазы атанғанымен, өмірінің соңғы жылдарында ол ағартушылық жолға түседі. Оның демократиялық

көзқарасының қалыптасуына 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық төңкерісінің, сондай-ақ орыс, қазақ ағартушы-демократтарының, идеялары елеулі әсер етеді.

Ол – адамның мінез-құлқын қалыптастыруда еңбектің маңызына ерекше мән береді, кімде-кім өзінің мінезі және істейтін жұмысы туралы ылғи да ойланбай тұра алмайды, адал іс-әрекет үстінде өсіп-жетіледі, мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру үшін жалаң ой мен жел сөзден аулақ болып, бала тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл аудара қарап, ақтара тексеріп отыру қажет, «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс» дейді. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші, міне осы мезгілде оған жолбасшылық ету тәрбиенің басты бір шарты. Үйретудің, жол көрсетудің қай орында тұрғандығы осыдан көрінсе керек. Балаға ұрсу, жекіру жолымен үгіттеудің пайда бермейтіндігін айта келіп: «Бала өзіне жаза күтіп тұрған кезінде, иә болмаса жаза тартып болысымен үгіттеуден сақтану керек. Мұндай кезде берілген үгіттің тудыратын әсері жақсы сөзден жиренуден басқа ештеңе емес!» – деп мәселенің психологиялық астарына үңіледі [4,б.15]. Ғ.Қарашев – баланың үйдегі тәлім-тәрбиесіне де ерекше мән береді. Тәлімтәрбие ісі, әулеттің ортақ мүддесі екендігін айтады.

Сондай-ақ, іскерлігі мол адамдардың да өнеге үлгісінің үлкен маңызы бар. «Бір адам өзінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзететін болса, – дейді ол – мұның әсері тіпті отбасынан да асып, туысқан ұрпақтарына, онан да кеңейіп отандастарына да жұғады». Халел Досмұхамедұлы 1926 жылы Қазақ педагогика институтының проректоры, кейіннен педология кафедрасының меңгерушісі, профессор қызметін (1929) атқара жүріп, бұған қоса Қазақ АССР Денсаулық сақтау халық комиссариатында жоспарлау-ұйымдастыру басқармасының меңгерушісі болып істейді. Сол жылдары ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне, ұлт тілінде журнал шығаруға белсене кіріседі. Тарих, әдебиет, тіл ғылымдарына қатысты іргелі проблемалармен («Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», «Кенесары – Наурызбай», «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат») айналысады. Осы жылдары оның қаламынан «Адамның тән тірлігі» (1927), «Сүйектілер туралы» (1928), «Жануарлар» (1928) атты еңбектер туындайды. Х.Досмұхамедов еңбектерінде психологияның жекелеген салалары (әлеуметтік, этностық және т.б.) төңірегінде айтқан сындарлы пікірлер жиі кездеседі. Мәселен, оның 1925 жылы жазған «Аламан» атты мақаласынан этнопсихологияға қатысты бірсыдырғы ғылыми түйіндерді атқару қиын емес. Автор түсінігінде, аламандық – ру менмендігінің бір сипаты. Аламандық – қазақ мінезінің, анадайдан бақырайып (психологияда мұны «мінездің акцентуациясы») бесенеден байқалып тұратын көрінісі, бұл жеке адамға да, сондай-ақ жекелеген топтарға да тән құбылыс.

Талқылау

Х.Досмұхамедовтың аламандықты ру психологиясының ерекшелігінен туындайды деуі өте орынды. Ғылымда ру (род), тайпа (племя), халық (народ), ұлт (нация) ұғымдарының психологиялық ерекшеліктері бар екені көптен

айтылып жүр. Бұл жөнінде психологтар мен философтардың, этнографтар мен антропологтардың да көзқарастары бір-біріне тоқайласып жатады. Табиғатынан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір табиғи астарларына үңіледі. Осы жәйт автордың мына төмендегі түйіндеуінен жақсы аңғарылып тұр: «Туысында қанша зеректік болса да, – деп жазды М.Дулатов. Ол – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана көзге көрінеді... Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласың...» [5,б.150]. Н.Құлжанова қазақ отбасыларында мектепке дейінгі бала тәрбиесінде орын алып келе жатқан кейбір кемшіліктерді көрсетеді. «Жас балаға үлкендер тыныш отыруды бұйырады. Үйге қамап қояды. Шамасынан артық қызмет тапсырады. Қазақ қыздарын үйге отырғызып қояды. Балалар далаға шығып, балалармен ойнағысы, қозы қуғысы келеді. Үлкендер өз еркімен жүргісі келген балаға зорлық жасайды... Баланың өзіне керегін істетпей, «адам болмайсың» деп ұялтады... Онан білгенінің көбіне көңіл бөлмейді... Бала ойнақтаған құлынтайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек».

С.Торайғыров адам психологиясының қалыптасуы іс-әрекет үстінде болып отыратынын, мұнсыз сана-сезімнің дұрыс қалыптасып, дамымайтынын; адам тіршілігінің мазмұнын да қоршаған ортасы, әлеуметтік жағдайлар билейтіндігін, сондай-ақ, үй-іші, отбасы, әке-шешенің де «Көргені әке-шеше кандай болса, алмақшы сонан үлгі баласы да» дегендей, жас ұрпақ санасының қалыптасуында шешуші рөл атқаратындығын жақсы түсінген. Ж.Аймауытұлының осынау қазақша термин жасау, төл тілімізде психологиялық еңбектер жазу тәжірибесінен бейхабар болғанына қалайша күйінбейсің! Психологиялық ұғымдардың жасалуын, төл тіліміздегі қорлану тарихын Ж.Аймауытұлымен ғана шектесек, бұл әділетсіздік болар еді.

Қорытынды

Мәселен, Абай шығармаларының өзінде психологияға байланысты көптеген атаулар бар емес пе? Мәселен, мұнда мінез, қайрат, сезім, көңіл, құлық, құмарлық, талап, жан қуаттары, тән қуаттары т.б. толып жатқан жантану ғылымына қатысты ұғымдардың мән-мағыналары ажыратылған. Ұлттық бірліктің басты қағидасы ретінде ұлт рухын нығайтып дамыту біріктіруші және нығайтушы негіздер ретінде белгіленді. Рухани негіз – ұлтты біртұтас етіп біріктіретін күш. Халық рухы күшті болған сайын оның мемлекеттілігінің болашағы да жоғары. Бұл – тарих пен біздің тағдырымыздың басты қозғаушы тетігі. Ұлт рухы кез келген ел келбетінің қайталанбас қасиетін айқындайды, бағытын анықтап, дамуына екпін береді. Біздің ұлттық рухымызды көтеру үшін: дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңару, жарысу және жеңіске жету рухы; дәстүрлі құндылықтарға сүйену (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік) қоғамның рухани негізі ретінде негізгі басымдықтар болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғырту». Ақпараттық түсіндірмелі материал. – Астана, 2017. – 56б.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: «Ғылым», 1992. – 201б.
3. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 316б.
4. Елікбаев Н. Ұлттық тәрбиенің бастауы: Монография. Қарағанды: «Болашақ» университеті. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2013. - 201с.
5. Құлжанова Н. Мектепке дейінгі тәрбие. – Алматы: Ғылым, 1983. 6. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. – Алматы, Баспалар үйі, 2006.

Азаматова А.А., Мирас Д.Ж.,
студенты 1 курса ФИТ,
научный руководитель: Тулегенова М.К., PhD.,
ст. преп. кафедры иностранных языков;
Карагандинский технический университет
им. Абылкаса Сагинова

IT ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Аннотация. Смарт технологиялар білім беру, денсаулық сақтау және қалалық басқаруға әсер етеді. Олар қашықтан оқыту мен жеке оқытуды қолдайды. Денсаулық сақтау саласында телемедицина мен жасанды интеллект диагностиканы жақсартады. Ақылды қалалар технологияларды өмір сапасын арттыру үшін біріктіреді. Деректердің қауіпсіздігі мен реттеудің қажеттілігін ескеру маңызды.
Кілт сөздер: смарт технологиялар, білім беру, денсаулық сақтау, ақылды қалалар, деректердің қауіпсіздігі

Жаңа жылдарда әлем жаңа технологиялар мен еріксіз гаджеттердің жетістігі арқылы терең өзгеріске ұшырады. Инновациялық ықпалдар күнделікті өмірді түрлендіріп, жұмыс әдістері мен адамдар арасындағы байланысты жаңа ұғымдармен толдырып келеді. Информатика жүйелері арқылы ақпаратты басқару мен өңдеуге негізделген ақпараттық технологиялар, бағдарламалаудан, деректер базаларына дейін, кибер қоршаудан қорғау сияқты кең ауқымды саланы қамтиды. IT технологиялары, коммерциядан басқа, денсаулық сақтау сияқты көптеген салаларда өмірдің барлық аспектілеріне маңызды үлес қосады [2].

IT технологияларының дамуы олардың универсалдылығы мен жаңа әріптестерге тез бейімделу қабілетімен тығыз байланысты. IoT, бұлттық жүйелер және үлкен деректер базасындағы іс-қимылдар, кәсіпорындарға байланысты ақпараттың мол мүмкіндіктерін береді, олардың шешім қабылдауына жаңа бағыт беріп, тиімділігін арттырады. Смарт технологиялар, қоршаған ортаға бейімделіп, олардың өзіндік шешім қабылдауы мен пайдаланушылармен байланыс орнатуына мүмкіндік беретін құрылғылар мен жүйелерді қамтиды. Ақылды үйлер жарықтандыруды, жылытуды және тұрмыстық құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді. Қолдануға оңай бағдарламалар жұмыс үдерістерін жеңілдетеді. Ақылды мобильді телефондар байланыс құралынан бөлек, басқа құрылғыларды басқару орталығы ретінде қызмет етіп, инновациялардың жарқын үлгісі болып табылады.

Соңғы жылдары «ақылды» қалаларға деген қызығушылық артып келеді. Бұл қалалар инфрақұрылымды жақсарту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық көлікті оңтайландыру үшін технологияларды пайдаланады [1]. Заманауи цифрлық технологиялар мен интеллектуалды жүйелер қоғам мен экономиканың құрылымына айтарлықтай ықпал етеді. Компанияларда технологияны пайдалану қаржыны үнемдеуге, қызмет көрсету сапасын арттыруға және жаңа өнімдер мен пайдалы шешімдерді әзірлеуге көмектеседі. Өндірісте интеллектуалды әдістерді енгізу қызметкерлердің өнімділігін оңтайландырып, ақаулар мен қалдықтарды азайтады, сондай-ақ жұмысшылардың қауіпсіздігін арттырады.

Күнделікті өмірде технологиялар адамдарға түрлі тапсырмаларды оңай орындауға көмектеседі. Олар қашықтан жұмыс істеуге немесе онлайн білім алуға мүмкіндік береді. Болашақ қалаларда өмір сапасы жақсара түседі, өйткені жаңа идеялар мен шешімдер жүзеге асырылады. Жеке гаджеттер күнделікті өмірге еніп, үй шаруасын жеңілдетуге, денсаулықты бақылауға және ақылды үй құрылғыларын басқаруға көмектеседі [3].

Алайда, технологиялық прогрестің артуымен қатар жаңа қауіптер де пайда болуда. Ақпараттың құпиялылығы, интернеттегі қауіпсіздік және интеллектуалды гаджеттерді бақылау мәселелері өзекті болып отыр. Технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқандықтан, цифрлық сауаттылық пен арнайы дағдылардың маңызы арта түсуде.

IT мен смарт-технологиялардың даму перспективалары өте жоғары. Алдағы уақытта жасанды интеллект, робототехника, виртуалды және толықтырылған шындық салаларында жаңа жетістіктер күтілуде. Алайда, бұл технологиялық жетістіктер адамзатқа пайда әкелуі үшін тек техникалық прогресті ғана емес, сонымен қатар моральдық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерді де ескеру қажет.

IT және ақылды технологиялар әлемді түбегейлі өзгертті және олардың ықпалы болашақта тек күшейе түседі. Бұл өзгерістер өмір сапасын арттыруға, тиімділікті жоғарылатуға және барлық пайдаланушылар үшін қауіпсіз, инклюзивті және жайлы орта қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Технологиялар көптеген әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешудің

құралы бола алады, бірақ бұл үшін оларды тұрақты, этикалық және жауапты даму жүйесіне интеграциялау қажет.

Цифрлық болашақ көптеген салаларды түбегейлі өзгертетін бірнеше негізгі бағыттармен сипатталады. Ең алдымен, жасанды интеллект (AI) пен машиналық оқыту жүйелері түрлі салаларда шешім қабылдау процесін автоматтандыруда маңызды рөл атқарады. Денсаулық сақтау, қаржы, өндіріс және білім беру сияқты секторларда интеллектуалды жүйелердің көмегімен жұмыс тиімділігі артып, қателіктер саны азаяды.

Сонымен қатар, виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары (VR және AR) білім беру, ойын-сауық, медицина және құрылыс салаларында кеңінен қолданыла бастады. Бұл технологиялар шынайы әлем мен цифрлық кеңістікті біріктіре отырып, пайдаланушыларға жаңа тәжірибе мен мүмкіндіктер береді.

Тағы бір маңызды бағыт — киберқауіпсіздік. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын деректердің қорғалу деңгейін арттыру қажеттілігі күшейе түсуде. Кибершабуылдар мен деректердің ұрлануы бүгінгі күні жаһандық қауіптердің біріне айналды. Сол себепті компаниялар мен мемлекеттер цифрлық инфрақұрылымдарын қорғау үшін жаңа стратегиялар мен құралдарды енгізуге мәжбүр.

Блокчейн технологиясы да болашақтың маңызды элементіне айналуда. Бұл технология арқылы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге логистикалық процестерді оңтайландыруға, қаржылық операцияларды жеңілдетуге және тіпті сайлау жүйелерінің сенімділігін арттыруға болады [4].

Ақылды қоғам құру — ақылды технологиялардың тек құрылғылар мен инфрақұрылымдарды басқарумен шектелмейтіндігіне дәлел болып табылады; олар адам өмірінің барлық салаларына еніп, жаңа қоғам құруға ықпал етеді. Ақылды қалалар қауіпсіз, ыңғайлы және экологиялық тұрақты орта ұсынуды мақсат етеді: мысалы, ақылды көше жарығы трафик пен ауа-райының жағдайына байланысты жұмыс істей алады; қоғамдық көлік жүйелері деректерді талдау арқылы қозғалысты оңтайландырып күту уақытын азайтады; ақылды денсаулық сақтау жүйелері науқастардың жағдайын қашықтан бақылап дер кезінде медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы инновациялар адамдардың өмір сапасын арттырумен қатар энергия тұтынуды азайтып қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендетеді.

Технология дамыған сайын оның этикалық мәселелері де күн тәртібіне шығады: жасанды интеллект шешім қабылдауда әділетті ме? Дербес деректер қалай қорғалады? Барлық адамдар технологиялардың пайдасын бірдей көре ала ма? — деген сұрақтар туындайды [5].

Технологиялық прогрестің әділетті әрі жауапты болуы үшін мемлекеттер, компаниялар және азаматтық қоғам өкілдері бірге жұмыс істеуі қажет. Әрбір жаңа технология қоғамның барлық мүшелерінің құқықтарын және мүмкіндіктерін ескеруі тиіс.

Цифрлық дәуірде табысты болудың кілті — өмір бойы білім алу болып табылады. Дәстүрлі білім беру жүйелері қазіргі заман талаптарына толық

сәйкес келе бермейді; сондықтан қашықтан оқыту онлайн-курстар және өз бетімен білім алу әдістері барған сайын маңызды болып отыр.

IT саласындағы жаңа бағыттарды меңгеру үшін бағдарламалау мәліметтерді талдау цифрлық коммуникация жобаларды басқару сияқты дағдылар қажет; сонымен қатар сыни ойлау креативтілік пен эмоционалды интеллект сияқты "жұмсақ дағдылар" да жоғары бағаланады.

Ақпараттық технологиялар мен интеллектуалды жүйелер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді; болашақта олардың ықпалы арта түсетіні сөзсіз. Дегенмен технологиялардың дамуын тек техникалық тұрғыдан емес сонымен қатар адами құндылықтар мен әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан да қарастыру қажет.

Тұрақты әділетті әрі қауіпсіз цифрлық әлем құру — бүкіл адамзаттың ортақ мақсаты болып табылады; инновацияларды қоғам игілігі үшін пайдалану арқылы біз өзіміздің әрі келер ұрпақтың өмірін жақсарта аламыз.

Литература:

1. Назарбаев, Н.Ә. (2018). Цифрлық Қазақстан бағдарламасы. Астана: ҚР Үкіметі.
2. Турымбекова, Г.Б. (2020). Ақпараттық технологиялар және олардың қоғамға әсері. Инновациялық даму және ғылым, № 3, 45-52.
3. Schwab, K. (2016). The Fourth Industrial Revolution. Geneva: World Economic Forum.
4. Tapscott, D., & Tapscott, A. (2018). Blockchain Revolution: How the Technology Behind Bitcoin Is Changing Money, Business, and the World. New York: Penguin.
5. Хайруллина, Ж.М. (2021). Жасанды интеллект: артықшылықтары мен қауіптері. Қоғам және технология, № 4 (18), 33-41.

Айкенова А.К., студентка 1 курса ФСХН
Научный руководитель: Фёдорова М.Л., к.ф.н.,
старший преподаватель кафедры
иностранной филологии и практической лингвистики;
Костанайский региональный университет
им. А. Байтұрсынұлы

АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК В НАУЧНОЙ КОММУНИКАЦИИ: ИЗУЧЕНИЕ СПЕЦИФИКИ ТЕРМИНОЛОГИИ В РАЗЛИЧНЫХ ОБЛАСТЯХ

Аннотация. В данной статье рассматривается роль английского языка в научной коммуникации, а также специфика терминологии в различных научных областях. Анализируются факторы, способствовавшие доминированию английского языка в науке, особенности формирования

терминов и сложности их перевода. В статье также приводится классификация научной терминологии по областям знания и обсуждаются проблемы точности передачи смысла терминов при переводе.
Ключевые слова: английский язык, научная коммуникация, терминология, перевод, международное общение.

Современная наука развивается в условиях глобализации, и эффективная научная коммуникация становится залогом успешной исследовательской деятельности. В последние десятилетия английский язык приобрел статус основного языка науки, что обусловлено рядом исторических, экономических и социальных факторов. По статистике, более 90% научных статей в ведущих журналах и большинство международных конференций публикуются на английском языке. Терминология играет важную роль в научной коммуникации, так как она обеспечивает точность передачи информации и единообразие понимания научных концепций. Однако терминология различных дисциплин имеет свою специфику, связанную с происхождением, структурой и процессами заимствования терминов. Кроме того, перевод научных терминов представляет собой сложную задачу, поскольку ошибки в передаче их значения могут привести к искажению научных данных и нарушению междисциплинарного взаимодействия. [1]

Ведущая роль английского языка в научной коммуникации начала формироваться во второй половине XX века. До этого основными языками науки были латынь, французский и немецкий. Однако после Второй мировой войны англоязычные страны (США и Великобритания) стали лидерами в сфере научных исследований и технологий, что способствовало распространению английского языка как универсального средства общения ученых. Лингвистические особенности английского языка также способствовали его распространению. Он обладает сравнительно простой грамматикой, развитой системой словообразования и способностью заимствовать термины из других языков. Например, такие слова, как robot (из чешского), algorithm (из арабского), genome (из греческого), стали международными научными терминами.

Научная терминология в английском языке формируется на основе нескольких ключевых принципов: использование латинских и греческих корней (biology – биология, thermodynamics – термодинамика), сокращений и аббревиатур (DNA – дезоксирибонуклеиновая кислота, AI – искусственный интеллект), а также заимствований и калькирования (neuroscience – нейронаука, cybernetics – кибернетика). Таким образом, английский язык не только является ведущим средством научной коммуникации, но и активно влияет на формирование терминологии в разных дисциплинах.

Научные термины отличаются высокой степенью точности, логичностью и системностью. Однако в зависимости от области знаний терминология имеет свои особенности. В естественных науках широко используются термины с латинскими и греческими корнями, что делает их понятными для ученых разных стран. Например, термин photosynthesis (фотосинтез) происходит от

греческих слов φῶς (свет) и σύνθεσις (соединение). В химии многие элементы имеют латинские названия (oxygen – кислород, sodium – натрий). В медицине также преобладают латинские и греческие корни. Например, cardiology (кардиология) состоит из καρδία (сердце) и λογία (учение). Большинство заболеваний, диагностических процедур и лекарств имеют латинские названия (pneumonia – пневмония, aspirin – аспирин).

В технических науках широко используются англицизмы и аббревиатуры, поскольку эти дисциплины развиваются под влиянием англоязычных стран. Например, CPU (central processing unit – центральный процессор), RAM (random access memory – оперативная память), AI (artificial intelligence – искусственный интеллект). В гуманитарных дисциплинах английский язык оказывает влияние на формирование понятийного аппарата. Например, discourse (дискурс) используется в лингвистике и философии, а identity (идентичность) является ключевым термином в социальных науках.

Перевод научных терминов – сложная задача, требующая точности и учета контекста. Наиболее распространенные методы перевода включают калькирование (дословный перевод, например, software – программное обеспечение), транслитерацию (передача звучания, например, monitor – монитор) и описательный перевод (разъяснение значения, например, brain drain – утечка умов). Ошибки в переводе могут привести к недопониманию и искажению смысла научных данных. Например, термин sensitive data часто ошибочно переводят как «чувствительные данные», тогда как правильный перевод – «конфиденциальные данные». [2]

Английский язык занимает ведущую роль в международной коммуникации. Его важная роль обусловлена историческими, экономическими и лингвистическими факторами. Терминология различных дисциплин формируется по специфическим правилам: в естественных и медицинских науках преобладают латинские и греческие корни, в технических дисциплинах – англицизмы, а в гуманитарных – концептуальные термины. Перевод научной терминологии — это непростая задача, которая требует точности и знания специфики языка. Использование калькирования, транслитерации и описательного перевода позволяет адаптировать научную лексику, однако ошибки могут искажать смысл научных данных. Таким образом, необходимо владеть английской научной терминологией, так как это является одним из важнейших навыков для современных исследователей, работающих в международной академической среде.

Литература:

1. Swales J. Genre Analysis: English in Academic and Research Settings. – Cambridge: Cambridge University Press, 1990. – 260 p.
2. Crystal D. English as a Global Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – 212 p.

Асилбекова А.Е., Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар
факультетінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Тасмағамбетова З.Ж.
филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы;
А.Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Аннотация. Бұл мақалада М.Әуезовтың қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлесі айқындалады. Балаларға арнап жазған көркем шығармалары, аудармалары, құрастырған оқулықтары зерделенеді. Әуезовтің шығармалары ұлттық сана-сезім мен дәстүрді сақтау үшін маңызды құрал ретінде танылады. Оның қазақ фольклорының бай мұрасын балалар әдебиетінде насихаттауға ерекше үлес қосқандығы, шығармаларында халық ертегілері, аңыздары мен мақал-мәтелдері ерекше орын алатыны қарастырылады
Кілт сөздер: Әуезов, балалар әдебиеті, фольклор, тәрбие, халық.

Мұхтар Әуезовтің педагогикалық көзқарастары мен балаларға арналған әдебиетке қосқан үлесі оның шығармашылығының маңызды бөлігі болып табылады. Жазушының еңбектерінде балалар тәрбиесі, олардың адамгершілік қасиеттерін дамыту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу негізгі орын алған. Әуезовтің шығармалары тек әдеби туындылар ғана емес, сонымен қатар ұрпақты тәрбиелеудің қуатты құралы ретінде танылды.

Қазақ әдебиетінің классигі – аударма арқылы әлемдік әдебиет туындыларын қазақ тіліне бейімдеп, балалардың таным көкжиегін кеңейтуге ықпал етті. Әуезов аудармаларын талдау кезінде оның шығармашылық тәсілі мен шеберлігі айырықша көрінеді. Әуезовтың аударма саласындағы еңбегі – балалардың әдеби әлеміне әлемдік классика арқылы жол ашу. Ол аударған шығармалардың көпшілігі балалардың жас ерекшелігіне сай жеңіл оқылатын, тәрбиелік мәні зор туындылар.

Әуезов Толстойдың қысқа әңгімелерін қазақшаға аударып, олардың тәрбиелік мәнін қазақ балаларына жеткізді. Мысалы, «Қажымас еңбек» (орысшасы: «Труд всегда окупается») атты әңгіме еңбекқорлық пен шыдамдылықты дәріптейді: «Күні бойы жер жыртқан шаруа қарттың қолы қалтырап, арқасы иілген еді. Бірақ ол: «Мен еңбек етсем, балаларым тояды», - деп шаршамай жалғастыра берді.».

Әуезов Крылов мысалдарын қазақ тіліне аударып, балаларға адамгершілік қасиеттерді насихаттады. Мысалы, «Шегіртке мен құмырсқа» аудармасы балаларды еңбекқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелейді. Мысал үзіндісінен аударылған жолдар: «Жаз бойы ән салдым, көңілді болдым, қыста амалым қалмады», - дейді Шегіртке. Құмырсқа болса оған: «Ендеше, қазір әніңді билеп айт, сонда тоясың!» деп жауап қайтарады. [1]

Жиырмасыншы жылдары Қазақстанда әр түрлі сатыдағы жалпы білім

беретін, сауат ашатын мектептер санының, арнаулы оқу орындарының күрт көбеюіне байланысты үкімет орындары бірнеше қаулылар қабылдады. Бұл қаулылардың негізгі талаптарының бірі түрлі оқулықтар жазу болатын. М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Қызылорда, 1927), «Новый аул. 2-я книга для чтения по русскому языку для казахских детей школ I-ступений» (Қызылорда, 1929), «Жеткіншек. Ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы» (Алматы, 1930), атты оқулықтар жазып, Ю.Вагнердің «Жердің жаратылысы жайлы әңгімелер», В.Эвальдтің «Құрылыс материалдары» атты оқулық кітаптарын қазақ тіліне аударды.

Әліппе 67 параграфқа бөлінген. Көлемі 115 бет. Екі бөлімнен және сөздіктен тұрады. Алғашқы бөлімі - әліппе, екінші бөлімі - хрестоматия. Оқулық бастан-аяқ суреттермен берілген. Әліппе бөлімінде әр атаудың жанында суреті бар. Алдымен айтуға, оқуға жеңіл сөздер беріліп, бірте-бірте күрделендірілген. Суреттер мен сөздер оқушы баланың түсінуіне, есте сақтауына оңай, ыңғайлы түрде алынған. Баланың ойлау дәрежесіне орай бірте-бірте жеке сөздермен екі-үш сөзді тіркестерге, қысқа сөйлемдерге ауысады. Оқулық материалдарын педагогика, әдістеме принциптеріне сәйкес дамыта қиындатып отырған. Әліпбелік бөлімнен кейін жеке тақырыптық параграфтарға, одан әрі қысқа мәтіндерге, диалогтарға, сұрақ-жауап үлгілеріне ауысқан. Берілген мәтіндермен жүйелі түрдегі байланыста грамматикалық, синтаксистік ережелер нақты мысалдармен түсіндіріліп отырады. Әліпбе бөлімінің соңында орыс әліпбиі, тыныс белгілері, арифметикалық амалдар белгілері бір бетте сызба (схема) түрінде қамтылған. Бұл арада оқуытушының түсіндіруіне қажет материалдар да бар.

Кітаптың хрестоматия бөлімі де өз ішінде екіге бөлінген. Алғашқы бөлімінде мәтіндер беріліп, осы мәтіндер бойынша жазу тапсырмалары беріліп отырған. Мәтіндер грамматикалық, синтаксистік ережелерді біріктіріп отыру мақсатында алынған. Хрестоматияның екінші бөлімінде көлемі үлкендеу, мөлтек әңгіме үлгісіндегі мәтіндер орын алған. Бұл бөлімде хат жазу үлгілері, күн тәртібін жасау мысалдары бар. Тұрмысқа қатысты мысалдар балалар өміріне негізделген.Түсінікті түрде шаруашылық түрлеріне байланысты мәтіндер берілген. Жыл мезгілдері, ай аттары жүйелі түсінік сызба арқылы көрсетілген. Жұмбақ тақырыптары өмірдегі жаңа құбылыстармен (электр, телеграф) сабақтас.

Кітап соңында тақырыптық сөздік бар. Балалардың тауып алуына оңай болуы үшін әр параграфтың сөздігі жеке берілген. Сөздердің қазақша баламалары сол кездегі қолданыста болған латын әріптерімен терілген. Ол сөздер сол уақыттағы орфографиялық, орфоэпиялық ережелерге сәйкес. Әліппе-оқулықты қазіргі кезде де бастауыш мектептің 1-сыныбы үшін өте тиімді қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

«Новый аул. 2-я книга для чтения по русскому языку для казахских детей школ I ступений» атты М.Әуезовтің хрестоматиялық сипаттағы әдебиеттік оқу кітабы 1929 жылы Қызылорда қаласында «Казиздаст» баспасынан шыққан. Оқулық М.Әуезов пен Д.Ысқақовтың «Новый аул. Русский букварь для казахских детей» әліппесінен кейінгі сатыдағы оқу құралы. Бір автордың әліппеден кейін оқу кітабын да жазуы педагогика тариханда, оқулық шығару

тәжірибесінде жиі кездесіп отыратын жағдай. Оған Ыбырай Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» және «Киргизская хрестоматия» (1873) атты әліппе мен оқу құралын қосарлай жазғаны дәлел. М.Әуезов пен Д.Ысқақовтың авторлығымен шыққан орыс әліпбесінде басшылыққа алынған педагогикалық-әдістемелік принциптер осы томға кіріп отырған оқу кітабында да қолданылған. Соның бірі – әліппенің де, оқу кітабының да алдымен ана тілінде сауатын ашқан балаларға арналғандығы. Материалдарды бірте-бірте күрделендіру, бала ұғымдарына ауыр мәтіндердің, күнделікті қолданылуда сирек кездесетін оқшау сөздердің қолданылмауы, тілінің ұғымды, ырғақты болуы, жеке шығармалардың танымдық маңыздылығы, грамматикалық категорияларға түсінік беріп отыруы сияқты талаптар қатаң сақталған. Сонымен қатар екі оқулықта стильдік бірлік бар. Екеуі де пішімі, полиграфиялық категорияларға түсінік беріп отыруы сияқты талаптар қатаң сақталған. Оқулықтың бір данасы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында сақталған. Оқулықта барлығы 198 шығарма. 89 шығарма М.Әуезовтікі. Қалғаны оқулық-хрестоматиялардан, кітаптардан, А.С.Пушкиннің, А.Н.Майков, С.Д.Дрожжин т.б. ақын, жазушылардың шығармаларынан алынған.

Аталған оқулықта М.Әуезовтің сиыр малына қатысты екі әңгімесі бар екен. Оның бірінде Айша деген қыздың әкесі «Қара сиырымыз бұзаулағалы жүр» деп алдын ала ескертіп қояды. Сондықтан далаға жібермей, қораның ішінде жем-шөппен бағады. Бірақ бір күні сиыр ашық қалған есіктен шығып, далаға кетіп қалыпты. Әкесі іздеп жүріп, кеш батқан кезде оны әрең табады. Сөйтсе, сиырдың қасында кіп-кішкентай қара түсті бұзауы тәлтіректеп тұр екен. Оның қасында айналшақтап сұр қасқыр жүр. Егер иесі келмеген жағдайда қасқырдың бұзауды жеп қоятыны анық еді. Айшаның әкесі ара түсіп, сиыры мен бұзауын аман-есен алып қалады. Ал екінші әңгімеде басқа бір қара сиырдың қашан бұзаулайтынын үйдегі әжей біліп отырады. Оны анықтау үшін әлсін-әлі сиырдың сүтін сауып, тексеріп отыру керек екен. Сиырдың сүті қошқыл түсті болса, бұзаулайтын уақыты әлі ерте деген сөз. Сүт ағара бастаған кезде барып қана әжей сиырдың бүгін бұзаулайтынын айтады. Жазушының осылайша ұтымды пайдаланатыны – күн көрісі тікелей малға байланысты болған қазақ тұрмысынан хабардар ететін керекті детальдар.

Қысы-жазы мал бағу, оған тіпті көз шырымын алмастан да, кірпік қақпай, ие болу – қазақы тіршіліктің әбден үйреншікті көрінісі. Сондай жағдайдың бірі жазушының осы оқулыққа енген «Нападение волка на стадо» деп аталатын әңгімесінде баяндалады. Онда Қасым мен Оспан деген балалардың түнгі қой күзетінде жүрген сәті суреттелген. Кенет бұларға серік болып жүрген Жолдыаяқ деген ит шабаланып үріп, ауылды айнала жүгіріп кетеді. Бір отар қойдың қасқырдан аман-есен қалуы – екі бала мен оларға бас-көз болып жүрген Қаратай отағасының қайрат көрсеткендігінің арқасы. Бірақ соның өзінде аш жыртқыш отардан бірнеше қой мен бірер қозыны жаралап кеткен екен. Және бір қызығы бұлардың майлы құйрықтарын жұлып алып, асап жібергендігі айтылады. Бұл оқиғаның да өмір шындығынан алынған нәрсе екендігі сөзсіз. Әңгімеде алдыңғы планға шығатын – қасқыр деген жыртқыш хайуанның ақылдылығы, өжеттілігі мен өтеептілігі.

Әуезов балалар әдебиеті талаптарын үнемі ескеріп отырған. Бұл әңгімелерінде қазақ халқының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері, тұрмысы, шаруашылығы, өндірісі жайлы жан-жақты мәліметтер берілген.

Әуезовтың балалар әдебиетіндегі еңбегіне қатысты белгілі ғалым Қабиболла Сыдықов: «М.Әуезов балалар әдебиетінде ұлттық тәрбие мен танымды сіңіре отырып, жасөспірімдердің рухани дамуына ықпал еткен алғашқы жазушылардың бірі болды» деп жазған. [2]

Әуезовтың балалар әдебиетін дамытудағы қызметі тек шығармашылықпен шектелмегенін білеміз. Ол педагогикалық және ағартушылық бағытта да қызмет етті. Әуезов қазақ мектептерінде оқытылатын оқу құралдары мен бағдарламаларды жетілдіруге белсене қатысып, балалардың әдебиетке деген қызығушылығын ояту үшін аңыздар мен ертегілерді қайта өңдеп, оқуға бейімдеген. Жазушының замандасы Сәбит Мұқанов оның балалар әдебиетіне қосқан үлеесі жайлы: «Мұхтар жас ұрпақты тәрбиелеуде әдебиеттің құдіретін терең түсінді. Оның балаларға арналған әрбір шығармасы өмірдің өзінен алынған» деп пікір білдірген. [3]

Мұхтар Әуезов балалар әдебиетіне ерекше мән беріп, бұл бағытты ұлттық тәрбие мен рухани жаңғырудың маңызды құралы деп санады. Ол балалар әдебиетінің тәрбиелік және танымдық әлеуетін жоғары бағалаған. Әуезов өз шығармаларында балалардың қызығушылығы мен психологиясын ескере отырып, оқуға жеңіл әрі мазмұнды туындыларды жазды. Әуезовтың өзінің балалар әдебиетіне қатысты айтқан пікірлері оның бұл бағыттағы ұстанымын айқын көрсетеді. Мысалы, ол: «Балаға арналған шығарманың тілі жеңіл, мазмұны терең, әрі тәрбиелік мәні болуы шарт. Балалар әдебиеті – оларды білім мен өнерге жетелейтін алғашқы қадам» деп жазған. [1]

Бұл пікірінен Әуезовтың балалар әдебиетін тек эстетикалық ғана емес, педагогикалық тұрғыдан да қарастырғаны көрінеді.

Сонымен қатар, Әуезов жас ұрпақты тәрбиелеуде халық ауыз әдебиетін, әсіресе, ертегілер мен аңыздарды пайдалануды маңызды деп білген. Ол: «Қазақтың бай ауыз әдебиеті – балаларға арналған тәрбие мектебі. Біз сол қазынаны жаңа формада өңдеп, жас буынға жеткізуіміз керек» деп атап көрсеткен. [1]

Мұхтар Әуезов балалар әдебиетінде көтерілген тақырыптардың ұлттық рухты оятуы мен патриоттық тәрбиеге негізделуін де қадағалаған. Оның бұл бағыттағы ұстанымы мына сөздерінен анық байқалады: «Әдебиет арқылы балаға туған жерін, халқын, ана тілін сүюді үйрету – ең басты міндетіміз». [1]

Жазушының бұл пікірлері оның балалар әдебиетін ұлттық мәдениетті сақтаудың және ұрпақты тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде қарастырғанын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы.7-т. Ғылым баспасы 2002ж. 471б.
2. Сыдықов Қ. Қазақ әдебиеті тарихы. Алматы Ғалым баспасы 1974ж. 214-бет
3. Мұқанов С. Қазақтың көркем сөзі Алматы. Ана тілі 89-бе

Бекишев А., 1 курс студенті
Машина жасау, энергетика және
ақпараттық технологиялар факультеті
Ғылыми жетекші: Абильбекова Б.Т.,
А.Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ
Филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы

ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ОРНЫ

Аңдатпа. Мақалада жаһандану үдерісінің қазақ тіліне тигізіп отырған әсері, соның ішінде неологизмдердің қалыптасуы мен қолданыс аясы жан-жақты қарастырылады. Жаңа сөздердің пайда болу жолдары мен тілдік қолданыстағы орны сипатталып, олардың қазақ тілінің лексикалық құрамын байтыудың рөлі сараланады. Сондай-ақ, заманауи технологиялар, әлеуметтік желілер мен халықаралық қатынастардың әсерінен пайда болған жаңа сөздердің тілімізге енуі мен бейімделу үдерістері талданады.
Кілт сөздер: неологизмдер, жаңа сөздер, жаһандану үдерісі, жаңа сөздердің енуі, балама сөздер, термин сөздер, жаңа ұғымдар

Тіл – халықтың ең басты рухани байлығы және мәдени мұрасы. Әрбір ұлттың өмір сүру салты, дүниетанымы мен дәстүрі оның тілінде бейнеленеді. Алайда тіл – өзгермелі құбылыс. Уақыт өткен сайын қоғамда пайда болатын жаңа құбылыстар мен ұғымдарға сай, тіл жаңарып, жаңа сөздермен толықтырылып отырады. Қазақ тіл білімінде жаңа сөздерді – неолог**и**змдер деп атайды, яғн**и, жаңадан пайда болған сөздер, сөз** т**іркес**т**ері немесе бұрыннан бар сөздердің жаңа мағынада қолданылуы.** Жаңа сөздердің пайда болуы тілдің табиғи эволюциясымен қатар, оның заманға сай бейімделуінің көрінісі болып табылады. Бұл процесс қазақ тілінде де үздіксіз жүріп жатыр, әсіресе жаһандану дәуірінде ғылым, техника және әлеуметтік саладағы өзгерістер жаңа терминдердің қалыптасуына ықпал етуде.

Жаңа сөздер көбінесе **технологиялар, экономика, тұрмыстық заттар және қоғамдық қызметтер** саласында пайда болды. Мысалы, ***«ғаламтор»*** (интернет), ***«бағдаршам»*** (светофор) және ***«теледидар»*** (телевизор) секілді сөздер халық арасында кеңінен қолданылады және күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, ***«аспансерік»*** (спутник) немесе ***«қылшот»*** (банк шоты) сияқты терминдер кейбір ресми құжаттар мен мамандандырылған салаларда қолданылғанымен, қарапайым тұрмыста әлі толық орнына қойған жоқ. Бұл құбылыс жаңа сөздердің сәтті немесе сәтсіз енуіне ықпал ететін тілдік ортаның ерекшеліктерін көрсетеді. Тілдегі жаңа сөздер халықтың мәдениеті мен қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта көптеген жаңа ұғымдар қазақ тілінде **жергілікті тілдік ерекшеліктерді сақтай отырып** жасалуда. Бұған қоса, тілдің даму процесінде халықтың жаңа сөздерге қалай қарайтыны да маңызды рөл атқарады. Кейбір

сөздер қабылданбай, олардың орнына орыс немесе ағылшын тіліндегі терминдер қолданыла береді. Мысалы, жастар арасында «спутник» немесе «счет» сөздері жаңа қазақша баламаларына қарағанда жиі естіледі.

Тілдің жаңаруы – қоғам дамуының айқын көрсеткіші. Әрбір жаңа құбылыс немесе ұғым тілде өзіндік атауға ие болуы қажет, себебі тілдің басты міндеті – шындықты бейнелеу және оны жеткізу. Қазақ тілінде жаңа сөздердің пайда болуына көптеген факторлар әсер етеді. Бұл факторлар тілдің табиғи эволюциясымен қатар, қазіргі замандағы әлеуметтік және ғылыми-техникалық өзгерістерге тікелей байланысты. Ғылым мен техника қарқынды дамып, бұрын-соңды болмаған жаңа құралдар мен технологиялар енгізілген сайын, тілде де жаңа сөздер пайда болады. Әлемнің цифрлық трансформациясы қазақ тілін де қамтып отыр. Осыған орай, тілге шет тілдерден енген терминдер қазақша баламалар арқылы аударылып немесе жаңадан жасалады. Мысалы, *«ғаламтор»* (интернет) термині интернет технологияларына қазақ тілінде балама табу мақсатында пайда болып, бүгінде кеңінен қолданылады. Сондай-ақ *«қалтафон»* смартфонның баламасы ретінде ұсынылғанымен, әлі толық орныққан жоқ. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы болашақта да көптеген жаңа ұғымдардың пайда болуына ықпал етеді.

Әлеуметтік және мәдени өзгерістер де жаңа сөздердің енуіне себеп болады. Қоғамдағы жаңа қызмет түрлері мен әлеуметтік құбылыстар қазақ тіліне жаңа атаулар енгізеді. Мысалы, *«демеуші»* сөзі спонсорлықты білдіреді және мәдени-спорттық жобаларды қолдайтын тұлғаларға қатысты қолданылады. Сонымен қатар, ерікті деген сөз *«волонтер»* ұғымына сәйкес келеді және жастар арасында танымалдыққа ие болды. Кейбір әлеуметтік құбылыстарға байланысты жаңа сөздер тез сіңісіп кетсе, басқалары халық арасында жай тарап жатады.

Тұрмыстық қажеттіліктер мен күнделікті өмірде қолданылатын жаңа сөздер де тілдің байлығын арттырады. Бұған *«бағдаршам»* (светофор), *«тұрақ»* (парковка) сияқты сөздерді жатқызуға болады. Олар қоғамның күнделікті өмірінде жиі қолданылып, тілдік қордың тұрақты бөлігіне айналған. Алайда кейбір жаңа сөздер, мысалы, *«суытқыш»*, «*т*оңазы*т*қыш» әлі де кең қолданысқа толық енбеген.

Жаһандану да тілге елеулі әсер етеді. Шет тілдерінен енген сөздер кейде қазақ тілінде аударылып, кейде сол күйінде қабылданады. Мысалы, *«онлайн»* сөзі қазақша «қашықтан» деп ұсынылғанымен, шет тіліндегі нұсқасы басым қолданылады. Сол сияқты, «қылшот» сөзі банк шотының баламасы ретінде жасалғанымен, халық арасында «счет» сөзі жиірек қолданылады. Бұл үрдіс тілдің жаңа ұғымдарды қабылдауға бейімділігін көрсетеді, бірақ кейде шет тілінің ықпалы ұлттық тілдің қолданысын шектеп те жатады.

Мемлекеттік тіл саясатының ықпалы да жаңа сөздердің пайда болуында үлкен рөл атқарады. Мемлекеттік мекемелер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа сөздерді енгізу және оларды қолдану тілдің дамуын қолдайды. Мысалы, *«төлқұжат»* (паспорт) және *«әуежай»* (аэропорт) сөздері қазақ тілінде бекітіліп, ресми құжаттарда және тұрмыстық деңгейде кеңінен қолданылып келеді. Дегенмен кейбір жаңа сөздер бастапқыда тек ресми

деңгейде қолданыста болып, халық арасында танымал болуы үшін уақыт қажет.

Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің күнделікті өмірге енуі әртүрлі факторларға байланысты: олардың ресми мойындалуы, медиа мен әлеуметтік желілер арқылы таралуы, және тіл қолданушыларының жаңа сөздерге деген көзқарасы. Бұл тарауда жаңа сөздердің қолданылу ерекшеліктері талданады.

Ресми және бейресми қолданылуы Кейбір жаңа сөздер ресми түрде мойындалып, құжаттарда, БАҚ-та және білім беру жүйесінде тұрақты қолданысқа ие болады. Мұндай сөздер жиі халыққа түсінікті және заманауи қажеттіліктерге жауап беретіндей таңдалады.

Ресми қолданыстағы сөздер – мысалы, «ғаламтор», «ұялы телефон» сияқты терминдер тілдегі қалыпты лексикаға енді. Бұл сөздер халыққа бірден түсінікті және күнделікті өмірде жиі кездеседі.

Бейресми қолданыс – әлеуметтік желілерде, сөйлесу кезінде жаңа сөздер бейресми сипатқа ие болады. Кейбір шет тілінен енген сөздер бейресми ортада өзгеріссіз қолданылып жатады.

Әлеуметтік желілер мен медиа жаңа сөздердің танымал болуына айтарлықтай ықпал етеді. Бұл платформалар арқылы жаңа ұғымдар мен трендтер жылдам тарайды, сондықтан адамдар арасында жаңа сөздердің кеңінен қолданылуы оңай іске асады.

Ғаламтордың әсері – әлеуметтік желілерде кейбір неологизмдер кеңінен қолданылады, мысалы, «лайктау» немесе «посттау». Бұл сөздер көбінесе жас буын арасында танымал.

Медиа әсері – теледидар, радио, жаңалықтар порталдары арқылы жаңа терминдер қоғамға жылдам таралады. Мысалы, «блогер», «влог» сияқты сөздер медиа арқылы бекітілді.

Қазақ тіліндегі жаңа сөздер тілді дамытуда маңызды рөл атқарғанымен, олардың қолданысқа енуі мен тұрақтануы бірқатар мәселелер туындатады. Бұл мәселелер тілдің тазалығын сақтау, әр буынның жаңа сөздерді қабылдауы және жаңа терминдердің уақыт өте ескіруімен байланысты.

Жаңа сөздерді енгізуде тіл тазалығының сақталуы – өзекті мәселелердің бірі. Шет тілдерінен алынған сөздердің көп болуы кейде қазақ тілінің табиғи құрылымына әсер етуі мүмкін. Әсіресе, халықаралық терминдер қазақшаға аударылмай, сол қалпында қолданыла берсе, тілдегі ерекшелік жоғала бастайды. Шет тілдік сөздердің әсері – басқа тілдерден енген сөздер кейде тілдегі дәстүрлі сөздерді ығыстырады, мысалы, «интернет» немесе «компьютер» сөздері тікелей қазақша баламамен емес, халықаралық термин ретінде қабылданды. Тіл тазалығын сақтау жолдары – әрбір жаңа сөзді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп аудару, неологизмдер енгізуде ұлттық сипат пен мәдени ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Қазақ тілінде жаңа сөздердің пайда болуы – заман талабына сай тілдің даму жолындағы табиғи үдеріс. Әлеуметтік, мәдени және ғылыми-техникалық өзгерістер нәтижесінде жаңа ұғымдар қалыптасып, оларды атауға қажеттілік туады. Жаңа сөздер тілді жаңартып, оны қолдану мүмкіндігін кеңейтеді.

The platform offers over 1 million free lessons created by teachers. Example: A dice roll simulator for learning probability.

4. *Support for All Educational Levels*

For elementary school: Adding fractions using virtual □pies□;For universities: Plotting vector fields or derivative graphs. For example:





Conclusion

Innovative digital platforms are transforming the way mathematics is taught and learned. By integrating gamification, adaptive learning, artificial intelligence, and interactive visualization, tools like DragonBox, Prodigy, DreamBox, and GeoGebra make math more engaging, accessible, and effective for students of all ages. These platforms not only help to deepen understanding of complex concepts but also foster motivation and individual progress. As education continues to evolve, the use of such technologies will play a crucial role in shaping future learning environments and ensuring quality math education for every student.

References:

1. Boaler, J. Mathematical Mindsets: Unleashing Students□ Potential Through Creative Math, Inspiring Messages, and Innovative Teaching / J. Boaler. □ Moscow: Jossey-Bass, 2016. □ 256 p.
2. Dichev, C., Dicheva, D. Gamification in Education: Achievements and Perspectives // International Journal of Educational Technology in Higher Education. □ 2017. □ Vol. 14, No. 9. □ Pp. 1□19.
3. OECD PISA 2022 Results: Creative Thinking. □ OECD Publishing, 2022. 210 p.
4. Nazarbayev Intellectual Schools [Electronic resource]. □ 2023. □ URL: https://nis.edu.kz (accessed: 10.11.2023)
5. GeoGebra [Electronic resource]. □ 2023. □ URL: https://www.geogebra.org (accessed: 10.11.2023)
6. Zhao, Y., Watterston, J. Post-Pandemic Education: Necessary Changes // Educational Research for Policy and Practice. □ 2021. □ Vol. 20, No. 1. □ Pp. 112□130.
7. Walker, A. E., Leary, H. Collaborative Learning in Mathematics: Strategies for the 21st Century / A. E. Walker, H. Leary. □ New York: Springer, 2009. □ 250 p.

Мирам Г.А., студентка 1 курса ПиП
Научный руководитель: Садакбаева А.А.,
магистр пед. наук, старший преподаватель
кафедры филологии и практической лингвистики;
Костанайский региональный университет
им. А. Байтұрсынұлы

ИМИДЖ ПЕДАГОГА В ВОСПРИЯТИИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ

Аннотация. Имидж педагога играет важную роль в процессе профессионального становления студентов педагогического профиля. Он включает в себя как внешние, так и внутренние характеристики: манеру общения, стиль одежды, поведение, компетентность и личностные качества. Восприятие преподавателя формирует у будущих педагогов представление о профессиональных стандартах и идеалах. Позитивный имидж способствует уважению, доверию и мотивации студентов. Именно через образ преподавателя студенты часто выстраивают модель своего будущего профессионального поведения.
Ключевые слова: образ современного учителя, мнение студентов, значимость имиджа, педагогические компетенции.

Имидж педагога - это неотъемлемая часть его профессионального облика, влияющая не только на эффективность взаимодействия с обучающимися, но и на формирование у студентов представлений о профессии в целом. Особенно важно это для студентов педагогических специальностей, так как преподаватели вуза для них выступают примером будущей профессиональной деятельности.

Современные исследования подчеркивают, что имидж преподавателя складывается из нескольких компонентов: внешнего вида, речевой культуры, стиля общения, личностных характеристик, профессиональных компетенций и поведенческих моделей [1]. Внешний образ педагога - это первое, что замечают студенты, и он оказывает влияние на формирование первого впечатления. Опрятность, аккуратность, соответствие профессиональному стилю одежды - всё это воспринимается как проявление уважения к студентам и профессии.

Однако не менее важны внутренние качества преподавателя это эмпатия, уверенность в себе, умение выстраивать конструктивный диалог. Исследования показывают, что студенты наиболее положительно воспринимают тех преподавателей, которые умеют сочетать требовательность с доброжелательностью, быть открытыми к общению и при этом сохранять профессиональную дистанцию [2]. Отмечается, что наличие цифровой грамотности также влияет на имидж преподавателя, особенно в условиях перехода к смешанному и дистанционному обучению [3].

Имидж преподавателя выполняет и формирующую функцию. Он служит примером, на основе которого студенты осваивают не только знания, но и

педагогическую культуру, нормы поведения, речевые и коммуникативные модели. Педагог, обладающий высоким профессиональным и нравственным имиджем, способен мотивировать студентов к саморазвитию и формировать положительное отношение к будущей профессии [4].

Имидж педагога можно рассматривать как многокомпонентную систему, включающую в себя несколько видов: внешний, профессиональный, коммуникативный и ценностно-нравственный. Внешний имидж - это не только одежда, но и осанка, мимика, жестикуляция, голос, манера держаться. Он может создавать как положительное, так и отталкивающее первое впечатление [1].

Профессиональный имидж включает в себя уровень эрудиции, педагогическое мастерство, владение методиками преподавания, а также умение адаптироваться к изменяющимся образовательным условиям. Коммуникативный аспект предполагает открытость, уважение к личности студента, способность слушать и слышать, а также корректную давать обратную связь [4].

Особую роль играет ценностно-нравственный облик педагога, ведь именно через личный пример преподаватель транслирует моральные и профессиональные ориентиры. Студенты педагогического профиля чаще всего выделяют такие качества, как доброжелательность, справедливость, честность и эмпатия, как наиболее важные в образе идеального учителя [2]. Эти характеристики напрямую связаны с формированием у студентов доверия и уважения к преподавателю, а также с их желанием перенимать его стиль общения и поведения.

В современных реалиях формируют новые требования к имиджу педагога, среди которых особое место занимает цифровая грамотность. Умение эффективно использовать технологии в образовательной среде, владение онлайн-инструментами и гибкое реагирование на цифровые вызовы стало неотъемлемой частью профессионального образа современного преподавателя [3]. В условиях стремительно развивающихся технологий это качество становится для студентов маркером актуальности и современности преподавателя.

Анкетирование студентов педагогического профиля позволяет выявить их субъективное восприятие идеального педагога. Большинство студентов отмечают, что наибольшее доверие вызывают преподаватели, сочетающие профессиональную строгость с уважительным отношением, умеющие мотивировать и объяснять сложное простым языком. Важно также, чтобы педагог умел адаптировать свою подачу материала под уровень группы, был чутким к обратной связи и стремился к взаимодействию.

Имидж педагога в восприятии будущих учителей - это не просто образ, а целостная система профессиональных и личностных качеств, на которую ориентируются студенты, выстраивая собственную профессиональную идентичность.

Практическая часть.

Нами был проведён опрос среди студентов 1курса педагогического

университета имени А. Байтұрсынұлы.

Рисунок 1. Диаграмма

Анализ результатов опроса (диаграмма 1)

Вопрос: Какими качествами, по вашему мнению, должен обладать современный педагог?

Наибольшее количество голосов получил вариант «Креативность в подаче материала» - 38,5%. Это говорит о том, что студенты высоко ценят нестандартный и интересный подход к обучению.

Второе место занимает «Способность мотивировать» - 37,2%. Очевидно, что для студентов важна внутренняя энергия педагога, его умение заинтересовать и вдохновить. Ведь педагог служит примером для студентов.

На третьем месте по значимости - «Гибкость в общении с учащимися» и «Терпение и выдержка» по 34,6%, что подчёркивает важность мягких навыков в профессиональной деятельности педагога. Студенты отмечают, что преподаватели, способные адаптироваться к различным учебным ситуациям, учитывать индивидуальные особенности обучающихся и сохранять спокойствие в стрессовых условиях, вызывают уважение и доверие.

Также для педагога важны такие качества как эрудиция 26,9%, стремление к постоянному развитию 24,4% и коммуникабельность 23,1%. Все эти качества в совокупности создают образ современного, профессионально компетентного и вдохновляющего преподавателя.

Менее значимыми для студентов оказались: внешний вид - всего 7,7% и цифровая грамотность - 15,4%, что может свидетельствовать о второстепенной роли этих факторов для студентов, несмотря на цифровую трансформацию образования.

Студенты, в первую очередь, ориентируются на мотивационные качества педагога. Внешние характеристики и даже цифровая компетентность воспринимаются как важные, но не главные.



Рисунок 1. Облака слов

Анализ облака слов

Вопрос: Назовите 3 наиболее важные характеристики педагога нашего вуза.

Наибольшее количество студентов отметило эрудированность наших преподавателей. Студенты высоко ценят глубокие знания и широкий кругозор, это качество ассоциируется с профессионализмом, умением интересно и содержательно подавать материал. Эрудированный преподаватель вызывает уважение, доверие и вдохновляет на учебу. Особенно в педагогическом образовательном учреждений это важно, так как будущие учителя перенимают не только знания, но и образ мышления и поведения.

Многие студенты также отметили доброжелательность, коммуникабельность, компетентность, понимание наших преподавателей. Доброжелательность создаёт безопасную, поддерживающую атмосферу на занятии. Доброжелательный педагог помогает не бояться ошибок, а стремиться к развитию. Способность наладить контакт со студентами, быть доступным, открытым и внимательным к вопросам играет важную роль. Коммуникабельность помогает выстраивать диалог, вовлекать студентов в учебный процесс и учитывать их мнение - это делает занятия живыми и эффективными. Компетентность включает не только знание предмета, но и педагогическое мастерство, методические навыки, уверенность в себе.

Образ преподавателя в восприятии студентов - это сочетание профессиональной компетентности и высоких моральных качеств. Студенты ожидают от педагога понимания, открытости, умения доносить материал и быть человеком, к которому можно обратиться.

Имидж педагога оказывает значительное влияние на профессиональное становление студентов педагогического профиля. Будущие учителя ориентируются на преподавателей как пример профессионального и личностного поведения. Наиболее значимыми качествами, по мнению студентов, являются эрудированность, доброжелательность, коммуникабельность, компетентность и понимание, что подчёркивает важность

сочетания высокого уровня знаний с личностной зрелостью. Позитивный имидж педагога способствует формированию у студентов мотивации, уважения и стремления к педагогическому мастерству.

Литература:

1. Морозова Т.М. Имидж преподавателя как фактор педагогического воздействия. — М.: Образование, 2019.
2. Серикова Ж.А. Личностные характеристики современного педагога: восприятие студентов. // Вестник психологии и педагогики. — 2021. — №3. — С. 45–50.
3. Иванова О.Н. Цифровая грамотность как компонент профессиональной компетентности педагога. // Современное образование. — 2022. — №1. — С. 23–28.
4. Куликова Л.В. Профессиональный облик преподавателя вуза: взгляд студентов. // Педагогика и общество. — 2020. — №6. — С. 61–65.

Нурсеитов Т.А.
психология мамандығының 4 курс студенті.
Ғылыми жетекші: Қайыпбаева Айжамал
ф.ғ.к., профессордың м.а
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай
өңірлік университеті .

Адамның тұлғалық қасиеті – қарым-қатынаста.

Аңдатпа

Мақалада қарым-қатынастың құрылымы мен атқаратын функциясының күрделілігі қарым-қатынастың өзара байланысы және әлеуметтік-психологиялық біліктілік өзін қоршаған адамдармен тұлғааралық қатынастар жүйесінде тиімді әрекеттесе алу қабілеті қарастырылады.

Кілт сөздер: тіл табысу, тұлғаны дамыту, қарым-қатынас, әлеуметтік-психологиялық,мінез-құлық.

Уақыт пен кеңістікті абсолюттік ақиқат екенін философия ғылымы әлдеқашан айқындаған. Тек адамзат қана емес, бүкіл әлем, болмыс, осы екі ұғым аясында өмір сүреді. Сондықтан да осы екі ұғым – бүкіл жаратылыс дүниесіндегі ақиқаттың ақиқаты. Уақыт - адамзат санасында мейлінше орныққан, барынша кең ауқымды құрайтын, басты ұғым. Әлемдегі барлық этнос, халықтардың рухани мәдениетінде , қарым-қатынасында уақытқа деген көзқарасы, танымы айқын қалыптасқан.

Жеке тұлғаның қарым–қатынасы да уақыт пен кеңістіктегі ақиқат. Адамның қарым-қатынасы оның тіршілігінің бейнесі. Ол адамның дүниетануында, мәдени өмірінде, тұрмыс салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандрудағы адамға тән табиғи қасиет.

Қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, тапққырлығы мен ақыл – ойына, парасатына байланысты жүзеге асып отыратын қажеттілігі. Тіл табысып өзгелермен қатынас орнату әрбір адамның өзіндік талғам тілегін, ықылас – ынтасын жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді. Қарым – қатынас нәтижесінде адамның тұлғалық қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жанашырлығы сезімі, ізгі көзқарасы қалыптасады. Тіршілік ортасы мен өмір сүрудің сан алуан сырларын біліп, жеке басының қадір – қасиетін арттырады. Тұлғаны дамыта оқыту мәселесін зерттеген В.В.Давыдовтың пікірі бойынша жеке тұлға дегеніміз-жаңа материалдық және рухани өнімді өндіруші әрекет субъектісі. Осылай өнімді өндіру шығармашылық болып табылады [1]. Қарым-қатынас күрделі шығармашылық әрекет.

Л.С.Рубинштейн «дамудың негізі себептердің ішкі жағдайға байланысты әрекетінде. Сондықтан өзіндік белсенділік балада /оқыту, ішкі жағдай/ туындаушы емес, бастапқы болады. Бастапқы болып қалатындар осы ішкі әсерлер, нормативтік қоғамдық үлгілер т.б., бірақ олар жанама түрде адамның барлық өмірінде ішкі жағдайлардың тұтас жүйесіне/ тұқым қуалау, өмірлік тәжірибе/ және адам тұлғалығына басымдық танытады. Яғни, қандай да болсын ішкі себептердің әрекеттесуі дамудың ішкі негізіне байланысты» болатынын көрсетеді [2].

Қарым – қатынас мәнін анықтауда оның функционалдық және деңгейлік ұйымдасуы жайлы зерттеулердің маңызы ерекше (Б.Д.Парыгин, Г.М.Андреева, А.А.Бодолев, А.А.Брудный, А.А.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, Л.А.Карпенко, В.Н.Панферов, Е.Ф.Тарасов, Я.Яноушек және т.б.) [3]. В.Н.Панферов қарым – қатынасты: байланыс, өзара әрекет, таным, өзара қатынас деп бөліп, осыған сәйкес қарым – қатынасты зерттеуде: коммуникативтік, ақпараттық, гностикалық және реттеушілік бағыттарды ұсынған.

Қарым-қатынастың құрылымы мен атқаратын функциясының күрделілігі қарым-қатынастың өзара байланысты үш жағынан байқалады. Олар:

- ақпараттық (немесе коммуникативтік), қарым-қатынасқа түсетін адамдар арасында ақпарат алмасу жүреді;
- өзара әрекеттесу (немесе интерактивтік) қарым-қатынас жасаушылардың білім, идея, жай-күй ғана емес әрекет алмасуларымен ерекшеленеді.
- түсінісу (немесе перцептивтік), қарым-қатынастағы серіктестердің бір-бірін қабылдауы, бағалауы және түсінуі болып табылады.

Коммуникативті жағы- ақпарат алмасуда, интерактивті – қарым – қатынас серіктерінің қарым – қатынасының таңбалық жүйелерін кодтау, өзара әрекеттерін реттеуде, перцептивті - әңгімелесушіні салыстыру, сәйкестендіру, апперцепция, рефлексия сияқты механизмдердің көмегімен «оқу» кезінде бір-бірімен байланысты жүзеге асырылады.

Қарым қатынас – а) Бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындайтын, құрамына ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, өзге адамды қабылдау және түсіну, адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының күрделі, көп мақсатты процесі; б) Субъекттердің белгілілік құралдармен жүзеге асырылатын, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындаған және серіктесінің жай-күйін, мінез-құлқы мен тұлғалық-маңыздылық құрылымын өзгертуге бағытталған өзара әрекеттесуі.

Қарым-қатынаста бірінің әрекеті екіншісінің әрекетіне бейімделуіне қол жететін кемінде екі адамның әлеуметтік коммуникациясының не қарым-қатынасының формасы - әлеуметтік әрекеттестік болып табылады. Тұлға диспозициясы – әрекеттің белгілі бір жағдайлары және осы жағдайлардағы белгілі бір мінез-құлықты қабылдауға деген бейімділіктердің жүйесі.

Әлеуметтік институт – адамдар бірігіп әрекет етуін ұйымдастырудың тарихи қалыптасқан, тұрақты формалары. Өмір салты – адамның тарихи нақты әлеуметтік қатынастары типтік болып табылатын өмір сүру формасы. Фактілік қатынас – коммуникативтік құралдарды тек қатынас процесін қолдау мақсатында ғана пайдаланатын қатынас.

Әлеуметтік-психологиялық біліктілік – индивидтің өзін қоршаған адамдармен тұлғааралық қатынастар жүйесінде тиімді әрекеттесе алу қабілеті.
Формасы мен түрі жағынан қарым-қатынас алуан түрлі. Психологтар тікелей және тұспалдық, тура және жанама, вербалды (сөзбен) және бейвербалды т.б. қарым-қатынас түрлерін көрсетеді.

Психикалық процестер, адам мінез-құлқының қалыптары мен ерекшеліктері дәл осы қарым-қатынаста туындайды, іске асады және танылады.

Өзінің міндеті бойынша қарым-қатынас көп функциялы. Оның мынадай негізгі функциясын бөліп көрсетуге болады [4]:

1. *Прагматикалық функция* адамдардың біріккен іс-әрекеті процесінде өзара әрекеттесуде жүзеге асады.М:-Осынынымыз дұрыс болар,сірә,қалай ойлайсыз,бір нәтиже шығатын сияқты.

2. Қарым-қатынастың *қалыптастырушы функциясы* адамның тұлға ретінде даму және қалыптасу процесінде танылады. Үлкендермен қарым-қатынас жасамастан ешкім қазіргідей бола алмас еді.М: Ой, бәрекелді,жігіт екенсің,айналайын,осы бетіңнен тайма!

Даму барысында бала мен үлкен адамның сыртқы қарым-қатынас формалары ішкі жоспарға айналады.

3. *Растау функциясы*. Біз өзге адамдармен қарым-қатынас жасағанда ғана өзімізді өзіміздің алдымызда танып, түсініп, растай аламыз. Өз құндылығының мойындалатындығына көз жеткізу үшін адам өзге адамдардың қолдауын іздегенде осы функция көрінеді. Уильям Джеймс өзі адам үшін «қоғамда өзімен өзі қалдырылып, мүлдем ескерусіз қалғаннан артық жаза жоқ». Кейде психологтар бұл жағдайды «расталмау» деп атайды.М:Ой,соны қойшы,ол бір жүрген әңгүдік.

4. *Тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру және қолдау функциясы*. Кез-келген адамның қарым-қатынасы өзге адамдарды бағалаумен және белгілі бір –

жағымды немесе жағымсыз эмоциялық қатынасты орнатумен байланысты. Тіпті бір адамның өзіне әр түрлі жағдайда біз түрліше қатынас жасаймыз.

5. *Тұлға ішіндегі қарым-қатынас формасы*. Өз-өзімен жүргізетін диалогтың негізінде адам белгілі бір шешімдер қабылдап, маңызды әрекеттерге барады. Мұндай «ішкі» қарым-қатынасты адам ойлауының әмбебап тәсілі ретінде қарастыруға болады. Психологияда қарым-қатынастың негізгі үш типі: манипуляциялық, императивті және диалогтық көрсетеді.

А. Императивтік қарым-қатынас, кейде өктемшіл немесе директивті деп атайды. Ол қарым-қатынастағы серіктестерінің бірі екіншісінің мінез-құлқы мен ойын бақылауға, қандай-да бір іс-әрекетке итермелеуге талпынуымен ерекшеленеді. Бұл жағдайда қарым-қатынастағы серіктес басқаруды қажет ететін машина сияқты, жансыз обьект ретінде қарастырылады; ол пассив, «ырықсыз» жақ болады. Императивті қарым-қатынас құралы ретінде бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер, талаптар, қорқыту және сол сияқтылар қолданылады.

Дегенмен кей мамандықтарда қарым-қатынастың бұл түрі өте тиімді қолданылады. Бұған: барлық әскери уставпен анықталған, әскердегі қатынас; талқылауға уақыт жоқ, ал кез келген кідіру орны толмайтын шығындарға алып келетін төтенше жағдайлардағы барлық жұмыс түрлері. Бірақ императивтің қолданылуы орынсыз болатындай салаларды көрсетуге де болады. Ол достар, жұбайлар арасындағы қарым-қатынас, бала – ата-ана, сондай-ақ педогогтік қатынастардың бүкіл жүйесі.

Б. Манипуляциялық қатынас императивтікке ұқсайды. Оның мақсаты - қарым-қатынастағы серіктесіне ықпал ету. Бірақ бұл жерде көздегеніне қол жеткізу жасырын жасалады. Императив сияқты манипуляцияда екінші адамның мінез-құлқы мен ойын бақылауға ұмтылады. Манипуляция бизнесте және ресми қатынастарда жиі кездеседі.

Өзгені өзінің ықпал ететін объектісіне айналдыру арқылы, шынайы серіктесін көрмей, байқамай, өз-өзімен өзінің мақсаттары мен міндеттерімен қарым-қатынас жасайды.

В. Диалогтық қарым-қатынас өктемшілдік және манипулятивтік типтерге қарсы, ол серіктестер құқықтарының теңдігіне негізделген. Диалогтық қарым-қатынас тек бірқатар арақатынас ережелерін сақтағанда ғана жүзеге асады. Диалогтік, басқаша айтқанда гуманистік қарым-қатынас түсінісудің, ашылудың анағұрлым терең деңгейлеріне жетуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынасты қарастыру бұл құбылыстың күрделілігін, алуан түрлілігін оның функцияларының көп сатылылығын көрсетеді [5].

Қарым-қатынас адам дамуының қайнар көзі.Ол бірлескен іс-әрекеттегі адамдар арасындағы ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны шешу процесі. Бірлескен іс-әрекетті тудыратын қажеттілік, ары қарай қарым-қатынасты орнату стратегиясы жоспарланады. Қарым-қатынас адамның қабілетін, дүниетанымын,рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жолы. Тұлға әрекетінің негізгі түрлері осы қарым – қатынас арқылы дамып жетіліп жүзеге асады. Өзге адамдармен қарым-қатынаста бола отырып адамзат жинаған білімді, оның тәжірибесін, заңдары мен нормаларын құндылықтары

мен әрекет ету тәсілдерін меңгеру арқылы адам тұлға ретінде қалыптасады.

Елдің ел болуы рухани құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа ұласып, буындар бірлігін сақтаушы болатын сабақтастықта жатыр. Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында әрбір тұлғаның өзі өмір сүріп жатқан қоғамдағы қарым-қатынасы ұлттық дәстүр мен мәдениетті жүйелі жаңғыртуда өте қажет /6-3б/Ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын белсенді түрде меңгеру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении. М.:Педагогика,1986/.
2. Рубинштейн Л.С.Человек и мир. М.:Наука.1997
3. Елеусізова С. Қарым – қатынас психологиясы. – А., 1995 – 64б.
4. Леонтьев А.А. Психология общения. 2-е изд., - М., 1997.
5. Джакупов С.М. Экспериментальные исследовния этнических предубеждений // Теоретические и прикладные проблемы социализации личности: Межвузовский сборник научных трудов. Часть III. / Под.ред. С.М. Джакупов. –Алматы, 2002. -162 б.
6. Мұхтар Құл-Мұхаммед «Ұлттық болмыстың негізі» «Казахстанская правда» газеті,3б.2004ж.тамыз.

Сабанова Х.К., 1 курс студенті ФСГН
Ғылыми жетекші: Шолпанбаева Г.А
педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы
А. Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ

ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНЫҢ ПРАГМАСТИЛИСТИАКАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ телевизиясының прагмастилистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ телевизиясындағы ана тіліміздің бүгіні мен болашағын бағдарлау тіл мамандарының міндеті болып саналады. Прагмастилистика саласы когнитивті лингвистика, психолингвистика, сөз мәдениеті, лингвомәдениеттану мәселелерін де басшылыққа алады, осы салалармен байланысты тіл көрінісін анықтайды. Қазақ телевизиясы прагмастилистикасының өзекті мәселеге айналуына бағдарламалардың, телехабарлардың публицистикалық стильден ауызекі стильге ойысып жатқаны себеп болып отыр. Телебағдарламалардың рейтингісінің төмендеуі, теледидар көретін жұртшылықтың азаю себебі сөз қолданысының, сөздің әсер етуші күшінің төмендеп бара жатқандығынан деп білеміз.

Кілт сөздер: публицистикалық стиль, адресант, прагматикалық әлеуеті, көркемдік тәсіл,стильдік амал-тәсілдер

Кіріспе

Прагмастилистика стилистикалық және прагматикалық зерттеулерінің тоғысында пайда болып, пәнаралық ғылыми сала ретінде қалыптасты. Тарихи алғышарттардың (ХХ ғ. 60-шы жж. тіл білімінде қалыптасқан тілдің динамикалық аспектісін зерттеуге деген қажеттілік),ізденістер мен зерттеу объектісінің (сөйлеу коммуникациясы тілдік іс-әрекет процесінде тілдің қызмет етуі және оның нәтижелері мәтіндерде) ортақтығын анықтай отырып, прагматика мен стилистика қатар дамыды. Стилистика өзінің зерттеу нысанына сәйкес прагматикамен тығыз байланысты. Бұл туралы зерттеушілер:“функционалды стильдермен қызмет көрсетілетін қарым-қатынастың типтік салалары олардың прагматикалық талғамын анықтаса, ал бірқатар стильдер үшін (атап айтқанда, ресми, публицистикалық) прагматикалық компонент жанрларды дифференциялауда айқындаушы болып танылады. Екі ғылыми пән де сөйлеуді зерттеп, коммуникацияның мақсатына жету үшін (стилистикада бұл қарым-қатынастың нақты саласының жалпы мақсаты, прагматикада бұл нақты сөйлеу әрекетінің болып жатқан уақытындағы мақсаты) құралдарды таңдауға бағыттайды”, – дейді. [1, 41б.].

Публицистикалық стиль – жұртшылықтың әлеуметтік маңызы бар мәселелерін қарастырады, белгілі бір мәселе төңірегінде көпшілік пікірін қалыптастырудың маңызды құралы. Бұл стильдің түрлі жанры қоғамдағы оқиғаларды, елдің ішкі-сыртқы саясатын, ұлттың мәдениеті мен мораль мәселелерін сөз етеді. Публицистиканың мақсаты – көпшілікке әсер ету, оқиға мен құбылыстардың мәнін ашып, көпшіліктің назарын аударту. Қызметі сан алуан:саяси және идеологиялық рөл атқарады; әлеуметтік институттардың қызметіне әсер етеді;қоғамдық тәрбие, үгіт-насихат құрал әлеуметтік ақпаратты ұйымдастыру және беру тәсілі. Тілдік құралдары: стилдік амал-тәсілдер, перифраздар, риторикалық сұрақтар, антитеза т.б. Ахмет Байтұрсынов еңбегінде тіл қолданысы, тіл қисыны, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі деген мәселелер сөз етіледі. Осы айтылғандардың бәрі прагмастилистика ғылымының зерттеу нысанына негіз бола алады. Бұған: “айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білу тиіс”деген ғалымның сөзі дәлел бола алады[2, 254 б.].

Профессор Д.А. Әлкебаева публицистикалық стильдің хабар беру мен әсер ету ықпалын былай деп түсіндіреді: “публицистикалық стильдің хабарлама функциясы тілдің құрылымдық жүйесінің, бейтарап сөздердің қабатын құрайды. Олар – ұлттық тілдің сөз байлығы, стандарт сөздердің лексикалық қатарлар тізбегі. Мәдени коммуникацияда стилистикалық амал-тәсілдер хабарлама жеткізу үшін ауызша және жазбаша тілмен берілетін шығарманың стилистикалық нормасы жасалады. Тілдің стилистикалық әсер ету және прагматикалық мақсат ету функциясынан концептуалды сөздер (бағалаушы лексика), көркемдік тәсіл, сөйлем құрамы, сөйлемдердің компоненттерінің

құрылымдық ерекшеліктері айқындалып отырады. Хабарламалық және әсер ету функциясының өзара ортақ қызмет бірлігінен сөздің экспрессивтігі және стандартты сөз үлгілері публицистикалық стильдің негізгі стильдік базасын құрайды, оның жазылуын тездетеді және қоғамдық қызметінің әмбебаптық рөлін арттырады”[3,36 б.].Публицистика интеллектуалдық және эстетикалық тіл мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Б. Қапасова “публицистикалық стильдің белгілі бір тыңдаушысы, жұртты қыздырып, елітіп әкетер күші бар” деген пікір айтады [4,36 б.]. И.П.Сусов [5,180 б.].,Н.Д. Арутюнова [6, 56б.]. сияқты ғалымдар прагматикатілдік байланысты аса зор қуатты құрал екендігін дәлелдеген. Публицистика жанрларының тууына түрлі факторлар себепші болады. Уақыт, кеңістік, оқиға, қажеттілік, ұлттық тіл және менталитет, шығармашылық мүмкіндік сынды дүниелер стиль жанрларын туғызуға әсер етеді. Телевизия жанрларының репортаж, корреспонденция, интервью сияқты түрлері телевизия тілінің прагмастилистикасын анықтауда бағдар бола алады. Тілді стилистикалық қолдану оған нақты сөйлеу функциясын(белгілі бір функционалды стиль арқылы), репрезентативті (ойдың пәніне бағыттау), байланыс орнату (сөйлеу актісіне қатысушыларға, олардың арасына байланыс орнатуға бағыттауды) және тілдің жекелеген бірліктерінің көпқырлы стилистикалық қызметін орындауға мүмкіндік береді. Телевизия мәтіні – ауызша сөйлеу формасындағы мәтін. Телевизия тіліндегі сөз жанрлары түрлі болғанымен, адресанттардың тілдік бірліктерді таңдау барысы ұқсас келіп жатады. Алайда әсер ету, сөйлеушінің прагматикасы, мақсаты телевизия көрінісінде әр түрлі ауқымда анықталады: - адресатқа ақпаратты жеткізу; - коммуниканттармен байланыс жасай отырып, көтерілген тақырыпты дамыта түсу; - сыни пікір туғызу; -пікірге келісу немесе келіспеу; -сөйлеу әрекетін шарықтату; - қорытынды сөзге талпыну. Коммуникацияға қатысушылар әр кездегі сөйлеу қарым-қатынасындағы түрлі жағдаяттарға тәуелді. Сөйлеу жағдаятына байланысты сөздің прагматикалық тәртібі де өзгереді. Прагматиканың теориясы сөйлеу актілерінде анықталады. Теледидарда ақпараттылық постулат, шындық, релеванттылық, анық сөйлеу(мәнер) толық сақталуы тиіс. Оның прагматикасы: - анық түсіндіру; - қысқа әрі тұжырымды сөйлеу; - түсініксіз сөздерді болдырмау; - бір мәнді тұжырымдар айтпау; - ұйымдастыруға машықтану. Айтушы аудиторияға сөзді жеткізу барысында сөздің мағынасын біліп жұмсауы, сөздерді тіркестіре алуы, эмоционалды, бояулы сөз өрнектерін пайдалана білуі, грамматикалық құрылымдарды дұрыс түрлендіре алуы шарт. Медиа-дискурста прагмастилистикасы субъект категориясына негізделіп айқындалады. Субъект категориясы коммуникаторлар мен реципиенттің прагматикасына орай жіктеледі. Реципиенттің прагматикасы сөйленетін сөзді қабылдау арқылы шығады. Телевизия тілінің көрерменге ықпал етуі түрлі әдіс-тәсілдермен іске асады: - көркемдеуіш құралдарды тиімді қолдану; - стереотиптерді қолдану; - ирония арқылы; - психологиялық жағынан ықпал жасау, яғни сақтандыру секілді амалдар; - статистиканы айту. Қиын жағдайларды қабылдау үшін, қажет күш-жігерді үнемдеу үшін адам миында сақтайтын шағын “әлем суреті” болады. Аталған “стереотип” ұғымы өткен ғасырдың 20-шы жылдары пайда болды. Оны ғылыми әдебиетке американдық

ғалым У. Липпман енгізді. Сөйлеу стереотипі ақпаратты мазмұнды және жылдам жеткізуге қатысады. Қажетті сөз оралымдары ретінде саналатын стереотип тілдік бірліктер сөйлеуші санасында орныққан. Стереотиптердің бір ерекшілігі сөз байланысын сақтау үшін жұмсалады. Стереотиптердің телевизия көрінісіндегі прагматикалық қызметі: - ауызша сөздің табысты өтуін жүзеге асырады; - ақпарат жүгін жеңілдету үшін жұмсалады. Телевизия тіліндегі сөйлеу стереотиптерінің басты критерийлері: - жүргізушінің сөздік қорындағы дайын тілдік қолданыстар; - телевизия тілін сыпайылау; - ұғымдарды қарапайым ету. Ақпараттың болуы,ақпараттар арасындағы айырмашылықты фактуалдық, концептуалды, мазмұнды-түпкі (подтекст) деп үшке бөліп қарастыруға болады. Фактуалдық ақпаратта елестетуге болатын әлемдегі оқиғалар, процестер, ғалымдардың тұжырымдары, көзқарастары, гипотезалар орын алады. Бұл ақпарат түрі анық сипатта, көбіне ауызша айтылады. Мазмұнды-концептуалды ақпарат оқырманға автордың көзқарасын, ойын білдіреді. Себеп салдарлық байланыстарды түсіндіреді. Бұл ақпарат түрі көбіне көркем және ғылыми мәтіндерде кездеседі. Түпкі мазмұндағы ақпарат – факультативтік ақпарат. Тілдік бірліктер арқылы коннотативтік мағыналар қалыптасады. Бұл мағыналар подтекстте жатады. Түпкі ақпарат мәтіннің мән-мағынасын айқындайды. Телевизия тілінің сипатына қарап, ондағы берілетін ақпарат түрі мазмұндық-фактуалдық ақпаратқа жатқызылады. Себебі, теледидардағы хабарлар тілі көпшілікке түсінікті, ешқандай түпкі ойды іздеп жатпайтындығымызда сөзіміздің дәлелі бола алады. Сондықтан әсер етудің екі түрлі сипаты көрініс табады: - интеллектуалдық: нысандық, дескриптивті, фактуалды, концептуалды ақпарат; - прагматикалық ақпарат:тыңдаушыға әсер етудің ең басты шарты ретінде прагматикалық функциястилистикалық тілдік амалдар арқылы жүзеге асырылады. Әдістеме. Осы айтылғандарға талдау жасап көрсек. Тіршілік нәрі сағатпен ғана беріледі (“Біздің назарда”). Бұл мысалда су сөзін “тіршілік нәрі” деп берген. Тыңдаушының бұл ақпаратты қабылдауы оның танымдық мүмкіншілігіне байланысты. Мұның астарында ащы судың ащы шындығы жатыр. “Ащы су” сөзі “арақ” сөзін алмастырған. Перифразды қолдану сөзге түсініктеме беру, сипаттама айту арқылы көрінеді. Тыңдаушыға да зор әсерін тигізеді. Перифраздар эвфемистік сөз жүйесіне жақындайды. Мысалы, Баяғы жартас – сол жартас.Ауру қалса да әдет қалмайды.Жаман адам аяққа қарайды деген.(Қалаулым). Осы секілді мақал-мәтелдерді қолдану коммуниканттардың сөз ұту, ой жеткізудегі өзіндік прагматикасы саналады. Бағдарламаларда төл сөздің төлеу сөзге айналған формасы ұшырасады. Мәселен, Жылтырағанның бәрі алтын емес екені дәлелденіп жатыр. Адресанттың прагматикасына орай осындай қолданыстар кездесіп отырады. Адресант өзінің сөздік қорында осындай мақал-мәтелдерді пайдаланады. Қазақ: “Ауруда шаншу жаман,Сөзде қаңқу жаман” -дейді. Елдің сеніміне селкеу түсірген не? (“Мәселе” бағдарламасы).Жүргізуші осы мақалды қолдану арқылы постпозициядағы сөзді анықтау мақсатын ұтымды пайдаланады. Ел болам десең экраныңды түзе дейтін кез келді. Бұл сөйлеушінің прагматикасына орай мақалдың өзгерген түрі ретінде сипат алған. Яғни, жүргізуші халық санасында бұрыннан орныққан ауызша сөз үлгісін өзгертіп ашуға тырысады. Оқусыз білім

жоқ, Білімсіз күнің жоқ. Рас, солай еді. Ал, қазір “Ақшасыз білім жоқ, дипломсыз күнің жоқ” деп түсінеді көпшілік. Сол себепті, жаппай жоғары білім алуға ұмтылады. Мақалдың автор қолданысына сай өзгертіліп қолданылуы да белгілі бір прагматикалық шартқа сай. Мақал – сөзді дәлелді етіп жеткізу үшін, сөз әсерін арттыру үшіндайын тілдік қолданыс. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді деген. Сауатсыз жарнамамен күресте қоғам жұдырық болып жұмылмай, тіл басқармасындағы бірнеше маманның тірнектеп түзеткені мәселені түбегейлі шешпейді. Бұл мақал тілдік қолданыста сирек ұшырайды. Бірақ, публицистикалық стильде мейлінше көп жұмсалады. Бірлік тақырыбындағы мақалдың жұртшылық, халық үшін маңызы зор.Адресантты, көрерменді қозғаушы күш деп есептесек, журналисттің бұл мақалды айтуы прагматикасының бір көрінісі екенін ұғынуға болады. Қына тасқа бітеді,Білім басқа бітеді. Бала шақтан болашаққа бағытталған бәріміздің санамызда сайрап тұратын мәтел еді бұл. Бірақ, бүгін басқа біткен білімді қажетке жарату үшін тәжірибенің тас түйін болуы шарт (“Мәселе” бағдарламасы).Мысалдардан көріп отырғанымыздай,мақал-мәтелдердің жұмсалуы авторлық жаңа сөз қолданысын туғызуға мүмкіншілік жасайды, ойды дәлелді етуге, дамытуға ықпал етеді.

Нәтижелер

Қанатты сөздердің прагматикасына сауалнама әдісін жүргізу кезінде “Аудиторияға әсер ету үшін қандай тілдік бірліктерді көп қолдану керек?” деген сұрақ қойылған еді. 73 адамның 34-і яғни, 47,9% қанатты сөздерді деген нұсқаны таңдаған. Бұл ең жоғары көрсеткіш есебінде анықталды. Алайда, телебағдарламаларда қанатты сөздердің жұмсалуы аз екенін байқаймыз. Қанатты сөздердің прагматикасы қандай? Оны мысалдар арқылы дәлелдей аламыз. Өлеңдегі емес, өмірдегі сөз арасы бөтен һәм кемтар сөзбен бүлінгелі қашан. Олқылықтан орға кетіп барады. Мұндайда Мүсіреповше айтсақ,“Тіл салақ сөйлегеннен бұзылады”.Бұл мысалда қанатты сөз адресанттың кейінгі қолданысында айтылады. Яғни, жағдаят қорытындысы ретінде Мүсіреповтің сөзін келтіреді. Адресант прагматикасы олқылықтың көрінісін адресатқа сездіру үшін, жеткізу үшін осы қанатты сөзді қолданған. Бауыржан Момышұлы “Тіл тазалығы үшін күрес –ешқашан толастамайтын мәңгілік күрес” депті бұрын. Көрейік. Бауыржан Момышұлының айтқан пікірін басшылыққа ала отырып, адресант өз пікірін дәлелді жеткізу үшін жұмсайды. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Бұл Ғабит Мүсіреповтің сөзі. Қол үзбеу үшін қатардағы сіз бен біз біздің мойнымызға қандай жүктің артылатынын, қазақтың тілін мазақ қылмақ болғандардың қандай жауапқа тартылатынын айттық.“Қол үзу” фразеологизмі баяндауыштың қызметінен шылаумен тіркесіп пысықтауышқа ауысады. Телебағдарламалардағы тележүргізушілердің сөзінде тұрақты қолданыстар ұшырасады. Бұл қолданыстар хабардың басында және соңында айтылады. Тұрақты қолданыстар стандарт бірліктерге енеді. Тілдік стандарттар мәтінді үйреншікті қалыпта тез қабылдауға мүмкіндік береді. Әркімнің өмірде өз жолы бар. Ал, оны дара ету өз қолдарыңызда(“Дара жол” бағдарламасы). Мәселе мақұлмен емес, ақылмен шешіледі. Елдің мұңын мінбердегілерге жеткізу үшін

сенбінің кешінде Қазақстанның басты арнасында жолықтық сізбен. Үш жүзінің арасын үтір ғана бөліп тұрған Қазақ елі, ассалаумағалейкум!Төре тұрып төр берген, қожа тұрып қол берген қазақ елі, бүгінгі тікелей эфир осымен тәмам. Келесі сенбіде дәл осы жерде, дәл осы уақытта қайта жолыққанша, көрермен! Мәселенің желідегі парақшаларына хат-хабар жолдасаңыз болады. Қаперіңізде болсын! Мәселе мақұлмен емес, ақылмен шешіледі (“Мәселе” бағдарламасы). Сіз қауіпсіз ортада өмір сүруді қалайсыз ба? Онда кез келген келеңсіздікке көз жұмбайлық танытпай, азаматтық қоғамды бірге дамытайық. Армысыздар! Түйткілдің бәрі біздің назарда, алдымен аңдатпа. Сізді мазалаған кез келген мәселе біздің назарда (“Біздің назарда” бағдарламасы). Армысыздар ардақты көрермен! Танымал жандардың жан сыры, өмір туралы толғаныстары, мәнді, мағыналы пікірлері, ешкімге ашпаған құпиялары Қарақатпен, менімен шәй үстінде айтылады (“Қарақатпен шәй”). Тұрақты қолданыстар мақсатты түрде жұмсалған. Хабарды тез жеткізу үшін пайдаланылады. Мақсатты қолданыстарды жұмсай отырып, лингвистикалық манипуляция, яғни сөз арқылы ықпал етіп басқару жүзеге асады. Мысалы, “Арнамыздан алыстамаңыздар”, “Бізбен бірге болыңыздар” деген секілді сөйлемдерде манипуляция орын алған. Яғни, аудиторияны арнадан алыстатпау мақсатымен жүргізушінің ықпал ету әрекеті көрінеді.

Талқылау

Публицистикалық стильдің хабар беру функциясында қоғамдық-саяси тілдік бірліктер прагмастилистикалық қызмет атқарады. Мысалы, көлеңкелі экономика – экономиканың халахуалының төмендігін айту мақсатында алынған тіркес.Апатты үйдің қабырғасы қақырап, іргесі сөгілгелі тұр. “Апатты” деген заттанған сын есім бағалау категориясы ретінде көрінеді, қоғамның келеңсіз мәселелерін таныта алады. Мысалы, осы апатты сөзі арқылы апатты жағдай, апатты оқиға секілді қолданыстар да прагмастилистикалық тұрғыдан жұмсалады. Бір көзінен жас, бір көзінен қан аққан шығар(“Дара жол” бағдарламасы, Әбиірбек Тінәлінің дара жолы). Бұл мысалда сөйлеуші аудиторияға ықпал жасау үшін, параллелизм орнатып, “бір” сан есімін “көз” есім сөзімен тіркестіре отыра, жалпының жалқыға бөлшектенуін танытқан.Сан есімдердің стильдік мәнінің тұрақтылығын анықтайтын көрсеткіш ретінде олардың басқа сөз таптарынан жасалмайтындығын айтсақ болады.Телебағдарламаларда сан есімдердің жұмсалуында аудиторияны толқыту,әсер ету қызметі зор. Жалпы 7,5 млрд адамның 3,5 млрд-ы көгенделген қозыдай күн ұзаққа ғаламторға телміріп отырады екен. Кәмелет жасына толмаған балалардың 80 пайызының интернетте жеке аккаунттары бар екен. Бірақ, ол жерде жеткіншектердің не көріп, не үйреніп жатқаны бір Аллаға аян, ата-анаға емес. Осындай статистикаларды беру реципиенттердің алаңдаушылығын туғызады, жүргізуші өз сөзін дәлелмен келтіреді, қоғамдық мәселені көтереді. Яғни, сан есімдердің стильдік мүмкіншілігі, оның қолдану өрісі, жұмсалу аясы статистикалық мәліметтерден көрінеді. Ал, қоғам үшін статисканың маңызы өте зор.

Қорытынды

Қазақ телевизиясының прагмастилистикасын зерттеуде лингвистиканың

ішкі және сыртқы салаларын қатар қарастырып, тілдің қолданылу және жұмсалу аясын тануға мүмкіндік туады. Адресанттың прагматикалық мақсаты көрерменге ақпаратты тез әрі оңай қабылдату екені, адресанттың кәсіби шеберлігін көрсетуі, шындық пен дәйектілікке сендіру, сөйлеуші эмоциясын, интенциясын ұқтыру мәселелері сөзді қолдану жағдайымен тікелей байланысты екені анықталады. Прагмастилистика саласындағы зерттеулердің бүгінгі таңда маңызы зор. Тіл тазалығын сақтап, сөз құдіретін түсініп, тілді таңбаға айналдыруда мақсатқа сай, стильдік тұрғыда қате жібермей, тілдік нормаға сәйкес сөз сөйлеу телевизиядағы адресанттар үшін басты қағида болып табылады.Ендеше, телевизия сөз қолданудың, сөз жұмсаудың басты өлшемдеріне сай болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кожина М.Н. Стилистика русского языка. – Москва, Наука,2008. – 464с.-книга
2. Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы, 2013. – 637б.-кітап
3. Алкебаева Д.А.Қазақ тілінің прагмастилистикасы. –Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 258б.-кітап
4. Қапасова Б.Қ. Тіл мәдениеті, шешендік өнер. – Алматы, 2014. – 258 б.-кітап 5
5. Сусов И.П. Лингвистическая прагматика. –Винница: 2009. – 272с.-книга
6. Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений. –Москва, Наука, 1988. –278 с.-книга.

Saikenov H-M. K., 3rd year student of the speciality
"Foreign language, two foreign languages"
Supervisor: Solovyova N. A.,
Candidate of Pedagogical Sciences;
Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University

INTEGRATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE INTO DEVELOPMENTAL GAMES AS A MEANS OF IMPROVING THE EFFECTIVENESS OF LEARNING IN ENGLISH LESSONS AT SECONDARY SCHOOLS

Abstract. The article is devoted to the study of the possibilities of using artificial intelligence in developmental games at English language lessons at secondary school. On the basis of theoretical approaches and experimental verification it is shown that AI contributes to the growth of students' motivation, reduction of language barriers and improvement of speech skills.
Keywords: artificial intelligence, developmental games, English language, motivation, learning efficiency

Modern education is increasingly turning to innovative technologies, and one of them is artificial intelligence. In the conditions of the updated content of education in the Republic of Kazakhstan, oriented towards the development of digital competences and the use of active learning methods, the question of how AI can be used in English language lessons is of particular relevance. In these realities, it becomes obvious that traditional teaching methods require updating.

The aim of the study was to theoretically substantiate and practically prove the effectiveness of using developmental games with AI elements to improve the quality of English language learning.

The following idea was put forward as a hypothesis: the effectiveness of the learning process in English lessons at secondary school will be higher when using developmental games with elements of artificial intelligence.

In this paper, learning effectiveness is understood not only as the assimilation of learning material, but also as broader indicators, namely:

1) the level of motivation and involvement of students in the learning process,
2) reducing language barriers when performing tasks,
3) as well as improving listening, speaking, reading and writing skills.

In developing the practical part of the research, three key theoretical directions were identified as the basis for designing game tasks with artificial intelligence elements.

Firstly, developmental games are of special importance as an effective form of active learning aimed at intellectual, speech and personal development of students. According to pedagogical classification, developmental games are divided into didactic, role-playing, imitation, research and computer games. Each type has its own methodological orientation: from the formation of lexical and grammatical skills to the development of creative thinking, logic and teamwork skills. Game as a form of learning helps to reduce anxiety, increases learning motivation, especially in teenagers who are prone to fatigue in traditional forms of presentation of material. Studies confirm that game technologies improve memorisation, increase engagement and activate the speech activity of students. [1]

Secondly, an important direction is the integration of artificial intelligence into the educational environment. AI in education is understood as a set of digital solutions aimed at individualisation, monitoring and support of the learning process. Artificial intelligence is capable of automatically adapting tasks to the student's level, generating language situations, analysing errors and providing personalised feedback. This approach is in line with the principles of person-centred and competence-based learning

Thirdly, when creating tasks, it is necessary to take into account the psychological and pedagogical characteristics of adolescents. Secondary school students are characterised by a high need for recognition, interest in digital technologies, emotional instability and sensitivity to external evaluation. In this regard, game tasks with the participation of AI, where mistakes are perceived not as a failure but as a stage of learning, allow creating a comfortable and safe educational environment. [2]

Secondary school students begin to realise their individuality, develop critical thinking and strive for independence. During this period, interpersonal communication with peers becomes more important, which can influence academic performance and behaviour. Research shows that support from teachers and parents plays a key role in the successful adaptation of students. [3]

Thus, the combination of three components - the pedagogical potential of developmental games, the possibilities of artificial intelligence and taking into account the age specificity of students - became the theoretical foundation for the practical part of the study.

The practical part of the study was implemented in 7A and 7E classes of Bibigul Tulegenova Creative School (Astana). The experiment involved 40 students learning English using the Excel 7 Grade textbook. The thematic basis was Unit 7: "Natural Disasters", which corresponded to the content of the calendar and thematic planning of the GCSE.

The aim of the initial (diagnostic) stage was to identify the level of students' involvement, their interest in technology and basic language knowledge. For this purpose, a questionnaire and a starter diagnostic, including reading, writing and lexico-grammatical skills tasks, were conducted. The results showed low motivation and difficulties in using the language material. At the same time, observation of the students revealed a steady interest in AI as a means of interaction (voice assistants, translators, etc.). This was the basis for the hypothesis about the feasibility of integrating AI into the learning process.

At the second (integrative) stage, three developmental games with artificial intelligence elements were developed and tested, each of which was aimed at developing certain speech skills:

1) "Survive the Disaster" - a team quest using the ChatGPT platform. Students solved situational tasks using grammatical structures. The AI provided instant feedback, allowing for prompt correction of mistakes. The task stimulated critical thinking and the development of grammatical accuracy.

2) "Talk to Siri - Save the World!" - an oral game with the Siri voice assistant. Students interacted with the system, asked questions and interpreted answers. The format of the missions increased interest and engagement, while working with authentic material developed listening comprehension and spontaneous speech.

3) "Survival Story Creator" - a personalised written quest with a branching plot. Students independently created stories by interacting with ChatGPT, which contributed to the development of writing skills, logical text construction and creativity.

Each game was based on the principles discussed in the theoretical part: the use of role-playing elements, AI feedback and adaptive tasks, taking into account psychological and pedagogical features.

At the final (control stage) of the practical activity, a repeated questionnaire and observation of students were conducted. The following results were obtained: 84% of pupils noted an increase in their interest in lessons, 72% - an improvement in memorising vocabulary. There was also an increase in activity in performing oral and group tasks. The comparative analysis of the presented diagrams (See Pic. 1 and Pic.

2) confirms the positive influence of AI games on the efficiency of learning English.



Pic. 1. Results of thematic test and questionnaire on the level of motivation.



Pic. 2. Results of the survey questions.

Thus, the hypothesis was confirmed: developmental games with artificial intelligence elements contribute to the effectiveness of English language learning by creating conditions for motivation, personalisation and development of key language skills.

The developed games can be adapted to other themes and difficulty levels. A promising direction is the creation of more complex quests, voice simulators and the introduction of other AI platforms.

As a result of this study, the introduction of AI into developmental games not only meets the requirements of modern education, but also opens new horizons for meaningful, exciting and effective learning of English.

References:

1. Kishchenko, A. V. (2023). Gamification as a way of organizing English language teaching. Science in a Megapolis, (55). Moscow City University. Retrieved from https://mgpu-media.ru/issues/issue-55/psikhologo-pedagogicheskie-nauki/gejmifikatsiya-kak-sposob-organizatsii-obucheniya-anglijskomu-yazyku.html
2. Erikson, E. H. (2006). Identichnost': yunost' i krizis (A. V. Tolstykh, Trans.). Moscow: Progress. ISBN 5-01-004772-1.
3. Wentzel, K. R. (2005). Peer relationships, motivation, and academic performance

at school. In A. J. Elliot, & C. S. Dweck (Eds.), Handbook of competence and motivation (pp. 279-296). New York: Guilford Press.
4. Kozhevnikova, T. A. (2018). Motivation of adolescents to learn a foreign language: Problems and solutions. National Research Tomsk State University. Retrieved from https://core.ac.uk/download/pdf/287402324.pdf
5. Goleman, D. (1997). Emotional intelligence (Russian edition). Moscow: Mann, Ivanov and Ferber. (Original work published 1995).
6. Chistyakov, A. V. (n.d.). Learning styles and improving the efficiency of educational activities. Retrieved from https://cyberleninka.ru/article/n/stili-obucheniya-i-povyshenie-effektivnosti-uchebnoy-deyatelnosti
7. Teachflow.AI. (2022, November 1). AI in Education: Global Success Stories Unveiled. Teachflow.AI. Retrieved from https://teachflow.ai/ai-in-education-global-success-stories-unveiled/
8. Adams, R. (2025, March 6). The English schools looking to dispel 'doom and gloom' around AI. The Guardian. Retrieved from https://www.theguardian.com/education/2025/mar/06/the-english-schools-looking-to-dispel-doom-and-gloom-around-ai
9. Morrone, M. (2024, October 29). AI tutors are already changing higher ed. Axios. Retrieved from https://www.axios.com/2024/10/29/ai-tutors-college-students-efficiency
10. Mendes, V. (2025, February 6). Inteligencia Artificial y educación: una revolución en marcha. El País. Retrieved from https://elpais.com/chile/2025-02-06/inteligencia-artificial-y-educacion-una-revolucion-en-marcha.html
11. Bridge Education Group. (2024). ESL Games and Activities for Kids & Teens. Bridge Education Group. Retrieved from https://bridge.edu/tefl/blog/esl-games-activities-kids-young-learners/
12. Sarah Elia. (2024). Skill-Developing Games for ELLs. Edutopia. Retrieved from https://www.edutopia.org/article/games-teaching-english-learners/
13. Go Overseas. (2024). 10 Fun ESL Games and Activities for Teaching Kids English Abroad. Go Overseas. Retrieved from https://www.gooverseas.com/blog/10-best-games-esl-teachers
14. Donna Paul. (2025). 21 Effective Learning Games for ELA Classes. Edutopia. Retrieved from https://www.edutopia.org/article/21-learning-games-ela-classroom/
15. Prodigy. (2024). 18 English Games for Your Language Arts Classroom. Prodigy. Retrieved from https://www.prodigygame.com/main-en/blog/english-games/

Сулейменова С.В., МЭжАТФ 1курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Утебаева А.К., г.ғ.м.
Филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы;
Қостанай өңірлік университеті

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ИНВАРИАНТТАРЫ
(Ә.Кекілбаев шығармалары бойынша)

Аннотация. Бұл мақалада тұрақты тіркестердің авторлық өңдеумен қолданылатыны туралы айтылған. Жазушылардың тіліндегі фразеологизмдердің бұл өзгерісі құрам-құрылымы жағынан да, мағыналық жағынан да болуы мүмкін. Фразеологизмдердің құрылымдық-мағыналық тұрғыдан өңделіп берілуі, жазушылар тарапынан трансформацияланып (өзгеріп), жаңғыртылуы белгілі бір мақсатқа негізделеді, белгілі бір қажеттіліктен туады. Авторлық қолданысқа түскен фразеологизмдердің лексико-грамматикалық, эмоционалды-экспрессивтілік жағынан жаңа мазмұнда, кең мағынада келуі жазушының шеберлігі мен өзіндік стиліне байланысты болады. Фразеологизмдердің авторлық өзгеріске ұшырауына Ә.Кекілбаева шығармаларынан мысалдар келтірілді.
Кілт сөздер: фразеологизм,жазушы, көркем шығарма,авторлық өңдеу

Көркем шығармаларда фразеологизмдердің авторлық өзгеріске жие ұшырайтыны белгілі. Жазушылар жалпыхалықтық қордағы фразеологизмдерді тек дайын күйінде, бүтіндей емес, сөйлемнің ішкі мазмұнына қарай өзгертіп, өңдеп те көп қолданады.

Ғалым Е. Жанпейісов былай деп жазды: «проза тілінің пайда болуы, дамуы, үнемі қалыптасып отыруы – тіл құралдарының барлық түрінің әрдайым шыңдалып, толыса түсуі, жетіле беруі. Жалпы творчестволық шеберліктің өзінде шек болмайтыны сияқты әрбір сөздің, тілдегі жалпы бейнелегіш – көріктеу құралдарының, кейбір жеке сөздердің, тіркестердің стильдік бояуы, көркемдік функциясы, эмоционалды-экспрессивтік нақышы қолданылу процесінде ылғи өзгеріп, жаңғыра түседі». Жалпыхалықтық тілдегі фразеологизмдерді жазушылардың өзгеріп, өңдеп, мағыналарын жаңғыртып қолданулары көркем шығармаларда көп кездеседі. Жазушылардың тіліндегі фразеологизмдердің бұл өзгерісі құрам-құрылымы жағынан да, мағыналық жағынан да болуы мүмкін. Фразеологизмдердің құрылымдық-мағыналық тұрғыдан өңделіп берілуі, жазушылар тарапынан трансформацияланып (өзгеріп), жаңғыртылуы белгілі бір мақсатқа негізделеді, белгілі бір қажеттіліктен туады.

Фразеологизмдердің авторлық мақсатқа сай қолданылуы зерттеушілер Н. Уәлиұлы, Ә, Қайдар, Т.Қоңыров А.И. Ефимов, М. Белбаева, .б. еңбектерінде талданады. Жалпытілдік фразеологизмдердің көркем прозаларда көркемдік, стильдік мақсатқа орай өңделіп қолданылуы әр түрлі тәсілдер арқылы жасалады.

Жалпы тілдік қолданысқа тән түрлендіруге эллипсис немесе фразеологизмдердің белгілі сыңарларын түсіріп қолдану, ықшамдау тәрізді квантативті өзгертулер жатады. Мысалы: Әзілде кек жоқ, өсекте шек жоқ – әзілде кек, өсекте шек жоқ; малына қырық сілтеді, басына қырық сілтеді – малына қырық, басына қырық сілтеді. Бұл ықшамдап қолдану қос орамды фразеологизмдерде, онда олардың салаласа байланысқан түрлері жиі кездеседі. Кей кезде қос орамды фразеологизмдердің қайталанған сыңарларының екеуі бірдей редукцияланады: жау үлкен елдің жауы болар, дау үлкен жердің дауы болар – жау үлкені – елдің жауы, дау үлкені – жердің дауы.

Эллипсиске ұшырап, етек жеңі әбден ықшамдалып, тас түйін күйде болуы фразеологизм табиғатына тән заңдылық. Сондықтан кейбір фразеологизмдердің бастапқы лексикалық құрылымы ұмытылып, ықшамдалған күйінде қолданысқа түседі. Мысалы: ер елінде, жекен суында, шеңгел өз жерінде фразеологизмдері толық құрамда емес, ықшамдалған күйінде сөз қолданыстан тілдік бірлікке көшкен.

Фразеологизмдерді ықшамдап қолдану, көбінесе оның қос орамды түрлерінде кездеседі. Кейде қос орамды тіркестің құрамындағы қайталанып келетін кейбір элементтер редукцияланса, қос орамның кейде тұтас бір орамы түсіріліп қолданылады.

Көркем шығармаларда фразеологизмдер тұлғалық жағынан жинақы түрде қолдануда ықшамдалу әдісімен қатар, оның лексикалық құрам-құрылымының өзгеріске ұшырап келуі де қоса жүреді.

Ықшамдау әдісі мақал-мәтелдердің табиғатына да тән құбылыс. «Мақал-мәтелдердің құрылысында кездесетін эллипсисік құбылыс, негізінде, олардың мағына жағынан ешбір зиян келтірмей, тек құрамындағы сөздердің мағыналық ұқсастық жағынан саралана келіп, кейбір жанама, қосымша мағынаға ие болып тұрған сөздердің ұғымын, соның жанында тұрған сөздер толық бере алуына байланысты жасалып отырады»[1, 134].

Мақал-мәтелдердің құрамынан кейбір сөздердің түсіп қалып қолданылуының стилистикалық жағынан ерекшелігі бар. Жазушының айтар ойын түсінікті жеткізуге ешбір нұқсан келтірмейтін жағдайда ғана мақал-мәтелдердің құрамындағы кейбір элементтері түсіп қалады. Осы арқылы мақал-мәтелдердің көркемдігі мен стильдік мәні артып отырады.Мысалы:

Сондықтан кешегі жылы сөзі мен ***оң қабағы аяғына тұсау****, бетіне шіркеу боп жүрмей ме!*

Берілген сөйлемде *«оң қабағын берді», «аяғына тұсау болды»* фразеологиялық тіркесті ықшамдап *«оң қабағы»* - *«берді» , «аяғына тұсау»* -*«болды»* деген етістіктерді түсіріп қолданған.

- *Алдияр тақсыр, олар да жапан түзде ұшарын жел, қонарын сай біліп, бет-бетіне босып жүрген көп көшпендінің бірі гой[2, 22 б.].*

Сондықтан әуелден-ақ ***аяз әлін, құмырсқа жолын білгені*** *дұрыс[3,51 б.].*

Жиырмасы да ***қызыл кеңірдек талқыға түскенде*** *қабылданбай қалды[3, 60 б.].*

Өлең жолдарында тұрақты сөз тіркестері көбінесе эллипсисті (бір-екі компоненттің түсіп қалуы) өзгеріске көбірек ұшырайды. Мұнда

фразеологизмдердің құрылысы ықшамдалып, өлең жолдарының шумағына бағынады[1, 104б.].

Айдай аузы, күндей көзі – шын сұлу
Қызым бар-ды қолымда.
Төрт алақан қос бұрымға ұмсынып,
Екі бірдей жігіт түсті соңына[2,20 б.].

Бұнда «ай десе аузы бар, күн десе көзі бар» фразеологиялық тіркесті ықшамдап, эллипсисті өзгеріске түсіріп «айдай аузы, күндей көзі» қолданған. Стильдік тәсілдердің көркем проза тілінде аса кең тараған түрі – фразеологиялық сөз орамдарының лексикалық құрамын жаймалап қолдану.

Фразеологизмдердің лексикалық құрамын жаймалап қолдану – эллипсиске қарама-қарсы құбылыс болып саналады. Фразеологизмдердің лексикалық құрамына енбейтін, бірақ жалпы тілдік қолданыста ілесе айтылатын серіктес сөздерді сөйлеуші сөз арасына қатыстырып отырады, фразеологизмдердің тілдегі қалыптасқан құрылымын кеңейтіп, жаймалап жұмсайды.

Мысалы: үш салар текемет – үш салар үлкен текемет, ат шаптырым жер – ат шаптырым алыс жер, сөзге келмеді – екі сөзге келмеді, бір ауыз сөзге келмеді, төбесі көкке жетпеді – төбесі көкке аз-ақ жетпеді. т.б.

Фразеологизмдердің құрамына (аралығына) үстеме компоненттер қосып, жаймалап қолдану, негізінен оның контекстегі мағынасын дәлдеу, мазмұнын кеңейту, эмоциялық-экспрессивтік реңкін күшейту сияқты стильдік мақсаттан туындайды. Образды күштірек, әсерлірек, нақтырақ жеткізу үшін жазушы қара сөздің бойына бұл секілді көркемдіктің көптеп сіңісу тәсілін біршама кең қолданғанын байқаймыз.

«Тіс батпайды» фразеологизмі «батылы бармайды» ұғымында жұмсалатын тұрақты тіркес. Осы тіркес Ә. Кекілбаевтың «Заманмен сұхбат»ой-толғамдарында «жұмбақ » сөзін қосып, жазушы «батылы, күші тіпті жетпейтін» деген ұғымды одан сайын күшейтіп береді:

Оның үстіне жинақталған жазба деректер, шын мәнінде қазіргі зерттеушілер мен тарих сүйер қауым үшін тіс баптайтын жұмбақ [3,62 б.]

Қазақ тіліндегі көптеген фразеологизмдердің құрылымы бітеу болып, сырттан сыналап сөз қосуға көне бермейді. Ал, кейбір фразеологизмдер сыңарларының арасына бөтен сөз тұрғанмен, өздерінің тұтастығын бұзбайды: тығырыққа тіреді – тығырыққа әкеп тіреді, тарамысына ілінген –тарамысына әрең ілінген т.б. Мысалы: *Аранды ашқан үстіне аша берсек, ешқандай атом, сутегі, нейтрон бомбасынсыз-ақ дүниенің күлін көкке бір-ақ ұшыратындай сыңайымыз бар.*

Бұл сөйлемде *«күлін көкке ұшыратындай»* деген тұрақты тіркестің арасына *бір-ақ* сөзін қосқанымен тұтастығын бұзбаған, тек қана экспрессивтік мән үстеген.

Көркем шығармаларда кейбір тұрақты сөз арасына сыналап сөз ендіру құбылысы бар. Бұндай құбылысты кез келген көркем шығармалардан кездестіруге болады.

Мысалы: Қалың кірпіктері жаппай көтеріліп, бадырақ ала көзіндегі бар үрейді

жарқыратып жайып салыпты [3,27 б.].
Жалаңтөс тұсында ***төбесі көкке бір жетіп қалған*** *исі Сейтқұл, исі Төртқара, исі Әлім, исі Алшынның қазіргі маңдайға ұстағаны да осы – Әйтекетұғын. Маңдайларына біткен жердің ең шұрайлысын жамбасына басып жатып алған жоңғарларға қазақтардың* ***қаны көптен қайнап жүретін[3,307б.].***

Берілген контекстердегі «төбесі көкке бір жетіп қалған» адамның қуанышқа толы көңілін білдірсе, екінші сөйлемде «қаны көптен қайнап жүретін» жоңғарларға деген өшпенділігін, ызасын беру мақсатында жұмсаған. Халық аузында жиі кездесетін «төбесі көкке жету», «қаны қайнау» деген фразеологиялық тіркестерді жазушы оқиғаның логикасына қарай «төбесі көкке бір жетіп қалған», «қаны көптен қайнап жүретін» деп жаймалап қолданған. Мұндағы үстеме тіркес (бір сан есім, қалған есімше тұлғалы етістік, екінші сөйлемдегі (көптен және жүретін –етістік - е көсемше формасындағы, жіктік жалғауының III жағында, көпше түрінде келген) фразеологизмнің семантикалық жүйесіне күшейткіш мағына үстеген. Айтылмақ ойдың дәлдігін нақтылау мақсатында келетін жаймаланған тіркестердің қатарын кеңейте қолдануға болады.

Фразеологиялық бірліктердің белгілі бір сыңарларын түсіріп қолдану (эллипсис), сыналап сөз енгізу (дистакт),сыйыстырып қолдану (контаминация), құрамын жаймалап қолдану (плеоназм) т.б. жаңғыртулар көбінесе квантитативті өзгеріске негізделгендігі байқалады [1,55 б.].

жалпымыз мен жалқымыздың көсегесін бірдей көгертер ортақ істерді өрге бастыруға ма – қайда жұмсалатынына қайтіп толғанбассың?[3,120 б.].

Қаламгер «көсеген көгерсің»- алғыс, өркенің өссің деген мағынада келген фразеологиялық тіркестің арасына бірдей сөзін қосу арқылы қаламгердің бұл жерде алғыс айту мағынасында емес, заманда болып жатқан өзгерістерге деген толғанысын байқауға болады.

Жазушының фразеологиялық шығармашылығы халықтық тілде бар тұрақты тіркестермен бірге авторлық тұрақты тіркестердің пайда болуына ықпал етеді. Бір айналымдағы фразеологизмдер өзгеріске түсу арқылы мағыналық және стильдік жағынан ерекше түрге еніп, тілдегі жаңа семантикалық мағынаның қалыптасуына негіз болады. Авторлық баяндау кезінде кейіпкер тілінде қолданылатын фразеологизмдердің өзіндік лингвостилистикалық ерекшеліктері де жазушы шығармалары арқылы тілде орнығып, күнделікті қолданыстағы фразеологизмдер қатарына қосылатыны дәлелденді. Авторлық фразеологизмдердің тууы және тілде қалыптасуы халықтың ұлттық мәдениетімен байланысты болады.

Қаламгер туындыларындағы фразеологизмдердің өзгертіп қолданылуына байланысты бірнеше топқа бөлуге болады. 1) Фразеологизмдерді трансформацияланып қолдану; 2) Контаминация тәсілі арқылы қолдану; 3) Дистант құбылысы арқылы қолдану.

Авторлық қолданысқа түскен фразеологизмдердің лексико-грамматикалық, эмоционалды-экспрессивтілік жағынан жаңа мазмұнда, кең мағынада келуі жазушының шеберлігі мен өзіндік стиліне байланысты болады.

Сонымен, фразеологизмдердің лексикалық құрамын жаймалап қолдану

нақты контестегі автордың айтар ойын нақтылай түсу мақсатынан болып отыратын стильдік құбылыс. Бұл құбылыс шығарма тілінің көркемдік не мағыналық жағы болсын, қай-қайсысына да әсерін тигізіп, ойдың нанымды да бейнелі болуына ықпал етеді.

Фразеологизмдердің құрамындағы сөздер алмасып қолданылатын бұл тәсіл ғылым тілінде контаминация деп аталады. Фразеологизмдердің контаминациялануы проза тілі үшін ерекше стилистикалық қызмет атқарады. Жазушылар қолданысында мұндай сыйыстыру тәсілі фразеологизмдердің экспрессиялық реңкін бұрынғыдан да күшейте түсетіндігі байқалады[4,128 б.].

Мысалы: «белшесінен батты» деген фразеологизмнің мағынасы үлкен олжаға кенелді, ал «қанға малыну» деген фразеологизмі халықтық қолданыстағы «қанға боялды» тұрақты тіркесімен мағыналас келеді, қып-қызыл болды, мерт болды мағынасын білдіреді.

Ә.Кекілбаев осы екі фразеологизмдегі сөздерді сыйыстырып жұмсап, фразеологиялық бір бүтінге айналдырған: *Біреудің тұмсығын қанатсаң, бар пәлені басыңа үйіп-төгіп бағатын немелер кең әлемді белшеден қанға малып қойсаң: «Бұл не істегенің», - деп нәлет айтпайды. – «Апырай, қалай істедің?» деп қайран қалады.[2, 19 б.].*

Бұл сөйлемдегі «белшесінен батты» тұрақты тіркесінің алғашқы компонентің алып «қанға малып» тіркесімен сыйыстырып қолданған. Бұл стильдік айшықтың фразеологизмнің көркемдік бояуына ерекше өң жамап тұрғаны сөзсіз.

Екі бөлек фразеологизмді контаминация түрінде жұмсау жазушылардың айтатын идеясы мен суреттейтін құбылысын неғұрлым дәлірек, мәнерлілек жеткізуіне көмектеседі. Фразеологизмнің бұлайша құбылып, жаңғыртыла жұмсалуы да, белгілі дәрежеже стильдік ара қатынастары көрінеді.

Фразеологизм – өз табиғатында құрылымы бітеу болып, сырттан сыналап сөз қосуға көне бермейтін тілдік категория. Ал кейбір фразеологизмдердің құрылысы жағынан өзгеріске ұшырап, құрамына қосымша сөз қосып алу әрекеті өлең сөзге, проза тіліне тән құбылыс.

Фразеологизмдер контаминациямен немесе үстеме сөздермен мағыналық реңк алу мақсатын көздеген сәттерде ғана құрылымдық өзгеріске түседі.

Проза тілінде фразеологизмдердің сыңарларының арасына сыналап енген қосымша элементтер жалпы тұрақты тіркестің мағына тұтастығына нұқсан тигізбей, қайта өзара жымдасып, үндестік тауып байланысады. Ол компоненттер көп жағдайда фразеологизмнің мағынасын нақтылау мақсатында қолданылады.

Мысалы: Сөйтіп, Қытайдың жаңа императоры Россияның күн шығысқа байланысты ***үміттерінің*** *бір де бірін* ***ақтамады****[3, 60 б.].*

«Үміт ақтамау» фразеологизмінің арасына (бір де бірін)сыналап сөз ендіру арқылы сенімсіздік мағынасын берген.

Көркем шығармаларда тұрақты тіркестердің ара жігін ажыратып, сыңарларының арасына сыналап сөз ендіру мақал-мәтелдерде де кездеседі.

Мысалы: «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» мақалын жазушы прозасында екіге бөліп, жаймалап қолданған: *Тоқсан ауыз сөзі* әлгі. Сонда мұның енді

тобықтай түйіні қайсы? [3,111 б.].

Тілдік қолданыста мақалдағы ойды басқа оймен жанастыру үшін қолданылатын дәнекер тізбектер мұнда мақалдың ішкі құрамына еніп тұрғанымен, оның мазмұн тұтастығын бұзып тұрған жоқ.

Жазушының қара сөзде дистант құбылысын қолданудағы мақсаты – фразеологизмнің құрылымын өзгерте, кеңейте отырып, дәл сол сәттегі оқиға ситуациясын нақтылай, күшейте жеткізу[4, 132 б.]

Жазушы тілінде ең бір өнімді жұмсалған құбылыс – фразеологизм сыңарларының дағдылы орнын алмастырып, инверсия жасау тәсілі екені көзге түседі. Көбіне еркін тіркестерге тән боып келетін мұндай тәсілді фразеологиялық оралымдарда қолданудың өзіндік мәні бар.

*Мысалы**: Іріңдей** бастаған **жараны** ерте жарып асқынтып алмай, әбден пісіп, өзегін өзі ашқанын күту медицинаға ғана емес, дипломатияға да керек тәсіл[3, 132 б.].*

«Жараның іріңдеуі» тіркесінің компоненттерін ауыстыру, арасына сөз ендіру арқылы, медицинаға қатысты емес, саясатқа қатысты, ауыспалы мағынада қолданған.

Фразеологизм сыңарларының дәстүрлі орын тәртібін алмастырып қолданудың стильдік уәжі де (мотиві) жоқ емес.

Фразеологизмдердің құрылымдық жүйесі біршама өнделгенімен, оның дәстүрлі мән-мағынасында айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Фразеологизмдердің бұл секілді орын алмастырып келу жағдайын трансформацияға түсуден гөрі, өлең сөздің шарттарына байланысты болатын құбылыс[4,150 б.].

Жалпыхалықтық тілдегі фразеологизмдерді жазушылардың өңдеп, құбылтып, контекстегі айтылмақ идеяға сай қолданулары ең алдымен, пайдаланылып отырған фразеологизмге өзгеше түр-сипат беріп, микромәтіннің мәнділігін арттырып, экспрессиясын күшейтуге мүмкіндік туғызады.

Жазушы фразеологизмдерді әр түрлі тәсілмен жаңғыртып, құбылтып қолдануы, біріншіден, стильдік мақсаттан туындап отырса, екіншіден, халықтың тіліндегі тұрақты тіркестердің ізімен, өз мүмкіндігінше жаңа сөз орамдарын жасап, тіліміздің фразеологиялық қорын байыта түсу мақсатынан туған деп түйіндеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоңыратбаева Ж. ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. – Алматы: Арыс баспасы, 2005 – 166 б.
2. Кекілбаев таңдамалы шығармалары Ітом. Алматы, 1989 – 400 б.
3. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат: ой –толғамдар. Алматы, 1996 – 592 б.
4. Болғанбайұлы,Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы Аламты,1997, 256 б.

Турсанов Р.М., Маулетов И.Е.,
студенты 1 курса История и обществознание
Научный руководитель: Амантайқызы Ә. м.ф.н.,
старший преподаватель кафедры филологии
и практической лингвистики;
Костанайский региональный
университет им. А. Байтұрсынұлы

РАЗВИТИЕ МЕТАКОГНИТИВНЫХ УМЕНИЙ У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности формирования метакогнитивных умений у будущих педагогов в условиях цифровизации образовательной среды Казахстана. Раскрывается значение метакогнитивных процессов в обучении и их роль в формировании самостоятельности, критического мышления и профессиональной компетентности. Автор подчеркивает необходимость внедрения цифровых инструментов для развития рефлексивного мышления студентов.
Ключевые слова: метакогниция, цифровизация, педагогическое образование, критическое мышление, рефлексия

Введение

Современная система высшего образования в Казахстане активно трансформируется под влиянием цифровых технологий. Особенно актуальными становятся вопросы подготовки будущих педагогов к профессиональной деятельности в условиях цифровой образовательной среды. В этой связи возрастает значение метакогнитивных умений, которые обеспечивают не только осознание собственных мыслительных процессов, но и контроль, планирование и коррекцию учебной деятельности. Метакогнитивные умения играют ключевую роль в формировании у студентов самостоятельности, ответственности и способности к непрерывному самообразованию.

Понятие и структура метакогниции

Термин «метакогниция» был введён американским психологом Джоном Флейвеллом в 1970-х годах. Он определил метакогницию как знание человека о собственных когнитивных процессах и способность управлять ими [1]. Существует два основных компонента метакогниции:

1. Метакогнитивные знания – понимание своих способностей, стратегий, условий и задач обучения.
2. Метакогнитивный контроль – процессы планирования, мониторинга, оценки и регулирования учебной деятельности.

Развитие этих компонентов особенно важно для студентов педагогических специальностей, поскольку будущие учителя должны не только овладеть метакогнитивными стратегиями, но и уметь передавать их своим

ученикам.

Цифровая трансформация образования: вызовы и возможности

Цифровизация образования в Казахстане активно реализуется через внедрение онлайн-курсов, платформ дистанционного обучения, виртуальных лабораторий и цифровых библиотек. Министерство науки и высшего образования РК подчеркивает важность цифровых компетенций как части профессионального профиля современного педагога [2].

В условиях цифровой трансформации студенту необходимо не просто использовать ИКТ, но и критически осмысливать информацию, управлять своим временем и учебным процессом, работать в изменяющейся информационной среде. Всё это требует развитых метакогнитивных навыков, включая способность к рефлексии и самооценке.

Формирование метакогнитивных умений у студентов

Процесс формирования метакогнитивных умений включает в себя:

- Создание проблемных ситуаций, стимулирующих осознанное мышление.
- Использование цифровых инструментов, таких как онлайн-дневники обучения, интерактивные карты знаний, обучающие платформы с функцией отслеживания прогресса.
- Постановку целей и планирование учебной деятельности.
- Рефлексию в конце каждого этапа обучения (например, метод «Дневник рефлексии»).
- Обратную связь со стороны преподавателя, направленную на развитие самооценки и саморегуляции.

В исследованиях Ауэрбах и Воскобойниковой подчеркивается, что студенты, обладающие метакогнитивными навыками, демонстрируют более высокий уровень академической успеваемости и профессиональной готовности [3].

Роль преподавателя в развитии метакогниции

Преподаватель высшей школы становится не просто носителем знаний, но и фасилитатором метакогнитивной активности студентов. Его задача – создать такую образовательную среду, в которой студент будет постоянно размышлять над своей деятельностью, анализировать успехи и ошибки, применять индивидуальные стратегии обучения.

Эффективные методики включают:

- Использование методов активного обучения (дискуссии, кейс-методы, проектная работа).
- Применение самооценочных листов и гибких графиков обучения.
- Включение в курс элементов обучения через наставничество и проектной деятельности, где студенты учатся ставить цели, корректировать действия и оценивать результат.

Метакогниция и формирование soft skills

В современном образовательном пространстве акцент всё чаще смещается на развитие так называемых мягких навыков (soft skills) — таких как критическое мышление, коммуникация, тайм-менеджмент и адаптивность. В этом контексте метакогнитивные умения занимают ключевое место, так как они

позволяют студенту не только воспринимать информацию, но и осмысленно с ней работать, что необходимо в условиях высокой информационной перегрузки.

Метакогнитивные стратегии помогают формировать устойчивую познавательную позицию, основанную на самостоятельном принятии решений. К примеру, студент, обладающий развитыми метакогнитивными навыками, может самостоятельно распознавать пробелы в своих знаниях, выбирать подходящие ресурсы для их восполнения, адаптировать стратегии обучения в зависимости от сложности материала. Всё это делает его более конкурентоспособным как в академической, так и в профессиональной среде.

Кроме того, согласно исследованиям современных педагогов, уровень развития метакогниции влияет на психологическую устойчивость студентов, снижает уровень тревожности перед экзаменами и контрольными мероприятиями, способствует формированию позитивной учебной мотивации. Таким образом, метакогниция становится не просто когнитивным инструментом, но и фактором, способствующим личностному росту обучающихся [4].

Заключение

Таким образом, метакогнитивные умения являются важным компонентом профессионального становления будущего педагога. В условиях цифровой трансформации образования они приобретают особое значение, позволяя студентам адаптироваться к изменениям, эффективно управлять своим обучением и формировать основы педагогического мастерства. Развитие метакогниции требует комплексного подхода, включающего как цифровые инструменты, так и педагогические технологии, направленные на осознанное обучение.

Литература:

1. Флейвелл, Дж. Метапознание и когнитивный мониторинг. – М.: Педагогика, 1985. – 312 с.
2. Министерство науки и высшего образования РК. Концепция цифровизации образования в Республике Казахстан на 2021–2025 гг. – Астана, 2021.
3. Воскобойникова Г.А. Цифровая образовательная среда и метакогнитивные стратегии обучения // Вестник образования. – 2022. – №4. – С. 24–31.
4. Ауэрбах Т.Д. Средства усиления в немецком языке // Иностранные языки в школе. – 1999. – №1. – С. 46–50.

Усенов С.А., Тарих факультетінің 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Садакбаева А.А.,
пед. ғылымдарының магистрі,
филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы;
А. Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

ОҚЫТУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ БІР ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ БӨЛЕК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. 1991 жылы тәуелсіздігімізді алғаннан бері еліміз қалыпты білім беру жүйесін құрастырғысы келеді. Ол үшін соңғы жылдары біршама реформалар жасалды. Соған орай, Қазазқстанда өзекті мәселелердің бірі – қыз балалар ен ұл балалардың бөлек оқытылуы. Егер ер балалар мен қыз балалардың психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктері әртүрлі болса, онда оларды оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері де соған сәйкес бейімделуі тиіс. Осы мақалада оның қаншалықты дұрыс екенін дәлелдеп көреміз.
Кілтті сөздер: Гендерлік оқыту, бөлек оқыту, психикалық-физиологиялық ерекшеліктер, жыныс.

Кеңес заманында білім беру жүйесіне қатысты тәжірибелер жиі өткізілді. Егерде өткенде болған бөлек оқыту жүйесін құрастыру мүмкіндіктерін қарастырсақ, онда оның бай тарихын көре аламыз. Заманауи ресейлік және басқа да шетелдік зерттеушілер (М. Гариен, В. Ф. Базарный, В. Д. Еремеева, С. Спрингер, Т. П. Хризман және т.б.) бөліп оқутудың артықшылықтарын атап кетті. Бірақ, өкінішке орай, гендерге байланысты бөліп оқыту жүйесі салыстырмалы түрде азырақ зерттелген. Сондықтан осындай арнайы мектептерде білім беру әдістері көп емес немесе терең зерттелмеген [1, С. 156]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының үшінші бабы бойынша әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі ескерілуі қажет. Осы заңның аясында білім беру саласының сапалы болуы қажет .

Мақаланың өзектілігі - қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен оқу қарқынын ескере отырып білім беру қажеттілігі артып келеді. Бұл талаптар дифференциацияланған, яғни бөлек оқытуды тиімді қолдануды қажет етеді. *Мақаланың мақсаты* – бөлек оқытудың маңыздылығын теориялық және практикалық тұрғыда зерделеу, оның білім беру процесіндегі тиімділігін айқындау, сондай-ақ дифференциацияланған оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктері мен тұлғалық дамуына әсерін анықтау.

Уақыт өте келе бұл мәселе өзінің шешімдерің тауып жатыр. Сол себепті XX ғасырмен салыстырғанда, қазір бұндай оқыту жүйесі қоғамға көбіріек пайда

әкелуі тиіс.

Бөліп оқыту әдісі тек психологиялық-педагогикалық факторынан ғана емес, оған қоса әлеуметтік-антропологиялық факторына байланысты пайдалырақ. Себебі гендерлік бөліну 2.5-3 жастан бастап басталып, санасыз түрде өтеді. Балалардың көзқарастары және хоббилерінде осы жастан бастап үлкен айырмашылықтар байқалды [2, С. 213].

Бірқатар зерттеулердің нәтижесінде ғалымдардың көпшілігі бар сеніммен қыз бала мен ұл баланың даму үрдісі әртүрлі жүретіндігін айта алады. Себебі қыз оқушылар ер балалардан қарағанда 2-3 жылға ертерек ержетеді. Егер қыз бала тыныш және сабырлы жағдайда білім алуды ұнатса, ұл балалар болса, керісінше, бір орында отыра алмай, сыныптың тәртібін бұзады. Ер жігіттер бастауыш сыныпта көбінесе төменірек баға алады. Ал қыздардың үлгерімі салыстырмалы түрде жоғарырақ, сол себеппен мұғалімдердің назары көп жағдайда оларда. Керісінше, бөлек оқыту процесі ер балаларда еркектік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді: еркіндік, батылдық және өзіне деген сенімділік [1, С. 156].

Оған қоса ұлдар мен қыздарды қызықтыратын пәндер де көп жағдайда әртүрлі болып келеді. Мысалы, ұлдар көбінесе нақты және жаратылыстану ғылымдарына жақынырақ, ал қыздар гуманитарлық пәндерді әлдеқайда оңай қабылдайды. Бір жыныстық оқу жүйесінің өнімділігінің дәлелі ретінде осындай бағдарламамен оқитын мектептердің аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалардағы жеңістерің, халықаралық жобалар мен әс-шаралардағы жетістіктерің көрсете аламыз.

Сонымен қатар бөлек оқыту жүйесі тек академиялық үлгерімге ғана емес, медициналық бағыттан да пайда әкелді. Себебі бөлек оқытылу жүйесі орнаған мектептерде балалар азырақ ауруларға жұғынды. Бұған дене шынықтыру пәнінің бөлек жүргізілуі өз септігін тигізді.

Қыздар мен ұлдар әртүрлі. Бұл ойды бірқатар тәжірибелер дәлелдейді. Қыздарда сөз қоры бай, сөйлеу қабілеті жақсырақ дамыған, қыздар өз ойын толық әрі нақты құрастыра және жеткізе біледі, олар психолингвистикалық қасиеттерге бай, көбірек оқығанымен және оқу жылдамдығымен ерекшеленеді, сондықтан, жоғарыда айтылғандай, қыздар гуманитарлық пәндерге бейім болып келеді. Ал ұлдарда математикалық қабілеттер тән. Оларға тақырыпты түсіну үшін белгілі бір иллюстрацияларды, схемалары, диаграммаларды, суреттерді және тағыда басқа әдістерді қолдану қажет, себебі ұлдарда визуалды-кеңістіктік ойлау қабілеті әлдеқайда дамыған [1, С. 157].

1988 жылы Б. Уайтинг пен К. Эдвардс жүргізген зерттеу жұмысының обьектісі ретінде ондаған әртүрлі Африка, Үндістан, Филиппины аралынан, Мексика және АҚШ мәдениеттерінен алынған балалар болды. Олар жасына қарай бірнеше топтарға бөлінді. 3-6 жастағы балалар өз уақытының үштен екі бөлігін өз жынысына бірдей келелтін балалармен өткізді, ал 6-10 жастағы балалар төрттен үш бөлігін. Кейін гендерлік сегрегация күшейе бастайды. 8-11 жастағы ұлдар мен қыздар шамамен барлық уақытын бөлек өткізеді. Ұлдар мен қыздар арасындағы айырмашылықтар, олардың әлеуметтенуінің нақты стиліне қарамастан, соншалықты өте үлкен, 1998 жылы Элинор Маккоби

балалық шақтың екі түрлі мәдениетінің бар екендігі туралы айтуға болады деп өз тұжырымын жеткізді, соның арқасында ер адам мен әйел адамның қандай болуы керек деген ойымыз қалыптасады және бекітіледі [2, С. 213-214].

Көптеген адамдар бір жынысты білім беруді (ұлдар мен қыздарды бөлек оқытуды) қолдайды. Олардың ойынша, жыныс бойынша бөлу оқушылардың сабақ кезінде басқа жыныстағы сыныптастарына көңіл аудармай, білімге көбірек назар салуына көмектеседі.

Бөлек оқыту жүйесінің сапасы мен артықшылықтарын білу үшін біз тәжірибе жасадық. Ол бойынша Қостанай қаласының бірнеше мектептерінен сауалнама алынды. Зерттеу жұмысына 7-8 сынып оқушылары қатысқан (108 қатысушылар). Оларға келесі сұрақтар қойылды:

1. Сізге қандай пәндер ұнайды? (Алгебра, геометрия, химия және т.б.)
2. Сізге қалай жұмыс істеу ыңғайлы? (Топпен немесе жұппен)
3. Сізге кіммен жұмыс істеу ыңғайлы? (Қызбен, ұлмен немесе маңызды емес)

Зерттеу нәтижелері

Ақыры біз осындай нәтижелерге жеттік. Бірінші сұраққа ұлдардың 56,4 % математикалық бағыттағы пәндерді таңдаса, қалғандары гуманитарлық пәндерге жақын болды. Ал қыздардың 56 % гуманитарлық бағытқа қарай таңдауын жасады. Бұл ұлдардың математика-жаратылыстану пәндеріне, ал қыздардың ойлау жүйесі гуманитарлық пәндерге бейім екенің көрсетеді. пәндерге жақын, ал қыздардың Екінші сұраққа ұлдардың 81,4 % топпен жұмыс істеу нұсқасын таңдады. Бұл олардың топпен талқылап, белсенді жұмыс істеуді жақсы көретінің көрсетеді. Қыздардың 40 % жеке сабақты оқуды қалады. Үшінші сұрақта ұлдардың 51,2 % тек басқа ұлдармен жұмыс істеуді таңдады. Ал 7 % қыздармен сабақ оқу ыңғайлы деген жауап қалдырды. Қалғандары (41,8 %) маңызды емес нұсқасын белгіледі. Енді қыздарға көшейік. Қыздардың 47,8 % тек қыздармен жұмыс істеу ыңғайлы деген жауапқа тоқталды. Және тек 8,7 % ұлдармен сабақ оқу нұсқасын таңдады. Басқа қыз балалар (43,5 %) маңызды емес деген пікір келтірді. Осыдан біз қыздардың қыздармен немесе ұлдардың ұлдармен жұмыс істеуін қалайтынын көре аламыз. Нәтижесінде бізге гипотезаның дәлелденуі туралы айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері бөлек оқытудың білім беру үдерісіне оң әсер ететінін айғақтайды. Бірінші кезекте, оқушылардың академиялық үлгерімі арта түседі. Себебі әрбір оқушының жеке ерекшеліктеріне, білім деңгейі мен қабілетіне сай тапсырмалар мен әдістер қолданылған жағдайда, олар оқу материалын тиімді меңгереді. Екіншіден, бөлек оқыту оқушылардың мотивациясын жоғарылатады. Өз қызығушылығы мен қажеттілігіне сай білім алу оқушыны белсенділікке итермелеп, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар, бөлек оқыту сыныптағы психологиялық ахуалды жақсартады. Оқушылар өзін еркін әрі қауіпсіз сезінеді, себебі олардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, бағаланады. Бұл оқушылардың өзін-өзі бағалауына және сыныптастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді. Осылайша, зерттеу нәтижелері бөлек оқытудың білім сапасын арттырып, оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасайтынын көрсетеді.

Қорытындылай келе, егер ер балалар мен қыз балалардың психологиялық

және физиологиялық даму ерекшеліктері әртүрлі болса, онда оларды оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері де соған сәйкес бейімделуі тиіс деген тұжырым дұрыс, және қазіргі заман талабына сай келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дудина Е. Н., Бакиров Э. П. Психолого-педагогические особенности раздельного обучения мальчиков и девочек в общеобразовательной школе // Вестник Томский государственный педагогический университет. 2017. Т. 9. № 186.- 156-159 с.
2. Болотов М. А. Раздельное обучение: проблемы и перспективы // Вестник Башкирского университета. 2010. Т. 15. № 1.- 213-216 с.

СЕКЦИЯ 5. ОҚЫТУДА, ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ, ЯЗЫКОЗНАНИИ И СОЦИАЛЬНЫХ НАУКАХ: ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Айкен А.Б., 1 курс студенті ӘГҒФ
Ғылыми жетекші: Алтыбаева А. Б.,
Филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы,
гуманитарлық ғалымдар магистрі
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН-ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМНІҢ ЖАРШЫСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының ұлы ағартушысы, тұңғыш ұстазы, көрнекті педагог, жазушы және қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық қызметі жан-жақты талданады. Автор XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында зайырлы білім беру жүйесін қалыптастырудағы Алтынсариннің маңызды рөлін, оның ашқан мектептері мен оқу орындарының құрылымын, жазған оқулықтары мен педагогикалық еңбектерінің әлеуметтік және рухани даму жолындағы әсерін егжей-тегжейлі қарастырады. Мақалада сондай-ақ, Ыбырай Алтынсариннің қыз балаларға арналған мектеп ашудағы батыл бастамасы, сондай-ақ ислам дінін ұлттық таныммен ұштастыруға

бағытталған реформаторлық әрекеттері баяндалады. Ұлы ұстаздың Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі білім жүйесінің негізін қалаудағы тарихи маңызы және оның рухани мұрасын қайта жаңғырту мен дамыту мәселесі де қозғалады. Бұл зерттеу Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарын, оның қоғамға қосқан құнды үлесін терең түсінуге көмектеседі, сондай-ақ оқырманды ұлы тұлғаның өмірі мен еңбектерінен тағылым алуға шақырады.
Кілт сөздер: ұстаз, қазақ әліпбиі , педагогика, мектеп, ғалым

Ыбырай тек халық мектебін қалыптастырушы ғана емес, ол жалпы түркі елдеріндегі зайырлы мектептің негізін салушы тұлға. Сондықтан оның биылғы мерейтойын тек туған жерінде тойлап қана қоймай, мерекелеу деңгейін мемлекет болып, тіпті ЮНЕСКО көлемінде атап өтсек артық етпес еді. Осы жайында Ы.Алтынсарин музейінің басшысы М.Оспанов Ұстаз мерейтойына ел бойынша лайықты деңгейде көңіл бөлінбей келе жатқанын айтып қынжылды. Ол жергілікті басылымдардың бірінде берген сұхбатында «Қырымдағы Исмаил Гаспринский музейінде Ыбырай Алтынсариннің өз қолтаңбасымен И.Гаспринскийге сыйға тартылған1884 жылы шыққан «Шариғатул Ислам» кітабының түп нұсқасы сақталған. Ыбырайдан кейін өзінен он жас кіші И.Гаспринский Ы.Алтынсарин үлгісімен түркі мұсылман медреселерінде зайырлы ғылым пәндері саналатын физика, химия, биология сабақтарын енгізді. Реформаторлық жәдид қозғалысын бастады. Бұл қозғалыс сол кездегі барша түркі халықтарының дүмше молдалардың надан уағызынан бас тартып, зайырлы ғылымдардың бет алуына, дінді жаңаша түсініп, ұлттық тұрғыдан пайымдауға әсер етті», деді.

Ыбырай мектебі қазақ халқын ұлт ретінде азаттыққа жетелеген, күреске дайындаған, ең алғашқы қазақ зиялыларын қалыптастырған мектеп. Әр нәрсе өз жемісімен өлшенеді. Ыбырай мектебінің жемісі Алаш арыстары.

Көрнекті, ағартушы, қоғам қайраткері, жаңашыл-педагог, ғалым-этнограф, ақын, прозашы, қазақ жазба әдебиеті мен қазақ әліпбиінің негізін қалаушы, орыс жазу таңбалары негізінде қазақ әліпбиінің құрастырушысы — Ыбырай Алтынсаринның өмірі мен шығармашылық қызметі қазақ халқының тарихындағы жарқын беттердің бірі болып табылады.

1860 жылы Ыбырай Алтынсаринге қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат берілді. Шалғай қалада мектеп ашу оңайға соқпасы анық. Себебі қаражат жетіспеушілігі, мектеп ғимараты және оқу құралдарының болмауы секілді күрделі мәселелер кедергі келтіріп-ақ тұрды. Оның үстіне облыстық басқарма және жергілікті болыстар да осы маңызды іске мән бере қоймады. Тіпті патша өкіметінің өзі де халықты, ағартуға мақсат қойған жоқ, оған тек тілді білетін іс жүргізушілер ғана керек болды. Алайда осы қиыншылықтар Алтынсаринды тоқтата алған жоқ.

Сонымен қатар Ыбырай Алтынсарин 1861 жылы Торғай мектебінде мұғалім қызметіне орналасқан тұңғыш қазақ болды. Осы оқиғамен, өзінің ағартушылық идеяларымен рухы көтерілген Ыбырай Алтынсарин ауылдарға барып, білімнің маңыздылығын түсінідіріп отырды. Жергілікті тұрғындардан

қаражатты жинап, өзінің кейбір сақталған, ақшаларын салып, Алтынсарин мектеп ғимаратының құрылысына кірісті.

Құрылысқа дайындалған кезінде қамалдың комендантында аудармашы болып жұмыс істеп жүріп, Алтынасарин ауылдан балаларды әкеліп, оларды үйде орыс тіліне оқытты.

1864 жылы 8 қаңтарда мектептің салтанатты ашылуы өтті. Қазақ даласында оны «Қара шаңырақ», «алғашқы қарлығаш» деп атады. Міне осылай ұлы дала төсінде тұңғыш рет қоңырау соғылып, қазақ балалары білімнің мөлдір таза бұлағынан сусындап, нәр ала бастады. Осы мектептен алаштың қамын ойлайтын ұлт зиялылары тәрбиеленді.

1864 жылы Торғай қаласында Ыбырай Алтынсарин ашқан тұңғыш мектеп

1879 жылы Қостанай қаласының облыстық орталықтың құрылуымен мектеп ретінде тас ғимаратын құру туралы сұрақ шешілді. Мектеп құрылысы 1882 жылы басталды, ал 1884 жылы Троицк орыс-қазақ мектебі жаңа тас ғимаратына көшірілді және «Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесі» деп атала басталды. Жабылу шегінде тұрған мектептің көшірілуі - Ыбырай Алтынсаринның тікелей еңбегі.

1884 жылы Ыбырай Алтынсарин құрған Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесі

Бұл мектептің орны бүгінгі Қостанай қаласының орталығы. Кезінде қайта құру заманы жүріп жатқанда жергілікті билік «Бұл ескі ғимарат қала көркіне нұсқан келтіреді» деп бұздырып тастапты. Бүгінде осы қасиетті орында облыстық прокуратураның сәулетті ғимараты бой түзеп тұр. Көпшілік жиналатын алаңға зан органын салдыру кімнің басына сиған ақылдың кені екенін түсіне алмай келеміз. Ыбырай мектебін бұздырып, ескерткішін көшіре

салу Ұлы Ұстазды ысыра салумен тең емес пе? Әзірге жұбанышымыз сол маңдағы ағартушы есімін иемденген мектеп пен Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық музейі. Және осы музейде сақталған Ыбырай мектебінің қызыл кірпіші. Бұл кірпішті осы мектептің түлегі, бүгінде ұлағатты ұстаз, ғалым, ыбырайтанушы Қалқаман Жақып тапсырған. Ол мектепті қиратып жатқан кезінде табалдырық тұсынан осы кірпішті алып, «құрығанда бір кірпішін сақтап қалайық», деп музейге өткізген екен.

Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогикалық қызметінде оқушылардың тәрбие мәселесіне ғана емес, еңбек білімінің мәселелеріне-де үлкен назар аударып отырған, сондықтан ол Торғайда қолөнер училищесін ашты, кейін ол Яковлев училищесі деп аталды.



Торғайдағы қолөнер училищесі

Бастапқыда ол облыстағы барлық уездің қалаларында бір орталық училищеден ашуға шешім қабылдады. Торғай облысының ауылдары бойынша жүріп, халықтан қаражат жинад. Содан кейін Елек, Николаев, Торғай, Ырғыз уездерінде бір екі сыныптық орыс-қазақ училищеден ашты. Оларды оқушылар мен мұғалімдерге толтырды.

Мектептерді ашпас бұрын Алтынсарин елді мекендердің аумақтық орналасуын, халықтың жиілігін алдын ала зерттеп отырды, содан кейін ғана мектептерді ашуға кірісті.

Қазақстандағы әйелдер білім алуының басы Алтынсарин есімімен байланысты. Осы маңызды бастауда да ол патша өкіметі жағынан кедергілерге тап болды. Ал Ырғызда қазақ қыздарына арналған интернаты бар арнайы мектеп ашылғанда, оның қуанышында шек болған жоқ.

Уездік, болыстық, ауыл мектептерінің ашылуымен бірге, Алтынсариннің басты еңбектерінің бірі — бұл 1883 жылы Орск қаласында тұңғыш қазақ Мұғалімдер мектебінің ашылуы. Онда қазақ мектептері үшін мұғалімдерді даярлады.

1887 жылы 10 желтоқсанда көрнекті ұстаз Қостанай уезінде Обаған бір сыныпты болыс мектебінде жеке алғашқы сабақтарын берді.

Обағандағы болыстық мектеп

Кейін мектеп орыс-қазақ училищесіне өзгертілді және 1940 жылы 7 шілдеде 2 курс құрамымен Меңдіқара қазақ педагогикалық училищесі ашылды. 1949 жылы училище қазақ халқының ұлы баласы өзінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің есімімен аталды. 25 жыл өткен соң училищені Рудный қаласына көшірді, ал 1992 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжіне ауыстырды.

Ыбырай Алтынсарин дүние жүзі педагог классиктерінің гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында оқу-ағарту тәжрибесіне енгізген тұңғыш педагог болды. 1860-1879 жылдар арасында Ыбырай Алтынсарин мұғалімдік, ағартушылық қызметімен қатар басқада қызметтер атқарды. 1868-1874 жылдары Орынбор генерал губернаторының арнайы тапсыруы бойынша төрт рет Торғайдың уездік судьясы, 1876-1879 жылдары Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі болды. Инспекторлық қызметке кіріскен кезден бастап, Ыбырай Алтынсарин зайырлық мектептер ашуды қолға алды және олардың бәрінде де кітапханалар ұйымдастыруға зор мән берді.

Ыбырай Алтынсарин тек қазақ даласының ғана емес, Ресейдің жартылай көшпелі аймақтарының өмір тіршілігіне бейім, қыста бір жерде орнықты отыратын мектептің жаңа түрін ұсынып, халық ағарту жүйесіне елеулі үлес қосты.

Ыбырай Алтынсарин қайтыс болар алдында Қостанайда ашылғалы отырған ауылшаруашылығы училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. Ыбырай Алтынсарин Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ұйымдастыруды өтінді. Алайда бұл рұқсат ол қайтыс болған соң, екі жыл өткеннен кейін, Торғайда (1891ж.), Қостанайда (1893ж.), Қарабұтақта (1895ж.), Ақтөбеде (1896ж.) жанында интернаттары бар қыздар училищелері ашылды.

Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылғын арттыруды көздеді, оқуды ана

тілінде жүргізді.

Қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықты оқуәдістемелік құралдар жазды. 1879 жылы оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және оқыту әдістемесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» құралы жарық көрді. Бұл екі кітап та қазақ баларын кириллица негізінде оқытуға арналған тұңғыш оқу құралдары болды.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең бай әрі дамыған тілдердің бірі. Оның жазу нормалары, соның ішінде емле және пунктуация, тілдің стандартталуы мен қолданыс аясын кеңейтудің негізгі құралы ретінде қызмет етеді. Жазу нормалары тілдің тарихи дамуымен тығыз байланысты және қоғамдық, мәдени, саяси өзгерістердің әсерінен қалыптасады. Соңғы жылдары латын әліпбиіне көшу процесі қазақ тілінің емле мен пунктуация ережелерін қайта қарауды және жаңа стандарттарды әзірлеуді талап етуде. Бұл мақалада қазақ тілінің жазу нормаларының тарихи эволюциясы, қазіргі кездегі жағдайы, проблемалары және оларды шешу жолдары жан-жақты талданады. Қазақ жазуының тарихы тереңге кетеді. Ең алғашқы жазба ескерткіштер ежелгі түркі руна жазуымен байланысты болса, кейіннен ислам дінінің таралуымен араб әліпбиі кең қолданысқа енді. Араб графикасы негізіндегі жазу жүйесі XIX ғасырға дейін басым болды, бірақ ол кезде емле мен пунктуация нормалары жүйеленбеген еді. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жазуын реформалап, араб әліпбиін қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне бейімдеді. Ол «Тіл тағылымы» еңбегінде жазудың «айтылуға сай жазылу» қағидасын ұсынды, бұл кейінгі емле нормаларының негізіне айналды. 1929

жылы латын әліпбиіне көшу басталды, ол 1940 жылға дейін қолданылды. Бұл кезеңде пунктуация жүйесі әлі де дамымаған күйде қалды, бірақ емле нормалары біршама реттелді.1940 жылы кириллицаға көшу қазақ жазуын орыс тілінің әсеріне ұшыратты. Кирилл әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық қамтығанымен, пунктуация ережелері орыс тілінен көшірілді. Бұл қазақ тілінің синтаксистік құрылымына толық сәйкес келмеді, себебі қазақ тілінде сөз тәртібі еркін және қосымшалар көп қолданылады. Қазіргі кезеңде, 2017 жылдан бастап латын әліпбиіне қайта көшу процесі жазу нормаларын қайта қарауды және жаңғыртуды қажет етуде. [1,18] Қазақ тіліне қызмет ететін жазу таңбалары мен орфографиясы (емле) проблемасы XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап баспасөз бетінде көтеріліп, әлеумет назарына іліне бастады. Араб графикасын реформалау идеясы бойынша нақты іске кіріскен ұлы ағартушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов болды. Ғалым «Жазу тәртібі» деген көлемді мақала етіп «Айқап» журналының 1912 жылғы 4-5 сандарында жариялайды. [3, 19] Қазақ тілінің әліпбиін түзу үшін алды мен оның фонетикалық жүйесін талдап береді. Ғалым араб жазулы (таңбалы) қазақтың өз алфавитін (әліпбиін) жасап, ғылым-білім дүниесіне ұсынады. Жүйелілік пен түзілген бұл әліпбиін Ахмет Байтұрсынов тәртіпті жазу деп атаймыз деді: «Тәртіпті жазу дегеніміз тілдегі бар дыбыстың бас-басына арналған белгісі (әрпі) бар болса» деп анықтайды. Графика мен оқыту проблемаларын ғылыми-тәжірибелік негізде тұңғыш реет көтерген ұлы ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынов болғаны белгілі. Ахмет Байтұрсынов енгізген «Жазу тәртібі» термині «Қазақ жазба дүниесіне қажет алфавит» деген ұғымды береді. Орфография мен пунктуация – сауаттылықты және зеректілікті талап ететін тіл білімінің салалары. Сауаттылық – мәдениеттіліктің белгісі. Сондықтан емле ережелерін сақтап жазуға баса көңіл бөлген жөн. Орфография заңдылықтарына негізделіп құрастырылған сөздіктер де жыл сайын дамып, толықтырылып, өзгеріске түсіп отырады. Ол – заңды да тарихи құбылыс. Осыған орай түрлі деңгейдегі практикалық тапсырмаларды қамтитын еңбектер де жарияланатыны белгілі. Олар заман талабы мен сұранысынан, қажеттілігінен туындайды. Адамның көңіл-күйі мен сезімін, айтайын деген ойын әсерлі де түсінікті жеткізуге көмектесетін, синтаксистік байланыстарды дәл ажыратып тұратын таңбалар – тыныс белгілері. Тыныс белгілері қате қойылған мәтіннің, сөйлемнің мағынасы күңгірттеніп не тіпті өзгеріп кетеді. Сондықтан оны дұрыс қоюдың мәні зор. Бүгінгі таңда орфография мен пунктуация мәселелерінен біршама толық әріжүйелі тұрғыда мағлұмат беретін еңбекке Р.Сыздықованың «Емле және тыныс белгілері» зерттеуін жатқызамыз. Оның қатарында Ф. Мұсабекованың «Қазіргі қазақ тілі пунктуациясы», Н.Оралбаева мен Ә.Абылақовтың «Қазақ тілі», А.Қыдырниязованың «Орфография және тыныс белгілері» оқуқұралдары бар.Алайда аталған еңбектердің шыққанына біршама уақытөтуін байланысты және олар арнаулы орта оқу орындарына арналып жазылғандықтан пысықтау материалдары да аздық етеді. Алайда де қазақ тілінің емле нормалары дыбыстық жүйенің ерекшеліктеріне негізделген. «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері» (2021) бойынша сөздер негізінен айтылуына сай жазылады.[2,45] Бұл қайта қазақ

тілінің фонетикалық табиғатына сәйкес келеді, бірақ іс жүзінде бірқатар қиындықтар бар. Сөздердің бірге немесе бөлек жазылуы – емлеміздегі шешімін толық таппай келе жатқан өзекті мәселелерінің бірі. «Орфографиядағы өзге қиындық бір басқа да, құрама сөздердің жазылуындағы қиындық бір басқа деуге болады.» [6,55]. «Емле ережесін қанша қамтыдық десек те,таразының басы қайда ауса, сол ережеге айналып, жазу нормасы болған тұстарыда жоқ емес.» [7, 157]. Шындығында да «жазуда қиындық туғызып келе жатқан жай ереженің өзі емес,сол ережеге бағынатын біріккен сөз категориясын ажыратуда болып келе жатыр» [8, 15]. Қос сөздердің жазылуы біркелкі емес. Мысалы, «қара-қоңыр» дефис арқылы жазылса, «көк аспан» бөлек жазылады. Бұл ереже әрдайым түсінікті бола бермейді, әсіресе күрделі тіркестерде. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (2018) бұл мәселені реттеуге тырысқанымен, қолданушылар арасында шатасушылық сақталуда. Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде грамматикалық болсын, пунктуациялық болсын қателіктер көзге жиі түседі. Біріншіден, қазіргі кезде жұртшылықты алаңдатып отырған тағы бір өзекті мәселе – әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің төл әріптерінің өте сирек қолданылуы.Кейбір дыбыстар (мысалы, “ң”, “ғ”, “қ”) орыс тілінде немесе басқа тілдерде жоқ болғандықтан, адамдар оларды жиі шатастырып, “н”, “г”, “к” деп жазады. Мысалы, “қаңғыбас” сөзін “кангыбас” деп жазып қоюы мүмкін.Екіншіден, ең өкініштісі, қазақша пернетақта бола тұра, жұртшылық көбіне қазақ әріптерін орысша әріптермен алмастырып жазады. Мысалы, «салем», «не истепжатсын», «казир келемин» деп жазу көп адамдар үшін қалыпты жағдай. Бұл адамдардың жіберетін салғырттығы ма, әлде сауатсыздығы ма? Үшіншіден, көптеген адамдар жазу барысында шылаулардың жазылу формасын білмей, сөздермен бірге жазып жатады. Қай жерде бөлек, қай жерде бірге жазылатынында олардың шаруасы жоқ, бастысы айтатын ойын жеткізсе болды. Мысалы, «Менде барамын», «Сендеде бар», «Оларменде бармаймын» тәрізді қарапайым сөз тіркестерін жазуда қателіктер көп кездеседі. Төртіншіден, ғаламторда хат алмасқан кезде, көбіне жазуда жіктік жалғауын жалғамай жазуы байқалады. Мысалы, «отырм» (отырмын), «келе жатрм» (келе жатырмын) т. б. көптеп кездеседі.

Әлеуметтік желілер арасында алдыңғы шепте тұрған – Whatsapp желісін қолданбайтын адам жоқ шығар. Одан кейін instagram, TikTok , Facebook кете береді... Жасыратыны жоқ, заманауи деп танылған ғаламтор желісінің қазақ тілінің тазалығын сақтауға кері әсері көбейді. Жастардың әлеуметтік желідегі жазбаларында немесе бір-бірімен хат алмасқанда пайдаланатын түрлі жаргон сөздер сәнге айналып бара жатқандай. Айталық, *«базар жоқ», «лақтырып кетті», «краш», «қораға кірді», «жынды екен», «сындырды», «кринж», «треш», «рофл», «токсик»* деген сарындағы түсініксіз әрі мән-мағынасыз сөздерге жастар қауымы тым құмартып алған. Одан қалса *«нестеватр», «туылған күн», «баллар»* деп жазып сөздің қадірін кетіретіндер тағы бар. Осы ретте бүгінгі күні қызу пікірталас тудырып жүрген «туылған» күн сөзіне тоқталсам.

Көрнекті жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым, ф.ғ.докторы, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауин «Туылған мен

өлінген» атты мақаласында былай дейді: «Туылған!.. Қазақ тілінің табиғатына жат, түйеден түскен емес, жер астынан жарып шыққандай, сұмпайы, сөлекет сөз. Заманымыздың заңғар тұлғасы, әлемге әйгілі ұлы ақынымыз Мүнхаузен пәленбайыншы жылы туылған. Ол туылған, мен туылғам, сен туылғансың!.. Сұмдық қой. Тіл бұзу ғана емес, түйте-долаң сауатсыздық көрінісі. Арыдағы мың жылдық эпостарымызды айтпайық, қазақ әдеби нұсқалары таңбаға түскен соңғы екі ғасыр бойы… Абай… Шәкерім… Мұхтар Әуезов… Мысал келтіріп, дәлелдеп жатудың өзі артық болар еді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең…». «Бар – қартаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек…». Қалыптасқан ауызекі тіліміз тұрыпты, арғы-бергі жазба нұсқалардың өзінен мың сан мысал келтіруге болады. Сөз білетін, жөн білетін ағайындар кейіспен, ренішпен жазып та жатты. «Туылған» – тіл мәдениетінің айна-қатесіз жаңа бір өлшемі: «туылған» жүрген жерде сауат та, түйсік те жоқ, қара қасқа надандық қана бар». Ардақты ана тіліміздің абыройын айрандай төгіп, бай сөздік қорымыздағы сөздерді аздық ететін жас буын тілді шұбарландырып, орысша сөздер мен жаргондарды қосып сөйлеуді әдетке айналдырғалы қашан. Белгілі бір ортада ғана қолданылатын жаргондар мен көше сөздері қазақ лексиконына еніп бара жатқан тәрізді. [4,68] Міне, осындай қателіктерден кейін тілдік норма қайдан дұрыс жүйеге келеді?!. Сауатты жазайық, тіл тазалығын сақтайық десек те, сауатсыздық күннен күнге артып барады. Қанша жоққа шығаруға тырыссақ та, адамдардың сауатсыздығы біздің өмірімізде әлі де көп. Қазақ тіліндегі пунктуация жүйесі кириллицаға көшкеннен кейін орыс тілінің үлгісімен қалыптасты. Дегенмен, қазақ тілінің синтаксистік ерекшеліктері тыныс белгілерінің қолданысында қиындықтар тудырады. Профессор Қ.Жұбанов 1935 жылы жазған бір мақаласында біріккен сөздердің жазылуында қате көп кететінін, бұл мәселеде таластың көп екендігін сөз еткен болатын. [5, 165] Қазір адамдардан дефис пен сызықшаның арасындағы айырмашылығын сұрасаң білмейді. Пунктуацияда дефис (-) пен сызықша (–) арасындағы айырмашылық сақталмайды. Мысалы, «Алматы-Астана» (дефис) және «Ол – батыр» (сызықша) қолданысында шатасушылық бар. Бұл мәселе әсіресе баспа басылымдарында жиі кездеседі. Нүкте және үтір. Күрделі құрмалас сөйлемдерде нүкте мен үтірдің орны дұрыс таңдалмайды. Мысалы, «Ол кешке келді, біз күттік, бірақ ол ештеңе айтпады» деген сөйлемде тыныс белгілерінің қолданысы біркелкі емес. Емле мен пунктуация мәселелерін шешу үшін мынадай шараларды ұсынуға болады: Жастардың арасында насихат жұмыстарын өткізіп, тіл мәдениетін көтеруді насихаттап отыруымыз қажет. Латын әліпбиіне негізделген бағдарламалар мен пернетақталарды кеңінен тарату. IT мамандармен бірлесіп, қазақ тіліндегі автотүзету жүйесін әзірлеу.БАҚ, әлеуметтік желілер және семинарлар арқылы халықты жаңа нормалармен таныстыру.

Қазақ тілі еш уақытта көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған. (Бауыржан Момышұлы).Қазақ тілінің емле мен пунктуация нормалары – тілдің жазбаша қолданысын реттейтін маңызды құрал. Емле мен пунктуация нормаларын сақтанбасақ, тілге деген салғырттық, немқұрайлылық арта түседі. Тіліміздің тазалығын келесі ұрпаққа

жеткізу үшін нормаларды сақтанып, сауатсыздықтан арылуымыз керек. Аталған мәселелерді шешу үшін мемлекеттік, ғылыми және қоғамдық күш-жігерді біріктіру қажет. Тек осылай ғана қазақ тілінің жазу нормалары заманауи талаптарға сай, тиімді жүйеге айнала алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы, А. Тіл тағылымы. – Алматы: Анатілі, 1925ж. 18 б.
2. Боранбай Б.Е. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы (С.С.Жиенбаев еңбектері негізінде) – Алматы: «», 2013.
3. Алаш көсемі https://emle.kz/uploads/books/dfc067f70735a878859c2f139b6ffb82.pdf
4. Әлеуметтік желідегі сауатсыздық Авторы: Айдана Мағжан Https://mtdi.kz/ir/til_sayasaty/id/1247/q/1
5. Х.Жубанов. Исследование по казахскому языку. А-ты. 1996г.
6. Н.Уәлиев,..Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. А., 1988 ж. 55 б.
7. М.Балақаев. Қазақ әдеби тілі мен оның нормалары . 1984 . 157 б.
8. Р.Сыздықова. Емле және тыныс белгілері. А-ты. 1996 ж. 15 б.

Мурзабеков А.М., студент 1 курса ИО
Научный руководитель: Кускадамова К.С.,
старший преподаватель кафедры
филологии и практической лингвистики,
магистр гуманитарных наук;
Костанайский региональный университет
им. А. Байтұрсынұлы

ПРЕИМУЩЕСТВА ПРИМЕНЕНИЯ ИСКУСТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. Искусственный интеллект в наше время стал незаменимым помощником в разных сферах жизни. Но в данной статье, хотелось бы рассмотреть применение искусственного интеллекта в сфере образования. Возможности ИИ в области образования огромны: от персонализации обучения и до автоматизации рутинных задач.

Ключевые слова: Персональные данные, ИИ-системы, Взаимодействие с учителями, Роль учителей, Образовательный процесс, Персонализированное обучение, Доступность образования, Эффективность обучения

В этой статье мы хотели бы рассмотреть, как искусственный интеллект применяется в образовании. Приведем некоторые факты и доказательства, а также сделаем попытку выразить свое мнение.

Одним из ключевых преимуществ ИИ в образовании является возможность персонализации обучения. Как известно, традиционная система образования часто предлагает "один размер для всех", что не всегда эффективно. Ведь к каждому ученику нужен свой индивидуальный подход к обучению. Искусственный интеллект позволяет создавать индивидуальные образовательные траектории, учитывая особенности каждого ученика. К примеру, данные системы ИИ анализируют успеваемость ученика, его сильные и слабые стороны, и на основе этих данных корректируют учебный план.

В качестве примера возьмём платформы, использующие алгоритмы машинного обучения для анализа ответов учеников и предоставления им индивидуальных заданий. Исследования показывают, что персонализированное обучение повышает мотивацию и успеваемость учеников. ИИ может также помочь в разработке индивидуальных образовательных траекторий, учитывая интересы и способности ученика. Это особенно актуально для учеников с особыми образовательными потребностями.

Следующее преимущество – это то, что ИИ может взять на себя рутинные задачи, такие как проверка домашних заданий, составление расписаний и анализ данных, что освобождает время учителей для более важной работы. Искусственный интеллект может автоматически проверять тестовые задания, эссе и другие виды работ, что экономит время преподавателя. Преподаватели нашего ВУЗа активно применяют ИИ, а также данные системы, использующие обработку естественного языка для анализа текстов.

Отчетность в работе учителя занимает немало времени. Результаты многочисленных опросов показывают: одна из главных проблем учителя – бесконечная бумажная работа. И здесь роль искусственного интеллекта неоценима, так как он может анализировать данные об успеваемости учеников и предоставлять учителю подробные отчеты, что помогает ему принимать обоснованные решения. Использование ИИ в анализе данных позволяет выявить закономерности и тенденции, которые сложно заметить при ручном анализе.

Виртуальные помощники на базе ИИ могут отвечать на вопросы учеников, предоставлять им дополнительную информацию и помогать в организации учебного процесса.

ИИ может сделать образование более доступным для людей, живущих в отдаленных районах, или для тех, кто не может посещать традиционные учебные заведения.

Искусственный интеллект может сделать онлайн-курсы более интерактивными и персонализированными, что повышает их эффективность. Онлайн-курсы, поддерживаемые ИИ, могут предоставить качественное образование там, где традиционные методы обучения невозможны. Этими курсами обучение смогут пользоваться дети, которые имеют ограничения и не в состоянии посещать занятия в школе или университете.

Искусственный интеллект может использоваться для создания виртуальных и дополненных образовательных сред, которые делают обучение более увлекательным и интерактивным. Использование технологий, таких как

виртуальная и дополненная реальность, позволяет создавать учебные среды, в которых ученики и студенты погружаются в интерактивные и живые образовательные ситуации. Это может улучшить понимание материала и сделать обучение более увлекательным.

Искусственный интеллект может помочь в разработке интерактивных образовательных материалов, таких как виртуальные учебники, обучающие программы и симуляции. ИИ может сделать учебники более интерактивными, добавляя в них видео, анимацию и другие мультимедийные элементы.

ИИ может использоваться для создания обучающих программ и симуляций, которые позволяют ученикам практиковаться в безопасной и контролируемой среде.

В качестве примера возьмём системы, использующие виртуальную реальность для обучения хирургов или пилотов.

Вместе с тем, говоря здесь о преимуществах ИИ, немаловажно затронуть и ряд этических вопросов, которые необходимо учитывать при его использовании в образовательной среде. Прежде всего – это **конфиденциальность данных.** Необходимо обеспечить защиту персональных данных учеников, которые собираются и используются ИИ системами, а также определить, как ИИ будет взаимодействовать с учителями и как будет меняться их роль в образовательном процессе.

Таким образом, считаем, что ИИ имеет огромный потенциал для преобразования образования. Он может сделать обучение более персонализированным, доступным и эффективным. Однако необходимо тщательно учитывать этические аспекты и обеспечивать, чтобы ИИ использовался во благо учеников.

Уверены, что в будущем ИИ станет неотъемлемой частью образовательного процесса. Он поможет учителям в их работе, предоставит ученикам индивидуальные образовательные траектории и сделает образование более доступным для всех. Применение ИИ в образовании – это не просто технологическая инновация, это возможность кардинально изменить подход к обучению. Использование искусственного интеллекта в образовании позволит не только повысить успеваемость учеников, но и развить у них навыки, необходимые для успешной жизни в современном мире.

Также важно помнить, что ИИ – это инструмент, и его эффективность зависит от того, как мы будем его использовать. Необходимо продолжать исследования в этой области, разрабатывать этические нормы и обеспечивать, чтобы ИИ использовался во благо учеников и общества в целом.

Литература:

1. Минакова А. «Искусственный интеллект и нейросети в образовании». Москва. 2024. 101-107 стр. https://www.directmedia.ru/book-715303-iskusstvennyiy-intellekt-i-neyroseti-v-obrazovanii
2. Коллективная монография «Искусственный интеллект в образовании". Москва. 2024. 35-237стр . https://robert-

school.ru/iio/pages/educational/metod/year_2024/mon_AI_2024/?menu=false
3. Холмс У., Бялик М., Фейдл Ч.. «Искусственный интеллект в образовании: Перспективы и проблемы для преподавания и обучения»

Нурман А.Н., 2 курс студенті ӘГҒФ
Ғылыми жетекші: Акдаулетова Ж.А.,
Филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы,
филология магистрі
Қостанай өңірлік университеті

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесіне тарихи-әлеуметтік және саяси факторлардың әсері жан-жақты талданды.Кеңестік кезеңдегі тілдік саясаттың салдарынан тілдің табиғи заңдылықтарының бұзылып, емле ережелері мен кірме дыбыстардың тіл жүйесіне енгені атап өтілді. Сингармонизм заңының бұзылуы, сөздердің морфемдік және буындық құрылымының бұрмалануы қазақ тілін меңгеруді қиындатып отырғаны көрсетілді. Мақалада қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрету барысында грамматиканы көмекші құрал ретінде қарастырып, сөйленім үлгілерін меңгертудің тиімділігі ұсынылады. Тіл тазалығын сақтау үшін емле мен әліпбиді тілдің табиғи заңдылықтарына сай қайта қарау қажеттігі баса айтылады. Жалпы алғанда, мақала қазақ тілінің табиғи болмысын сақтап, оны тиімді әрі нәтижелі оқыту жолдарын қарастыратын маңызды ғылыми-әдістемелік тұжырымдарды ұсынады.
Кілт сөздер: қазақ тілі, фонетика, грамматика, сингормониизм, кірме дыбыстар, тілдік заңдылықтар, агглютинативтік тіл, қазақ әліпбиі, емле ережелері.

Қазақ тілі – өзіндік табиғи заңдылықтары бар, ғасырлар бойы қалыптасқан бай да көркем тіл. Алайда тарихи-әлеуметтік жағдайлар мен саяси жүйелердің ықпалына байланысты қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесінде түрлі өзгерістер орын алды. Әсіресе, тоталитарлық кезеңдегі тілдік саясат пен кеңестік емле ережелерінің ықпалы қазақ тілінің ішкі құрылымына, дыбыстық жүйесіне елеулі нұқсан келтірді. Бұл жағдай тек теориялық тілтанымға ғана емес, тіл үйретудің практикалық әдістеріне де кері әсерін тигізіп отыр.Қазіргі кезеңде тілдің табиғи заңдылықтарына қайшы келетін жазылым нормалары, кірме дыбыстар мен әріптердің тіл жүйесіне еніп кетуі – оқушылар мен тіл үйренушілердің қазақ тілін дұрыс меңгеруіне кедергі келтіріп отыр. Сонымен қатар, грамматикалық білімнің тіл үйретудегі рөлін қайта бағамдау қажеттілігі туындап отыр. Қазақ тілін екінші тіл ретінде

меңгеру барысында дәстүрлі грамматикалық тәсілдерден гөрі, сөйленім үлгілерін меңгертудің тиімділігі байқалуда. Бұл бағыттағы жұмыс қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңаша қарастыруды, емле ережелерін тілдің табиғи ерекшеліктеріне сай қайта саралауды талап етеді.

Тоталитарлық тіл емле ережелерінің салдарынан қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымына бірнеше кірме дыбыстар еніп кетті. Оның өзі қазақ тілтанымының теориялық фонетикасына да, практикалық фонетикасына да нұқсан келтіріп жатыр. Теориялық тұрғыдан – қазақ тілінде жоқ «фонемалардың» саны көбейіп, оның табиғи дыбыстық жүйесі бұзылуда [1,48]. Ал практикалық тұрғыдан бұл мәселе оқу-әдістемелік үдерістердің күрделенуіне, оқушылар мен студенттердің тілдік дағдыларды дұрыс меңгермеуіне әкеліп соғуда.Демек, қазіргі кезде кірме әріптердің тіл бұзар ықпалы күшейуде.Ал, қазақ сөзінің жаңсақ және әдеби жазылымының салыстырмалы мысалдары арқылы буын, морфем, тасымал және әуез заңдылықтарындағы алшақтықтарды анық көруге болады. Жаңсақ жазылым мен әдеби (төл) айтылым арасында қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына қайшы келетін қарама-қайшылықтар айқын байқалады. Мәселен, буын құрамын бұзып, морфем үлгісін бүлдіріп, тасымал жігін қате бөлу, үндесім әуезін өзгерту — бәрі де тілдің фонетикалық жүйесіне нұқсан келтіреді. Ал керісінше, әдеби айтылым мен ақиқат жазылым арасында ешбір қайшылық жоқ. Сондықтан тілдің табиғи заңдылықтарына қарсы келетін, сөздің ішкі құрылымын бұзатын емле ережелерін қайта қарау — бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мысалы, «а-я-у», «о-я-у», «жа-я-у» деп буынға бөлу тілдік тұрғыдан қисынсыз болғанымен, мектеп бағдарламаларында осы сияқты үлгілер балалардың көзін үйретіп, құлағын дағдыландырып отыр. Бұл – тілдік қателіктің жүйелі қалыптасуына жол ашады.Қазақ әліпбиі мен оның емле ережелері қазақ сөзінің айтылым әуезіне, буын құрамына, морфем жігіне нұқсан келтірмейтіндей болу керек. Мұндай келелі шара мектеп «Әліппесі» мен оқулықтарынан бастау алмаса болмайды [2,53]. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде сингармонизм заңы ерекше маңызға ие.Сингармонизмнің басты фонологиялық қызметі-қазақ сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында.Бұлай болмаған жағдайда сөз құлаққа жағымсыз естіліп, қабылдауды,түсінуді қиындатады [3,71]. Өкінішке қарай, соңғы жылдары бұл заңдылықтың бұзылуы жиі байқалады.Әсіресе, бұл жағдай орыс тілінен енген сөздер мен екі тілді қатар қолданатын адамдардың сөйлесуінде ерекше көрініс табады.Орыс тілінде дауыстылардың үндестігі сақталмайтындықтан, орысша-қазақша аралас сөйлейтін адамдар қазақ сөздерін де сол заңдылықпен айтуға дағдыланып барады.Орыс немесе басқа халықтардың өкілдері үшін тек қана қазақ тіліне тән кейбір «қ, ғ, ң» дыбыстарды айтудың едәуір қиын болатын себебі әр тілдің өзіне тән дағдылы, қалыптасқан артикуляциялық базасының ерекшелігіне байланысты [4,97]. Жастар арасында «қазақ» сөзінің «казак» деп бұрмаланып айтылуын жиі естиміз. Осындай қателіктерді қазақ тілін меңгерген өзге ұлт өкілдерінен де байқауға болады. Мұның барлығы қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің бұзылуына, сөйтіп жалпы тілдік мәдениеттің төмендеуіне алып келуде.Сонымен қатар, қазіргі қазақ әліпбиінің тізбегінде төл таңбалармен

қатар кірме таңбалар араласып жүр. Төркіні бөлек кірме таңбалардың жасалым-естілімі (артикуляция-перцепциясы) бөгде болғандықтан, олар қазақ сөзінің үндесім әуезін, морфем құрамын, буын тұрқы мен тасымал ретін, сондай-ақ сөйлеу ырғағын түгел бұзып бітті. Көзіміз үйреніп, қолымыз жаттығып алған соң төл-кірме жазуды да өгейсінбейтін болдық. Егер рухани сана жаңғыру ұлттың тілінен басталатынын ескерсек, онда алдымен төл әліпбиді қалыптастырып алу керек болады. Төл әліпбиден төл сөз қалыптасады, төл сөзден ұлт тілі қалыптасады. Бұл – әлеми жазу тәжірибесі көрсетіп отырған фонетика-грамматикалық ұстаным [5,229]. Грамматика – сөздердің өзгеруі мен түрленуін, олардың сөйлемде бір-бірімен тіркесу формалары мен заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің маңызды саласы. Сөздер бір-бірімен грамматикалық қатынасқа түскенде ғана сөз тіркестері мен сөйлемдер жасалады. Бұл қатынастар тек сөздер арасында ғана емес, сонымен қатар сөз тіркестері мен сөйлемдер арасында да жүзеге асады. Осыған орай грамматика – сөздердің, сөз тіркестерінің және сөйлемдердің арасындағы грамматикалық байланыстарды, тілдің негізгі функцияларын жүзеге асыру жолдары мен амал-тәсілдерін зерттейтін ілім болып табылады [6, 75]. Кез келген өркениетті елде көп тіл білу – заман талабы. Қазіргі қоғамда бір тілмен шектеліп қалу – өзіңе зиян, ал бірнеше тіл білу – өзіңе пайда. Соған қарамастан, «қазақ тілін үйренуге қажеттілік жоқ» деген пікірлердің айтылуы – негізсіз және орынсыз. Себебі қазіргі таңда қазақ тілін білмеген адамның болашағы бұлдыр болатынын әркім өзі сезінуі қажет. Бұдан артық қандай қажеттілік болуы мүмкін?Қазақ тілін екінші тіл ретінде үйретудің тиімді тәсілдерінің бірі – оны грамматикасыз оқыту. Өйткені грамматикалық ұғымдар өз табиғатынан абстрактілі болып келеді және оларды түсіну үшін арнайы дайындық пен ереже қажет. Ана тілінің грамматикасын әлі толық меңгермеген балаға қазақ тілінің грамматикалық құрылымын үстемелеу артық әрі қиындық тудырады.Тілді меңгеру мен тілді үйрену екі түрлі үдеріс. Тілді меңгеру – баланың ана тілін табиғи түрде, санадан тыс меңгеруі болса, ал тіл үйрену – саналы түрде білім алу арқылы жүзеге асатын үрдіс. Қазақ тілінде жүздеген морфологиялық үлгілер бар, бірақ олардың бәрін білу міндет емес. Тілдік қарым-қатынас үшін күнделікті өмірде жиі қолданылатын 13–15 қана морфологиялық үлгіні меңгеру жеткілікті.Сол сияқты синтаксистік құрылымдарды да барынша ықшамдап, тек негізгі үлгілерді үйрету қажет. Мысалы, жай сөйлемнің базалық үлгілерімен шектеліп, олардың сұрақ-жауап немесе бұйрық-өтініш формаларымен таныстыру жеткілікті. Осы негізде тілдің «табан тасы» – іргетасы қаланады. Бұл тәсіл – грамматиканы оқытудың емес, тілді үйретудің басты құралына айналуы қажет екенін көрсетеді.Қазақ тілі – агглютинативті тіл. Яғни сөздердің мағынасы мен грамматикалық қызметі қосымшалар арқылы беріледі. Бұл ерекшелік қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің икемді әрі жүйелі екенін көрсетеді. Алайда тіл үйрену сөз жаттаудан емес, сөйлеу үлгілерін (модельдерін) меңгеруден басталуы тиіс. Басты мақсат – сол тілге тән сөйленім модельдерін игертіп, содан кейін барып жаңа сөздерді сол үлгілерге енгізе отырып, тілді еркін қолдануға үйрету. Модель қалыптасқаннан кейін оған сөз қосып сөйлем құру – әлдеқайда жеңіл әрі нәтижелі әдіс.Қазақ тілін үйретуде грамматиканы

басшылыққа алу емес, оны көмекші құрал ретінде қарастыру қажет. Тілді үйрету үдерісінде тілдің табиғи құрылымына негізделген сөйлесім үлгілерін меңгерту – тіл иесінің сөйлеу дағдысын қалыптастырудың ең тиімді жолы. Грамматикалық білім – тіл үйренудің мақсаты емес, тек сол тілде дұрыс сөйлеуге жеткізетін құрал екенін ұмытпауымыз керек [5,59].

Қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесі – ұлттың мәдени мұрасы және оның бірегейлігінің көрінісі.Тіліміздің фонетикалық және грамматикалық жүйесіне сырттан енген дыбыстар мен кірме таңбалар кері әсерін тигізіп, тілдің табиғи заңдылықтарын бұзып отыр. Бұл жағдай тіл үйрету үдерісін де күрделендіруде. Сондықтан қазақ тілінің төл табиғатын сақтау үшін емле ережелерін қайта қарап, үндестік заңына сай әліпби қалыптастыру қажет. Егер қоғам болып қазақ тілінің тазалығын сақтауға күш салсақ, онда тіліміз болашақта да өз құндылығын жоғалтпай, ұлттың рухани тірегі болып қала беретіні анық.Ана тіліміздің фонетикалық және грамматикалық заңдылықтарын сақтауға ұмтылу- біздің ортақ міндетіміз екенін ұмытпайық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. Оқу құралы-Алматы «Қазақ университеті», 1993 ж-136 б.
2. Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Алматы, 1996 ж-89 б.
3. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 1990 ж-184 б.
4. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018 ж-368 б.
5. Аханов Қ. Грамматика теориясының негіздері (Оқу құралы),2-басылуы. Алматы, 1996 ж-240 б.
6. https://www.soyle.kz/upload/files/2018019.pdf

Сардарова Ф.Б., Нурумова Ж.Н.,
1 курс студенттері ФЭиП
Омарова З.К. филология және практикалық
лингвистика кафедрасының аға оқытушысы;
Қостанай өңірлік университеті

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР - САЯСИ КҮРЕСТІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ: ҮГІТТЕУДЕГІ ЖАЛАҢ СӨЗ - ПАРАҚШАЛАР МЕН ГАЗЕТТЕРДЕН БАСТАП, МЕМ ЖӘНЕ ХЭШТЕГТЕРГЕ ДЕЙІН

Аннотация: Бұл мақалада әлеуметтік желілердің саяси күрестегі рөлі, оның тарихи эволюциясы және қазіргі заманғы үгіт-насихат әдістері (мемдер, хэштегтер, жалған ақпарат) жан-жақты талданад. Автор саяси ықпал ету

құралдарының дәстүрлі парақшалардан цифрлық платформаларға дейінгі трансформациясын сипаттайды. Әлеуметтік медиа еркін пікір алмасуға мүмкіндік берумен қатар, фейк жаңалықтар мен жала тарату қаупін де арттыратыны атап өтіледі. Мақалада қазіргі ақпараттық кеңістікте жауапкершілікпен әрекет етудің маңызы ерекше көрсетіледі.
Түйінді сөздер: әлеуметтік желі, саяси күрес, үгіт, мем, хэштег

XXI ғасырда ақпарат алмасудың ең жылдам әрі тиімді механизмі әлеуметтік желілер болып табылады. Олар тек күнделікті өмірдің бөлінбес құрамдас бөлігіне айналып қана қоймай, сонымен қатар саяси күрестің негізгі алаңы ретінде қызмет атқаруда. Бұрын саяси ықпал ету мен үгіт-насихат дәстүрлі түрде парақшалар мен газет беттеріде жүзеге асырылса, қазіргі уақытта бұл процестер интернет пен әлеуметтік медиа арқылы жүзеге асырылуда. Хэштегтер мен мемдер жаңа дәуірдің саяси "қаруына" айналуда.

Тарихи шолу: парақшалардан бастап баспасөзге дейін

Саяси пікір білдірудің классикалық формалары тарих барысында парақшалар, үндеулер мен газеттер арқылы көрініс тапты. XIX ғасырда революциялық қозғалыстар өз идеологияларын кеңінен тарату үшін осындай құралдарға жүгінді [1,16-21]. Парақшалар арқылы халық арасында үгіт-насихат жүргізіліп, бұқараның саяси белсенділігі артты. Бұл тәсілдің таралуы баяу болғанымен, идеологиялық сенім мен ұйымдастыруда маңызды рөл атқарды.

XX ғасырда бұқаралық ақпарат құралдары, атап айтқанда, газеттер, радио және теледидар, саяси үгіттің негізгі арнасына айналды. Партиялар мен үкіметтер осы платформаларды пайдалана отырып, өздерінің саяси ұстанымдарын халыққа жеткізді. Дегенмен, бұл кезеңде ақпараттың ағыны біржақты сипатта болды, себебі халық тек ақпаратты қабылдаушы рөлінде қалды.

Интернет дәуірі мен әлеуметтік желілердің пайда болуы саяси коммуникацияның динамикасын түбегейлі өзгертті [2,28-41]. Facebook, Twitter (қазіргі X), Instagram, TikTok сияқты платформалар тек жеке пікір білдірудің құралы ғана емес, сонымен қатар саяси мобилизация мен қоғамдық пікір қалыптастыру алаңына айналды. Бүгінде кез келген адам, ресми мәртебесі болмаса да саяси мәселелер бойынша өз пікірін білдіріп, мыңдаған адамдарға ықпал ете алады.

Мемдер мен хэштегтер қазіргі заманның саяси тілінің жаңа элементтері болып табылады. Мемдер - әлеуметтік желі кеңістігінде кеңінен таралатын визуалды және қысқа хабарламалар. Олар күрделі саяси идеяларды жеңіл әрі күлкілі түрде жеткізеді. Бір қарағанда, бұл ойын-сауық ретінде қабылдануы мүмкін, алайда олардың қоғамға әсері айтарлықтай зор.

Жастардың ақпаратты қабылдауы көбінесе мемдер арқылы жүзеге асырылуда, бұл саяси мәселелердің жеңіл әрі қарапайым түрде ұсынылуына әкеліп соғады.

Хэштегтер, өз кезегінде, ақпараттың шоғырлануы мен таралуында маңызды рөл атқарады [3,140-147]. Мысалы, #MeToo немесе #FreePalestine

секілді хэштегтер жаһандық қозғалыстарды жандандырып, адамдарды ортақ ұран аясында біріктіріп, нақты іс-ірекеттерге ынталандырады.

Саяси жала мен фейк ақпарат мәселесі қазіргі уақытта өзекті болып табылады. Әлеуметтік желілер сөз бостандығын кеңейтуімен қатар, жалған ақпарат, жала жабу және арандату сияқты теріс құбылыстардың да пайда болуына себеп болды. Анонимді аккаунттар арқылы жалған мәліметтердің таралуы, дипфейк тенологиясы арқылы саясаткерлердің беделін түсіру, сондай-ақ сайлау нәтижелеріне ықпал ету әрекеттері жиі кездесуде [4,211-236]. Бұл құбылыстар демократиялық қоғам үшін елеулі қауіп төндіреді.

Қорытынды

Әлеуметтік желілер қазіргі уақытта саяси күрестің маңызды құралдарының біріне айналды[5,6-15]. Бұрынғы дәуірдегі ақпараттық құралдар баяу және біржақты сипатта болса, қазіргі таңда ақпарат алмасу интерактивті, жылдам және кең ауқымды түрде жүзеге асырылуда. Мемдер мен хэштегтер арқылы саяси идеялар халыққа жедел түрде жетеді. Дегенмен, бұл үрдістің теріс жақтары да бар: фейк ақпарат, жала жабу және манипуляция.

Сондықтан, қазіргі заманда саяси ақпаратты тұтынушы ретінде әрбір азамат сыни ойлауға қабілетті болуы тиіс. Демократиялық қоғамның негізі - саналы, ақпаратты дұрыс бағалай алатын азаматтар. Әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану - еркіндік пен жауапкершіліктің тепе-теңдігін сақтау үшін маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Castells, M. (2012). Networks of Outrage and Hope: Social Movements in the Internet Age. Polity Press. Кітап сипаттамасы: https://www.wiley.com/en-us/Networks+of+Outrage+and+Hope%3A+Social+Movements+in+the+Internet+Age%2C+2nd+Edition-p-9781509518502
2. Shirky, C. (2011). The Political Power of Social Media: Technology, the Public Sphere, and Political Change. Foreign Affairs. https://www.foreignaffairs.com/articles/2010-12-20/political-power-social-media
3. Tufekci, Z. (2017). Twitter and Tear Gas: The Power and Fragility of Networked Protest. Yale University Press. Кітап сипаттамасы: http://yalebooks.yale.edu/book/9780300215120/twitter-and-tear-gas/
4. Allcott, H., & Gentzkow, M. (2017). Social Media and Fake News in the 2016 Election. Journal of Economic Perspectives, 31(2), 211-236. https://www.aeaweb.org/articles?id=10.1257/jep.31.2.211
5. Datareportal (2023). Digital 2023: Global Overview Report. https://datareportal.com/reports/digital-2023-global-overview-report

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ 1. ТІЛ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ
ЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА СКВОЗЬ ПРИЗМУ ЯЗЫКА

Абубакирова Ж., Құсайн Н., Кенжебаева А.А.
РАНОБЭ – ТАНЫМ ЖАНРЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ……... 3

Қадырұзақова Т., Кенжебаева А.А
ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ОБРАЗДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ……. 7

Тарғынбеков Е.А., Акдаулетова Ж.А.
ҚАЗАҚ ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТІЛ АРҚЫЛЫ КӨРІНІСІ…….. 15

Қанапия Қ. Б., Кенжебаева А.А.
МИФИЧЕСКИЕ ЖИВОТНЫЕ В КОРЕЙСКОЙ ТРАДИЦИИ И ИХ ОТРАЖЕНИЕ В НАРОДНЫХ ПОГОВОРКАХ…… 17

Мұхтарова Т.Б.,Талипова З.К., Мұратқызы М.
ЖАНРОВАЯ СТРУКТУРА И ЕЁ ИССЛЕДОВАНИЕ В ДЕТСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ ……. 22

Пішенбай О. Е., Қуаныш К.Е., Мұратқызы М.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ: ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ…….. 26

Предигер Ю. В., Радчук О. А.
ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ В РУССКОЙ И АНГЛИЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРАХ…….. 31

Aitpaeva D.S., Omarova Z.K.
THE CONCEPT OF HOSPITALITY IN KAZAKH AND BRITISH CULTURES: A LINGUISTIC PERSPECTIVE…… 34

СЕКЦИЯ 2. ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХТАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН
СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЩЕСТВА: ОТ ИСТОРИИ К СОВРЕМЕННОСТИ

Адебова Н.А., Журсиналина Г. К.
ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АУДАРМА ТІЛДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ……. 38

Алпысбаев М.К., Артықбай.Н.Б., Амантайқызы Ә.
СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЩЕСТВА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ …… 41

Искакова Д. М., Берденова С. Ж.
К ВОПРОСУ О СОЦИАЛЬНОЙ РОЛИ ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ…….. 45

Казбекова М.К , А.Күзембайұлы
Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МЕКТЕП АШУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ…….. 48

Ли В., Койгельдиева З.Ж.
ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ПРОБЛЕМАЛАРЫ: ТАРИХТАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА …… 52

Мұхантай А., Омарова Н.Н.
ТАҢДАУЫ КӨП, ЖОЛЫ ТАР ЖАСТАР…… 58

Сейткан А.М., Омарова Н.Н.
ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛҒАН ЖАСТАР: ҚАЗАҚСТАНҒА ОРАЛУ НЕ КЕДЕРГІ?..... 61

Софьянова Н. А., Шолпанбаева Г.А.
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘНІ……... 65

Талап Н.Н., Берденова С.Ж.
МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ……..... 69

Төкешов М. Қ., Журсиналина. Г. К
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ…… 73`

СЕКЦИЯ 3. МӘТІН: ПРАГМАТИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ, АУДАРМА, КОГНИТИВТІ АСПЕКТІЛЕР
ТЕКСТ: ПРАГМАТИЧЕСКИЙ, КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ, ПЕРЕВОДЧЕСКИЙ И КОГНИТИВНЫЙ АСПЕКТЫ

Айтпаева Д.С., Алтыбаева А. Б.
СӘУЛЕ ДОСЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗЫ….. 77

Bektemir M. T., Zhabaev A. B.
THE IMPORTANCE OF ENGLISH LANGUAGE PROFICIENCY FOR THE PROFESSIONAL DEVELOPMENT AND CAREER ADVANCEMENT OF AUTOMATION AND CONTROL SPECIALISTS IN KAZAKHSTAN …… 82

Бірманова Қ. И.
МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ…….. 86

Дюсебаев Е.К., Сиривля М.А.
ТИПОЛОГИЯ МЕТАФОРЫ В МЕДИАДИСКУРСЕ……. 91

Жалмағамбетова Г.Н., Жұмашев.М.Д.
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАЗУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯСЫ…….. 94

Истаева Д.А., Кенжебаева А.А,
УМАЙ И НЮЙВА КАК СИМВОЛЫ ЖЕНСКОГО НАЧАЛА В ТЮРКСКОЙ И КИТАЙСКОЙ ЛИТЕРАТУРНОЙ ТРАДИЦИИ…….. 98

Кожубаева Д.С., Алтыбаева А Б
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕР: ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ…….. 105

Кондрашкина (Рыжкова) И. Сиривля М.А.
ОБРАЗНОСТЬ И ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТЬ ЯЗЫКОВЫХ СРЕДСТВ КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИАДИСКУРСА……... 109

Кусаинов Д.Б., Досова А.Т., Muvaffak Duranli
1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ КИЕЛІ ТОПОНИМИЯНЫҢ МӘНІ……. 113

Мекембайұлы А., Кенжебаева А.А.
ОСОБЕННОСТИ ТЕКСТА СОВРЕМЕННОЙ ЯПОНСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ ЖАНРА РАНОБЭ……... 119

Минайдарова А.К., Беркенова Б.Б.
РОЛЬ МОЛОДЁЖНЫХ СЛЕНГОВ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ..... 122

Онболсынова О., Кусаинова А.М.
РОЛЬ РУССКОГО ЯЗЫКА В ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ШКОЛЬНИКОВ…… 124

Хасенова А. Д., Кенжебаева А.А
ПРОКЛЯТИЯ И ЭКСПРЕССИВНАЯ ЛЕКСИКА В КИТАЙСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ: ТАБУ И АГРЕССИЯ…….. 127

СЕКЦИЯ 4. БІЛІМ БЕРУДЕГІ, ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТТЕГІ ЖАҢА АСПЕКТІЛЕР
НОВЫЕ АСПЕКТЫ В ОБРАЗОВАНИИ, НАУКЕ И КУЛЬТУРЕ

Адилова Ж.Е., Шолпанбаева Г.А
ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ…….. 131

Азаматова А.А., Мирас Д.Ж., Тулегенова М.К.
IT ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ……. 136

Айкенова А.К., Фёдорова М.Л.
АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК В НАУЧНОЙ КОММУНИКАЦИИ: ИЗУЧЕНИЕ СПЕЦИФИКИ ТЕРМИНОЛОГИИ В РАЗЛИЧНЫХ ОБЛАСТЯХ…… 139

Асилбекова А.Е., Тасмағамбетова З.Ж.
МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ……... 142

Бекишев А., Абильбекова Б.Т.
ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ОРНЫ……... 146

Демисенова Я.А, Жаксымбекова К.Ж., Мұратқызы М.
ЭВОЛЮЦИЯ ДЕТСКОГО ФОЛЬКЛОРА: ОТ ОБРЯДОВЫХ ФОРМ К ПОЭТИЧЕСКОЙ ИГРЕ…….. 149

Duysenova M. E, Seidazimova L. N,Omarova N.N.
DIGITAL EDUCATION: THE FUTURE AND CHALLENGES OF ONLINE LEARNING…….. 154

Қабдымажитова А.Н., Фёдорова М.Л.
ВЛИЯНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕОБЩЕНИЕ В РАЗНЫХ ОБЛАСТЯХ……..... 157

Кондратюк Е.В., Фёдорова М.Л.
РОЛЬ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ГЛОБАЛИЗАЦИИ: ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ……. 161

Kunkabaeva.A.N., E.E. Kovalevskaya
INNOVATIVE TEACHING METHODS IN MATHEMATICS EDUCATION……. 164

Мирам Г.А., Садакбаева А.А.
ИМИДЖ ПЕДАГОГА В ВОСПРИЯТИИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ…… 168

Нурсеитов Т.А., Қайыпбаева А.
АДАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТІ – ҚАРЫМ –ҚАТЫНАСТА……. 172
Сабанова Х.К., Шолпанбаева Г.А
ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНЫҢ ПРАГМАСТИЛИСТИАКАСЫ……. 176
Saikenov H-M. K., Solovyova N. A.
INTEGRATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE INTO DEVELOPMENTAL GAMES AS A MEANS OF IMPROVING THE EFFECTIVENESS OF LEARNING IN ENGLISH LESSONS AT SECONDARY SCHOOLS…… 182
Сулейменова С.В., Утебаева А.К.
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ИНВАРИАНТТАРЫ (Ә.Кекілбаев шығармалары бойынша)…… 187
Турсанов Р.М., Маулетов И.Е., Амантайқызы Ә.
РАЗВИТИЕ МЕТАКОГНИТИВНЫХ УМЕНИЙ У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА……. 193
Усенов С.А., Садакбаева А.А.
ОҚЫТУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ БІР ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ БӨЛЕК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ……. 196

СЕКЦИЯ 5. ОҚЫТУДА, ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ, ЯЗЫКОЗНАНИИ И СОЦИАЛЬНЫХ НАУКАХ: ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Айкен А.Б., Алтыбаева А. Б.
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН-ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМНІҢ ЖАРШЫСЫ……... 199

Байдильдинова А.Р., Беркенова Б.Б.
ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МАТРИЧНОГО АНАЛИЗА В ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ НАУРЗУМСКОГО ЗАПОВЕДНИКА…… 205

Bokenbay Sh., Amantaykyzy A.
NEW ASPECTS IN EDUCATION, SCIENCE AND CULTURE……..… 209

Гарашова Ш.Р., Мукашева Р.А.
ОҚЫТУ, ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН БОЛАШАҒЫ..... 211

Жаппасова Е.Е., Абдықалық Д.Б.
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ И МЕССЕНДЖЕРОВ ДЛЯ ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ФИЗИКИ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ……. 214

Қалиолла Н.Д., Ковалевская Е.Э.
NO-CODE AS A TOOL TO REDUCE UNEMPLOYMENT IN KAZAKHSTAN: OPPORTUNITIES AND CHALLENGES…… 217

Кенжекеева Ж.Б., Журсиналина Г.К.
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЗУ НОРМАЛАРЫ:ЕМЛЕ ЖӘНЕ ПУНКТУАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ…….. 221

Мурзабеков А.М., Кускадамова К.С.
ПРЕИМУЩЕСТВА ПРИМЕНЕНИЯ ИСКУСТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ ……. 225

Нурман А.Н., Акдаулетова Ж.А.
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ…… 228

Сардарова Ф.Б., Нурумова Ж.Н., Омарова З.К.
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР - САЯСИ КҮРЕСТІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ: ҮГІТТЕУДЕГІ ЖАЛАҢ СӨЗ - ПАРАҚШАЛАР МЕН ГАЗЕТТЕРДЕН БАСТАП, МЕМ ЖӘНЕ ХЭШТЕГТЕРГЕ ДЕЙІН…… 231